Біріктірілген жылдық есеп 2023

ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

# JRun:
# Болашақтан шабыттану



# Мазмұны


2 **Алғы сөз**
4 **Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі**
6 **Басқарма Төрағасының үндеуі**
8 **Компанияның сандық көрсеткіштері**
10 **2023 жылдың негізгі оқиғалары**
16 **«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының өсу тарихы**
20 **Компания туралы**
20 Компанияның қысқаша бейіні
24 «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының құрылымы
26 Бизнес-модель

28 **Стратегиялық есеп**
28 Бизнес-стратегия
34 JRun трансформациялау бағдарламасы
40 Құндылықтар
42 Реттеу саласына шолу
48 2023 жылғы телекоммуникация нарығына шолу

56 **Бизнес пен қаржыға шолу**
56 Бөлшек сауда бизнесі
64 Корпоративтік бизнес
75 Ақпараттық технологиялар
79 Желі мен инфрақұрылымды дамыту
82 Big Data-ны дамыту
84 2023 жылғы қаржы қызметі

90 **Тұрақты даму туралы есеп**
90 Тұрақты даму туралы есеп: Тұрақты дамуды басқару
90 Тұрақты дамуды басқару тәсілі
94 Тұрақты дамуды басқару құрылымы
96 Компанияның ESG саласындағы стратегиялық мақсаттары
98 Тұрақты даму саласындағы тәуекелге бағдарланған тәсіл
100 БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қолжеткізуге қосқан үлесі
106 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу
114 Маңыздылықты талдау
115 Қауымдастықтарға мүшелік
116 Тұрақты даму туралы есеп: E аспектісі
116 Қоршаған ортаны қорғау
128 Энергия тиімділігі
133 Климаттың өзгеруіне қарсы күрес
138 Тұрақты даму туралы есеп: S аспектісі
138 Қызметкерлермен қарым-қатынас
170 Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер
174 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
187 Жергілікті қауымдастықтар
192 Тұрақты даму туралы есеп: G аспектісі
192 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
198 Компанияның экономикалық тиімділігі
200 Сатып алу тәжірибелері
204 Нарықтар мен бәсекелестік
205 Инновациялар және жаңа технологиялар
208 Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

214 **Корпоративтік басқару туралы есеп**
214 Корпоративтік басқару туралы есеп
216 Акционерлердің жалпы жиналысы
216 Акционерлік капиталдың құрылымы
217 Дивидендтік саясат
218 Директорлар кеңесі
232 Басқарма
237 Ақпараттық ашықтық
238 Корпоративтік әдеп
239 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
247 Ішкі аудит

248 **Есеп туралы**
253 Қосымша байланыс ақпараты
254 GRI сәйкестік кестесі
263 TCFD көрсеткіштер кестесі
265 SASB көрсеткіштер кестесі
267 Тәуелсіз аудитордың қорытындысы.
277 Жасауға мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат
278 «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің 2023 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
283 Шоғырландырылған қаржылық есептілік
295 Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер
398 Глоссарий

# Алғы сөз



Сіздердің назарларыңызға «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылғы қызметі туралы Біріктірілген жылдық есебі ұсынылады, ол Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне неғұрлым жан-жақты шолу болып табылады, сонымен қатар оның жетістіктерін, жоспарлары мен перспективаларын көрсетеді.

Өткен жыл оңай болған жоқ, бірақ сонымен бірге нарықтық жағдайдың өзгеруіне, бәсекелестікке және клиенттердің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне байланысты бірқатар қиындықтарға тап болған Компания үшін ерекше болды. Компания олармен сәтті күресіп қана қоймай, өз қызметінің жоғары тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетті.

«Қазақтелеком» АҚ тек Компанияның емес, жалпы еліміздің телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды жобаларды жүзеге асырды. Компания ТМД аумағында 5G технологиясын өнеркәсіптік қолданысқа енгізген бірінші және жалғыз Компания болды. Біз Транскаспий су асты талшықты-оптикалық байланыс желісін салу бойынша бірегей жобаны іске қостық, мыңдаған абоненттерді заманауи оптикалық технологияларға ауыстыра отырып, желіні жаңарттық және жетілдірдік.

Осының барлығы Компанияның нарықтағы жетекші позициясын нығайтуға, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, клиенттердің ең жоғары талаптарын қанағаттандыруға, сондай-ақ Қазақстандағы цифрлық экономика мен ақпараттық қоғамның дамуына үлес қосуға мүмкіндік берді.

Компания өзінің барлық акционерлеріне, серіктестеріне және клиенттеріне ынтымақтастықтың барлық кезеңінде Компанияға сенім мен қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді. «Қазақтелеком» АҚ Компанияның жетістігі мен дамуына қосқан үлесіңізді жоғары бағалайды, сонымен қатар өз ұжымына – Компания мен клиенттердің игілігі үшін күн сайын жұмыс істейтін жоғары кәсіби және дарынды қызметкерлерге ризашылығын білдіреді.

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осы үш онжылдықта Компания дауыстық байланыс пен интернеттің қарапайым жеткізушісі мен провайдерінен B2C, B2B, B2G, B2O барлық сегменттерінде клиенттерге телекоммуникациялық және цифрлық қызметтер мен сервистердің тұтас кешенін көрсететін Қазақстанның телекоммуникациялық нарығының көшбасшысына, көп өнімді холдингке айналды.

Бүгінгі таңда Компанияның инфрақұрылымы бүкіл республика бойынша 88 000 километрден астам талшықты-оптикалық желіні, 27 деректерді өңдеу орталығын, 14 000-нан астам базалық станцияны құрайды – 4G/LTE желісі Қазақстанның барлық ірі қалаларында орналастырылған, 2023 жылдың соңына қарай ел бойынша 1000-нан астам 5G базалық станциялары орнатылды және жаңа буын желісін өрістету бойынша белсенді жұмыс жалғасуда, қалаларда 44 000-нан астам қалалық бейнебақылау камералары орнатылған, республика бойынша біздің қызметтеріміз бен сервистерімізді 5 000-нан астам мектеп, 4 000-ға жуық аурухана, 15 000-нан астам мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар пайдаланады, 570 мыңнан астам бизнес субъектілері Қазыналық деректер операторының порталында тіркелген.

Мұның бәрі «Қазақтелекомға» мемлекет, бизнес және азаматтар үшін инновациялық және цифрлық қызметтердің жеткізуші бола отырып, елдегі ең ірі технологиялық компаниясы болуға және дамуға мүмкіндік береді.

# Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі

GRI 2-22



## Құрметті акционерлер, әріптестер, клиенттер және серіктестер,

2023 жылы біз «Қазақтелеком» үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар бірқатар жобаларды жүзеге асырдық.

Біз «Бесінші буын байланыс стандартын өрістету» және «Қазақстан–Әзірбайжан» бағыты бойынша Каспий теңізінің түбімен су асты магистралін төсеу» сияқты ауқымды және маңызды жобалар туралы айтып отырмыз.

Бесінші буынның байланыс технологиясы мегаполистер мен аймақтық маңызы бар қалалардың тұрғындарына қолжетімді болды. Өткен жылы 1000-ға жуық базалық станция орнатылып, желіге қосылды, биыл еліміз бойынша 2,7 мыңнан астам станция, ал келесі жылы 3,2 мыңға жуық станция орнату жоспарлануда.

Сонымен қатар, біз елдің телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жоспарларымызды бәсеңдетпей, жүзеге асыруды жалғастырдық, оның сенімділігіне, қауіпсіздігіне және жоғары өткізу қабілеттілігіне кепілдік беру үшін желіні кеңейтуге, жаңартуға және жаңғыртуға қомақты қаражат жұмсадық, ондаған мың клиенттерімізді ADSL мыс желілерінен оптикалық GPON-ға ауыстырдық.

2023 жылы біз клиенттеріміздің қанағаттану дәрежесін арттыруға бағытталған бірқатар жобаларды іске қостық, бұл қызмет көрсету параметрлерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Көптеген жобаларды жүзеге асыруға қомақты инвестиция құйылғанына қарамастан, Компания өтімділіктің жеткілікті қолайлы деңгейін сақтап, қаржылық ресурстарының елеулі көлемін және барлық дерлік негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер бойынша өсуді қамтамасыз ете алды. Бұл ретте әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму біз үшін әрқашан маңызды болған және бола бермек.

Ағымдағы жылы Компанияда дәстүр бойынша акционерлер қойған ірі жобалар мен міндеттердің тұтас портфелі бар және мен біздің кәсіпқойлар командамыздың қолдауымен олардың барлығын орындап, стратегиялық мақсаттарға жету жолын жалғастыратынымызға сенімдімін.

Қорытындылай келе, біздің барлық табыстарымыз бен жетістіктеріміз Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері, серіктестер, клиенттер және басқа да стейкхолдерлер тарапынан белсенді қолдауымен Компания, менеджмент қызметкерлерінің тиімді және үйлестірілген жұмысының нәтижесі екенін атап өткім келеді. Осының барлығы үшін мен шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

**Құрметпен,**
**«Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің төрағасы Н. Байдәулетов**

# Басқарма Төрағасының үндеуі

GRI 2-22



## Құрметті акционерлер, инвесторлар, клиенттер және серіктестер,

Бүгін мен Сіздермен Компаниямыздың 2023 жылғы жұмысының нәтижелерімен бөлісуге қуаныштымын, бұл тек «Қазақтелеком» үшін ғана емес, ел ауқымында да стратегиялық маңызды жобаларды іске асыруды ескере отырып, ең қарқынды және нәтижелі жұмыстардың біріне айналды.

2023 жылы біз алдымызға Қазақстанның телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға қатысты өршіл мақсаттар қойдық. Компания оның сенімділігін, қауіпсіздігін және жоғары өткізу қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін желісін кеңейтуге, салуға және жаңартуға айтарлықтай ресурстар жұмсады. «Қазақтелеком» ТМД бойынша бизнес, білім, медицина және ойын-сауық үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын 5G коммерциялық желісін іске қосқан алғашқы және жалғыз компания болды.

Компания Қазақстанда жаңа халықаралық телекоммуникациялық хаб құруға және елдің транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін Транскаспий су асты талшықты-оптикалық байланыс желісін салу бойынша бірегей жобаны бастады.

Біз интернет байланысының жылдамдығы мен сапасын арттыру үшін мыңдаған абоненттерді ескірген мыс желілерінен заманауи оптикалық технологияларға ауыстырдық, Р-құрылғыларының тірек байланыс торaптарының өнімділігін бірнеше рет арттыра отырып, желінің толық жаңартылған Суперядросын іске қостық, сыртқы желілермен неғұрлым тұрақты және жылдам интернет байланысын қамтамасыз ету үшін шекаралық байланыс тораптарын жаңғырттық. Біздің желілік инфрақұрылымды Еуропа мен Азиядағы ең ірі трафик алмасу орталықтарына дейін кеңейтетін өз тораптарымыз пайда болды. Бұл біздің желіміздің қолжетімділігі мен байланысын, нәтижесінде клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартты.

Телеком-инфрақұрылымды дамытуға және жаңғыртуға жұмсалған күрделі шығындардың айтарлықтай көлеміне қарамастан, Компания өтімділік пен қаржылық тұрақтылықтың қолайлы деңгейін сақтап қалды, бұл бүкіл ұжым қызметінің жоғары тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, біз JRun атты 2032 жылға дейінгі Даму стратегиямызды ұстануды жалғастырамыз, ол 2022 жылдың соңында қабылданғаны белгілі және «Қазақтелекомның» бүкіл ұжымы үшін құжатта белгіленген мақсаттар мен міндеттерге, ең алдымен, басты миссияға - әрқайсысының өзгеретін, таң қалдыратын және күткеннен асып түсетін өмірінің таптырмас және әдетті бөлігі болуға қолжеткізу үшін нақты сипатталған құралдар жиынтығы бар нұсқаулық немесе қадамдық нұсқау болып табылады.

Алдағы жылдары JRun әрқайсымыз үшін нағыз күнделікті қажет кітабына айналатынын, оған қарап «Қазақтелеком» командасының барлық мүшелері жоспарлап, жұмыс істеп, әрекет ететінін атап өткім келеді.

Компания сонымен қатар біздің басты құндылығымыз болып табылатын клиенттердің қанағаттануын арттыруға үлкен мән берді. Біз қызмет көрсету сапасын жақсарту, қосылу мерзімдерін қысқарту және зақымдануды жою, клиенттің барлық мәселелерін «бір келумен» шешу үшін үнемі жұмыс жасадық. Нәтиже ретінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша біз барлық осы параметрлер бойынша, соның ішінде 2023 жылы 84%-ды құраған tNPS (тұтынушылардың адалдық индексі) көрсеткіші бойынша жоғары көрсеткіштерге қолжеткіздік.

Біз 2024 жылы инновациялық қызметтерді құра отырып және сапа мен әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарын сақтай отырып, стратегиялық мақсаттарымызға қолжеткізуді жалғастыратынымызға сенімдіміз.

Қорытындылай келе, мен Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелеріне және Компанияның барлық қызметкерлеріне кәсібилігі, тиімді және ұжымдық жұмысы үшін алғысымды білдіремін.

**Құрметпен,**
**«Қазақтелеком» АҚ-ның**
**Басқарма төрағасы Қ.Есекеев**

# Компания Туралы

## Компанияның сандық көрсеткіштері



### 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Қызметтерді сатудан түскен табыс, млн теңге




Таза пайда, млн теңге




EBITDA, млн теңге




EBITDA margin, %






Қызметкерлер саны[1], адам




1 қызметкерге шаққандағы табыс, мың теңге




Активтер барлығы, млн теңге




Ұзақ мерзімді кредиттер, млн теңге




Бас ұйымның меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал, млн теңге




Бекітілген желілер саны




ҚЖҚ-ға бекітілген абоненттерінің саны




Ақылы теледидар абоненттерінің саны




Ұялы байланыс абоненттерінің саны




[1] Еншілес ұйымдар есепке алынған деректер.

# 2023 жылдың негізгі оқиғалары



## Қаңтар

### 10.01.2023 ж.

Қазақстан мен Әзірбайжанның жетекші телекоммуникациялық компаниялары «Қазақтелеком» АҚ мен AzerTelecom Каспий теңізінің түбінде талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) төсеу жобасы шеңберінде «Ынтымақтастық шарттары туралы келісім» жасасты. Келісім стратегиялық серіктестіктің негізгі құжаты болып табылады және бұрын қол қойылған меморандум аясында екі компания арасындағы ынтымақтастықтың негізгі шарттарын айқындайды.

### 16.01.2023 ж.

Salem Social Media бейнеконтентін жасау және ілгерілету жөніндегі қазақстандық медиакомпания мен Қазақстандағы ірі телеком-операторы «Қазақтелеком» АҚ киноөнімдерін шығару және оларды TV+ платформасында трансляциялау бойынша бірлескен жұмысты көздейтін меморандумға қол қойды.

## Ақпан

### 02.02.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ өткен жылдың қазан айында өткен соңғы конференциядан бері жинақталған сатып алу саласындағы мәселелер мен проблемаларды талқылау үшін тауарлар мен қызметтердің қазіргі және әлеуетті жеткізушілерімен кезекті кездесу ұйымдастырды. «Қазақтелеком» бизнесті сатып алу рәсімдерін реформалауға және оңтайландыруға шақыра отырып, осындай кеңестерді тұрақты түрде өткізеді. Мәселен, өткен жылғы кездесулердің нәтижелері бойынша телеком-оператор жеткізушілермен кооперацияда бола тұра кәбілді-өткізгіш өнімдерінің бағасын көтеруге, ағаш тіректерді, жиhаздарды және басқа да тауарлар мен қызметтерді сатып алуға қатысты мәселелердің тұтас кешенін шеше алды.

### 21.02.2023 ж.

Астана мен Алматыдан кейін «Қазақтелеком» АҚ республика аймақтарында GPON технологиясын кеңейтеді. «Қазақтелеком» АҚ Петропавлдағы 50-ден астам жаңа тұрғын үй кешендерінің тұрғындарын Gigabit Passive Optical Network арқылы жоғары жылдамдықты интернетке қосты.

### 21.02.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ моноқалалардағы өз инфрақұрылымын жаңғырту бойынша ауқымды жобаны жалғастыруда. 2023 жылы Хромтау «оптикалық» қалалар қатарына қосылды, онда жыл соңына дейін «Қазақтелеком» жеке бағдарлама аясында бүкіл қаланы ескірген ADSL мыс технологияларынан заманауи талшықты-оптикалық желілерге көшіреді.



## Наурыз

### 02.03.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ 3–4 курс студенттеріне, магистранттар мен техникалық мамандықтар түлектеріне арналған «Telecom Data Factory» онлайн-тағылымдама бағдарламасын іске қосты. Тағылымдама барысында бағдарлама қатысушылары Big Data саласындағы практикалық тапсырмаларды орындайды және жобалармен жұмыс істейді, сонымен қатар «Қазақтелекомның» IT кәсіпқойларының командасына қосылу мүмкіндігіне ие болады.

### 09.03.2023 ж.

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы директоры және Басқарма мүшесі Людмила Атамұратова KASE – Kazakhstan Stock Exchange Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу салтанатына қатысты. Ауқымды іс-шараның басты мақсаттарының бірі – әлемдік қоғамдастықтың назарын тұрақты даму саясаты мен ESG қағидаттары контекстінде гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына және гендерлік теңдікті қолдауға аудару.

## Сәуір

### 11.04.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ Түркістан облысының 6 мың тұрғынын «мыстан» «оптикаға» ауыстырды. Жыл басынан бері Компания Түркістан облысында ADSL желісінен GPON-ға көшу жоспарының 23%-ын орындады және аймақ тұрғындарын талшықты оптоталшыққа ауыстыру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Жалпы, Компания бүкіл ел бойынша «мыстан» толығымен бас тартуды жоспарлап отыр, себебі өткен жылы Компания Курчатов қаласын оптикалық желілерге толығымен ауыстырған тиімді пилот тәжірибесі бар.

### 14.04.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, ұлттық және жаһандық желілік қауіпсіздікті нығайту үшін шетелде өзінің халықаралық қатысуын және инфрақұрылымын кеңейтуді жалғастыруда. Жақында «Қазақтелеком» мен Microsoft Франкфуртте өз жүйелері арасында тікелей пирингті орнату жобасын аяқтады, бұл қазақстандық клиенттер үшін Microsoft қызметтері мен сервистеріне қолжетімділікті жақсартуға және олардың республикадағы қызметтердің неғұрлым тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### 25.04.2023 ж.

«Қазақтелеком» Компаниялар тобы мемлекетпен бірлесіп «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 5 миллионға жуық ауыл тұрғындарын заманауи телекоммуникациялық қызметтерімен және сервистерімен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. 2023 жылдың сәуір айында жоба іске қосылды. Жобаны іске асыру 2024–2028 жылдарға жоспарланған.



## Мамыр

### 16.05.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ танымал TV+ платформасы қазақстандық Salem social media студиясының бейне өндірісінің жаңа эксклюзивті сериалдарымен толықтырылады. Осы айдан бастап сервисті пайдаланушылар «Черный двор», «МСБ», «Qarga» және «Шеше» эксклюзивті картиналарының драматургиясы мен режиссерлік жұмысын алғашқылардың бірі болып бағалай алады.

### 17.05.2023 ж.

2023 жылдың бірінші тоқсанында бейнебақылау камералары 680 мыңнан астам жол қозғалысы ережелерін бұзуды анықтауға, 136 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылықтарды тіркеуге мүмкіндік берді және 3 мыңға жуық қылмыстық істі ашуға көмектесті (ҚР Ішкі Істер Министрлігінің статистикасына сәйкес). Күн сайын құқық қорғау органдарының деректер базасымен біріктірілген бейнебақылау жүйелері, соның ішінде «Қазақтелеком» жабдығы күніне 9 мыңнан астам заң бұзушылықты тіркейді.

### 31.05.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ Гонконгтағы Amazon Web Services (AWS) желісімен жаңа тікелей физикалық байланыс ұйымдастыра отырып, Amazon автономды жүйесімен пирингтік байланысын кеңейтті. Жалпы, ірі телеком-операторы Еуропа мен Азиядағы ең ірі интернет-компаниялармен: Facebook, Amazon, Apple, Microsoft, Google компанияларымен тікелей байланыстарды ұйымдастыруды аяқтады және қазір олармен транзиттік жүйелерсіз тікелей трафикпен алмасуда.

## Маусым

### 23.06.2023 ж.

Қазақстан мен Әзірбайжанның жетекші телеком-операторлары «Қазақтелеком» АҚ мен AzerTelecom Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Бакуге сапары барысында Каспий теңізінің түбінде Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) салу және пайдалану үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы Акционерлердің келісіміне қол қойды.

### 29.06.2023 ж.

2022 жылдан бастап «Қазақтелеком» ескірген мыс желілерін заманауи оптоталшыққа ауыстыру бойынша «Тазарту» жобасын жүзеге асыруда. Жобаны іске асырудың екі жылында Компания ескірген мыс желілерін заманауи оптоталшыққа ауыстыру арқылы өзінің 113 мыңнан астам клиенттерін ауыстырды. 2023 жылдың соңына дейін тағы 23 мың пайдаланушыны ауыстыру жоспарланған.

## Шілде

### 04.07.2023 ж.

«Самұрық-Қазына» қорының басшысы «Қазақтелеком» Компаниялар тобының топменеджментімен кездесті. «Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасы Қуанышбек Есекеев, сондай-ақ «Кселл» ұялы байланыс операторының басшысы Асхат Өзбеков пен «Мобайл Телеком-Сервис» ұялы байланыс операторының басшысы Сергей Коньков Нұрлан Жақыповқа елімізде бесінші буын – 5G байланыс желісін енгізу жөніндегі ауқымды жобаны іске асырудың аралық нәтижелері туралы айтып берді.

### 26.07.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ жаңа E-Kassa мобильді қосымшасын ұсынды. Телеком-операторлдың жаңа өнімі бизнеске тауарлар мен қызметтерді сатуды есепке алу процесін жеңілдетуге көмектеседі, сонымен қатар кассалық аппараттарды сатып алуда үнемдеуге мүмкіндік береді. Google Play Market пайдаланушылары қазірдің өзінде қосымшаның артықшылықтарын бағалай алады.

## Тамыз

### 17.08.2023 ж.

Еліміздегі ірі телеком-операторы «Қазақтелеком» АҚ және табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы әлемдік жетекші компаниялардың бірі Eurasian Resources Group бірлескен инвестициялық қор құруға ниетті. Тараптар тиісті келісімге қол қойды, қор «Астана» Халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес және алаңында тіркелетін болады. Қор IT, медиа және финтек саласындағы жобаларды қолдауға және дамытуға бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ заңды тұлғаларды офлайн режимінен онлайн сату және қызмет көрсету форматына 100% ауыстыру курсын белгіледі. Осы мақсатта бизнеске арналған ismet.kz порталының функционалдығы кеңейтіліп, жаңа цифрлық қызметтер мен сервистер құрылуда.

### 18.08.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ Алматы қаласындағы қолданыстағы модульдік дата-орталықта қосымша 84 тұрақты орынды пайдалануға берді. Машина залдарын кеңейту жұмыстарын жүргізгеннен кейін тапсырыс берушілердің жабдықтарын орналастыру мүмкіндігі бірнеше есе артты. Қазіргі уақытта МДӨ-дегі тұрақты орындарының жалпы саны 168 құрайды.

## Қыркүйек

### 05.09.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ өз жабдықтарының қоршаған ортаға әсерін зерттеді. Елдің ірі телеком-операторы жабдықтарының Қазақстанның биоалуантүрлілігіне, жер және су ресурстарына әсерін бағалау нәтижелері Компанияның климаттық өзгеруіне және әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдерді төмендету жөніндегі түрлі компаниялардың үлесін көрсететін ESG-қағидаттарын енгізуге арналған өтініміне енгізілетін болады.

### 07.09.2023 ж.

«Қазақтелеком» жаңа пайдаланушыларды ҚДО-сы бар E-Kassa онлайн-кассасының мобильді қосымшасына қосу саласындағы ынтымақтастықты ұсынады. 1 қыркүйектен бастап кез келген адам кеңесші бола алады және кәсіпкерлерге «Қазақтелекомнан» қазыналық деректер операторының қызметін қосуға көмектесе алады.

### 22.09.2023 ж.

2023 жылдың соңына дейін «Қазақтелеком» Компаниялар тобы 700-ден астам 5G базалық станциясын орнатады. «Қазақтелеком» Компаниялар тобы еліміз үшін ауқымды және аса маңызды жобаны – бесінші буын байланыс стандартын енгізуді жалғастыруда.

Желілік инфрақұрылымды барынша белсенді жаңарту Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жүргізілуде. Бұл ретте Түркістан, Қостанай, Қарағанды және Семей қалаларының тұрғындары қазірдің өзінде 5G желісіне қолжеткізді. Жыл басынан бері Компания 5G қамтуды қамтамасыз ету үшін 266 базалық станцияны қосты. Жыл соңына дейін тағы 516 базалық станцияны қосу жоспарлануда.

## Қазан

### 12.10.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы Digital Bridge IT-форумында ел мен халық үшін ең ірі және стратегиялық маңызды екі жобаны ұсынды. Атап айтқанда, әзербайжандық AzerTelecom компаниясымен бірлесе отырып, Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық желіні салу жобасы және Қазақстанда бесінші буын – 5G байланыс стандартын өрістету жобасы туралы айтылды.

### 24.10.2023 ж.

Қазақстандық киберспорт жанкүйерлері PUBG MOBILE мобильді ойынының жергілікті серверлеріне қолжетківзі. Оларды PlayerUnknown's Battlegrounds Mobile құқық иесімен, Tencent корпорациясымен келісімдер бойынша «Қазақтелеком» АҚ өз инфрақұрылымына орналастырды.

### 26.10.2023 ж.

Әлеуетті жеткізушілермен және мердігер ұйымдардың өкілдерімен кездесуде «Қазақтелекомның» топ-менеджерлері Компанияның 2024 жылға арналған стратегиялық мақсаттарының бірі - өз қызметтерін нарыққа шығару уақытын қысқарту (Time to Market) туралы айтты. Бұл клиенттің телекоммуникациялық қызметтер мен сервистерге сұранысын тез арада қанағаттандыруға және түрлі жобаларды іске асыруды жеделдетуге мүмкіндік береді.



## Қараша

### 16.11.2023 ж.

Қазақстан қор биржасы Алматыда өткен «Қаржы нарықтарын трансформациялаудағы биржалардың рөлі» форумында «Қазақтелекомға» «Акция нарығының көшбасшысы» атағын берді. Сонымен қатар, Компанияның басшысы мен қаржы директоры отандық капитал нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін жеке марапаттарға ие болды.

### 27.11.2023 ж.

S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ-ның Компания түсімінің одан әрі органикалық өсуін және борыштық жүктемесінің қалыпты деңгейін көрсететін «Тұрақты» болжамымен BB+ деңгейінде кредиттік рейтингін растады.



## Желтоқсан

### 06.12.2023 ж.

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақтелеком» Компаниялар тобының тұрақты нарықтық позицияларына, сондай-ақ қаржылық беріктіктің елеулі қорына ерекше назар аудара отырып, «Қазақтелеком» АҚ-ның «Тұрақты» болжамымен «BBB-» деңгейінде кредиттік рейтингін растады.

### 07.12.2023 ж.

«Қазақтелеком» АҚ мен BTS Digital компаниясының AITU цифрлық экожүйесіне кіретін «Ақылды қалалар» компаниясы Қазақстанда бұлтты технологияларды дамытуда, сондай-ақ cloud-шешімдер мен өнімдер желісін кеңейтуде ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасты. Алғашқы бірнеше бірлескен бұлтты сервистерді «Қазақтелеком» өзінің бизнеске арналған ismet.kz порталында ұсынды.

### 13.12.2023 ж.

«Қазақтелеком» өзінің «Тазарту» желілік инфрақұрылымын жаңғырту жобасын іске асыруды белсенді түрде жалғастыруда, оның аясында биыл ғана «Қазақтелеком» республика бойынша 55 мыңға жуық абонентті талшықты-оптикалық байланыс желілеріне ауыстырды. Осылайша, жақында Компания клиенттердің, Степногорск қаласының тұрғындарын ADSL желісінен GPON-ға кең ауқымды көшуін аяқтады және бұл қала Курчатовтан кейінгі елдегі екінші «оптикалық» қала болды.

### 26.12.2023 ж.

«Қазақтелеком» Компаниялар тобына кіретін «Теле2» және «Кселл» ұялы байланыс операторлары республикада бесінші буын желісінің өрістеу қарқынын арттыруды жалғастыруда. Бүгінгі таңда «Кселл» еліміздің 17 қаласында 480 5G базалық станциясын орнатты, ал «Теле2» 18 қалада 754 базалық станцияны орнатты және жүздеген мың қазақстандықтар қазір жаңа байланыс технологиясы бойынша барлық телекоммуникациялық және цифрлық қызметтерді пайдаланады. «Қазақтелеком» Компаниялар тобының 5G жобасын іске асыру жылдамдығы мен ауқымы Қазақстанды бесінші буын желісін енгізу бойынша ЕАЭО елдері арасында көшбасшыға айналдырды.

# «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының өсу тарихы

## 1994 жыл
«Қазақтелеком» АҚ компаниясының құрылуы.

## 1995 жыл
Алматы қаласынан 52 км қашықтықта халықаралық Транс Азия-Еуропалық талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТАЕ ТОБЖ) Ұлттық секторын салу.

## 1996 жыл
Алматы қаласында TLX.25 Turbo телекс станциясын іске қосу.

## 1997 жыл
Компанияның Қазақстан қор биржасындағы листингі.

## 1998 жыл
Шалғайдағы елді мекендерде телефон қызметтерін ұсыну үшін спутниктік байланыс жүйесін іске қосу.

## 1999 жыл
- «Kazakhstan Online» сауда белгісімен деректерді берудің бірыңғай Ұлттық желісін құру.
- Алматы қаласындағы алғашқы Халықаралық коммутация орталығын (ХКО) пайдалану.

## 2000 жыл
DialUp – «Интернет аймағы» технологиясы бойынша Интернет желісіне қолжеткізу қызметін енгізу.

## 2001 жыл
Орталық Азия аумағында 10 мың пайдаланушыға арналған алғашқы Internet Data Center (IDC) ашылуы.

## 2002 жыл
- Ұлттық Зияткерлік желіні іске қосу.
- «Ресей–Қазақстан» талшықты-оптикалық желілік өткелін пайдалануға қабылдау.

## 2003 жыл
- «Қазақтелеком» АҚ басқарудың сапасы мен тиімділігі үшін «International Gold Medal Award» халықаралық құрмет марапатына ие болды.
- Қазақстан астанасын цифрландыруды аяқтау.

## 2004 жыл
Компанияны ашық акционерлік қоғамнан (ААҚ) акционерлік қоғамға (АҚ) қайта тіркеу.

## 2005 жыл
ADSL технологиясы негізінде «Megaline» Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік қызметтерін іске қосу.

## 2006 жыл
АКТ-ны жеке бағытқа бөлу (Ақпараттық жүйелер дирекциясы).

## 2007 жыл
«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан аумағында тіркелген байланыс қызметтерінің 100% таралуын қамтамасыз етті.

## 2008 жыл
Сапа менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі жобаны іске асыру және Теңдестірілген көрсеткіштердің ақпараттық жүйесін пайдалануға қабылдау.

## 2009 жыл
ID TV брендімен IPTV қызметтерін іске қосу.

## 2010 жыл
- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының ашылуы.
- «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациялық желілерінің Next Generation Network (NGN) технологияларына көшу» жобасын аяқтау.

## 2011 жыл
«FTTH» әмбебап талшықты-оптикалық қолжетімділік желісін салу бойынша стратегиялық жобаны бастау.

## 2012 жыл
- TeliaSonera компаниясының «Кселл» АҚ акцияларының 49%-ын сату.
- Hewlett-Packard компаниясымен бірлесіп әзірленген ТМД-дағы ең ірі Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) презентациясы.

## 2013 жыл
Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның бес еншілес ұйымында жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикалау нәтижелері бойынша Қордың еншілес компаниялары арасында корпоративтік басқару рейтингінің деңгейі бойынша көшбасшы болып танылды.

## 2014 жыл
- LTE желісін (ALTEL еншілес компаниясы негізінде) іске қосу.
- Жаңа буын DWDM магистральдық желісін іске қосу.

## 2015 жыл
«Қазақтелеком» АҚ-ның арқасында тіркелген дауыстық байланыс желілерін 100%-дық цифрландыру жүргізілді.

## 2016 жыл
- Ұялы байланыс нарығында ALTEL/Tele2 бірлескен кәсіпорнын құру.
- China Mobile-мен бірлесіп Еуропа-Оңтүстік-Шығыс Азия транзиттік бағытын ұйымдастыру бойынша «Dream» жобасын іске асыру.

## 2017 жыл

- Бірыңғай желілерді басқару орталығын құру.
- Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін «Оң» болжамды «ВВ»-дан «Тұрақты» болжамды «ВВ+» деңгейіне дейін көтерді.

## 2018 жыл

- «Кселл» АҚ акцияларының 75%-ын сатып алу.
- АЕМ ТОБЖ құрылысы.

## 2019 жыл

- «Smart Aqkol» жобасын іске асыру.
- Астана және Алматы қалаларында 5G-ны тестілеу.
- Бірлескен кәсіпорындағы Tele2 AB үлесінің 49%-ын сатып алу.
- «Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы «TMT M&A Awards 2019» халықаралық сыйлығында «Жыл мәмілесі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

## 2020 жыл

- АЕМ ТОБЖ құрылысы аяқталды. Жобаны іске асыру барысында 2 жыл ішінде бүкіл ел бойынша 14 380 шақырым «оптика» салынды.
- Халық саны 250 адамнан асатын ауылдық елді мекендерді кең жолақты мобильді интернетпен қамтамасыз ету бойынша «250+» жобасы іске асырылды.
- «Қазақтелеком» темекі бұйымдарын міндетті таңбалау жүйесінің техникалық құрамдас бөлігіне, деректерді сақтауға және нарыққа қатысушылардың ақпараттық жүйелерін синхрондауға жауапты бірыңғай операторы болып айқындалды.
- 2020 жылы негізгі бизнесті цифрландыруды, жаңа цифрлық бизнесті дамытуды және желіні цифрлық трансформациялауды көздейтін жаңа «SERPIN» трансформациялау стратегиясы мен бағдарламасын іске асыру басталды.
- «Қазақтелеком» LoRa технологиясы бойынша тағы 104 базалық станцияның құрылысын аяқтады. M2M (machine to machine) және IoT-құрылғылар Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Түркістан мен Алматыда қалалық коммуналдық жүйелерге қосылуы мүмкін. Жалпы желі еліміздің 14 қаласында іске қосылған.
- Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін BB+ деңгейінен («Оң» болжам) BBB- («Тұрақты» болжам) деңгейіне дейін көтерді.

## 2021 жыл

- Қазақстанда Kcell желілерінің базасында бизнеске немесе оның филиалына елдің кез келген жерінде жұмыс істеуге және қолжетімділік параметрлерін өзгертпей, өзінің ақпараттық желісіне қол жеткізуге, ал қызметкерлерге мобильді болуға мүмкіндік беретін «Мобильді кеңсе» сервисі іске қосылды.
- «Қазақтелеком» жаңа буын қызметі – eSIM-ді іске қосты. «Қазақтелеком» абоненттері енді жаңа eSIM қызметіне – пластикалық SIM- картаның цифрлық баламасына қол жеткізе алды.
- Қазақстан 2021 жылғы сәуірде ЕАЭО және Орталық Азия елдері арасында Ookla Speedtest Global Index компаниясының нұсқасы бойынша мобильді интернет жылдамдығының жаһандық рейтингінде ілгерілеу қарқыны бойынша көшбасшы болды.
- «Қазақтелеком» отандық киберспортты TV+ платформасына шығарды. Осы жылы «Қазақтелеком» АҚ іске қосқан TV+ платформасында мамыр айының соңында киберспорт бойынша отандық турнирлердің алғашқы онлайн-көрсетілімдері өтті.
- «Қазақтелеком» Smart Turkistan жобасын іске асырудың белсенді кезеңіне өтіп, қаланың коммуналдық және муниципалдық объектілерін ірі телеком-оператор салған IoT желісіне қосылған суды тұтыну туралы деректерді қашықтықтан беретін құрылғылармен жарақтандыруды бастады.
- «Қазақтелеком» республиканың ауылдық елді мекендерінде eQoldau ашық қол жеткізу пункттерінің желісін құрады, соның арқасында тұрғындарда цифрлық қызметтер мен электрондық сервистер әлеміне қол жеткізудің тағы бір құралы пайда болады.
- «Қазақтелеком» АҚ Астанада FWA желісін іске қосты.

## 2022 жыл

- «Қазақтелеком» «Ауылдағы цифрлық серіктес» атты жаңа жобаны іске қосты. Жоба ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты және сапалы интернетпен қамтамасыз етуге, ал кәсіпкерлерге өз бизнесін дамытуға мүмкіндік береді.
- «Қазақтелеком» ел экономикасын цифрлық трансформациялауды жүзеге асыруға және жақын арада Қазақстанда жаңа цифрлық қызметтерді құруға мүмкіндік беретін Қазақстанда 5G технологиясын енгізу тұжырымдамасын таныстырды.
- «Қазақтелеком» мен AzerTelecom Транскаспий жобасы бойынша стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат Қазақстан мен Әзірбайжан арқылы Еуропа мен Азия арасында жаңа телекоммуникациялық дәліз құруды көздейтін «Цифрлық Жібек жолы» (Digital Silk Way) ауқымды жобасының бөлігі болып табылатын «Қазақстан–Әзірбайжан» бағыты бойынша Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) жобасы шеңберінде екі оператордың стратегиялық серіктесуін көздейді.



## 2023 жыл

- Қазақстан мен Әзірбайжанның жетекші телеком-операторлары «Қазақтелеком» АҚ және AzerTelecom Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Бакуге сапары барысында Каспий теңізінің түбінде Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) салу және пайдалану үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы Акционерлердің келісіміне қол қойды.
- Ең ірі телеком-операторы өзінің «Тазарту» желілік инфрақұрылымын жаңғырту жобасын іске асыруды белсенді түрде жалғастыруда, оның аясында 2023 жылы ғана «Қазақтелеком» республика бойынша 55 мыңға жуық абонентті талшықты-оптикалық байланыс желілеріне ауыстырды. Компания клиенттердің, Степногорск қаласының тұрғындарын ADSL желісінен GPON-ға ауқымды көшуін аяқтады және бұл қала Курчатовтан кейінгі елдегі екінші «оптикалық» қала болды.

# Компания Туралы

## Компанияның қысқаша бейіні

GRI 2-1

**Компания туралы фактілер**

«Қазақтелеком» АҚ қызметі туралы негізгі фактілер:

- «Қазақтелеком» АҚ – Қазақстандағы ең ірі телекоммуникациялық компания.
- «Қазақтелеком» ҰАҚ Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы №666 қаулысы негізінде құрылды.
- Негізгі кеңселер Астана және Алматы қалаларында, аймақтық өкілдіктер Қазақстанның барлық жерінде орналасқан.
- 2000 жылдардың ортасынан бастап «Қазақтелеком» АҚ жылдық айналымы ондаған миллиард теңгеге жететін еліміздің ең табысты кәсіпорындарының рейтингінде тұрақты жоғары орындарды иеленіп келеді.
- «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ірі қалаларын деректерді берудің жоғары жылдамдығымен цифрлық ағындармен байланыстыратын тасымалдау талшықты-оптикалық сақина болып табылатын Ұлттық ақпараттық супермагистральға ие.
- Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралады.

## Қызмет бағыттары

GRI 2-6

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы (Компания, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком») байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылдық жерлерде байланыс қызметтерін ұсынуда көшбасшы ретінде танылған Қазақстандағы тіркелген телефония бойынша ірі оператор, сондай-ақ Деректерді беретін ұлттық желінің ірі операторларының бірі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ – Республика аумағында байланыс қызметтерінің кең ауқымын ұсынатын, ұлттық ауқымдағы құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру арқылы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы №666 қаулысына сәйкес құрылған ұлттық компания.





Компания «Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (Қазақстан Республикасының Әділет органдары алғашқы мемлекеттік тіркеуді 1994 жылы 1 желтоқсанда жүргізді).

«Қазақтелеком» негізгі мақсаты акционерлердің мүддесі үшін табыс табу болып табылатын, өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.

Акционерлік қоғамның қызметі оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайтын бекітілген Жарғы шеңберінде жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:

- коммерциялық қызметтен пайда табу және оны акционерлердің мүддесіне пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағында заманауи телекоммуникациялық желілерді құру және оларды әлемдік телекоммуникация желісіне интеграциялау;
- Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде пайдаланушыларға телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісін және телекоммуникациялардың жеке жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі операторының, оның ішінде Халықаралық одақ регламенті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен есеп айырысу жүргізу құқығымен қалааралық және халықаралық байланыс операторының функцияларын орындайды.

Компания Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орталық Азия республикаларымен байланысты қамтамасыз ете отырып, барлық шекара маңы учаскелерін қосатын магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілерінің желісіне ие болғандықтан транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға зор көңіл бөледі.

Компанияның инфрақұрылымы республика бойынша 88 000 километрден астам талшықты-оптикалық желілерді, 27 деректерді өңдеу орталықтарын, 14 000 астам базалық станцияларды құрайды – 4G/LTE желісі Қазақстанның барлық ірі қалаларында орналастырылған, 2023 жылдың соңында ел бойынша 1 000 астам 5G базалық станциялары орнатылды

## «Қазақтелеком» АҚ-ның ұйымдық құрылымы

GRI 2-9

**Акционерлердің жалпы жиналысы**

**Директорлар кеңесі**

**Басқарма**

**Орталық аппарат**

### Филиалдар:

Корпоративтік бизнес дивизионы

«Желі» дивизионы» бірлестігі

Сервистік фабрика

Жобаларды басқару дирекциясы (бұрын – Телекоммуникация және инфрақұрылым нысандарын салу дирекциясы)

Бөлшек бизнес дивизионы

Ақпараттық технологиялар дивизионы

«Телеком Комплект» дирекциясы

Корпоративтік университет («Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы)

### Еншілес және өзге үлестес компаниялар:

| | Қатысу үлесі |
|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 100% |
| «КТ-АЙИКС» ЖШҚ | 100% |
| «Востоктелеком» ЖШС | 100% |
| «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС | 100% |
| «Нұрсат+» ЖШС | 100% |
| «КТ-Телеком» ЖШС | 100% |
| «Кселл» АҚ | 51% |
| CASPINET B.V. | 50% |

# «Қазақтелеком» ақ-ның компаниялар тобының құрылымы

GRI 2-6

Еншілес компаниялар төмендегілердің арқасында «Қазақтелеком» АҚ-ның инфокоммуникация нарығында B2C біріктірілген сервис провайдері ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады:

- телекоммуникация нарығының мобильді сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ Тобының ұстанымын күшейту және дәстүрлі телекоммуникация қызметтерін дамытуға үлес қосу;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қызмет түрлерін толықтыратын жаңа өнімдерді іске қосу;
- электрондық коммерция сияқты жаңа бағыттарды дамыту «Қазақтелеком дүкені»;
- цифрландыруды және үлкен деректермен жұмыс істеуді қамтамасыз ету.

## Ұялы байланыс

### «Кселл» АҚ (51%)

Соңғы 20 жылда «Кселл» АҚ Қазақстандағы ең заманауи, технологиялық дамыған және ауқымды ұялы байланыс желілерінің бірін құра алды. «Кселл» компаниясы мобильді дауыстық байланыс, қысқа хабарламаларды жіберу қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қол жеткізу сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ деректерді беру қызметтерін, оның ішінде Интернет желісіне қол жеткізуді ұсынады.

Kcell және Activ брендтері B2B және B2C сегменттерінің жоғары бәсекеге қабілетті телекоммуникациялық нарықтарында жақсы жұмыс істеді және қызмет көрсету сапасы мен құндылығымен танымал. «Кселл» АҚ 2G, 3G және 4G/LTE желілерінде жұмыс істеуге мерзімсіз лицензияға ие.

### «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (100%)

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС – 2G/3G/4G (LTE/LTE Advanced) ұялы байланыс қызметтерінің толық спектрін ұсынатын және Tele2 мен Altel брендтерімен қызметтер көрсететін Қазақстандағы ұялы байланыс операторы.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді дауыстық байланыс, қысқа хабарламаларды беру қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қол жеткізу сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ деректерді беру, оның ішінде Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін ұсынады.

«Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС операторлар консорциумының құрамында 2022 жылдың желтоқсанында радиожиілік спектрі аукционының жеңімпаздары атанды және ҚР-да 5G бесінші буын ұялы байланыс стандартын өрістету құқығына ие болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша операторлар жалпы республика бойынша 1000 астам 5G базалық станциясын орнатты.



## Техникалық ресурстар

### «Востоктелеком» ЖШС (100%)

«Востоктелеком» ЖШС – ауылдық елді мекендерде (АЕМ) телефония және интернет қызметтерін көрсетуге арналған «Қазақтелеком» АҚ-ның жиілік-техникалық ресурсы болып табылады.

### «КТ АйИкс» ЖШҚ (100%)

Компания IPLC және IP VPN бойынша клиенттерді қоса және оларға қызмет көрсете отырып, Ресей Федерациясындағы «Қазақтелеком» АҚ-ның техникалық торабы ретінде жұмыс істейді:

- өзінің №9 ХҚТБ-дағы торабына қосады және IPLC және IP VPN арналарын жалға беру бойынша операторлар мен корпоративтік клиенттерге қызмет көрсетеді;
- бұл Google, ВКонтакте, Mail.ru, «Қазақтелеком» АҚ желілеріне HD, UHD, 4K форматтарындағы анықтығы жоғары телевидения контенті трафигін бағыттай отырып, Интернет желісінің пирингтік алаңы болып табылады;
- Telepresence жоғары сапалы бейнеконференция қызметтерін көрсетеді.

### CASPINET B.V. (50%)

CASPINET B.V. «Қазақтелеком» АҚ-ның сыртқы интернетке шығуының балама маршрутын құруға бағытталған компания болып табылады.

## Жаңа бизнестер

- «НҰРСАТ+» ЖШС (100%)
- «НҰРСАТ+» ЖШС – электрондық коммерция саласындағы бизнестің жаңа бағыттарын дамытатын «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниясы.
- «КТ-Телеком» ЖШС (100%)
- «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС (100%).

# Бизнес-модель

## Ресурстар

### Қызметкерлер

**19** мың -нан астам
Қызметкерлердің жалпы саны

**33%**
Басқармадағы әйелдердің үлесі

### Қаржы

**75,6** млрд теңге*
2023 жылы Cash CAPEX

*«Қазақтелеком» АҚ бойынша

### Инфрақұрылым

**88** мың км -ден астам
Опто-талшықты желінің қамту аймағының ұзындығы

**27**
деректерді өңдеу орталықтары

**14 000** астам базалық станция

## Телекоммуникация нарығындағы көшбасшылық

### B2C

Интернет желісіне қосылу, ақылы ТВ, дәстүрлі телефония, үй шаруашылығына арналған кешенді ұсыныстар (iD Phone, ID-TV, iD Host, FMS).

### B2B және B2G

ҚЖҚ, IP VPN,
Мобильді кеңсе, бизнеске арналған ismet.kz платформасы, қазыналық деректер сервисі (ҚДО), бейнебақылау.

### B2O

Елдің цифрлық және индустриялық дамуына үлес қосатын жобалар.

### ДӨО және бұлтты қызметтер

- бизнеске арналған ismet.kz цифрлық платформасы;
- бұлтты бейнеконференция;
- бейнебақылау;
- цифрлық медициналық карта;
- блокчейн өнімдеріне арналған инфрақұрылым.

### Ақпараттық қауіпсіздік

- «DDoS шабуылдарынан қорғау» қызметі
- Виртуалды Firewall.

### Қоғамдық қауіпсіздік

- «Дабыл батырмасы».

### Инновация

- 5G желісін орналастыру.

### Елдің цифрлық және индустриялық дамуы

- Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ салу;
- «Супермагистраль» бастамасы.

### Қосымша қызметтер

- бейнебақылау;
- ақылды қала;
- ақылды ТКШ;
- ақылды жарықтандыру және т.б.

## Стейкхолдерлер үшін жасалған құн

### Акционерлер

**3 038,36** теңге
2022 жылдың қорытындысы бойынша жарияланған 2023 жылы 1 акцияға төленген дивиденд

### Клиенттер

**97%**
2023 жылғы AP (Agent Performance) көрсеткіші

**84%**
2023 жылғы tNPS (тұтынушылардың адалдық индексі) көрсеткіші

### Қызметкерлер

**104,2** млрд теңге
«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылы еңбекақы төлеуге жұмсаған шығыстары

**1,060** млн теңге
«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылы қызметкерлерді оқыту мен дамытуға салған инвестициясы

### Мемлекет және қоғам

**119,8** млрд теңге*
2023 жылғы салық төлемдері (*шоғырландырылған деректер)

барлық облыс орталықтарында **1000** астам 5G базалық станциялары орналастырылған және желіге қосылған

Байланыс және интернетпен қамтамасыз етілгендер:

**5** мыңнан астам мектеп

**4** мыңға жуық аурухана

**15** мыңнан астам мемлекеттік мекеме

**570** мыңнан астам бизнес субъектілері «Қазақтелекомға» ҚДО ретінде қызмет етеді

# Стратегиялық есеп

## Бизнес-стратегия

2022 жылдың соңында «Қазақтелеком» 2023–2032 жылдарға арналған JRun жаңа даму стратегиясын қабылдады.

**Jrun стратегиясының басты мақсаты – клиенттік тәжірибені жақсарту есебінен Қазақстан нарығындағы көшбасшылық.**

Компания дамуының стратегиялық бағыттары қазақ тілінде қарапайым және түсінікті сөздермен аталып, Компанияның клиенттері, қызметкерлері және стейкхолдерлерінің сенімін туғызады.

### JRUN стратегиясы

#### Миссиясы

Өзгере, таң қалдыра және күтпеннен асып түсіп, әр-кімнің өмірінің таптырмас және таныс бөлігіне айналу.

#### Пайымы

Ақпараттық-коммуникациялар нарығындағы жетекші қазақстандық біріктірілген сервис-провайдер.

#### Jaqyn

**«Клиенттің құмарлығы»**

Клиенттердің тәжірибесін жақсарту арқылы телекоммуникация нарығындағы көшбасшылық.

#### BiRlik

**«Өзгермелі жағдайдағы бірлік»**

Қызметкердің тәжірибесін жақсарту арқылы табысқа жету.

#### AlaU

**«Үздіксіз жаңарту»**

Экономикалық өсу және бәсекеге қабілетті инновациялар қозғалтқышы.

#### OrkeN

**«Тұрақты өсу»**

Бірінші дәрежелі бизнесті басқару және үздік инфрақұрылым.



# 2022–2027 жылдарға арналған стратегиялық мақсаттар.

## Jaqyn | «Клиенттің құмарлығы»

B2C нарығындағы соңғы миль сапасы бойынша көшбасшылық
Қалалар **200** Мбит/с бастап
АЕМ **20** Мбит/с бастап

B2C сегментіндегі клиенттік тәжірибе бойынша #1 Оператор болу
Тіркелген операторлар арасындағы үздік NPS

B2C нарығында КЖҚ және телевизия жетекші позицияларын қорғау
КЖҚ **72–74%**
TV **45–50%**

B2X нарығындағы түсім бойынша жетекші позицияларды нығайту
B2X нарығының **50–52%**

B2B сегментіндегі клиенттік тәжірибе бойынша #1 Оператор болу
Тіркелген операторлар арасындағы үздік NPS

АКТ сегментінде және бизнестің таңдалған жаңа бағыттарында сенімді өсу
Кірістің **+14%** -ға дейінгі түсімі

## BiRlik | «Өзгермелі жағдайдағы бірлік»

Қолайлы аймақтағы әлеуметтік тұрақтылық индексі.
SRS (Happy Index)
**75%**

eNPS
**70%**

Қатысу
**85%**

Адалдығы
**65%**

**EJM**
(өмірлік циклдің әр кезеңінде қызметкерлердің қанағаттанушылығы) % (өлшем қажет)

**IR**
(өндірістік қатынастар салаларындағы жоғары стандарттар)




## AlaU | «Үздіксіз жаңарту»

Деректерді актив ретінде басқару

- Сату және жылыстауды басқару
- Сыртқы деректерді монетизациялау
- Ішкі процестерді оңтайландыру

2027 жылғы Big Data-дан FCF
**6,5** млрд теңге

Желілік және АТ инфрақұрылымның бұлттық ортаға көшуі

2024 жылы 10 жылдан астам пайдаланылатын жабдықтың үлесін
**15%** -ға дейін төмендету

АТ платформалары мен цифрлық сату арналарының қолжетімділігі
**99,9%**

- Микросервистік архитектураға ауысу
- SDN/NFV платформасына негізделген Telco Cloud инфрақұрылымын құру

Бизнестің цифрлық трансформациясы

- Time-to-market-ті 2 есе қысқарту
- Масштабтау құнын төмендету
- IaaS/PaaS цифрлық және бұлттық қызметтерін ұсыну
- Жаңа нарықтарға шығу

## OrkeN | «Тұрақты өсу»

Гигабиттік қоғамға көшу үшін жағдай жасау
100G интерфейстерде 18 облыс орталығына жету

Қолжетімділік жылдамдығы бойынша клиенттердің үміттерін ақтау
**≈500** мың клиент (үй шаруашылықтары)

Сала көшбасшылары деңгейіндегі операциялық тиімділік
**≈8** млрд теңге
2023–2032жж. EBITDA-ға әсері

Мұнара операторын құру
ОДН жобасын іске асыру, КТ АМС басқару, 50+ жобаларымен синергия және СКЖҚ

Жеткізу тізбегін автоматтандыру және ОҚКО процестерін цифрландыру
Күнделікті операцияларды азайту

ESG рейтингінің мақсаттарына жету

- Нетто-көміртек ізін 2032 жылға дейін 13%-ға дейін төмендету
- Рейтинг: BBB (2024 жыл), A (2027 жыл)

# 2023 жылы Стратегияны іске асыру нәтижелері бойынша қысқаша есеп



## 1. B2C нарығында КЖҚ және телевизия жетекші позицияларын қорғау

**Стратегияның мақсаттары**

КЖҚ **72–74%**

TV **45–50%**

**2023 нәтиже**

КЖҚ **74%**

TV **48%**

## 2. B2X нарығындағы түсім бойынша жетекші позицияларды нығайту

**Стратегияның мақсаттары**

B2X нарығының

**50–52%**

**2023 нәтиже**

**44%**

## 3. B2C сегментіндегі клиенттік тәжірибе бойынша #1 Оператор болу

**Стратегияның мақсаттары**

B2C сегментіндегі клиенттік тәжірибе бойынша #1 Оператор болу

**2023 нәтиже**

**8%** (3 орын)

## 4. B2X сегментіндегі клиенттік тәжірибе бойынша #1 Оператор болу

**Стратегияның мақсаттары**

Тіркелген операторлар арасындағы үздік NPS

**2023 нәтиже**

**19%** (2 орын)



# JRun трансформациялау бағдарламасы

«Қазақтелеком» АҚ трансформациясы клиенттік жолдарын жақсартуға, клиенттермен өзара әрекеттесу сапасын арттыруға, процестерді оңтайландыруға бағытталған және Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылуда.

JRun Стратегиясының стратегиялық бастамаларының іске асырылуын тиімді басқару және бақылау үшін жыл сайын барлық бастамаларды, жобаларды және маңызды кезеңдерді қамтитын Стратегияның Жол картасы әзірленеді.

**Компания 2023 жылды Қызмет көрсету сапасын арттыру жылы деп жариялады, сондықтан Компания келесі негізгі аспектілерге назар аударды:**

- **клиенттік сервис;**
- **желі сапасы;**
- **ішкі даму.**

Компанияда өзгерістер мәдениетін дамыту жалғасуда, кросс-функционалдық командаларды қалыптастыру, тұрақты кездесулерді ұйымдастыру нәтижесінде коммуникациялар жеделдетіледі және жеңілдетіледі, онда фокустарға қол жеткізуді бәсеңдетуі мүмкін блокаторлар ашық талқыланады, сондай-ақ сын-қатерлерді шешу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Процестерді оңтайландыру мен цифрландырудың арқасында қызметтерді қосу және проблемалық жағдайларды шешу жылдамдығы едәуір жақсарды.



**8,5** (61%)
миллионнан астам

«Қазақтелеком» мобильді қосымшасында операторлардың қатысуынсыз Self-Service (өзіне-өзі қызмет көрсету) құралдарының көмегімен клиенттердің сұрақтары шешілуде.

Компанияның
**600**
мыңға
жуық абоненті мобильді қосымшаны пайдаланады

2023 жылы олардың саны шамамен
**1,5**
есе өсті

**84%**
2023 жылы NPS индексі (тұтынушылардың адалдық индексі)

## 2023 жылы JRun Жол картасын іске асыру қорытындылары

JRun Жол картасы – бұл Компанияның корпоративтік стратегиясының жобалық орындалуын қамтамасыз ететін стратегиялық бизнес-бастамалардың жиынтығы.

### Jaqyn «Клиенттің құмарлығы»

Көрсетілетін қызметтер сапасының артуы (оның ішінде желілерді орналастыруды жеделдету), цифрлық клиенттік жолдарды дамыту, омниканалдылық және дербестендіру

- «T2M оңтайландыру» бастамасы бойынша өнімді шығару уақыты 2 еседен астам қысқартылды.
- B2C сегментінде дауыстық/чат боты енгізілді, 160/165 нөмірлеріне қоңыраулар бойынша трафиктің 47%-ы және чат трафигінің 65%-ы роботпен өңделеді.
- Электрондық құжатқа қол қою функциясы – Auto Blank енгізілді, 210К құжаттарға СМС арқылы қол қойылды.
- 2023 жылдың басынан бері telecom.kz сайтына тіркелген пайдаланушылар саны 40%-ға (+165 мың) және ismet.kz сайтында 45%-ға (+40 мың) өсті.
- 160 және ҚЖН-де абоненттерге қызмет көрсету бойынша функциялардың 94%-ы цифрландырылды (131-ден 123-і).
- ТВ+ базасы екі еседен астам өсті (548К нүкте).
- ТВ+ платформасында 5 эксклюзивті сериалды көруге болады.

### Birlik «Мақсаттарға жетудегі бірлік»

Клиентке бағытталған кроссфункционалды топтарда және EVP-де (жұмыс берушінің құндылық ұсынысы) жұмыс істеу, экожүйенің жаңа операциялық моделін енгізу

- «Қызметкерлер үшін заманауи ыңғайлы жұмыс ортасын құру» жобасы бойынша:
  - порталдың 22 негізгі функционалдары (модульдері) әзірленді және іске қосылды;
  - порталға тестілеу жүргізілді, қосымша модульдер іске қосылды;
  - порталдың бірегей пайдаланушыларының саны 8 881 қызметкерді құрады, бұл белсенді қызметкерлердің 49,31%-ын құрайды (2023 жылдың соңына).
- «Компания қызметкерлерінің мақсатты мінез-құлқын қолдау» жобасы бойынша КРЭДО жаңартылған корпоративтік құндылықтарының көрсетілімі өткізілді.
- Жобалық басқару арқылы бизнестің стратегиялық бастамаларын білікті персоналмен қамтамасыз ету мақсатында «Персоналды іріктеу ережелері» қайта қаралды және бекітілді:
  - цифрлық құзыреттілігі бар қызметкерлердің үлесі кемінде 50% құрайды.

## Alau «Үздіксіз жаңарту»

Үздіксіз жаңарту, АТ жаңғырту, Сұранысқа ие жоғары жиілікті сервистерді дамыту, жаңа көлденең цифрлық платформаларды (AI, cloud және т.б.) іске қосу

«Үздіксіз жаңарту» стратегиясы аясында бірнеше негізгі бағыттар қарастырылады:

1) Деректерді актив ретінде басқару арқылы бизнесті дамыту: Компания өз деректерін пайдалануда барынша тиімділікке ұмтылады. Бұған бизнесті дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін деректерге негізделген шешімдер қабылдау және деректерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау кіреді.
2) Желілік және АТ-инфрақұрылымды бұлтты ортаға көшіру: Қазақтелеком бұлтты технологияларға көшу арқылы өзінің АТ-инфрақұрылымын жаңғыртуды жоспарлап отыр. Бұған жүйелердің икемділігін, ауқымдылығын және қолжетімділігін жақсарту үшін Multicloud ортасын өрістету және микросервистік архитектурасын жасау кіреді.

- Data Governance зертханалық аймағын іске қосу.
- Дата каталогында 5 Data Lineage іске асырылды.
- Axon Бизнес-глоссарийіне нысандарды жүргізуге арналған 22 бизнес-терминдерінің конфигурациялары енгізілді.
- «АТ-инфрақұрылымын жаңғырту, пайдалану процестерін өзгерту».
- ISO20000 сертификаты алынды.
- Корпоративтік ақпараттық жүйелер үшін резервтік көшіру алаңын ұйымдастыру жүргізілді.
- Микросервистік архитектураға көшу жалғасуда.
- «Қазақтелеком» АҚ контурында қосымшаларды әзірлеу және тестілеу ортасының алаңы ұйымдастырылды.
- ҚР-ның 34 қаласында қызметтерді қосу процесі бойынша B2C және B2B инсталляторлары үшін Work Force Management (WFM, «Еңбек ресурстарын басқару») жүйесі енгізілді.
- Жүйелік негізде бұлтты ортада желілік функцияларды виртуалдандыру және агрегатсыздандыру.
- 2 шешімнің тестілеуі жүргізілді: бұлтты ортадағы VOLTHA.
- Қонаев қаласындағы Telco Cloud және Астана қаласындағы Telco Cloud ДИТ бұлтты торабының виртуалды инфрақұрылымы базасындағы Flash Call.

## Orken «Тұрақты өсу»

- Желінің өткізу қабілетін арттыру жобасы бойынша DWDM Алматы-Талдықорған, Астана-Талдықорған, Астана-Петропавл, Ақтөбе-Петропавл, Ақтөбе-Қостанай, Астана-Қостанай учаскелерінде магистральдық желінің 12*100GE арналары ұйымдастырылды.
- «Қазақтелеком» АҚ желісіндегі кэш-серверлері және контент провайдерлермен пиринг жалпы 900 Гбит/с-қа кеңейтілді (Facebook, Tencent, Meta, Google, Meta, Twitch).
- Мыстан оптикаға көшу аясында 57 мың абонент ауыстырылды. Толығымен «оптикалық» екі қала - Курчатов және Степногорск.
- ЖҚКО процестерін автоматтандыру шеңберінде келесі жүйелер іске қосылды:
  - сервистік фабрика бойынша телеграмм чат-боты (2023 жылы өтінімдерді орындау орташа есеппен 15%-ға өсті);
  - жылжымайтын мүлікті есепке алу және мониторингі (ақпаратқа жылдам қол жеткізу);
  - қызметкерлерді іссапарға жіберу (бір рет басу арқылы жұмыс істеу, ресімдеу уақытын 2 есе қысқарту).

Мұндай қадамдар Компанияға өзінің бизнес-мақсаттарын тиімдірек жүзеге асыруға және жылдам өзгеретін цифрлық ортада бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.



## 2023 жылғы фокус-картаны орындау

Компания бір жылға арналған Компанияның негізгі мақсаттарын әртүрлі бөлімшелердің қызметкерлері қол жеткізу үшін жұмыс істейтін өлшенетін мақсаттарға біріктіретін фокус-картаны әзірледі. Компания Scrum-сессияларындағы прогресті үнемі бақылап отырады және трансформация топтарының жұмысына Agile тәсілдерін енгізеді. Сонымен қатар, барлық фокустар бойынша есептер цифрландырылды және Qlik Sense-тегі дашбордтарда көрсетілді. Трансформация фокустарының картасын іске асыру Компанияның барлық қызметкерлері қызметінің корпоративтік көрсеткіштеріне енгізіледі.

### Клиенттерді «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосу 24 сағат ішінде жүзеге асырылады (Бөлшек бизнес дивизионы)




### Клиенттерді «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосу 24 сағат ішінде жүзеге асырылады (Корпоративтік бизнес дивизионы)





## Өтінімді тіркеген сәттен бастап 12 күнтізбелік сағат ішінде бір реттік зақымдарды жою (АББ)




## Компаниядағы FRR барлық арналар мен бөлімшелер бойынша 90% деңгейінде (КТБД)






## Негізгі фокустар:

**B2C сегментінде 24 сағат ішінде клиенттерді «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосу**

| Басталуы | Мақсат | Желтоқсан |
| --- | --- | --- |
| 39% | 90% | 92% |

**B2B сегментінде 24 сағат ішінде клиенттерді «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосу**

| Басталуы | Мақсат | Желтоқсан |
| --- | --- | --- |
| 13% | 60% | 90% |

**Өтінімді тіркеген сәттен бастап 12 күнтізбелік сағат ішінде бір реттік зақымдарды жою**

| Басталуы | Мақсат | Желтоқсан |
| --- | --- | --- |
| 85% | 95% | 94,7% |

**FRR**

| Басталуы | Мақсат | Желтоқсан айының қорытындысы бойынша FRR көрсеткіші Компания бойынша |
| --- | --- | --- |
| 81% | 90% | 96% |

## 2024 жылға арналған фокус-карта

### Компанияның бизнес-фокустары

- Клиенттердің «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосылуының 90%-ы B2C сегментінде 24 күнтізбелік сағат ішінде жүзеге асырылады
- Клиенттердің «Оптикалық технология бойынша интернет» қызметіне қосылуының 90%-ы B2B сегментінде 24 күнтізбелік сағат ішінде жүзеге асырылады
- Жыл соңында БЗТ-ның 95%-ы 8 күнтізбелік сағат ішінде жойылады
- Омниканал жүйесінде клиенттердің 100% өтініштері
- Клиенттік жабдықтың айналымын 6 ай ішінде жақсарту

### Өнім сапасының фокустары

- Өнім сапасы мәселелері бойынша өтініштер санын 30%-ға қысқарту
- Өнім бойынша Customer Satisfaction Index-ін жақсарту

# Құндылықтар



## «Қазақтелеком» АҚ-ның CREDO корпоративтік құндылықтарының моделі

### Клиентті қанағаттандыру

Бұл біздің әріптестеріміз бен клиенттеріміздің сұраныстарын есепке алу, оларды белсенді шешу.

Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Нарық трендтерін, клиенттердің ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін терең түсіну арқылы Компанияның өнімдері мен сервистерін тиімді дамыту.
- Сыртқы және ішкі клиенттердің оларға көрсетілетін қызметтердің, сервистер мен шешімдердің сапасына қанағаттану деңгейін арттыру есебінен клиенттік базаны дамыту.
- Клиенттерімізбен де, Компания ішінде де ынтымақтастықтың өзара тиімді шарттарын табу және іске асыру есебінен кірістерді арттыру.
- Клиенттермен және контрагенттермен серіктестік және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды қалыптастыру.

### Эксперименттеу

Бұл өз міндетінді шешудің және ағымдағы процестердегі кемшіліктерді жоюдың ең жақсы жолдарын табу.

Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Жаңа перспективалық идеяларды іздеу және енгізу арқылы Компанияның өнімдері мен қызметтерінің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Қолданыстағы тәжірибелерді, процестерді және олардың нәтижелерінің параметрлерін үздіксіз жетілдіру барысында бизнес-процестердің тиімділігін арттыру.
- Жасалған эксперименттік тәжірибелер, сабақ алу және нәтижелерді жақсарту нәтижесінде инновацияларды әзірлеу уақытын қысқарту.
- Процестер мен жұмыс тәжірибелерін өзгертуге тартылған барлық қызметкерлерді белсенді тарту арқылы өзгерістерді енгізу жылдамдығын арттыру.

### Реттеу нәтижелілігі

Бұл алға қойған мақсатқа табанды және жауапты қол жеткізу.

Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Басқарудың барлық деңгейлерінде нақты және өршіл мақсаттар қою және каскадтау арқылы Компанияның қаржылық нәтижелерін арттыру.
- Өзекті бизнес-міндеттерді шешуге белсенді қатысатын қызметкерлердің қатысу деңгейін және үлесін арттыру.
- Мақсаттарға жету үшін қажетті шешімдерді қабылдау және іске асыру жылдамдығын арттыру.
- Қабылданған шешімдерді іске асыру үшін қажетті ресурстарды жоспарлау мен пайдалануда ұтымды тәсілді енгізу есебінен үнемдеу.

### Диджиталдық

Бұл тапсырмаға аналитика призмасы арқылы қарау және табысқа жетудің цифрлық жолдарын табу қабілеттілігі.

Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Интерфейстерді, модельдерді және деректерді талдау/мәліметтерді талдау алгоритмдерін пайдалану нәтижесінде қабылданатын шешімдер сапасының түбегейлі арттыру.
- Сандық интерфейстерді, сервистерді және құрылғыларды пайдалану арқылы жұмыс процестерінің жылдамдығын және бизнес-мәселелерін шешуді бірнеше есе арттыру.
- BI жүйелерінің аналитикасы мен есептеріне қол жеткізу арқылы бизнес-процестердің ашықтығын және ауытқуларға жауап беру жылдамдығын арттыру.
- Күнделікті жұмыс міндеттерін шешу үшін цифрлық құралдар мен платформаларды енгізу нәтижесінде процестердің өзіндік құнын төмендету.

### Оған ашықтық

Бұл әріптестерді құрметтеу және әрқайсысының әлеуетін ескере отырып бірлесіп жұмыс істеуге тарту.

Осы құндылыққа сүйене отырып, біз мыналарды қамтамасыз етеміз:

- Персоналдың қатысуын, олардың өзара әрекеттесу кезінде сындарлы және мейірімді атмосферасын қалыптастыру нәтижесінде өз таланттарын көрсетуге деген ұмтылысын арттыру.
- Кедергісіз даму ортасын қалыптастыру есебінен жұмыс беруші брендінің тартымдылығын және еңбек нарығынан үздік мамандарды тарту мүмкіндігін арттыру.
- Әр түрлі бөлімшелердегі кәсіпқойлардың үйлесімді жұмысының арқасында Компанияның транзакциялық шығындарын төмендету.
- Күрделі мәселелерді ашық талқылау және кері байланыс алу нәтижесінде мінез-құлықты түзету арқылы Компанияның тиімділігін арттыру.

# Реттеу саласына шолу

## «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қызмет бағыттарының сипаттамасы

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Компания жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісін және телекоммуникациялардың жеке жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі операторының және басқалармен қатар Халықаралық Электр байланысы одағының Регламентіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің Байланыс әкімшіліктерімен, компаниялар, пайдаланушылар, халықаралық ұйымдармен есеп жүргізу құқығымен қалааралық және халықаралық операторының қызметін орындайды.

## «Қазақтелеком» АҚ қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының мемлекеттік реттеуші нормалары

«Қазақтелеком» АҚ-ның қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілері ҚР-ның Кәсіпкерлік Кодексі, ҚР-ның «Байланыс туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдары болып табылады.

### Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі (бұдан әрі – ҚР КК) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара әрекеттесуіне, оның ішінде мемлекеттік реттеуге және кәсіпкерлікті қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

2023 жылы ішінде ҚР КК-не түрлі сипаттағы өзгерістер енгізілді:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жеке тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 30.12.2022 жылғы №177-VII Заңына сәйкес ҚР КК-не келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) 90-6-бап «Монополияға қарсы органның құзыреті» мынадай мазмұндағы 39-5) тармақшамен толықтырылды:

39-5) «Монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасына бизнес-жоспарды, республикалық мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, жекеше әріптестердің мемлекеттік функцияларды іске асыруды қамтамасыз етуін көздейтін жобалар бойынша бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезін қоса алғанда мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын бекітеді;»;

2) 138-бап «Бақылау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет салалары» мынадай мазмұндағы 118) және 119) тармақшалармен толықтырылды:

«Бақылау:

118) Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасының сақталуына;

19) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуына жүзеге асырылады.».

3) 163-1-бап «Табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтер» мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылды:

«3. Жеке және заңды тұлғаларға міндетті қызметтер көрсету кезінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері ақпараттандыру объектілерін пайдаланады, сондай-ақ монополистік қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау шеңберінде Табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндетті қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне деректерді машинамен оқылатын түрде ұсынады.».

4) 193-баптың 3-тармағы өзгертілді және мынадай редакцияда баяндалды:

«3. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын, мемлекеттік техникалық қызметті қоспағанда, мемлекеттік монополия субъектісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік кәсіпорын ғана бола алады.

Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалған мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік арнаулы құқық субъектісі бола алады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген талап дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, бағалы қағаздардың бастапқы нарығында акцияларды орналастырған тауарлар мен заңды тұлғаларды, сондай-ақ олармен үлестес тұлғаларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторына қолданылмайды.»;

5) 193-баптың 4-тармағы өзгертілді және мынадай редакцияда баяндалды:

«4. Нарық субъектілеріне осы баптың талаптарын бұзудағы бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге және (немесе) сатып алуға өзге де айрықша немесе басым құқықтар беруге тыйым салынады.».

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 05.04.2023 жылғы №221-VII ҚР Заңына сәйкес ҚР КК-нің 163-1-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылды:

«3. Жеке және заңды тұлғаларға міндетті қызметтер көрсету кезінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері ақпараттандыру объектілерін пайдаланады, сондай-ақ монополистік қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау шеңберінде Табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндетті қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне деректерді машинамен оқылатын түрде ұсынады.».

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік

реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 19.04.2023 жылғы №223-VII ҚР Заңына сәйкес ҚР КК-не мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) 61-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда баяндалды:

«1. Міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

2) ҚР Үкіметінің кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті өзгертілді, ҚР КК-нің 84-бабы мынадай редакцияда баяндалды:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту;

1-1) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

1-3) реттеушілік актілері талаптар тізіліміне енгізілуге жататын кәсіпкерлік қызметті реттеу салаларын айқындау жатады;»;

3) ҚР КК-нің 85-бабы 2-тармағында «Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган және оның кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті» мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылды:

«1-1) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;»,

4) ҚР КК-ның 85-бабы 2-тармағының 5-1) және 6) тармақшалары өзгертіліп, мынадай редакцияда баяндалды:

«5-1) кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін жүргізу қағидаларын бекітеді;

6) қызметкерлердің орташа жылдық санын және орташа жылдық табысты есептеу қағидаларын бекітеді;».

**«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы**

Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» (бұдан әрі - Байланыс туралы заң) Қазақстан Республикасының аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың аталған қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 19.04.2023 жылғы №223-VII ҚР Заңына сәйкес:

1) ҚР Үкіметінің байланыс саласындағы мәселелердегі құзыреті өзгертілді, Байланыс туралы заңның 7-бабы өзгертілді және мынадай редакцияда баяндалды:

«7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің байланыс саласындағы құзыретіне төмендегілер жатады:

1. байланыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

2. радиожиілік спектрін бөлу, сондай-ақ радиожиіліктерді және байланыс спутниктерінің орбиталық позицияларын тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының қажеттіліктері үшін жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желілерін, телекоммуникациялардың бірыңғай желісінің ресурстарын дайындау және пайдалану тәртібін бекіту.»;

2) байланыс саласындағы уәкілетті органның құзыретіне өзгерістер енгізілді. Осылайша, Байланыс туралы заңның 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалды:

«1) байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, оның ішінде байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды бөлуді және пайдалануды, сондай-ақ байланыс саласындағы техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау саласындағы өз құзыреті шегінде қатысу және оны іске асыруды қамтамасыз ету;»;

Бұл ретте Байланыс туралы заңның 8-бабы 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылды:

«1-1) субсидиялар мөлшерін есептеуді және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндеттерді, байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі талаптарды және байланыстың әмбебап қызметтерінің тізбесін қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурс өткізу қағидаларын бекіту;»;

3) Байланыс туралы заңның 9-бабына өзгерістер енгізілді, енді Әскери басқарудың орталық атқарушы органының орнына Қазақстан Республикасында жиіліктер жолақтарын, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) таратуды, бөлуді және беруді жүзеге асыратын радиожиілік органы ҚР Қорғаныс Министрлігі болды;

4) Байланыс туралы заңның 36-бабы 7-тармағына өзгерістер енгізілді, ҚР Үкіметінің орнына қазір әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшері мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

**«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы**

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын Қазақстан Республикасының қызметтер нарығында туындайтын қатынастарға қолданылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жеке тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 30.12.2022 №177-VII жылғы ҚР Заңына сәйкес «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңына мынадай елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) 22-баптың 1-тармағы 9-2) тармақшамен толықтырылды және мынадай редакцияда баяндалды:

«9-2) бір қызметкердің бір жылдағы статистика деректеріне сәйкес қалыптасқан аймақтағы (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі;» (Уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту негізіне қатысты мәселе);

2) 25-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылды:

«Жария тыңдаулар, табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есептері, оның ішінде жария тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, онлайн-трансляция ұйымдастыра отырып өткізіледі.

Елде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, табиғи монополиялар субъектілері онлайн-трансляциялар арқылы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жария тыңдаулар, есептер өткізеді.

Жария тыңдауларды онлайн-трансляциялар арқылы өткізу кезінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурста жария тыңдаулардың онлайн-трансляциясына күнін, уақытын және сілтемелерін

көрсете отырып, алдағы жария тыңдау туралы хабарландыруды орналастырады.

Егер табиғи монополия субъектісінің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті аудитке жататын болса, оны осы баптың 2-тармағында көзделген бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру аудит аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.»;

3) 26-баптың 2-тармағы табиғи монополиялар субъектісінің міндеттері бөлігінде 24-2) және 24-3) тармақшалармен толықтырылды және қазір табиғи монополиялар субъектісі:

«24-2) табиғи монополиялар субъектісінің меншігіндегі реттелетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті сенімгерлік басқару шартын уәкілетті органмен келісуге;

24-3) халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін уәкілетті органмен кредиттік келісімдерді келісуге міндетті;».

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 19.04.2023 жылғы №223-VII ҚР Заңына сәйкес «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңына мынадай елеулі өзгерістер енгізілді:

1) ҚР Үкіметінің табиғи монополиялар саласындағы құзыреті өзгертілді, 7-бап мынадай редакцияда баяндалды:

«7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі табиғи монополиялар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады.»;

2) уәкілетті органның құзыретіне де өзгерістер енгізілді, 8-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалды:

«2) табиғи монополиялар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, іске асырады және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;».

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 5 сәуірдегі №221-VII ҚРЗ ҚР Заңына сәйкес «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңына мынадай елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) 24-баптың 7-тармағы өзгертіліп, мынадай редакцияда баяндалды:

«7. Сәулет және қала құрылысы органдарының өтініші бойынша табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруді табиғи монополия субъектісі:

1. техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін - екі жұмыс күні ішінде;

2. техникалық жағынан күрделі объектілер үшін - бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттелетін қызмет көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттар жобалаудың, құрылыстың нормативтік кезеңіне беріледі және оларды сәулет пен қала құрылысы органдары мемлекеттік қала құрылысы кадастрына ұсынады.»;

2) 25-бап мынадай редакцияда 6-2-тармақпен толықтырылды:

«6-2. Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес машинамен оқылатын түрде орналастырады және (немесе) өзектендіреді:

1. төмендегілер туралы ақпарат:





- қор;
- белгіленген қуат және (немесе) сыйымдылық;
- бос және қолжетімді қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың болуы;
- желінің өткізу қабілеттілігі;
- орналасқан жері (елді мекен көшелерінің атауын көрсете отырып);
- ұзындығы;
- брондалған қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны және олардың брондау мерзімдері;
- соңғы тұтынушыларға қызмет көрсету үшін технологиялық процесте пайдаланылатын бос емес қуаттардың және (немесе) сыйымдылықтардың саны;

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, реттелетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын желілерді немесе өзге де мүлікті орналастыру схемалары.».

Бұдан басқа, 2023 жылы ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Салық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңы сияқты «Қазақтелеком» АҚ қызметінде қолданылатын ҚР кейбір заңнамалық актілеріне, сондай-ақ байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге жалпы сипаттағы әртүрлі өзгерістер енгізілді.

# 2023 жылға арналған телекоммуникация нарығына шолу

Шолу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне, ашық интернет көздерінен алынған байланыс нарығы бойынша маркетингтік деректерге, сондай-ақ сараптамалық бағалауларға сәйкес ұсынылды.

## 2023 жылғы телекоммуникация нарығындағы негізгі тенденциялар

**1 261**
млрд теңге
(2022 жылға қарай+14%)

Қазақстанның байланыс қызметтері нарығының жалпы көлемі

2023 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметтері нарығының жалпы көлемі 1261 млрд теңгені құрап, өткен жылдың көрсеткішінен 14%-ға асып түсті.

- Қызмет түрлері бойынша ұялы байланыс басым болып келеді. Ұялы байланыс қызметтерінен түскен табыс әлі де нарықтың жалпы көлемінің жартысынан астамын - 57,8% құрайды.
- 2023 жылғы 4 тоқсанның қорытындысы бойынша тіркелген телефония нарығының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға қысқарып, 44,7 млрд теңгені құрады.
- Бекітілген желілердегі деректерді беру және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері сегментінің үлесі кірістердің 195,3 млрд теңгеге дейін өскенін көрсетті. 2023 жылы нарық үлесі шамамен 15,5% құрады.
- Ақылы теледидар қызметтерінің сегменті 2023 жылы байланыс қызметтерінен түскен кірістердің 3,9% құрады.
- Байланыс операторларының қызметтерінен түсетін кірістер құрылымдық ығысуларының әсерінен өсуде. Бөлшек сауда нарығының өсуімен байланыс операторлары қызметтерінің көлемі ұлғаяды, бұл телекоммуникациялық қызметтерден түскен жиынтық түсімдегі осы сегменттің үлесінің өсуіне әсер етеді.

## 2023 жылғы қазақстандық телекоммуникация нарығының сыйымдылығы мен құрылымын бағалау

Қазақстанның телекоммуникациялық нарығы өсу перспективаларының бар екендігін растап, 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда 14%-ға өскенін көрсетті. Абсолютті түрде нарық көлемі 1261 млрд теңгені құрады.



### ҚР байланыс қызметтерінен түсетін кірістер, 2019–2023, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҰЭМ КС деректері, жұмыс тобын бағалауы.*

Ұялы байланыс сегменттегі қызметтерден түсетін кірістер үстемдік етуді жалғастыруда – 2023 жылы олардың үлесі 57,8%-ға дейін өсті. Ұялы байланыс нарығының өсуінің негізгі факторы мобильді деректерді беру мен олардың базасындағы сервистердің өсуі болып табылады.

B2O қызметтерінен түсетін табыстың тұрақты үлесі – 9,2% – азаматтар арасындағы цифрлық алшақтықты қысқарту мақсатында шалғай аудандардағы байланыс операторларының инфрақұрылымды белсенді дамытуымен байланысты.

Бекітілген ЖЖҚ және деректерді беру сегменттеріндегі, сондай-ақ АТ қызметтері сегментіндегі оң динамика олардың нарықтың жалпы көлеміне үлесін сақтайды – тиісінше 15,5% және 8,1%.

Жалпы қызмет түрлері бойынша нарық құрылымы 2022 жылмен салыстырғанда елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.

### Қызмет түрлері бойынша ҚР байланыс саласы кірістерінің құрылымы, 2022–2023, %




*Дереккөз: ҚР ҰЭМ КС деректері, жұмыс тобын бағалауы.*

# «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобының нарықтағы ұстанымдары

2023 жылы нарықтағы күштердің орналастыруының жаһандық өзгеруі болған жоқ, бұл қалыптасқан бәсекеге қабілетті ландшафт пен нарықтың жетілуін көрсетеді. 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобының нарықтағы үлесі 61,8%-ды құрады. Бұл ретте Beeline Компаниялар тобының нарықтық үлесі 2022 жылы 25,3%-дан 28%-ға дейін өскенін атап өту қажет. Оператор ұялы байланыс сегментінде де түсімдер бойынша көшбасшы болды және бекітілген сегменттегі түсімдерді едәуір арттырды. Оператордың бекітілген түсімінің өсуіне Компанияның АТ шешімдерінің дамуы айтарлықтай үлес қосты.

## 2023 жылғы нарық сегменттері бойынша «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобының үлесі, %




*Дереккөз: ҚР ҮЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*

# Бекітілген телефония

2023 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген телефония нарығының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға қысқарып, 44,7 млрд теңгені құрады. Кірістердің қысқаруы классикалық сымды телефония қызметтерін тұтыну көлемінің жыл сайын азаюына әсер ететін бекітілген телефония қызметтерін ұялы және интернетке ауыстыру үрдісімен байланысты. Бағыттар бойынша кірістер құрылымында көлемі 28,3 млрд теңге болатын ең көп үлес салмағы жергілікті телефония қызметтеріне тиесілі, бұл алыс шетелге қоңырау шалу тарифтерінің төмендеуі аясында абоненттік төлемнің мөлшерін жоспарлы түрде ұлғайтуға бағытталған тарифтік саясат операторларының тұрақты теңгерімдеуіне байланысты. Жыл сайын қалааралық және халықаралық бағыттар бойынша трафиктің 2,5 млрд теңгеге қысқаруын ескере отырып, мұндай тәсіл бекітілген телефония қызметтерінен түсетін кірістердің төмендеу қарқынын бәсеңдетуге мүмкіндік береді.

# Ұялы байланыс

Жетілгеніне қарамастан, ұялы байланыс нарығы Қазақстанда да, жалпы әлемде де телекоммуникация саласының дамуындағы өзінің іргелі рөлін сақтап қалды. Бұл жалпы ұтқырлыққа, іскерлік, әлеуметтік, мемлекетпен өзара әрекеттесу процестерін цифрландыруға және дербестендіруге арналған үрдісіне байланысты. Жаңа желілік технологияларды дамыту және мобильді деректерді беру сапасын арттыру жаңа ұсыныстар мен сервистердің дамуын қамтамасыз етеді, олардың көпшілігі табысты монетизацияланады, бұл ақырында ақылы тұтынудың өсуіне әсер етеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы ұялы байланыс нарығының көлемі 730 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 13%-ға артық. Телекоммуникация нарығының жалпы көлеміндегі сегменттің үлесі де 2022 жылғы 58,2%-дан 2023 жылы 57,8%-ға дейін нығайды.

## Ұялы байланыс қызметтерінен түсетін кірістер, 2018–2023, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҮЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*



# Жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізу

## КЖҚ қызметтерінен түсетін кірістер

Кең жолақты қолжетімділік нарығы жылдан жылға кірістердің оң динамикасын көрсетуді жалғастыруда. Ірі қалаларда қосылу әлеуеті сарқылуға жақын болғанына қарамастан, ауылдық елді мекендер есебінен қосылу санының өсуі жалғасуда. Ірі қалаларда операторлар, интернет-провайдерлер абоненттердің ADLS-қосылымдарынан FTTx және GPON желілеріне көшуі есебінен абоненттердің табыстылығын арттыруға ұмтылады, бұл көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік жылдамдығы мен көлемін ұлғайтуға және, тиісінше, абоненттерге тиісті құны бойынша қызметтер кешені үшін неғұрлым жоғары құны бар пакеттерді ұсынуға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлерде әмбебап қызметтер көрсету бойынша қызметтер көрсететін операторлар мемлекеттен арнайы тарифтерді қолдану арқылы алынбайтын кірістердің сомасын өтейтін тиісті субсидиялар алады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген КЖҚ нарығының бағалау көлемі 158,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 13,43% өсімге сәйкес келеді.

### Тіркелген желілердегі КЖҚ қызметтерінен түсетін кірістер, 2018–2023, млрд теңге




КЖҚ қызметтерінен түсетін кірістер, млрд теңге
Өсу қарқыны, %

*Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*



## Деректерді беру арналарын жалға алу

IP-VPN технологиясы негізінде толығымен дерлік қалыптасқан арнаны жалға беру нарығы соңғы жылдары филиал құрылымдарының саны өсіп келе жатқанына қарамастан тоқырау белгілерін көрсетуде. IP-VPN қызметтеріне сұраныстың төмендеуінің негізгі себебін ДСР жұмыс тобы бұлтты технологиялардың дамуын және кәсіпорындардың ақпараттық жүйелерінің жергілікті инфрақұрылымнан бұлтты ортаға көшуін көреді. Бұл үрдіс әсіресе толық цифрлық трансформация процестері жүріп жатқан мемлекеттік кәсіпорындар сегментінде белсенді байқалады.

Корпоративтік сегментте цифрландыру мемлекеттік секторға қарағанда аз қарқындылықпен жүреді, осыған байланысты филиалдар арасындағы байланыс арналарын ұйымдастыру қызметтеріне сұраныс сақталады, дегенмен жаңа сұраныс көлемі де айтарлықтай төмендеуде.

2023 жылдың қорытындысы бойынша, жұмыс тобының бағалауы бойынша арналарды жалға алу нарығы 37 млрд теңгені құрады, яғни өткен жылдың деңгейінде дерлік болды.

### Арналарды жалға беру қызметтерінен түсетін кірістер, 2018–2023, млрд теңге




Деректерді беру қызметтерінен түсетін кірістер, млрд теңге
Өсу қарқыны, %

*Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*



## Ақылы телевизия

2023 жылдың қорытындысы бойынша операторлардың Қазақстанда ақылы ТД қызметтерін ұсынудан түскен түсімінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға ұлғайып, 49,2 млрд теңгені құрады.

Бұл көлем абоненттердің қызметтер мен жабдықты жалға алу (STB) үшін ай сайынғы төлемдерінің сомасын қамтиды және спутниктік ТД жиынтықтарын меншікке сатып алудан түскен түсімді қамтымайды.

Ақылы ТД қызметтерінен түсетін түсім толығымен дерлік үй шаруашылықтары есебінен жасалады. Олардың үлесіне 2023 жылы барлық түсімнің 3%-ы немесе 45 млрд теңгеден астамы тиесілі болды. Тиісінше, корпоративтік сегментте 3,5 млрд сомаға қызмет көрсетілді (жалпы кірістің 7%).

### Ақылы ТД қызметтерінен түсетін кірістер, 2018–2023, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҮЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*

## Байланыс операторларына көрсетілетін қызметтер

2023 жылы нарық операторaралық нарықтағы түсімінің көлемі мен құрылымы өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Операторларға жиынтығында 116,8 млрд теңге сомаға қызметтер көрсетілді, бұл өткен жылдың деңгейінен 15,7%-ға артық.

Байланыс операторларына көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістер мынадай ірі сегменттерден қалыптастырылады:

- Жалпыға ортақ телекоммуникация желісіне қосылу және дауыстық трафикті өткізу.
- Ұлттық және халықаралық арналарды жалға алу.
- Виртуалды арналарды ұйымдастыру қызметтері (IP-VPN).
- Байланыс операторлары үшін Интернет желісіне қол жеткізу.
- Дауыстық және дата-трафигінің транзиті (IP-транзит).



### Байланыс операторларына көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістер, 2018–2023, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҮЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*

## АТ қызметтері

Әлеуметтік-экономикалық процестерді, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесуін қарқынды цифрландыру аясында көрсетілетін АТ-қызметтердің көлемі тұрақты өсуде. Ел ішінде болып жатқан цифрлық трансформация процестерінен басқа, қазақстандық кәсіпорындар көрсететін қызметтер көлемі қазақстандық әзірлемелер мен АТ-сервистерді шетелге экспорттау есебінен есептеу. 2023 жылы байланыс операторлары көрсеткен қызметтердің үлесі 102,4 млрд теңгені құрайды.

### АТ қызметтерінен түсетін кірістер динамикасы, 2018–2023, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҮЭМ СК деректері, жұмыс тобының бағалауы.*

Операторлардың коммерциялық клиенттерге ашық нарықта көрсететін АТ-қызметтерінің негізгі көлемі (мемлекеттік тапсырыстан немесе бас компанияларға қызмет көрсетуден тыс) ДӨО базасында қызмет көрсетумен байланысты. Қосымша бағыттар ретінде операторлар бұлтты бейнебақылау қызметтерін дамытады, IoT базасында шешімдер енгізеді, сондай-ақ қазыналық деректер операторларының (ҚДО) функцияларын орындайды.

# Бизнес пен қаржыға шолу

## Бөлшек сауда бизнесі

### Негізгі нәтижелер

2023 жылы Компанияның бөлшек сауда сегменттегі түсімі 144,5 млрд теңгені құрады. Абоненттің орташа кірістілігі (ARPU) +13,8%-ға өсті.

**144,5** млрд теңге
Компанияның бөлшек сауда сегментіндегі 2023 жылғы түсімі

**+13,8%**
абоненттің орташа кірістілігінің өсуі (ARPU)

**+1,6%**
абоненттік базаның өсуі Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік

**+13,2%**
ақылы телевизияның абоненттік базасының өсуі

**+5,5%**
конвергентті қызметтердің абоненттік базасының өсуі

**184**
мың қызмет
Компанияның 2023 жылғы сату көлемі

Компанияның 2023 жылғы сату көлемі
**+40%**
2022 жылмен салыстырғанда

Ақылы телевизия қызметтері бойынша сатылым
**+25%**
өсті



Интернетке кең жолақты қолжетімділік қызметі бойынша сатылым
**+21%**
өсті

Есепті кезеңде Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділіктің абоненттік базасының өсуі +1,6%, ақылы телевизияның өсуі +13,2% және конвергирленген қызметтердің өсуі +5,5% құрады.

2023 жылдың соңында Компанияның мерзімі өткен және күмәнді дебиторлық берешегінің жиынтық деңгейі 8,4 млрд теңгені құрады, бұл жоспарланғаннан төмен.

Компанияның 2023 жылғы сату көлемі 40%-ға өсіп, 184 мың қызметті құрады. TV+ full digital сатылымы есебінен ақылы телевизия қызметтері бойынша ең үлкен өсімге +25%-ға қол жеткізілді. Интернетке кең жолақты қолжетімділік қызметі бойынша сатылымдар +21%-ға ұлғайтылды.

2023 жылы цифрлық арналар арқылы сатудың әсері 982 млн теңгені құрады және барлық сатылымдардың 11,2% деңгейіне жетті.

## Өнімдерді дамыту

Компания жаңа пайдаланушыларды тарту және ұстап қалу үшін өз платформаларында түпнұсқа мазмұнды ұсынуға ұмтылады. Сондықтан, өзінің түпнұсқа контентін жасау интерактивті телевизияны іске қосқаннан және үздік онлайн-кинотеатрларды біріктіргеннен кейін TV+ платформасын дамытудың келесі кезеңі болды.

2023 жылдың мамыр айында Salem social media компаниясы мен «Қазақтелеком» АҚ ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасты, оның аясында отандық өнімді TV+ телевизиялық платформасында ілгерілету жоспарлануда. «Қазақтелеком» АҚ мен Salem social media компанияларының бірлескен өнімдері болып табылатын отандық «Черный двор», «Карга», «Шеше» және «1286» телехикаялары 2023 жылы TV+ платформасында бестселлерге айналды және «Қазақтелеком» АҚ-ға өзінің мобильді аудиториясын үш есеге арттыруға мүмкіндік берді.

Жеке контентіне деген қызығушылық қазақстандықтардың Интернет қолжетімді кез келген жерден: жұмыста, іссапарда, саяхатта болғанда көруге мүмкіндік беретін TV+ мобильді қосымшасын өз смартфондарына жүктеп алуының артуына әкелді. Нәтижесінде 2023 жылы TV+ жеке контенті шамамен 131,9 мың жаңа төлейтін пайдаланушыларды тартты. Сонымен қатар, 2023 жылдың қыркүйегінде бейне контент бөлігіне «Premier» кинотеатры, желтоқсан айында «More» кинотеатры қосылды.

## Тарифтік жоспарлардың жаңа желілері

2023 жылы Компания шектеусіз үй интернеті, жүздеген телеарналар, ұялы байланысты қамтитын ұзақ мерзімді келісімшарттар тұжырымдамасын сақтап қалды, онда абоненттер келісімшарт мерзімі ішінде бағаның өзгермейтіндігіне кепілдік бере отырып, абоненттік төлемге жеңілдік ала алады.

«Bereket» пакетіне кіретін ұялы нөмірлерде TV+ mobile сервисі іске қосылды. Осылайша, ұлттық телеком-оператордың абоненттері жаңа тарифтік жоспарларды қосу арқылы «Қазақтелеком» АҚ мобильді нөмірлерінен қосымша интернет-трафикті жұмсамай-ақ 150-ден астам телеарналарды және «Сделано в Казахстане», «Salem», «АМЕДИАТЕКА», «QAZAQSHA», «more.tv»-дан 6000-нан астам фильмдер мен телехикаяларды көре алады.

2023 жылы телефон байланысы қызметтерін ұсынуға қатысты жаңа желіде маңызды өзгеріс болды: оптикалық технологиялар бойынша Интернет желісіне қосылуды қамтитын қызметтер пакеттерінен телефон байланысы қызметтері алынып тасталды. Енді бұл қызметтерді қажет болған жағдайда ғана бөлек сатып алуға болады.

## Клиенттік тәжірибені жақсарту

Компания бөлшек сауда сегментінде қызмет көрсету сапасын арттыруды жалғастыруда. 2023 жылдың қазан айының басынан бастап Компания өз абоненттерінің сұраныстарына жауап берудің жеделдігін арттыру мақсатында telecom.kz сайтында және мобильді қосымшада live-chat енгізді. Нәтижесінде 30 238 абонент live-chat арқылы қолдау алды.

2023 жылдың желтоқсанында Компания Omilia роботын іске қосты, оған дауыстық режимде 160 және 165 абоненттерге қызмет көрсету үшін 20 динамикалық және 15 статикалық сценарий біріктірілген.

Есепті кезеңде WhatsApp және Telegram-дағы онлайн-арналардың жұмысы да жақсартылды:

- арналар 24/7/365 тәулік бойы қызмет көрсету режимінде жұмыс істейді;
- маманның жауабын күту уақыты жыл басындағы 30 минуттан жыл соңында 3,5 минутқа дейін жақсартылды;
- клиентпен диалогтың ұзақтығы 3,5 сағаттан 2 сағатқа дейін қысқарды;
- қызмет көрсетілген диалогтардың пайызы 98%-дан 99%-ға дейін жетілдірілді;
- сұраулардың бір бөлігі өзіне-өзі қызмет көрсету деңгейіне ауыстырылды. Дербес шоттың ағымдағы балансы, төлем әдістері, SIM-карталарды тіркеу тәртібі, роуминг бойынша кеңес беру, ТВ+ қызметтерін қосу, берешек бойынша, Wi-Fi роутерлер бойынша ұсыныстар, shop.telecom.kz қызметтері сияқты сұраныстар онлайн чат-бот арқылы өңделеді.

950 мыңға жуық абонентке онлайн-режимінде қызмет көрсетілді.

**WhatsApp және Telegram-да онлайн-арналардың жұмысын жақсарту:**

**24/7/365** тәулік бойы қызмет көрсету режимі

**3,5** минут маманның жауабын күту уақыты

**3,5**-нан **2** сағатқа дейін клиентпен диалогтың ұзақтығы қысқарды

**98%**-дан **99%**-ға дейін қызмет көрсетілген диалогтардың пайызы жетілдірілді

**950** мың абонент онлайн режимінде қызмет көрсетілді

# Қызметтерді орнату процесін жетілдіру

2023 жылы бөлшек бизнестің негізгі бағыттарының бірі телекоммуникация қызметтерін орнату және қосу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға, сүйемелдеуге және қолдауға бағытталған.

2023 жылғы жұмыс нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

| Көрсеткіш | 2023 қаңтар | 2023 желтоқсан |
|---|---|---|
| 24 сағаттан аз уақыт ішінде қосылған абоненттердің үлесі | 37% | 92% |
| Тұтынушылардың адалдық индексі (tNPS) | 61% | 84% |
| Инсталляторларға қызмет көрсету сапасын бағалау (Agent Performance) | 94% | 97% |
| Абоненттің бірінші өтінішінен сұрау салуын шешу (FRR) | 85% | 95% |

**97%** 2023 жылғы AP (Agent Performance) көрсеткіші

**92%** 2022 жылғы AP (Agent Performance) көрсеткіші

**84%** tNPS көрсеткіші 2023 жылғы (тұтынушылардың адалдық индексі)

**55%** tNPS көрсеткіші 2022 жылғы (тұтынушылардың адалдық индексі)

тұтынушылардың адалдық индексі бірінші тоқсандағы **61%** -дан → 2023 жылдың төртінші тоқсанында **84%** -ға дейін өсті

**Компания мұны бірқатар факторлармен байланыстырады:**

- **Компанияның өз клиенттерімен өзара әрекеттесуін цифрландыру (клиенттерге онлайн-режимінде қызмет көрсету);**
- **ауылдық жерлерде заманауи желілердің орналастырылуына байланысты цифрлық теңсіздікті азайту;**
- **бизнес-процестерді автоматтандыру арқылы қызмет көрсетуге Компания қызметкерлерінің жұмсайтын уақытын қысқарту.**

**2023 жылы Компания сервис сапасын арттыру саласында бірқатар негізгі мақсаттарға қол жеткізді:**

- **Компанияның қызметтеріне жаңа абоненттердің кемінде 90%-ын қосу олар жүгінген сәттен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.**
- **Клиенттердің зақымдануының 95%-ын 12 сағаттан аспайтын мерзімде жою.**
- **Компания мамандарымен бір бару кезінде барлық клиенттердің 90% мәселелерін шешу.**

**Сонымен қатар Компания ішкі бизнес-процестерді автоматтандыру арқасында осындай нәтижелерге іқол жеткізді. Осылайша, Компанияда WFM-жүйесі (Workforce Management - қай инсталлятор қазір бос еместігіне байланысты қызметтерді автоматты режимде қосуға арналған нарядтарды бөлетін персоналды басқару жүйесі) енгізілді, бұл жабдықтағы қызметтерді бір «басу» арқылы белсендіруге мүмкіндік береді және әрбір жеке абонентке қызмет көрсету уақытын күрт қысқартады.**

**Компания бұл жүйені жетілдіруді жалғастыруда: оның көмегімен клиент Компания мамандарының келуін өзіне ыңғайлы күн мен уақытқа өзі белгілей алады деп болжанады. Self-Service (өзіне-өзі қызмет көрсету) құралдарын пайдалану арқылы осындай өзгерістер «Қазақтелекомның» сыртқы сервистеріне де енгізілді, бұл абоненттерге Компания операторларының қатысуынсыз өз проблемаларын өз бетінше шешуге мүмкіндік береді.**



# Желілерді дамыту

Компания 2023 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейін бүкіл Қазақстан бойынша 557 көппәтерлі тұрғын үйлердегі 39 634 абонентке және қалалардың жеке секторындағы 1 725 абонентке жоғары жылдамдықты интернетке қосылуға мүмкіндік беретін «FTTx технологиясы бойынша КЖК желісін дамыту» жобасы бойынша оптикалық желілерді пайдалануға берді.

Сонымен қатар, 2023 жылы желілер құрылысының серіктестік моделі бойынша 64 709 үй шаруашылығының жоғары жылдамдықты интернетке қосылу мүмкіндігін беретін оптикалық желілер пайдалануға берілді.

Ауылдардағы цифрлық теңсіздікті азайту үшін 2023 жылы еліміздің 16 облысындағы 145 АЕМ-ді интернетпен қамтамасыз ету үшін Wi-Fi радиокөпірлерінің 145 базалық станциясы және 10 063 клиенттік терминалы сатып алынды.

Сонымен бірге жоспарда:

- 2024 жылы Алматы және Астана қалаларында 54 201 үй шаруашылығына жоғары жылдамдықты интернетке кең жолақты қол жеткізуге мүмкіндік беретін оптикалық желілерді кеңейту.
- ҚР-ның барлық ірі қалаларында 169 014 үй шаруашылығына жоғары жылдамдықты интернетке кең жолақты қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін оптикалық желілерді салу/кеңейту.

Сонымен қатар, ескірген станциялық жабдықтарды ауыстыру арқылы Алматы және Қарағанды қалаларында GPON желісін жаңғырту жоспарлануда. Осы мақсатта Алматыда 4592 PON портына және Қарағандыда 3776 PON портына GPON жабдығы сатып алынып, орнатылды. Сондай-ақ Алматы, Қостанай, Қарағанды, Шымкент қалалары мен Алматы облысы үшін 4560 PON портына арналған GPON жабдығын сатып алу туралы келісімшарт жасалды. Бұл ретте қалаларда бөлшектелген станциялық жабдықтар ауылдық елді мекендерге қайта бөлінетін болады.

# Ұйымдық құрылымдағы өзгерістер

Компания ұйымдық құрылымын жетілдіруді жалғастыруда, бұл оның тиімділігін арттыруға көмектеседі.

2023 жылы Бөлшек бизнес дивизионында («Қазақтелеком» АҚ филиалы) инвестициялық жобалардың толық циклін басқарудың өтпелі механизмін қамтамасыз ететін «Қазақтелеком» АҚ инвестициялық жобаларды басқарудың толық функционалды жүйесін құру мақсатында «Жобалық кеңсе» қызметі Бизнесті дамыту қызметіне өзгертілді.



# Әлеуметтік жауапкершілік

Компания ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін телекоммуникациялық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға тырысады.

2023 жылдың қыркүйегінде Компания ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жеңілдікті «әлеуметтік» тарифтік жоспарын іске қосты, бұл оларға барлық заманауи цифрлық қызметтерді тиімді бағамен пайдалануға мүмкіндік береді. Компания жаңа пакетті абоненттерге тарифті барынша шексіз пайдалануға мүмкіндік беретін ең көп сұранысқа ие сервистермен толықтырды. Пакетке 8 Мбит/сек (ADSL)/100 Мбит/сек (FTTh) жылдамдықпен интернетке шексіз қол жеткізу, Қазақстан Республикасы бойынша тіркелген нөмірлерге шексіз қоңыраулар және Алтел/Теле2 операторларының нөмірлеріне қоңыраулар кіреді.

## «Әлеуметтік» тарифтік жоспар

8 Мбит/сек (ADSL)/100 Мбит/сек (FTTh) жылдамдықпен интернетке шексіз қол жеткізу

Қазақстан Республикасы бойынша тіркелген нөмірлерге шексіз қоңыраулар және Алтел/Теле2 операторларының нөмірлеріне қоңыраулар

**тегін трафик**

# Корпоративтік бизнес

«Қазақтелеком» Қазақстан Республикасының телекоммуникациялық нарығында, оның ішінде корпоративтік сегментте көшбасшы болып табылады. Компанияның ең дамыған инфрақұрылымы, үлкен филиалдық желісі бар, сондай-ақ үлкен техникалық және кадрлық әлеуетке ие.

## 2023 жылғы жұмыстың негізгі нәтижелері

Компания өз клиенттеріне телефония, деректер байланысы, интернетке қосылу және спутниктік байланыс қызметтерін қоса алғанда, заманауи телекоммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынады.

2023 жылғы қызмет нәтижелері бойынша корпоративтік сегментте Компанияның B2B, B2G, B2O сегменттері бөлінісіндегі түсімі ҚҚС-сыз 155,2 млрд теңгені құрады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылы корпоративтік сегментте стратегиялық міндеттерін іске асыру шеңберінде түсімнің өсімі 2022 жылмен салыстырғанда 4,2 млрд теңгені құрады.

Жылыстаумен жұмыс жөніндегі іс-шараларды өткізу корпоративтік сегментте 2023 жылы бұл көрсеткішті 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 мың құрылғыға қысқартуға мүмкіндік берді.

### Компанияның корпоративтік сегменттегі кірістері, млрд теңге




### Корпоративтік сегменттегі Компания кірісінің құрылымы, 2023 жыл, %




Корпоративтік сегменттегі Компания кірісінің құрылымында 39,7% мөлшеріндегі ең үлкен үлесті деректерді беру желісінің қызметтерін ұсынудан түскен кіріс құрайды. Қазақстан Республикасының операторларымен өзара әрекеттесуден түскен кірістердің үлесі 35,5%, ал халықаралық операторлармен келісім бойынша кірістердің үлесі 10,4%-ды құрады.

## B2B және B2G сегменттеріндегі көлемдік көрсеткіштердің динамикасы, мың құрылғы

Бекітілген желілер




ҚЖҚ




ТВ




IP VPN




Бекітілген желілер сатылымының төмендеуі мессенджер-субституттар қызметтері мен әлеуметтік желілердің дамуына байланысты қалыптасқан әлемдік үрдіс болып табылады. Жаңа облыстардың құрылуына және клиенттердің жаңа облыс орталықтарына көшу, түгендеу және шығындарды қысқарту жөніндегі іс-шараларды өткізуіне байланысты корпоративтік желілер оңтайландырылды, бұл БТ, ҚЖҚ, ТВ және IP VPN нүктелерінің таралуына әкелді.

Интернет желісіне және IP VPN қол жеткізуді қамтамасыз ету қызметтері бөлінісінде 2022 жылға қарағанда ARLB-ның 2022 жылғы өсімі, (B2B + B2G), %.

IP VPN




ҚЖҚ




2023 жылдың қорытындысы бойынша 2022 жылмен салыстырғанда ARLB-ның коммерциялық көрсеткіші Интернет желісіне ҚЖҚ беру бойынша әр нүктеге ай сайын 5000 теңгеге өсті, бұл 10,3%-ды құрайды, IP VPN беру бойынша өсім әрбір қосылған нүкте үшін өсім ай сайын 2200 теңгені (5,9%) құрады.

2023 жылдың соңында B2X сегменттеріндегі клиенттік база 97 436 БСН құрады, оның ішінде B2O сегментінде 172 БСН байланыс операторларымен, B2G сегментінде – 15 068 БСН мемлекеттік ұйымдармен, B2B сегментінде – 82 196 БСН бизнес-компаниялармен шарттарды сүйемелдеу жүргізілді.



## 2023 жылғы цифрландыру және трансформациялау нәтижелері:

**«ТУ онлайн» жаңарту:**

«ТУ онлайн» сервисінің қайта дизайны жүргізілді, желіні төсеу үшін мердігер серіктестерді іздеу функциясы қосылды және Компанияға серіктес ретінде қосылу мүмкіндігі берілді.

**Басты бетті қайта дизайндау:**
көрнекі безендіруді жақсарту, өнімділікті

**24%** -дан
**80%** -ға дейін арттыру

және жүктеу уақытын

**4,7** секундтан
**0,7** секундқа дейін қысқарды.



**Цифрлық арна арқылы сату:**

цифрлық арна арқылы байланыс қызметтерін қосуға

**5000** -нан астам өтінім берілді.

**Жаңа пайдаланушыларды тарту:**

пайдаланушылар саны 28%-ға, компаниялар саны

**20%** ға өсті.

Сервисті онлайн алу: шоттарды, салыстыру актілерін, АЖА алу, тарифтерді өзгерту, төлем деректемелерін өзгерту және т.б. сияқты негізгі өтініштер цифрландырылды, бұл клиенттерге сату кеңселеріне бармай-ақ осы мәселелерді онлайн режимінде ыңғайлы шешуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ҚТ клиенттерінің 47%-ы онлайн-аланды белсенді пайдаланады.

# Халықаралық оператор сегменті (B2O)

Компания 2023 жылы халықаралық операторлық сегментте келесі жобалар бойынша іс шараларды іске асырды.

## «Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ салу»




«Қазақтелеком» ел үшін стратегиялық маңызды жобаны – «Цифрлық Жібек жолы» (Digital Silk Way) ауқымды жобасының бөлігі болып табылатын Қазақстан–Әзірбайжан бағыты бойынша Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) салу – Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз құру жобасын іске асыруда. Транскаспий ТОБЖ Еуропа мен Азия арасындағы деректер транзитін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстанға қолданыстағы маршруттарды резервтеуге және өз аумағында халықаралық цифрлық хаб құруға мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңа нарықтарға қолжетківзуді орнатуға және Интернетті пайдаланудың ыңғайлылығын, сондай-ақ елдер арасында деректерді берудің өткізу қабілетін арттыруға ықпал ететін болады. Сонымен бірге, жобаның бірегейлігі – бұл Каспий теңізінің түбімен алғашқы су асты кабельдік маршрутының құрылысын қамтамасыз етеді.

**Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстанның телекоммуникациялық қауіпсіздігі мен ақпараттық егемендігін қамтамасыз ету.**

«Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ салу» жобасын іске асыру шеңберінде тараптар арасындағы ынтымақтастық шарттары туралы келісімге қол қойылды, CASPINET B.V біріскен кәсіпорны тіркелді, оның акционерлері «Қазақтелеком» АҚ және «Azertelecom Int.» ЖШҚ болды.

ТОБЖ-ны пайдалануға беру 2026 жылға, ал 2026 жылдың екінші жартыжылдығында – оптикалық байланыс желілерін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Негізгі бағыт «Ақтау-Сұмғайт ауданы» бағыты бойынша өтеді және шамамен 370 км құрайды, ұзындығы 330 шақырымға жуық резервтік арна «Құрық- Бузовна» бағыты бойынша салынады.

ТОБЖ өткізу қабілеттілігі секундына 400 терабит (Tbps) – бұл деректерді берудің өте жоғары жылдамдығы. Мысал ретінде: 2020 жылдардың басында тәулігіне дүниежүзілік интернет-трафик секундына 500 Tbps шамасында бағаланады. Бұл 400 Tbps өткізу қабілеттілігі барлық тәулік ғаламдық интернет-трафиктің 80%-ға жуығын өңдей алатынын білдіреді.

2023 жылы ұйымдастыру рәсімдері аяқталды:

- Халықаралық жобаның негізі қаланды.
- Логистикалық және жобалық дайындықтағы алғашқы қадамдар жасалды.
- Жобаның бизнес-жоспары әзірленді.
- Әрі қарай жобалау үшін техникалық тапсырма бекітілді.

**2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар:**

- Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ жобалау мен салуға мердігерді таңдау бойынша тендерлік құжаттаманы әзірлеу.
- Тендерлер өткізу және ТОБЖ жобалау мен салуға мердігерлермен және серіктестермен келісімшарттарға қол қою.
- ТОБЖ су асты бөлігін жобалау кезеңінің басталуы.
- ТОБЖ құрылысының мерзімдері мен кезеңдерін нақтылау.

Жобаны іске асыру туралы толығырақ біздің келесі есептерімізден оқыңыз.

## «Супермагистраль» бастамасы

«Супермагистраль» бастамасы аясында Қазақстанда екі тармағы Қытайдан Әзірбайжан мен Ресейге дейін созылатын жоғары жылдамдықты цифрлық ақпараттық желіні (супермагистраль) салу жоспарлануда.

2023 жылдың қаңтарында «Қазақтелеком» «Супермагистраль» жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін (алдын-ала ТЭН) әзірлеуге бастамашылық жасау туралы «Самұрық-Қазына» қорынан мақұлдау алды. Зерттеу шеңберінде Супермагистраль мен супер-ДӨО-ның экономикаға әсерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді, әлемдік тәжірибе зерттелді, тәуекелді бағалау жүргізілді, технологиялық шешім әзірленді, ізденіс жұмыстары жүргізілді және қаржылық моделі дайындалды. Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ жобаны жүзеге асыру шарттарын анықтау жұмыстарын жүргізуде.

Бастаманың жүзеге асыру туралы толығырақ келесі есептерімізден оқыңыз.

## Мақсатты супермагистраль топологиясы



# Жаңа бизнестер және өнімдер

Компания өз клиенттері үшін B2B және B2G сегменттерінің жаңа қызметтерін әзірлеуді жалғастыруда. 2023 жылы ismet.kz порталында, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласында жаңа қызметтер іске қосылды.



## «DDoS-шабуылдардан қорғау» қызметі

Бұл қызмет киберқауіпсіздік саласындағы ең заманауи әзірлемелерді қолдану арқылы АТ-инфрақұрылымын DoS/DDoS-шабуылдардан, соның ішінде «нөлдік күндік» шабуылдардан сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл инновациялық шешім ішкі және сыртқы шабуылдардан, олардың шығу жерлерінен қарамастан, яғни Қазақстаннан немесе одан тыс жерлерден шығатын шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етеді.

Қызмет «Қазақтелеком» АҚ желілік инфрақұрылымына біріктірілген, бұл кез келген күрделілік деңгейіндегі DDoS-шабуылдарға тиімді қарсы іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Қызмет туралы толығырақ **ismet.kz.** порталынан білуге болады.

## «Дабыл түймесі»

«Қазақтелеком» АҚ-ның дабыл түймесі – қоғамдық қауіпсіздік саласындағы заманауи шешім. SOS түймесі құқыққа қайшы әрекеттер немесе төтенше жағдайлар туындаған жағдайда құрылғы орнатылған жерден IIM жедел әрекет ету орталығына жедел қоңырау шалуға мүмкіндік береді.

«Дабыл түймелері» орналасқан жеріне байланған, осылайша полиция қызметкерлерін шақыру уақытын қысқартады.

«Дабыл түймесінің» артықшылықтары:

- Қолдануы оңай.
- Жылдам сигнал беру.
- Жедел көмек алу мүмкіндігі.
- Мектептегі кешенді қауіпсіздік жүйесіне біріктіру мүмкіндігі.

Мектептерде Дабыл түймесін пайдалану білім беру процесіне қатысушыларды қосымша қорғау деңгейін қамтамасыз етеді және қауіпсіз білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Қызмет туралы толығырақ **ismet.kz.** порталынан білуге болады.

## «Кэш серверлеріне кіру мүмкіндігі бар интернет»

Кэш серверлер ірі контент-провайдерлердің: онлайн-ойындар, бейнехостингтер, онлайн-кинотеатрлар, сондай-ақ Қазақстан аумағында «Қазақтелеком» АҚ-ның ақпарат орталықтарында орналасқан әлеуметтік желілердің инфрақұрылымының бөлігі болып табылады. Қызмет ойындардағы пингті азайту, бейнені жылдам жүктеу және контент провайдерлерінің қызметтеріне тұрақты қосылу арқылы соңғы абоненттің пайдаланушы тәжірибесін жақсартады. «Кэш серверлеріне кіру мүмкіндігі бар интернет» қызметін қосу тікелей байланысы бар немесе «Қазақтелеком» АҚ интернет қызметін тұтынушылары болып табылатын байланыс операторлары үшін мүмкін болады. Бұл өнім қымбат жабдықты: деректерді сақтау жүйелері, серверлер, электрмен жабдықтау қондырғылары, желілік жабдықтарды сатып алу және оларға қызмет көрсету құнын төмендетуге де мүмкіндік береді.

Қызмет туралы толығырақ **ismet.kz.** порталынан білуге болады.



**Корпоративтік сегменттегі Killer-өнім (2023 жылдың қорытындысы бойынша) өз бизнесі үшін вариацияларды таңдау мүмкіндігі бар жеке кәсіпкерлерге арналған KASIPKER пакеттік өнімі болды. 2023 жылдың басынан табыстың орташа өсімі айына 11% құрайды.**

**Kasipker өнімі шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында жасалған. Тарифтік желі үш пакеттен тұрады және оған ұялы телефония қызметтері, ұялы байланыс операторларының нөмірлеріне қоңырау шалу және Қазақстан бойынша шексіз қоңырау шалу, интернет желісіне қолжетімділік, сондай-ақ IMOU Kazakhtelecom бейнебақылау сервисі кіреді.**

**Клиенттің қажеттіліктеріне назар аудара отырып, Компания өз клиенттеріне бір тарифтік жоспар аясында толықтырудың бірнеше вариацияларынан таңдауға мүмкіндік береді: Bailanysta, Qorganysta және Bari bar, олардың әрқайсысы клиенттің жеке тілектерін ескереді және өз бизнесі үшін тиімді баға бойынша ең оңтайлы қызмет пакетін таңдауға мүмкіндік береді.**

## 2024 жылы ismet.kz бизнес-платформасындағы жаңа өнімдер мен қызметтер

**Бизнес-мәмілелер үшін жаңа платформаны іске қосу:**

Кәсіпкерлердің өзара әрекеттесуінің орталық нүктесі болатын жаңа платформаны іске қосу. Бұл жерде бизнес ағымдағы міндеттерді шешу және сатуды арттыру үшін қажеттінің бәрін таба алады.

**Ismet Docs – Электрондық құжат айналымы:**

Электрондық құжат айналымы жүйесін іске қосу. Бұл көптеген қағазбастылықтыи азайтады, пайдаланушылар арасындағы ақпарат алмасудың тиімділігін арттырады және тиімді жұмыс ортасына ықпал етеді.

**«ТУ онлайн» нұсқасын 3.0 нұсқасына дейін жаңарту:**

3.0 нұсқасына дейін жаңартумен «ТУ онлайн» ТУ алудан бастап қашықтағы форматта және қағаз құжаттарсыз қызметтерді қосуға дейінгі толық цикл функционалын алады.

## Қазыналық деректер операторы

2023 жылы Компания бизнес-процестерді оңтайландыру мен цифрландыру және түпкі пайдаланушыларға сапалы қызметтер көрсету есебінен Қазақстанның қазыналық деректер операторларының нарығында көшбасшылық позициясын сақтап қалды.

**«Қазақтелекомның» ҚДО (қазыналық деректер операторы) сервисі кәсіпкерлерге кассалық құрылғылардан деректерді онлайн режимінде өңдеуге және беруге көмектеседі, бұл бизнесті жүргізуді жеңілдетедім.**

**2023 жылы «Қазақтелеком» өз пайдаланушыларына жаңа функциялары, сервистері және интерфейсі бар E-Kassa мобильді қосымшасының жаңартылған нұсқасын ұсынды. «Қазақтелекомның» шағын және тегін бағдарламасы бақылау-кассалық машиналарды толығымен ауыстырады және ақша қаражатын есепке алуға, кассалық операцияларды тіркеуге және бақылауға арналған.**

**Бұрын E-Kassa бизнеске арналған ismet.kz платформасында орналасқан, ал 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап Google Play Market, App Store және App Gallery-ден смартфонға жүктеп алуға болатын дербес қосымшаға айналды. E-Kassa сауда және қызмет көрсету саласында тауарларды сату немесе сатып алуды тіркеу, чектерді басып шығару немесе оларды электронды түрде жіберу, ақшалай операциялар туралы ақпаратты сақтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, E-Kassa 72 сағат бойы автономды режимде жұмыс істей алады: қосымша барлық берілген чектерді сақтайды және сервермен байланыс қалпына келтірілгеннен кейін дереу ҚДО-ға жібереді. Бұл әсіресе бірнеше сауда нүктелері бар немесе тұтынушылар ағыны көп кәсіпорындар үшін өте маңызды.**

## 2024 жылы B2G және B2C сегментіндегі жаңа өнім

2024 жылы Компания «Әлеуметтік әмиян» жобасын дамытуды жоспарлап отыр. Жобаның мақсаты – азаматтардың әлеуметтік төлемдерді алуын, сондай-ақ оларды ҚР Ұлттық Банкінің жедел төлем жүйесі негізінде пайдалануын жеңілдету үшін цифрлық төлем құралын енгізу. Қазақстандық BTS Digital IT-компаниясы әзірлеген және eGov мобильді қосымшасына біріктірілген қызмет монетарлық және монетарлық емес мемлекеттік қолдау шараларын қоса алғанда, барлық әлеуметтік төлемдерді алуға, электронды ақшамен төлеуге, ақшаны карталарға аударуға, сонымен қатар тегін дәрі-дәрмектер мен мектептерде ыстық түскі ас алуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта «Әлеуметтік әмиянға» өнімдерді жеңілдікпен сатып алу, мүгедектерге такси қызметін көрсету, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға оңалту құралдарын сатып алу және т.б. мүмкіндіктерін қосу жоспарлануда.

Бұл туралы толығырақ келесі есебімізде айтатын боламыз.

# Ақпараттық технологиялар

**«Қазақтелеком» өз клиенттеріне цифрлық бизнеске қажетті ақпараттық-коммуникациялық сервистердің кең спектрін – клиенттік жабдықты ДӨО-да және виртуалды инфрақұрылымда физикалық орналастырудан бастап, ақпараттық қауіпсіздік, веб-сайттар, конференциялар әзірлеу және тағы басқалар бойынша SaaS-сервистерге дейін ұсынады.**

2023 жылдың қорытындысы бойынша АТ дивизионы қызметтің барлық салаларында өсім көрсетті. Осылайша, Дивизионның бизнес-қызметінен түсетін бос ақша ағыны екі есеге өсті. Бұл ретте, ағымдағы инвестициялар кезінде басқалармен қатар капиталды дұрыс басқару және операциялық тиімділік арқылы бос ақша ағынының өсуіне қол жеткізіледі. Бұл АТ бағыты салынған инвестициялардың орнын толтыру үшін жеткілікті ақшалай қаражатты өндіруге қабілетті екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, жүзеге асырылып жатқан жобалардың санына және Дивизион қызметінің жаңа бағыттарына қарамастан, операциялық шығындар айтарлықтай өсуді көрсеткен жоқ. Осылайша, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы операциялық шығындардың өсімі небәрі 5%-ды құрады, бұл активтерді, техникалық және адам ресурстарын тиімді басқаруды көрсетеді.

**249**

млрд теңге

ДӨО негізінде «Қазақтелеком» АҚ өнімдері мен жобаларынан алынған кірістер

**12,6**

млрд теңге

2023 жылдың қорытындысы бойынша АКТ бағыты бойынша түсім



## Ақпарат орталықтары желісін дамыту

**27**

Қазақстан Республикасының ірі қалалары мен облыс орталықтарындағы ақпарат орталықтары

шамамен

**1 600**

ақпарат орталықтарындағы тіректер

Ақпараттық технологиялар дивизионы (АТ дивизионы) Қазақстандағы ДӨО мен бұлттық қызметтер нарығындағы өзінің жетекші позициясын сәтті сақтауды жалғастыруда. IDC деректері бойынша Компанияның ДӨО нарығындағы үлесі шамамен 52%, ал бұлттық қызметтердің ішкі нарығында – 31% («Қазақтелекомның» ДӨО базасында іске асырылатын бұлттық сервис жобаларын есепке алғанда).

Бүгінгі таңда Компания республиканың ірі қалалары мен облыс орталықтарында 27 ақпарат орталықтары желісін қолдайды. Бұл шамамен 1600 тірек.

2023 жылы Дивизион Алматы модульдік ақпарат орталығында сыйымдылығы 84 тірек болатын екі жаңа модульді – Компания желісіндегі ең жаңа ДӨО-ны ұйымдастыруды аяқтады. Сәйкесінше, ДӨО-ның жалпы сыйымдылығы 168 тірек орындарын құрады. 2024 жылы Дивизион Ақкөл ақпарат орталығында да 44 тіректі жаңа оқшаулау аймағын ұйымдастыруды аяқтауды көздеп отыр. Сондай-ақ Астана қаласында 300 тірегі бар жаңа TIER III деңгейлі ДӨО-ны салу жоспарлануда, мұнда сұраныс қазіргі уақытта геометриялық прогрессияда өсіп келеді.

### Бұлтты қызметтерді дамыту

Бұлтты қызметтерді дамыту және олардың ассортиментін кеңейту тұрғысынан АТ Дивизионы өзінің жеке ДӨО-ның негізінде, сондай-ақ серіктестермен бірлесе отырып, виртуалды ресурстар мен инфрақұрылымдық шешімдердің жеке инфрақұрылымын дамытуда. Осы бағыт аясында Алматыда виртуалды ақпарат орталығының жаңа алаңы ұйымдастырылды, онда шешім VMware соңғы нұсқасының жаңартылған лицензияларымен қолдау көрсетіледі. 2024 жылы қолданыстағы алаңдарды жаңа нұсқаға көшіру және IaaS сервистер ассортиментін дамыту жоспарлануда. Осы бөлім PaaS/IaaS шешімдерін дамыту үшін бұлтты қызмет провайдерлерімен серіктестіктерді де қамтиды. 2023 жылдың соңында «Қазақтелеком» АҚ мен «Ақылды қалалар» ЖШС ismet.kz сайтында self's services функционалы бар IaaS және PaaS жаңа бұлтты қызметтерін әзірлеу және дамыту бойынша ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды. Қазірдің өзінде порталда Компанияның клиенттері екі өнімді - «Виртуалды есептеу ресурстарын» және «S3 объектілік қоймасын» сатып ала алады. 2024 жылы «Қазақтелекомның» ДӨО ресурстарында қуаттылықты дамыта отырып, өнімдер ассортиментін кеңейту жоспарлануда.

**«Қазақтелеком» мен «Ақылды қалалар» Қазақстан Республикасында бұлтты технологияларды бірлесіп дамытуда.**

**2023 жылдың желтоқсанында BTS Digital компаниясының AITU цифрлық экожүйесіне кіретін «Қазақтелеком» және «Ақылды қалалар» ЖШС Қазақстанда бұлтты технологияларды дамыту, сондай-ақ cloud-шешімдер мен өнімдер желісін кеңейтуде ынтымақтастық туралы туралы келісімшарт жасасты.**

**Алғашқы бірнеше бірлескен бұлттық қызметтерді «Қазақтелеком» бизнеске арналған ismet.kz порталында ұсынды: «Виртуалды есептеу ресурстары» және «S3 объектілік қоймасы».**

**Келесі кезеңде «Қазақтелеком» серіктес компанияның бұлтты өнімдеріне өз инфрақұрылымын қосуды көздеп отыр. Бұл «Қазақтелеком» өзінің ақпарат орталықтар желісі базасында ұсынатын деректердің жоғары сенімділігі мен қауіпсіздігін «Ақылды қалалар» жоғары сапалы және жедел сервисімен біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 2024 жылы компаниялар бірлескен әзірлемелер арқылы бұлтты өнімдер мен қызметтердің ассортиментін кеңейтуге ниетті. Жақын арада іске қосылатын басым бірлескен өнімдердің бірі АТ әзірлеушілеріне арналған бірлескен бұлттық өнімдер болады: Kubernetes as a Service және Database as a Service аналитикалық қызметі.**

## Инфрақұрылымды және АТ-архитектураны дамыту

АТ дивизионы үшін 2023 жылдың маңызды нәтижелерінің бірі «Ақпараттық технологиялар. Қызмет менеджменті» АТ қызметтерін басқару жүйесін сертификаттауды сәтті аяқтау болды. Қазір «Қазақтелекомның» АТ қызметтерінің сапасы ISO/IEC 20000-1-2016 халықаралық сертификатымен расталды.

**«Қазақтелеком» Қазақстан нарығында алғашқылардың бірі болып ISO/IEC 20000-1-2016 АТ қызметтерін басқару жүйесінің халықаралық сертификатын алды.**

Компанияның АТ-инфрақұрылымын жаңғырту және жетілдіру жобасы аясында АТ дивизионы жаңа өнімділігі жоғары серверлік және желілік жабдықты орнатып, іске қосты, корпоративтік желінің өзегін жаңартты, өңірлердегі желі сегменттерін жаңарту бойынша үлкен бағдарламаны бастады. 2024 жылы Дивизион жаһандық модернизацияны аяқтауды жоспарлап отыр және АТ инфрақұрылымы ақауларға төзімділік, сенімділік, өнімділік және бизнес талаптарындағы өзгерістерге жауап беру жылдамдығына қатысты бизнес күтулерін толығымен қанағаттандырады.

Сонымен қатар, Компанияның негізгі АТ жүйелеріне арналған ақауларға төзімді, географиялық алшақтатылған алаң іске қосылды. Жүйелердің негізгі бөлігі жаңа алаңға көшіп қойған. Дивизион көші-қон процесін 2024 жылдың бірінші жартысында аяқтауды жоспарлап отыр.

**Астанадағы ДӨО базасында микросервистердің жаңа ландшафты іске қосылды, ол микросервистерге арналған ортаны, авторизациялау, логирлеу және мониторинг жүргізудің қажетті құралдарын қамтиды. Қолданыстағы микросервистер де жаңа платформаға көшірілді.**

ESG бағытындағы бастамаларды іске асыру шеңберінде АТ дивизионы дербес компьютерлердің электр энергиясын тұтынуын азайту жобасын жүзеге асырды. Іс жүзінде бұл барлық осы құрылғылардағы энергия үнемдеу саясатының баптауларында көрініс тапты, бұл тек 2023 жылы электр энергиясын тұтынудың жалпы көлемі шамамен 900 МВт үнемдеуге мүмкіндік берді.

2023 жылы АТ дивизионы Компанияның негізгі ақпараттық жүйелерін монолиттен микросервистік АТ-архитектурасына көшіру бойынша маңызды ішкі жұмыстарды да атқарды. Микросервистер басқаларға әсер етпестен белгілі бір жүйеге жылдам өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл жаңа сервистер мен қызметтерді енгізудің жылдам процесін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ақауларға жоғары төзімділік пен икемді масштабтауды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Компания ішінде бірнеше міндеттер іске асырылды, соның ішінде Oracle ASAP жүйесін микросервистік архитектураға көшіру, онда АТ дивизионы GPON ресурстарын және телефония желісінің объектілерін белсендіру/өшіру бойынша микросервистердің екі жинағын әзірледі. Нәтижесінде ресурсты белсендіру кезеңінде тапсырысты орындауға кететін уақытын қысқартуға, қолмен жасалатын операциялардың санын, алдыңғы кезеңдерге қайтарымдар санын және т. б. азайтуға мүмкіндік беретін бизнес-процестердің реинжинирингі болды.

Жаңа схемамен тапсырысты орындау нәтижелері бойынша барлық деректер техникалық есеп жүйелеріндегі қате мәліметтерді талдау және қателерді азайту мақсатында Big Data жүйесіне жүктеледі. 2024 жылы микросервистік архитектураға көшу аясында АТ дивизионы Amdocs, Спутник, Remedy, Siebel CRM сияқты монолитті жүйелердегі жұмысты аяқтауды жоспарлап отыр. Меншікті бағдарламалық жасақтамадан Компанияда келесі ақпараттық жүйелер сақталады: Small Word, Cramer, SAP, Genesys. Олар ашық интерфейстер мен микросервистік стандарттардың талаптарын қолдайды. Бұл ретте SAP жүйесі SAP Hana мультимодельді дерекқорды басқару жүйесіне ауыстырылады.



# Желі мен инфрақұрылымды дамыту

2023 жылы Компанияның телекоммуникация желілерін техникалық дамыту мен қолдаудың инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде телекоммуникация желілерін дамытудың мынадай негізгі бағыттары бойынша жұмыстар жалғастырылды:

- магистральдық тасымалдау желісі;
- магистральдық деректерді беру желісі;
- кіру желісі.

Нәтижесінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

**Деректерді беру желісі**

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Алматы, Астана, Шымкент қалаларының 5G желісімен қамту жөніндегі лицензиялық міндеттемелерін іске асыру үшін 30 PAGG тірек торабы (Алматы – 15, Астана–- 7, Шымкент – 8) орнатылды, 10 Гб/с 5G базалық станцияларының кіру жабдығын қосу үшін 486 порт (Кселл – 189 БС, МТС – 297 БС), ядроға қосу үшін 100 ГБ/с 89 порт қамтамасыз етілді.

2023 жылғы МДБЖ желісінің ядросында тартылған байланыс арналарының саны: 64 х 100G және 230 х 10G.

«МДБЖ кеңейту» жобасы шеңберінде (Қостанай, Семей, Петропавл, Тараз, Ақтау, Талдықорған) ЖІШЖ бойынша уәкілетті органның талаптарын ескере отырып, 10GE-ден 100GE интерфейстеріне көшу үшін жабдық пайдалануға берілді.

**МДБЖ желісі кеңейтілді**

462 порты 100G → +174
(2022 жыл – 288) 2023ж.

378 порты 40G → +242
(2022 жыл – 136) 2023ж.

191 порты 10G → +143
(2023ж. +143 порт) 2023ж.

612 порты 1G → +552
(2022 жыл – 60) 2023ж.

# Тасымалдау желісі

**2 780** Гбит/с дейін

сыртқы интернет арналарының жалпы қуаты ұлғайтылды (бұрын 2140 Гбит/с болған)

**5x100** Гб/с

Гонконг пен Франкфурттағы жаңа POP-торaптарына дейін арналар ұйымдастырылды

Халықаралық операторлармен түйіскен жерлердегі транзиттік сыйымдылықты кеңейту жобасы шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ желісі арқылы транзит үшін халықаралық операторларға сыйымдылығы 400 ГБ/с Ресей–Өзбекстан, сыйымдылығы 300 ГБ/с Ресей-Қырғызстан бағыттарында магистральдық байланыс арналары ұйымдастырылды.

Абай–Пахта мен Өзбектелек арасындағы шекаралық өткелдерде 2x100гбит/с, Орал–Озинки мен ХҚТБ-пен 3X100 Гбит/с және Квант-Телекоммен 1x100 Гбит/с-ке халықаралық түйісулер кеңейтілді.

Ақтөбе–Ақтау, Ақтөбе–Орал учаскелерінде DWDM hiT7300 және G30 магистральдық желісі 4x100 Гбит/с-ке кеңейтілді.

«Интернет қызметтерінің сапасын жақсарту үшін желіні жаңғырту», «ҚЖҚ желісін дамыту» жобалары бойынша Талдықорған, Петропавл, Қостанай, Тараз, Павлодар, Семей, Ақтау, Қызылорда, Орал қалаларында ҚЖ желісінің сервистік шекаралары жабдықтарының орталық торaптарына қосылу үшін DWDM магистральдық тасымалдау желісінде 69×100 Гбит/с арналар ұйымдастырылды.

Алматы-Жаркент учаскесінде DWDM hiT7300 (Маловодное, Шілік, Чунджа, Жаркент) жабдықтары базасында резервтік оптикалық бағыт ұйымдастырылды.

DWDM hiT7300 және G30 (Қонаев, Түркістан, Жезқазған, Алматы) жабдықтары базасында Алматының қолданыстағы байланыс торабын енгізу-шығаруды ұйымдастыру және жаңғырту үшін желілік элементтерді қайта конфигурациялау жүргізілді.

Ақмола облысы Бурабай ауданы Щучинско-Бурабай курорттық аймағында GPON желісін салу үшін аймақтық тасымалдау желісі 2×10 Гбит/с-ке кеңейтілді.

**Қолжетімділік желісі**

Оптикалық қолжетімділік желілерінің (ECI, Ericsson) ескірген жабдықтарын жаңғырту мақсатында Қостанай, Шымкент, Қарағанды, Жезқазған, Теміртау, Алматы қалаларында GPON жабдығы пайдалануға берілді.

Қарағанды, Теміртау, Ботақара, Ерейментау, Семей, Түркістан, Талдықорған қалалары мен Алматы облысында GPON желісін 824 PON порттарына кеңейту жүргізілді.

Телекоммуникация қызметтерін тұтынушыларды мыс желілерінен оптикалық желілерге ауыстыру бойынша жұмыстар жалғастырылды. 2023 жылы «Тазарту» жобасын іске асыру барысында жоспарланған 53 мың абоненттен 57 мыңнан астам абонент ауыстырылды. Сондай-ақ желіні жаңғырту барысында аналогтық теледидардың 13 мың абоненті заманауи цифрлық ID TV және TV сервисіне ауыстырылды.

### 5G желісін өрістету

2022 жылдың желтоқсан айында «МТ-С» ЖШС және «Кселл» АҚ ұсынатын операторлар консорциумы 5G желісін енгізу бойынша жиіліктер аукционында жеңіске жетті. 2027 жылға дейін компаниялар бүкіл ел бойынша 7000-нан астам 5G базалық станцияларын орнатуы керек. Базалық станциялар алдымен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында пайда болады.

«Қазақтелеком» мамандарының бағалауы бойынша 2027 жылдың соңына дейін Қазақстан азаматтарының 80%-ы 5G желісіне қол жеткізе алады.

Компанияда елімізде 2024 жылы 2,7 мыңнан астам және 2025 жылы 3,2 мыңға жуық станцияны өрістетуді көздейтін бесінші буын стандартының 7 мыңнан астам базалық станциясын салу жоспары әзірленді. Қазіргі уақытта Компания ТМД кеңістігінде бірінші және әзірге жалғыз болып 5G технологиясын өнеркәсіптік пайдалануға енгізді: барлық облыс орталықтарында мыңға жуық 5G базалық станциялары өрістелінді және желіге қосылды.

5G желісін өрістету бірегей цифрлық мүмкіндіктердің пайда болуы, инновациялар мен технологиялардың дамуы, барлық салалардағы трансформациялық процестердің жеделдеуі арқасында Қазақстан экономикасына және азаматтардың өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Бұл жобаны жүзеге асыру туралы толығырақ біздің келесі есептерімізден оқыңыз.

## 2024 жылға арналған негізгі міндеттер

**Тасымалдау желісі бойынша:**

1) 1+13 резервімен сыйымдылығы 12*100 Гбит/с Ресей–Қытай бағытындағы транзиттік арналарды ұйымдастыру;

2) МДБЖ кеңейту жобаларына сәйкес магистральдық желіде арналарды ұйымдастыру үшін DWDM жабдықтарын кеңейту;

3) Түркістан–Шымкент бағытында 100G (1+1) арнасын ұйымдастыру.

**Деректерді беру желісі бойынша:**

1) МДБЖ арналарын кеңейту:

- Астана, Ақтөбе, Алматы учаскелеріндегі 41 400G порты;
- Ақтөбе, Ақтау, Қостанай, Петропавл, Орал, Өскемен, Алматы учаскелеріндегі 100G 66 порты;

2) 5G жобасы бойынша арналарды ұйымдастыру.

**Қолжетімділік желісі бойынша:**

1) Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қостанай қалаларында ескірген G-PON OLT жабдықтарын ауыстыру;

2) мыс желілерінен бас тарту және өңірлердегі 63 мыңға жуық қызмет тұтынушыларын ауыстыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

3) 21 ауылдық елді мекенге дейін ТОБЖ салу.

# Big Data-ны дамыту

«Қазақтелеком» деректерді басқару, инфрақұрылымды және Big Data сараптамасын құру және дамыту, сондай-ақ Компанияның бизнес-процестеріне жасанды интеллект енгізу мәселелеріне елеулі назар аударады.

«Қазақтелеком» Big Data аналитикасын Компанияның қосымша табыс әкелу, бизнес-процестерді оңтайландыру, қызмет көрсету сапасын арттыру және нарықтағы көшбасшылық позициясын сақтау құралы ретінде енгізуді жалғастыруда.

2023 жылы Ақпараттық технологиялар дивизионы (АТ дивизионы) деректерді басқару және Big Data саласындағы маңызды стратегиялық қадамдарды сәтті жүзеге асырды. Олардың ішінде Data Governance қағидаттарын сақтай отырып, деректерді басқару тәжірибесін енгізу бар. Компания DAMA-DMBOK және DCAM деректерді басқарудың әлемдік стандарттарына назар аударады. Бұл деректерді тиімді басқаруды қамтамасыз етіп қана қоймай, оның сапасына, сенімділігіне және құпиялылығына кепілдік берді.

Сонымен қатар DataCatalog, Business Glossary және DataQuality сияқты деректерді басқарудың негізгі компоненттері сәтті енгізілді. Бұл құралдар деректермен жұмыс жасау процестерін айтарлықтай жеңілдетті. Сонымен бірге Компанияда деректерді домендік-бөлінген сақтау белсенді түрде енгізілуде, оның негізінде SID TM-Forum телеком-операторының салалық стандарттары жатыр.

Сондай-ақ, Open Source технологияларында аналитикалық деректер базасы сәтті іске қосылды, near real-time аналитикасы енгізілді, бұл бизнес-шешімдер қабылдау үшін деректерді жедел өңдеуге және пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Компания машиналық оқыту модельдерін дамытуға және жақсартуға көп көңіл бөледі.

Жалпы, Big Data бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың арқасында корпоративтік деректер платформасы мен BI-аналитика құралын белсенді пайдаланушылар саны айтарлықтай өсті. Бүгінгі таңда 3000-ға жуық қызметкер бұл құралдарды өз жұмысында белсенді пайдаланады. Компания үшін маңызды нәтиже 2023 жылғы деректерді басқарудан бос ақша ағынының өсуі болып табылады. Осылайша, Компанияның үлкен деректерді талдау негізінде қазірдің өзінде 50-ден астам жоба әзірленді, оның 26-сы шамамен 11 млрд теңгені құрайтын FCF әсерін көрсетті.

**Big Data-ны пайдалануды көздейтін құралдар «Қазақтелекомға» әрбір клиентке жеке көзқарас табуға мүмкіндік береді, сонымен қатар Компания бөлімшелерінің қызметін жақсарту үшін қолданылады.**





**«Деректер фабрикасы»**

2021 жылғы қарашада «Қазақтелекомда» инфрақұрылыммен, деректерді жинаумен, өңдеумен және тазалаумен айналысатын «Деректер фабрикасы» арнайы құрылымдық бөлімшесі құрылды. Сонымен қатар, әрбір бизнес-бөлімшеде мамандар бөлінді, олардың негізгі міндеттері үлкен деректерді талдау және Компания жинаған барлық ақпаратты өз бағытының бизнес-мәселелерін шешу үшін пайдалану болды. Бұрын деректерді алуға сұраулар орталықтандырылған бөлімшеге жіберілген. Мұндай сұрауларды өңдеу тапсырмаларының үлкен көлеміне байланысты ұзақ уақыт алатын. Мәселені тезірек шешу үшін Компания процесті орталықсыздандыруға және деректермен тікелей немесе жанама түрде жұмыс істейтін барлық қызметкерлерді қажетті дағдыларға үйретуге шешім қабылдады. Енді барлық сұраулар тиімдірек өңделеді.



**«Деректер фабрикасы» деректерді ішкі және сыртқы монетизациялауды дамытуға, сондай-ақ үлкен деректерді басқару тәжірибесінің жетілу деңгейін арттыруға ықпал етеді.**

«Деректер фабрикасының» бірінші кезеңінде деректер ландшафтына, операциялық модельге және Компанияның ағымдағы аналитикалық бастамаларына аудит жүргізілді. Келесі қадам деректерді басқару функциясының мақсатты күйін, соның ішінде үш жылдық бастамалардың жол картасын әзірлеу болды.

Қазіргі уақытта жол картасының бастамалары іске асырылуда: мақсатты архитектураның компоненттері орналастырылды, оларды одан әрі баптау үшін бизнес-талаптар жинақталуда, сондай-ақ мақсатты операциялық модельді енгізу үшін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен семинарлар өткізілуде.

«Қазақтелеком» «Деректер фабрикасы» заманауи және цифрлық қызметтердің әртүрлі спектрін ұсынатын мультисервистік оператор ретінде Компанияны дамытудың негізгі драйвері болады деп жоспарлап отыр.

**«Қазақтелекомның» «Деректер фабрикасы» жобасы халықаралық сарапшылармен ерекше атап өтілді және үлкен деректерді (Big Data) басқару құралдары мен технологияларын дамытуға және ілгерілетуге қосқан үлесі үшін марапаттарға ие болды:**

- **Global CIO «Деректер фабрикасын» телекоммуникация саласындағы үздік IT-жобасы деп таныды.**
- **DAMA International «Деректер фабрикасын» Embrace Transformation Award 2023 номинациясы бойынша үздік деп таныды.**

## 2024 жылға арналған жоспарлар

1) Процестерді автоматтандыру және сервистерді цифрландыру бойынша барлық міндеттерді іске асыру.

2) Барлық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін және қызмет көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету.

3) Ақпараттық технологиялар Дивизионының алдында тұрған барлық жоспарлы көрсеткіштерді орындау, оның ішінде АКТ бизнесі бойынша есептелген кірістер жоспарларын орындау, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі міндеттерді шешу.

**Жоспарланған көлемді бастамалар:**

- АТ-инфрақұрылымын жаңғыртудың үшінші кезеңін іске асыру;
- Астанада TIER III деңгейіндегі жаңа ДӨО-ның құрылысы;
- SAP ERP жүйесін S\4 HANA-ға көшіру;
- Қоғамның клиенттері мен қызметкерлеріне сервистерді ұсынудың АТ-қызметтерін басқару жүйесін жетілдіру және бизнес-процестерді реинжинирингтеу.

# 2023 жылғы қаржы қызметі

GRI 2-6

2023 жылы Компания Ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыруда оң нәтижелерге қол жеткізді.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша:**

**2 510 507**

желілер

«Қазақтелеком» АҚ желісіндегі тіркелген желілердің саны (2022 жылмен салыстырғанда 94,7%*)

*Тіркелген желілер санының азаюы пайдаланушылардың ұялы байланыс пайдасына тіркелген телефония қызметтерінен бас тартуымен түсіндіріледі, бұл әлемдік үрдістерге сәйкес келеді)

**1 889 309**

порт

КЖҚ абоненттерінің саны (2022 жылмен салыстырғанда 101,4%)



**1 049 217**

нүкте

ақылы теледидар абоненттерінің саны (өткен жылмен салыстырғанда 112,7%)



**14 471 526**

ұялы байланыс абоненті

(2022 жылмен салыстырғанда 99,5%)



**687 782**

млн теңге

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірістер

**104 403**

млн теңге

Шоғырландырылған таза пайда



**297 937**

млн теңге

Салықтар, несие бойынша пайыздар және амортизациялық аударымдар шегерілгенге дейінгі пайда – 2023 жылдың қорытындысы бойынша EBITDA

**43,32%**

Операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығындарды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асырудың арқасында EBITDA маржа деңгейі

**516 241**

млн теңге

«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған операциялық шығын (Өзіндік құны мен кезеңнің Шығыстары)



## Қаржы шолуы

**«Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірістер 2023 жылы 687 782 млн теңгені құрады.**

### «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша кірістер құрылымы






2023 жылы ең үлкен үлес төмендегі кірістерге тиесілі:

- «Қазақтелеком» АҚ кірістерінің жалпы құрылымындағы үлесі бар деректерді беру желісінің қызметтерінен – 53%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар ұялы байланыстан – 18,3%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар тауарларды өткізуден түсетін кіріс – 5,1%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар жергілікті телефон байланысы қызметтерін ұсынудан – 3,3%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар конвергентті қызмет көрсетуден түскен кіріс (FMS/FMC) – 3,9%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар корпоративтік ақпараттық коммуникациялық қызметтерден – 1,8%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар ақылы телевизия – 3,2%;
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған байланыс операторларымен кірістің жалпы құрылымындағы үлесі бар келісімдер бойынша – 0,4%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар басқа қызметтерден – 4,4%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен сөйлесуі – 3,4%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар халықаралық операторлармен келісімдер бойынша – 2,1%;
- кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі бар бейнебақылау бойынша – 0,5%;
- кірістердің жалпы құрылымында тауарларды таңбалау және қадағалау бойынша – 0,6%.



## 5 жыл ішіндегі ең маңызды кіріс баптарының серпіні, млн. теңге




## 2022 жылға қатысты 2023 жылғы кірістер құрылымындағы өзгерістер, млн теңге






# Тұрақты даму туралы есеп

## Тұрақты дамуды басқару

### Біздің тәсіл

«Қазақтелеком» ұзақ мерзімді тұрақты дамуға бағытталған және өз қызметінде ESG критерийлерін: экология, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқаруды ұстанады. Тұрақты даму мақсаттары Компанияның бизнес-стратегиясына біріктірілген: біздің барлық әрекеттеріміз бен шешімдерімізді қоғамның мүдделерімен байланыстырамыз.





## Тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ қағидаттары

**Ашықтық**
Біз өзара мүдделерді есепке алу, біздің мүдделеріміз бен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңдікті сақтау негізінде ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құру үшін барлық мүдделі тараптармен диалогқа ашықпыз.

**Есеп беру**
Біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін өз жауапкершілігімізді және ұзақ мерзімді негізде Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуы үшін акционерлер мен инвесторлар алдында есеп беретінімізді түсінеміз.

**Айқындық**
Біздің барлық шешімдеріміз бен әрекеттеріміз айқындыққа және мүдделі тараптар үшін ақпараттың уақтылы ашылуына негізделеді.

**Әдепті мінез-құлық**
Біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміздің негізінде құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух пен сенім, адамгершілік пен әділеттілік сияқты құндылықтарымыз жатыр.

**Құрмет**
Біз мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз.

**Заңдылық**
Біз Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып шешімдер қабылдаймыз және әрекет етеміз.

**Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік**
Біз сыбайлас жемқорлыққа барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кезінде оның кез келген көріністерінде төзбеушілік танытамыз. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жұмыстан босатылады және жауапқа тартылады.

**Адам құқықтарын сақтау**
Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларация сияқты халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз. Біз балалар еңбегін пайдалануға мүлдем жол бермейміз және тыйым саламыз. Біздің қызметкерлер - біздің басты құндылығымыз және негізгі ресурсымыз, біздің инвесторлар үшін жасалған құн мен қызметіміздің нәтижелері олардың кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне тікелей байланысты.

**Мүдделер қайшылығына жол бермеу**
Мүдделер қайшылығына байланысты барлық бұзушылықтар Компанияның беделіне нұқсан келтіруі және акционерлер мен өзге де мүдделі тараптардың оларға деген сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін, сондай-ақ лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер етпеуі тиіс.

**Жеке үлгі**
Біздің әрқайсымыз күнделікті өз іс-әрекеттерімізде, мінез-құлқымызда және шешім қабылдауда тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз.

Тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру «Қазақтелеком» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі Стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания 2023 жылы JRun компаниясының кеңірек бизнес-стратегиясының бөлігі болып табылатын, Компанияның ақпараттық технологиялар, білім беру, инфрақұрылым және төмен көміртекті даму салаларындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудағы рөлін ескеретін және қаржылық әл-ауқат пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді тиімдірек орындауға ықпал ететін ESG стратегиясын әзірлеп қабылдады.

**«Қазақтелеком» АҚ миссиясы**

**Қоршаған ортаға ең аз әсер ететін жетекші телекоммуникациялық компания деңгейінде ұзақ мерзімді ESG-күн тәртібін қалыптастыру. Компанияның қызмет саласы экономикалық өсуді шектемейтін әлеуметтік қауіпсіздікті жоғары дәрежелі жетілдіруге бағытталған.**

## Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары

«Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағыттары:

- адамдардың өмірін жақсарту мақсатында инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- тұрақты экономикалық өсу;
- қоршаған ортаға әсерді азайту;
- тартымды жұмыс жағдайларын жасау және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Компанияның ESG саласындағы басым бағыттары**

**Экологиялық аспект (Environmental)**

- табиғи ресурстарды тұтынуды азайту;
- энергия тиімділігі.



**Әлеуметтік аспект (Social)**

- қызметкерлерді оқыту және дамыту;
- қызметкерлерді тарту деңгейінің өсуі;
- қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік тұрақтылық.

**Корпоративтік басқару аспектісі (Governance)**

- акционерлердің құқықтары;
- корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері;
- әділ сыйақы.



## Компанияның тұрақты даму саласындағы қағидаттары

GRI 2-23

«Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы негізгі қағидаттары ESG саласындағы негізгі саясаттар мен құжаттарда көрсетілген:



- Тұрақты даму саясаты (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі №5 шешімімен жаңартылды және бекітілді).
- Экологиялық саясат (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі №5 шешімімен жаңартылды және бекітілді).
- Адам құқықтары саласындағы саясат (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 мамырдағы №6 шешімімен бекітілген).
- Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және алуан түрлілік саласындағы саясат (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 мамырдағы №6 шешімімен бекітілген).
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу жөніндегі саясат (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 мамырдағы №6 шешімімен бекітілген).
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясат (Басқарманың 2020 жылғы 27 қаңтардағы №2/7 шешімімен бекітілген).
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №11 шешімімен жаңартылған және бекітілген).
- Болжамды әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарлама саясаты (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен бекітілген).
- Employee Experience стратегиясы (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 21 шілдедегі №8 шешімімен бекітілген).
- «Қазақтелеком» АҚ-ның дербес деректерін қорғау саясаты (2023 жылғы 06 қазандағы №313 бұйрықпен бекітілген).
- «Қазақтелеком» АҚ-ның ақпараттық саясаты (2023 жылғы 19 шілдедегі №153 бұйрығымен бекітілген).
- Іскерлік әдеп кодексі (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы №14 шешімімен бекітілген).
- Корпоративтік басқару кодексі (Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы №56 шешімімен бекітілген).
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу тәртібі.
- Жеткізуші кодексі (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 ақпандағы №2 шешімімен бекітілген).
- ISO14001, ISO26000, ISO9001, ISO45001 халықаралық стандарттары.

Компанияның барлық мүдделі тараптары құжаттармен Компанияның **telecom.kz.** сайтында таныса алады. Сонымен қатар, Компания қызметкерлерді ішкі хабарлама тарату арқылы жаңа құжаттарды, оның ішінде тұрақты даму саласындағы құжаттарды бекіту туралы хабардар етеді.

# Тұрақты дамуды басқару құрылымы

GRI 2-12, 2-14

Компания тұрақты дамуды басқаруға деген өз көзқарасын жетілдіру үшін үздіксіз жұмыс істейді. «Қазақтелеком» АҚ-да тұрақты даму мәселелері басқарудың барлық деңгейлерінде біріктірілген. Компанияның Директорлар кеңесі бұл тақырыпқа ерекше назар аударады, оны стратегиялық басымдық ретінде қарастырады. Директорлар кеңесі Компанияның тұрақты даму саласындағы қағидаттары мен мақсаттары біріктірілген Компанияның Даму стратегиясын іске асыруды бекітетін және бақылайтын орган болып табылады.

Директорлар кеңесі:

- Компанияның ТД саласындағы қызметінің стратегиясы мен негізгі бағыттарын айқындайды;
- ТД саласындағы есептілікті қарайды және бекітеді;
- Компания қызметіне ТД қағидаттарын енгізуді бақылайды;
- климаттық тәуекелдерді қоса алғанда, тұрақты даму тәуекелдері мәселелерін басқаруды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесіне тұрақты негізде (жыл сайынғы, тоқсан сайынғы) тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы есептер ұсынылады.

2022 жылға дейін Директорлар кеңесі комитеттерінің деңгейінде тұрақты дамуды басқару үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті жауапты болған. Компанияның ESG-тәжірибелерін дамыту және күшейту аясында 2022 жылдың шілдесінде Аудит комитеті Аудит және тұрақты даму комитеті болып өзгертілді.

**Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметін бақылау шеңберінде Аудит және тұрақты даму комитетінің функцияларына мыналар жатады:**

- **Компанияның жылдық есебін ұсынылған қаржылық емес ақпараттың сапасына алдын ала мақұлдау;**
- **Директорлар кеңесіне тұрақты дамуға қатысты тақырыптар бойынша, сондай-ақ Компанияға ESG және төмен көміртекті даму қағидаттарын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;**
- **тұрақты даму, әдепті мінез-құлық және жауапты инвестициялау қағидаттарын ескере отырып, бизнес-процестердің трансформациясын бақылау;**
- **Директорлар кеңесіне Компанияның тұрақты даму саласындағы жаңа және қолданыстағы саясаттарын, жоспарларын, бағдарламаларын, сондай-ақ Қоғамның тұрақты даму саласындағы басым жобаларын, негізгі іс-шаралары мен бастамаларын бекітуге және тиімділігін бағалауға қатысты ұсыныстар әзірлеу;**
- **Компанияның төмен көміртекті дамуы мен көміртегі ізін басқару мәселелерін, соның ішінде Компания үшін туындайтын ықтимал тәуекелдер мен жаһандық климаттық күн тәртібіне байланысты шектеулерді қарастыру;**
- **Директорлар кеңесіне қызметтің, корпоративтік есептіліктің және құжаттардың тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтердің талаптарына сәйкестігіне қатысты ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтердегі позицияларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;**
- **Қоғамның тұрақты даму саласындағы жария есептілігінің сапасына мониторинг жүргізу.**

GRI 2-13

Тұрақты дамуды басқару мәселелеріне жауапты бөлімше Корпоративтік басқару және тұрақты даму департаменті болып табылады. Департамент Компанияның ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарына, саясаттарына, тәжірибелеріне және ішкі бақылауына үнемі түгендеу жүргізеді. Сонымен қатар, тұрақты даму тәуекелдерін анықтау бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде және оларды басқару бойынша шаралар қабылдануда. Корпоративтік басқару және тұрақты даму департаменті Аудит және тұрақты даму комитетінің қарауына әзірленген ішкі құжаттарды бекіту, тұрақты даму саласындағы қызметтің нәтижелері туралы ақпарат беру және т. б. сияқты Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметіне байланысты мәселелерді жүйелі түрде (жартыжылдықта кемінде бір рет) шығарады.

Басқарма Төрағасы мен филиалдардың Бас директорлары Компанияның іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды бақылауды, іске асыруды, енгізуді және дұрыс ақпарат беруді жүзеге асырады. Тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарушы директоры Компанияның мақсаттарға және тиімділікке қол жеткізу жөніндегі қызметінің тәсілдерін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Әдеп стандарттарына қатысты ішкі коммуникациялар рәсімін Комплаенс-бақылаушы/Комплаенс қызметінің басшысы реттейді. Коммуникациялар департаментінің басшысы қоғаммен сыртқы қарым-қатынас үшін жауапты болады.

Персоналды басқаруға, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға жауапты «Қазақтелеком» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы жекелеген мәселелерге жетекшілік етеді, тұрақты дамуды басқару жүйесін бастамалауға, үйлестіруге және енгізуге және Компанияның ТДМ-ға қол жеткізуіне жауап береді. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің бастамаларын іске асыруға «Қазақтелеком» АҚ-ның Орталық аппараты тікелей жауапты және бақылауды өз мойнына алады.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның ESG-тәжірибесін дамыту жөніндегі Жол картасы**

**«Қазақтелеком» АҚ ESG-тәжірибесін дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі. 2023 жылғы ақпанда «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешімімен экологиялық аспект, әлеуметтік тепе-теңдік және корпоративтік басқару жөніндегі 108 іс-шараны қамтитын «Қазақтелеком» АҚ-ның ESG-тәжірибесін дамыту жөніндегі Жол картасы бекітілд.**

**«Қазақтелеком» АҚ-ның ESG-тәжірибесін дамыту жөніндегі Жол картасы шеңберінде 2023 жылы келесі іс-шаралар іске асырылды:**

- **климаттың өзгеруі саласындағы ақпаратты ашу;**
- **S&P Global-дан тәуелсіз ESG бағасы алынды;**
- **Компанияның қызмет ету аймағындағы биоалуантүрліліктің ағымдағы деңгейіне бағалау жүргізілді;**
- **Басқарма құрамындағы әйелдердің үлесі ұлғайды – 2023 жылы ол 33,3%-ды құрады.**

# ESG саласындағы стратегиялық мақсаттар

GRI 2-23

## Компанияның ESG саласындағы стратегиялық мақсаттары



### Корпоративтік басқару

Барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ жыл сайын барлық заңнама талаптары мен озық әлемдік тәжірибеге сәйкес тиімді корпоративтік басқару жүйесін жасайды және қолдайды.



### Экология

Электр энергиясы «Қазақтелеком» АҚ-ның пайдаланатын энергия жұмсайтын ресурстардың бірі болып табылады. Осыған байланысты Компания электр энергиясын тұтынуды азайту үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, климаттың өзгеруіне қарсы күресте барынша елеулі үлес қосады.

| ПӘК | 2032 жылға дейінгі мақсат: | 2023 жылы: |
|---|---|---|
| «Энергетикалық және табиғи ресурстарды тұтынуды азайту» | Электр энергиясын тұтынуды жылына азайту **2%** %-ға азайту | Электр энергиясын тұтыну **0,4%** %-ға азайту |



### Қоғам

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының жетекші телекоммуникациялық компаниясы, сондай-ақ бүкіл ел бойынша жұмыс орындарын құратын ірі жұмыс беруші болып табылады. Компания оның белгілі бір аймақта болуы тұрғындар мен жұмысшылардың өмір сүру сапасына қалай әсер ететінін түсінеді және осы әсерді басқару үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдайды.

2023 жылы Компания халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қызметті жүзеге асыратын аймақтарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылуды жалғастырды. Сонымен қатар, Компанияның назары қызметкерлердің әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Компанияда жыл сайын үш негізгі көрсеткіш негізінде әлеуметтік тұрақтылықты анықтау мақсатында Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік зерттеуі жүргізіледі:

- Қатысу индексі.
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі.
- Әлеуметтік тыныштық индексі.

| ПӘК | 2032 жылға дейінгі мақсат: | 2023 жылы: |
|---|---|---|
| «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» | **64–79%** деңгейінде ұстау | **67%** |
| «Нөлдік жарақат» | 2023 жылы: **4** жазатайым оқиға | **0,19** (LTIFR) |

# Тұрақты даму саласындағы тәуекелге бағытталған тәсіл

Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктер Компанияда жыл сайын бағаланады. Бағалау процесіне ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ESG-факторларының әсерін талдау кіреді.

## «Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы негізгі әсерлері, тәуекелдері мен мүмкіндіктері (SWOT-талдау)

### Мықты жақтары

**Экономикалық аспект**

- инновация және технологиялық прогресс;
- жергілікті экономикалық өсу.

**Әлеуметтік аспект**

- Компанияның қарқынды дамуы;
- қалаланудың өсуі.

**Экологиялық аспект**

- қоршаған ортаның ластануы мен табиғи ресурстардың сарқылу проблемаларының маңыздылығын арттыру.

### Әлсіз жақтары

**Экономикалық аспект**

- әлемдік экономиканың өсу қарқынының төмендеуі;
- саяси тұрақсыздықтың әлеуеті;
- пандемияға байланысты ықтимал экономикалық дағдарыс.

**Әлеуметтік аспект**

- АКТ қызметтерін ұсынудың техникалық мәселелеріне байланысты адамдардың наразылығының артуы;
- бәсекелестіктің өсуін күшейту.

**Экологиялық аспект**

- табиғи ресурстардың сарқылуы;
- климаттың өзгеруі;
- қоршаған ортаның ластануы;
- тұтынудың жаһандық өсуі.

### Мүмкіндіктер

**Экономикалық аспект**

- нарықтағы қамту пайызын артуы;
- бизнес пен мемлекет үшін жаңа технологияларды дамыту;
- пандемияға байланысты АКТ қызметтеріне сұраныстың өсуі.

**Әлеуметтік аспект**

- «Ақылды үй» технологиялық шешімдері;
- халық үшін бұлтты сақтауды пайдаланудың артықшылықтары;
- АКТ технологиялары арқылы білім мен медицина деңгейін арттыру.

**Экологиялық аспект**

- тұрақты даму қағидаттарын енгізу;
- салаларды экологияландыру.

### Тәуекелдер

**Экономикалық аспект**

- басқарудың саяси құрылымындағы өзгеріс;
- саяси шиеленістер, кибершабуылдар.

**Әлеуметтік аспект**

- геосаяси тәуекелдер;
- ереуілдерге, митингтерге байланысты әлеуметтік осал мәселелер.

**Экологиялық аспект**

- жергілікті экологиялық проблемалардың өсуі;
- табиғат қорғау заңнамасының талаптарын қатаңдату.



# Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі



Компания БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы Жаһандық күн тәртібін қолдайды және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қосылады.

«Қазақтелеком» АҚ Тұрақты дамудың барлық он жеті мақсатының маңыздылығын мойындайды және телекоммуникация секторы, Компания қызметінің ерекшелігі және Компания өсуінің стратегиялық бағыттарын орындау үшін ерекше өзекті болып табылатын тоғыз негізгі мақсатты айқындайды.

## БҰҰ-ның Тұрақты дамуының басым мақсаттары

### Алғашқы таңдау бренді

**15-ші ТДМ**

Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биоалуантүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

**17-ші ТДМ**

Тұрақты даму мүддесінде Жаһандық серіктестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

**11-ші ТДМ**

Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету

### Цифрлық платформа

**12-ші ТДМ**

Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету

**10-шы ТДМ**

Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту

**16-шы ТДМ**

Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

### Тиімді ұйымдастыру

**8-ші ТДМ**

Үдемелі, жан-жақты және орнықты экономикалық өсуге, толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу

**9-шы ТДМ**

Орнықты инфрақұрылымды құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

**4-ші ТДМ**

Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алуды ынталандыру

# БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі

**4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ**

**Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алуды ынталандыру**

| ТДМ-нің өзекті міндеттері | «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары |
|---|---|
| 4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдыларға ие жас және ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту. | • Оқу орындарымен ынтымақтастыққа және студенттердің Компанияда тағылымдамадан өтуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік университетінің ашылуы.<br>• Компанияның он мыңнан астам қызметкері келесі бағыттар бойынша оқытудан өтті: Leadership academy, EX academy, HSE&ESG academy, Сервис және сату академиясы, Техникалық академия, IT-академия, Qazaq&English academy, Қаржы академиясы, Jas academy. |
| 4.7 2030 жылға қарай барлық оқушылардың тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін, оның ішінде тұрақты даму және орнықты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, бейбітшілік пен зорлық-зомбылықсыз мәдениетті насихаттау, бейбітшілік азаматтығы және мәдени әртүрліліктің құндылығын және мәдениеттің тұрақты дамуға қосқан үлесін түсіну мәселелері бойынша оқыту арқылы қажетті білім мен дағдыларды меңгеруіне қолжеткізу. | • ESG стандарттарын енгізу бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері үшін оқыту іс-шаралары өткізілді. |

**8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ**

**Үдемелі, жан-жақты және орнықты экономикалық өсуге, толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу**

| ТДМ-нің өзекті міндеттері | «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары |
|---|---|
| 8.2 Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде жоғары қосылған құны және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу. | • Желілік инфрақұрылымды үнемі жақсарту.<br>• Инновациялық қызмет пен жаңа бизнестерді дамыту: 5G, IoT, Smart City, тауарларды таңбалау және т.б.<br>• Желілерді техникалық дамыту және қолдау. |
| 8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбектенушілер, соның ішінде еңбекші-мигранттар, әсіресе әйел-мигранттар және тұрақты жұмыспен қамтылмаған тұлғалар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу. | • Адам құқықтары саласындағы саясат, Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және алуан түрлілік саласындағы саясат, Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу жөніндегі саясат бекітілді.<br>• Қызметкерлерге, оның ішінде Ұжымдық келісімшарт шеңберінде әлеуметтік қолдау көрсету. |

**9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

**Орнықты инфрақұрылымды құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу**

| ТДМ-нің өзекті міндеттері | «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары |
|---|---|
| 9.1 Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында, барлық адамдар үшін арзан және тең құқықты қолжетімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды, оның ішінде өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды дамыту. | • Қалаларда 44 000-нан астам қалалық бейнебақылау камералары орнатылған.<br>• Компанияның қызметтерін 5 000-нан астам мектеп, 4 000-ға жуық аурухана, 15 000-нан астам мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар пайдаланады.<br>• Ел бойынша 1000-нан астам 5G базалық станциялары бар. |
| 9.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділікті едәуір кеңейту және аз дамыған елдерде интернетке жалпыға бірдей және арзан қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылу. | |

**10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ**

**Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту**

| ТДМ-нің өзекті міндеттері | «Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары |
|---|---|
| 10.3 Мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және нәтижелер теңсіздігін, соның ішінде кемсітушілік заңдарды, саясат пен тәжірибені жою және осы бағытта тиісті заңнаманы, саясат пен шараларды қабылдауға жәрдемдесу арқылы азайту. | • Компанияның әйел қызметкерлерінің білімі мен құзыреттілігін арттыруға бағытталған «Өңірлердегі әйелдерді қолдау» бағдарламасы іске қосылды.<br>• Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және алуан түрлілік саласындағы саясат бекітіліп, енгізілуде. |

**11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР**

**Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету**

**ТДМ-нің өзекті міндеттері**

11.3 2030 жылға қарай барлық адамға ашық және экологиялық тұрақты қалаландыру ауқымын, барлық елдерге кеңінен қатысу негізінде елді мекендерді кешенді және тұрақты жоспарлау және басқару мүмкіндіктерін кеңейту.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары**

- Абай облысындағы табиғи сипаттағы ауқымды төтенше жағдайға (орман өрттері) байланысты «Қазақтелеком» қажетті байланыс беріп, жедел штабты ұялы телефон байланысын қосымша өрістетумен телефон және интернет байланысымен қамтамасыз етті.

---

**12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС**

**Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету**

**ТДМ-нің өзекті міндеттері**

12.2 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды ұтымды игеруге және тиімді пайдалануға қол жеткізу.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары**

- Мыс байланыс желілерін қайталау және жарықдиодты шамдарды ауыстыру сияқты энергияны тұтынуды азайту шараларын жүзеге асыру.
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы.

12.6 Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге кеңес беру.

- Тұрақты даму қағидаттары мен құндылықтарын енгізу.
- GRI стандарттарының талаптарына сәйкес жыл сайынғы тұрақты даму есебін шығару.
- «Қазақтелеком» АҚ-да ESG тәжірибелерін дамыту бойынша Жол картасын іске асыру.

---

**15 ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ**

**Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биоалуантүрлілікті жоғалту процесін тоқтату**

**ТДМ-нің өзекті міндеттері**

15.1 Халықаралық келісімдерден туындайтын міндеттемелерге сәйкес жер үсті және ішкі тұщы су экожүйелерін және олардың қызметтерін, оның ішінде ормандарды, сулы-батпақты жерлерді, таулар мен құрғақ жерлерді сақтауды, қалпына келтіруді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары**

- Желілер салынғаннан кейін жерді қалпына келтіру бойынша іс-шаралар өткізу.
- Биоалуантүрлілік және жер ресурстарын басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес іс-шаралар өткізу.
- Компания қызметінің аймақтарында биоалуантүрлілік саласындағы ағымдағы қызметті бағалауды жүргізу

---

**16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР**

**Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру**

**ТДМ-нің өзекті міндеттері**

16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары**

- Компанияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын енгізу.
- Корпоративтік басқарудың негізгі органдарының қызметкерлері мен мүшелерінің 100%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар етілді.
- Компанияда қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтерді тұрақты өткізу.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалды және бекітілді.

---

**17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК**

**Тұрақты даму мүддесінде Жаһандық серіктестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру**

**ТДМ-нің өзекті міндеттері**

17.16 Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияны және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылған тұрақты даму мүдделері үшін Жаһандық серіктестікті нығайту.

17.17 Әріптестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік және жеке секторлар және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді әріптестікті ынталандыру және көтермелеу.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жобалары, бастамалары, орындап жатқан іс-шаралары**

- Заң шығарушы және атқарушы органдармен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті қауымдастықтармен және бизнес-қауымдастықтармен өзара әрекеттесу.
- Халықаралық және ұлттық қауымдастықтарға қатысу.
- Жұмыс топтарына, мемлекеттік құрылымдардың бейіндік комитеттеріне және қауымдастықтарға мүшелік.

# Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

GRI 2-26, 2-29

Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялық қызметтердің ірі провайдері бола отырып, Компания мүдделі тараптарға елеулі әсер етеді. Өз кезегінде мүдделі тараптардың күтулері мен мүдделері Компанияның стратегиялық мақсаттарын белгілеуге және олардың орындалуына әсер етеді. «Қазақтелеком» АҚ мүдделі тараптармен әріптестік қарым-қатынас орнатуға және сындарлы диалог жүргізуге ұмтылады.

**Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидаттары:**

**Маңыздылығы** – Қоғам өзінің стейкхолдерлерін, сондай-ақ оның қандай мүдделері мен стейкхолдерлердің қандай мүдделері маңызды екенін біледі.

**Толықтығы** – Қоғам стейкхолдерлердің алаңдаушылығын түсінеді, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін және күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ олар үшін маңызды мәселелер бойынша пікірлерін түсінеді.

**Жауап беруі** – Қоғам стейкхолдерлер мен ұйымның алдында тұрған маңызды мәселелерге дәйекті түрде жауап береді.

«Қазақтелеком» АҚ мүдделі тараптарды екі топқа бөледі:

1) Жақын орта (жақын әсер ету аймағы) Компания қабылдайтын шешімдерге тікелей және елеулі әсер ететін немесе осы шешімдердің ықпалында болатын мүдделі тараптарды қамтиды. Мүдделі тараптардың жақын ортасына жататындар:

- Акционерлер.
- Қызметкерлер.
- Еншілес ұйымдар.
- Кәсіподақ.
- Серіктестер (соның ішінде халықаралық) және жұмыс пен қызмет көрсетушілер.
- Клиенттер.

2) Алыс орта (жанама әсер ету аймағы) Компания қабылдаған шешімдерге жанама әсер ететін мүдделі тараптарды қамтиды. Мүдделі тараптардың алыс ортасына жататындар:

- Мемлекеттік органдар.
- Бәсекелестер.
- Халықаралық ұйымдар.
- Қаржы институттары.
- Кредиторлар.
- Биржа, Тіркеуші.
- Халық.
- Қоғамдық ұйымдар және жергілікті қоғамдастық.
- Бұқаралық ақпарат құралдары.

## «Қазақтелеком» АҚ Компаниясының мүдделі тараптарының картасы




2023 жылы Компанияның мүдделі тараптарының картасы жаңартылды, тұрақты даму саласындағы жетекші әлемдік тәжірибелерге сәйкес қайта қаралды, сондай-ақ 2023 жылға арналған «Қазақтелеком» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жөніндегі коммуникациялар жоспары әзірленді.

Компанияның мүдделі тараптарының жаңартылған картасымен Компанияның **telecom.kz.** сайтында танысуға болады.

# Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

## Мүдделі тараптардың жақын ортасы

### Акционерлер

**Мүдделері:**

- Компанияның құнын арттыру;
- дивидендтер алу;
- Компания қызметінің тұрақтылығы мен ауқымын кеңейту;
- ашықтық;
- тәуекелдерді тиімді басқару;
- Компания құнын және дивиденд мөлшерін барынша арттыру.

**Үлесі:**

- қаржы қаражатын бөлу;
- жарғылық капиталды толықтыру.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- дивидендтер төлеу;
- жылдық қаржылық және қаржылық емес есептілікті бекіту;
- JRun трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- негізгі, стратегиялық және инвестициялық шешімдерді талқылау және қабылдау;
- сұрақ-жауап, сауалнама, тестілеу жүргізу.

### Қызметкерлер

**Мүдделері:**

- Компанияның нәтижелері мен жетістіктері;
- Компанияның даму перспективалары;
- кадрлық және әлеуметтік саясат;
- қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайлары;
- адам құқықтарын сақтау;
- қызметкерлерді тарту және дамыту перспективалары;
- материалдық және материалдық емес ынталандыру бойынша іс-шаралар, жастар саясаты;
- Ұжымдық келісімшарт.

**Үлесі:**

- адами ресурстар;
- адалдық.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайларын жасау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- Компанияны басқару процесіне қызметкерлерді тарту;
- әлеуметтік жеңілдіктер;
- корпоративтік оқыту және дамыту бағдарламалары;
- басшылықпен тұрақты кездесулер;
- корпоративішілік коммуникация арналарының жұмыс істеуі, «жедел» желі;
- кері байланыстың онлайн механизмдері (сұрақ-жауап/сауалнамалар).

### Еншілес ұйымдар

**Мүдделері:**

- акционерлердің/қатысушылардың мүдделерін сақтау.

**Үлесі:**

- акционерлердің мүдделерін сақтау.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- ЕҰ қызметінің нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізу;
- ЕҰ-мен бірлесіп мобильді бизнесті дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
- ЕҰ-ның Компанияның акционер ретінде стратегиялық шешімдерін қабылдауға қатысуы.

### Кәсіподақ

**Мүдделері:**

- қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі және қорғалуы;
- Ұжымдық келісімшарт талаптарын орындау;
- заңнама нормаларын сақтау.

**Үлесі:**

- әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- еңбек қатынастарын реттеу және жанжалдарды шешу.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- Ұжымдық келісімшарттың барлық тармақтарын орындау;
- Компания қызметкерлеріне пайызсыз қарыздар беру түрінде материалдық көмек көрсету;
- қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- корпоративішілік коммуникация арналарының жұмыс істеуі, «жедел» желі.

### Серіктестер мен жеткізушілер

**Мүдделері:**

- коммерциялық мүдделер.

**Үлесі:**

- жобаларды бірлесіп іске асыру;
- технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансфері.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- өзара тиімді ынтымақтастық;
- серіктестердің Компанияның акционер ретіндегі стратегиялық шешімдерін қабылдауға қатысуы;
- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат алмасу;
- ағымдағы қызмет туралы есептер.

### Клиенттер

**Мүдделері:**

- коммерциялық мүдделер;
- қызметтердің сапалық сипаттамалары;
- қызметтерді алудың үздіксіздігі;
- қызметтерді білікті сервистік қолдау.

**Үлесі:**

- Компанияның адалдығы;
- тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы қаржылық ресурстар.

**Өзара әрекеттесу механизмдері:**

- шарттар/келісімшарттар шеңберіндегі өзара әрекеттесу;
- қызмет көрсету сапасын арттыру;
- онлайн қызмет көрсету;
- қолдау қызметтерінің арналарын ұлғайту және жетілдіру;
- тұтынушылармен кері байланыс жүйесі;
- тұтынушылардың қанағаттануын талдау.

# Мүдделі тараптардың алыс ортасы

## Мемлекеттік органдар

### Мүдделері:

- заңнамалық және атқарушы функцияларды жүзеге асыру;
- телекоммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, жұмыс орындарын құру.

### Үлесі:

- мемлекеттік реттеу.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- жұмыс топтары, форумдар, конференциялар;
- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат алмасу;
- ағымдағы қызмет туралы есептерді уақтылы ұсыну;
- кері байланыс беру;
- ҚР заңнамасының сақталуын тексеру.

## Бәсекелестер

### Мүдделері:

- нарықтағы қатысу үлесін арттыру.

### Үлесі:

- нарықты дамыту.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- адал бәсекелестік қағидатын ұстану.

## Халықаралық ұйымдар

### Мүдделері:

- ITU, РСС мүше елдердің халықаралық ынтымақтастығын дамыту, тәжірибе алмасу, технологияларды пайдалануда жалпы стандарттарды қабылдау;
- тұрақты даму, экологиялық нормаларды сақтауда және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді дамытуда әділ және теңгерімді өсу саласындағы халықаралық стандарттар мен келісімдердің талаптарын қамтамасыз ету.

### Үлесі:

- халықаралық гранттар;
- болашақ даму мүмкіндіктері.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- конференциялар, сессиялар, отырыстар, форумдар;
- келісімдерге, шарттар мен меморандумдарға, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою.

## Қаржы институттары

### Мүдделері:

- депозиттерге бос ақша қаражаттарын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету.

### Үлесі:

- ақшалай қаражатты орналастыру үшін тиімді жағдайлар жасау.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- шарттар/келісімшарттар шеңберіндегі өзара әрекеттесу.

## Кредиторлар

### Мүдделері:

- қаражатты мақсатты пайдалану;
- несие шарттарының талаптарын сақтау;
- негізгі қарыз бен пайыздарды уақтылы өтеу;
- Компания қызметінің тұрақтылығы мен ашықтығы.

### Үлесі:

- ақшалай қаражат беру.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- шарттар/келісімшарттар шеңберіндегі өзара әрекеттесу;
- облигация ұстаушылардың жалпы жиналысы;
- БАҚ, Компания сайты арқылы ақпаратты ашу;
- кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес есептерді ұсыну.

## Биржа, Тіркеуші

### Мүдделері:

- бағалы қағаздар нарығын дамыту (листингтік ережелер, тіркеушінің ережелер жинағы).

### Үлесі:

- бағалы қағаздар нарығын дамытуға қатысу мүмкіндігі.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- мүдделі тараптармен келіссөздер, кездесулер;
- БАҚ арқылы кері байланыс беру.

## Халық

### Мүдделері:

- жұмыс орындарын құру;
- Компанияның даму перспективалары туралы ашық ақпарат;
- қызмет сапасы;
- қызмет тарифтерінің тартымдылығы;
- әлеуметтік және қайырымдылық бағдарламалар;
- денсаулық қауіпсіздігі.

### Үлесі:

- Компанияның қатысу аймақтарындағы қолдау.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- қатысу аймақтарын дамыту;
- әлеуметтік желілер арқылы өзара әрекеттесу, «жедел» желі;
- беделді аудит;
- қайырымдылық қызметі;
- жария есеп беру.

## Қоғамдық ұйымдар

### Мүдделері:

- қоғамдық, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі аясындағы түрлі мәселелер.

### Үлесі:

- өзара тиімді шарттармен ынтымақтастық.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- келісімдер шеңберіндегі өзара әрекеттесу;
- жария есеп беру.

## БАҚ

### Мүдделері:

- Компанияның қызметі туралы қоғамды ақпараттандыру.

### Үлесі:

- сындарлы ынтымақтастық;
- қолайлы қоғамдық пікір.

### Өзара әрекеттесу механизмдері:

- Компания туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау;
- әлеуметтік желілер, «жедел» желі;
- БАҚ сұрауларына жауап беру;
- жария есеп беру.

## Мүдделі тараптармен коммуникация арналары

Компания ақпараттық ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанады және мүдделі тараптарға өз қызметі туралы мәлімет береді.

«Қазақтелеком» АҚ түрлі коммуникация арналарын пайдалана отырып, мүдделі тараптармен өзара әрекеттеседі:

- Компанияның қызметі туралы ақпарат telecom.kz сайтында орналастырылған.
- Акционерлер үшін маңызды Компания қызметі туралы ақпарат Компанияның жылдық есептерінде жарияланады.
- Компанияда онлайн байланыс арналары бар.
- Компания корпоративтік жобалар, оқыту және дамыту бағдарламалары, сондай-ақ қызметкерлер үшін уәждемелер мен әлеуметтік жеңілдіктер туралы жаңалықтарды ішкі корпоративтік порталда жариялайды.
- Заңнаманы бұзумен (алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және т.б.) байланысты өтініштер үшін Жедел желі жұмыс істейді.
- B2B клиенттері үшін арнайы ismet.kz ақпарат платформасы жұмыс істейді.
- Компания жаңалықтары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

| Онлайн байланыс арналары | |
|---|---|
| 160 | Call center |
| | Whatsapp |
| | Telegram |
| | Business |
| 165 | Техникалық қолдау |
| | Тексеру қызметі |



## Есепті дайындау барысында мүдделі тараптармен өзара  рекеттесу

GRI 2-29

Компания Жылдық есепті, атап айтқанда Тұрақты даму туралы есепті дайындау кезінде мүдделі тараптардың пікірін ескеруге тырысады.

2023 жылғы есепті дайындау кезінде Компания мүдделі тараптармен диалог жүргізу үшін келесі міндеттерді белгіледі:

- мүдделі тараптарды 2022 жылғы есептің шығарылуы туралы хабардар ету;
- 2023 жылғы есептің мазмұны бойынша мүдделі тараптардың ұсыныстарын, оның ішінде Компания 2023 жылғы жылдық есепте ашып көрсетуі қажет маңызды тақырыптар бойынша ұсыныстарды жинау.

Мүдделі тараптармен диалог тұрақты даму саласындағы Жаһандық есеп беру бастамасы стандарттарының (GRI Standards) ұсынымдарына сәйкес жүргізілді.

Компания 2023 жылғы есепті қашықтықтан дайындау аясында мүдделі тараптармен диалог өткізді. Сауалнама арқылы мүдделі тараптарға сұрақ-жауап жүргізілді.

Диалогқа мүдделі тараптардың келесі топтары қатысты: мемлекеттік органдардың өкілдері, Басқарма мүшелері, «Самұрық-Қазына» АҚ (бас акционері), клиенттер, бизнес-серіктестер, сарапшылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, кәсіподақ өкілдері, Компания дивизиондарының басшылары, сондай-ақ Компанияның аймақтық бөлімшелерінің қызметкерлері. Оның ішінде: «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС (ESG саласындағы сарапшылар ретінде), «Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы» ЖМ, Қазақстан қор биржасы, «Атамекен» ҰКП, Табиғатты пайдаланушылар қауымдастығы, Қазақстан Республикасының цифрлық даму министрлігі, Қазақстанның Даму Банкі.

**Мүдделі тараптар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде келесі маңызды тақырыптар анықталды:**

### Әлеуметтік аспект

1. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар
2. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
3. Қызметкерлердің кәсіби дамуы
4. Тең мүмкіндіктер (оның ішінде қызметкерлер санаттары бойынша ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысының арақатынасы)
5. Адам құқықтары (оның ішінде адам құқықтарының сақталуын бағалау)

### Экологиялық аспект

1. Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі
2. Қалдықтарды басқару
3. Энергия тиімділігі
4. Климаттың өзгеруі (соның ішінде парниктік газдар шығарындыларының төмендеуі)
5. Ластаушы заттардың шығарындылары

### Корпоративтік басқару аспектісі

1. Экономикалық нәтижелілік
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
3. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау
4. Инновации және жаңа технологиялар
5. Қызметтердің сапасы

Компания 2023 жылғы есеп үшін маңыздылық матрицасын қалыптастыру кезінде осы маңызды тақырыптарды ескерді.

# Маңыздылықты талдау

GRI 3-1

Компания осы есепті дайындау кезінде GRI (GRI Sustainability Reporting Standards) стандартының ұсынымдарына сәйкес Компанияның елеулі әлеуетті және нақты әсерлерін талдауға негізделген маңыздылығын бағалауды жүргізді. Бағалау Компания басшылығы мен мүдделі тараптар өкілдерінің бірлескен жұмысының нәтижесі болды. Бағалау Компанияның ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын қамтыды.

**Маңыздылықты анықтау кезеңдері:**

**1 кезең**

- Мәнмәтінді талдау.
- Компания қызметінің мәнмәтіні және әлемдік күн тәртібі негізінде тақырыптар тізімін қалыптастыру.
- Мүдделі тараптар ортасын анықтау.

**2 кезең**

- Компанияның нақты және ықтимал әсерін анықтау.
- Компанияның әсерін анықтау үшін оның сараптамалық салалық материалдары мен тәуекелдерін талдау.

**3 кезең**

- Әсердің маңыздылығын бағалау.
- Мүдделі тараптардың сауалнамасына және Компанияның ішкі сараптамасына негізделген әсерлердің күші мен ауқымын бағалау.

**4 кезең**

- Маңызды әсерлерге басымдық беру.

Маңыздылықты анықтау нәтижелері бойынша Компанияның ең маңызды әсерлерінің матрицасы құрылды. Маңыздыларға мыналар жатқызылды:

GRI 3-2

**Әлеуметтік аспект**

- Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар.
- Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік.
- Қызметкерлерді оқыту және дамыту.
- Адам құқықтары және тең мүмкіндіктер.
- Жергілікті қауымдастықтарды дамыту.

**Экологиялық аспект**

- Биоалуантүрлілік.
- Климаттың өзгеруімен күресу (соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту)
- Энергия тиімділігі.
- Қалдықтарды басқару.
- Атмосфераға шығарындылар.
- Су ресурстарын басқару.

**Корпоративтік басқару аспектісі**

- Экономикалық тиімділік.
- Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау.
- Инновациялар және жаңа технологиялар.
- Сапалы және қолжетімді қызметтер.
- Сатып алу тәжірибесі.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.
- Нарықтар мен бәсекелестік.

GRI 3-2

«Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар», «Қызметкерлерді дамыту», «Адам құқықтары және тең мүмкіндіктер», «Климаттың өзгеруімен күресу» (соның ішінде төмен көміртекті даму), «Биоалуантүрлілік», «Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау», «Сапалы және қолжетімді қызметтер» тақырыптары 2023 жылғы есепте ашылатын ең маңыздылардың бірі болып табылады.

«Жұмыстағы күйзеліс және тұрақтылық», «Жанама экономикалық әсерлер», «Корпоративтік әдеп» тақырыптары (2022 жылғы есептің маңызды тақырыптары) 2023 жылы маңыздылықты бағалау нәтижелері бойынша маңызды тақырыптар тізіміне енбеген.

## Материалды талдау 2023




1. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар.
2. Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік.
3. Қызметкерлерді оқыту және дамыту.
4. Адам құқықтары және тең мүмкіндіктер.
5. Жергілікті қауымдастықтарды дамыту.
6. Биоалуантүрлілік.
7. Климаттың өзгеруімен күресу (соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту)
8. Энергия тиімділігі.
9. Қалдықтарды басқару.
10. Атмосфераға шығарындылар.
11. Су ресурстарын басқару.
12. Экономикалық тиімділік.
13. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау.
14. Инновациялар және жаңа технологиялар.
15. Сапалы және қолжетімді қызметтер.
16. Сатып алу тәжірибесі.
17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.
18. Нарықтар мен бәсекелестік.

# Қауымдастықтарға мүшелік

GRI 2-28

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінің тұрақтылығын арттыру үшін ұлттық және халықаралық деңгейлерде түрлі қауымдастықтар ұсынатын міндеттерді орындауға қатысады және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытады. Компания корпоративтік және іскерлік әдептің жоғары стандарттарын ұстана отырып және заңнама нормаларын сақтай отырып, ашық және сындарлы диалогқа, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және басқа компаниялармен жауапты өзара әрекеттесуге ұмтылады.

Өзара әрекеттесудің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- телекоммуникациялық нарықты дамыту;
- заңнамалық және нормативтік базаны жақсарту;
- бірлескен жобаларға бастамашылық жасау және іске асыру;
- сала мен өңірлерді тұрақты дамыту жөніндегі негізгі бастамаларды ілгерілету.

Компания әртүрлі жұмыс топтарымен жұмыс істей отырып, төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

- «Қазақстандағы блокчейн және ақпарат орталықтарының индустриясын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
- «Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
- «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ;
- Халықаралық электр байланысы одағы (The International Telecommunication Union (ITU);
- «Қазақстанның Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі;
- Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық;
- «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

# Тұрақты даму туралы есеп: E аспектісі

## Қоршаған ортаны қорғау

### Басқару тәсілі

GRI 3-3, GRI 2-25

Өз қызметінің ерекшелігіне байланысты Компания қоршаған ортаға және қатысу аймақтарындағы халықтың өмір сүру сапасына айтарлықтай теріс әсер етпейді. Компания ресурстарды ұтымды пайдалану, энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ өндірістік процестерді жетілдіру арқылы өз қызметінің экожүйелерге әсерін барынша азайтуға тырысады.

#### Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі

«Қазақтелекомда» экологиялық аспектіні басқару үшін корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі қызмет етеді. Компания ISO14001 халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған. Бұл жүйенің мониторингі атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту және ақпаратты берудің экологиялық қауіпсіз технологияларын пайдалану процестеріне түседі. Бұдан басқа, жүйе Компания қызметі барысында экологиялық тәуекелдер мен ықтимал экологиялық салдарлардың есебін жүргізеді, сондай-ақ Компания объектілерінде энергия үнемдейтін және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу, сондай-ақ жабдықтарды жаңғырту есебінен телекоммуникациялық қызметтер көрсету процесінде энергия тұтынуды азайту жөніндегі мәселелерді шешумен айналысады. «Қазақтелеком» АҚ ISO14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ЭМЖ-ні жүйелі түрде жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. Осы іс-шаралар шеңберінде ішкі және сыртқы аудиттер жүзеге асырылады.

**«Қазақтелеком» АҚ экологиялық менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкес және озық халықаралық тәжірибелерді ескере отырып құрылған.**

#### ҚОҚ-ны басқарудың ұйымдық құрылымы

2023 жылы Компанияның қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) саласындағы ұйымдық құрылымы өзгеріссіз қалды. Экологиялық мәселелерді басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына жауапты департамент бұл қызметті бас кеңсе деңгейінде де, филиал деңгейінде де үйлестіреді. Барлық жоспарлау, үйлестіру, Компанияның экологиялық тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ қауіптерді анықтау Стратегиялық басқару жөніндегі Бас директордың құзыретінде болады.

#### ҚОҚ саласындағы «Қазақтелеком» Компаниялар тобының негізгі реттемелеуші құжаттары

GRI 2-23

Компанияда қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті реттейтін бірқатар ішкі нормативтік құжаттар бар. Осы құжаттардың ережелерін Компанияның әрбір қызметкері орындауға міндетті:

- Экологиялық саясат;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы (бұдан әрі - ТКДБ);
- «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Ішкі экологиялық тексеру бағдарламасы;
- «Қазақтелеком» АҚ биоалуантүрлілігін басқару және сақтау бойынша нұсқаулық;
- «Қазақтелеком» АҚ жер ресурстарының мониторингі, есеп беру және қалпына келтіру бойынша нұсқаулық;
- Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау жөніндегі құжатталған рәсім;
- Еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және басқа да талаптарды сәйкестендіру жөніндегі құжатталған рәсім;
- Кәсіби денсаулық,

қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштердің мониторингі бойынша құжатталған рәсім;

- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі құжатталған рәсім;
- Апаттық жағдайларға дайындық және ден қою бойынша құжатталған рәсім.

**Сақтық қағидасы**

Компания ҚОҚ үшін сақтық қағидасын қолданады. Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі экологиялық тәуекелдерді бағалайды. Компанияда қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау бойынша құжатталған рәсім енгізілді. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін жобалардың әсерін және ықтимал салдарын талдайды және анықтайды.

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым бағыттар**

Қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мыналар да ықпал етеді:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары. Жоспар табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, мониторинг жүргізу және Компания қызметкерлері арасында ҚОҚ-ты қорғау жөніндегі экологиялық бастамаларды ілгерілету жөніндегі 30 негізгі іс-шараны көрсетеді;
- 2022–2032 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ-ның ТКДБ. Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес көміртегі ізін азайту жөніндегі стратегиялық міндетті іске асыру шеңберінде әзірленген.

**Экологиялық саясат пен Төмен көміртекті даму бағдарламасына сәйкес Компания табиғат қорғау саласындағы дамудың мынадай басым бағыттарын айқындады:**

- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- климаттың өзгеруі мәселесінің аса маңыздылығын түсіну;
- заңнаманы, ұлттық және халықаралық экологиялық стандарттарды сақтау;
- Компания қызметін әзірлеу және жүзеге асыру кезінде тұрақты даму қағидаттарын сақтау;
- Экологиялық менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін Компания басшылығының барлық деңгейдегі жауапкершілігі;
- барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді және ашық экологиялық ақпаратты ашу.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2022–2023 жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде есепті кезеңде атмосфераға шығарындылар, қалдықтардың пайда болуы және биоалуантүрлілік бөлігінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайту бойынша іс-шаралар іске асырылды. Бұл туралы толығырақ «Атмосфералық шығарындылар», «Қалдықтарды басқару» және «Биоалуантүрлілікті сақтау» бөлімдерінен оқыңыз.

Қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық талаптар мен ESG қағидаттары туралы хабардар болуын арттыру шеңберінде Компанияда «Тұрақты даму және басымдықтар, Компанияның бизнес-процестеріне ESG-қағидаттарын біріктірудің мерзімдері мен ықтимал нәтижелері» және «Төмен көміртекті даму» тақырыптарында бетпе-бет және онлайн форматтарда бірқатар семинарлар өткізілді.

## Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтау

GRI 2-27

«Қазақтелеком» АҚ жыл сайын Компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін іс-шараларды іске асырады. 2023 жылы табиғатты қорғау заңнамасын бұзу тіркелген жоқ. Есепті жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін қаржылық емес санкциялар мен өзге де әкімшілік жазалар қолданылмады. 2023 жылы Компания қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін экологиялық төлемдерді төледі.



**2023 жылы табиғатты қорғау заңнамасының бұзылуы тіркелген жоқ.**

**Есепті жылы Компанияға қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін қаржылық емес санкциялар және өзге де әкімшілік жазалар қолданылмады.**

## Табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалған шығындар, мың теңге

| Шығын баптары | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| ҚОӘБ жобаларын, шығарындылар нормативтерінің жобаларын әзірлеу және өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу, санаттарды растау | 38 212 | 0 | 82,2 |
| ҚО-ға теріс әсер еткені үшін төлемдер, барлығы | 7 101 | 12 526,7 | 12 500,0 |
| Оның ішінде стационарлық көзі бойынша | 0 | 1 686,8 | 0 |
| Барлығы | 45 313 | 12 526,7 | 12 582,2 |



2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Ішкі экологиялық тексерулер бағдарламасына сәйкес Оңтүстік өңірі мен Алматы облысының филиалдарына қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың сақталуына ішкі экологиялық тексерулер жүргізілді:

- «Желі» дивизионы» бірлестіктері.
- «Телеком жиынтығы» дирекциясы.
- Ақпараттық технологиялар дирекциясы.
- Сервистік фабрика.

Тексеру қорытындысы бойынша Компания филиалдары қоршаған ортаны қорғау саласындағы анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі, оларды жауапты қызметкерлер жойды.



## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1) ESG-рейтингін алуға қатысу.

2) Қоғам филиалдарындағы қоймаларда қалдықтар көлемін азайтуға қол жеткізу бойынша ПӘК белгілеу.

## Атмосфераға шығарындылар

GRI 3-3

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын жоспарлы түрде азайту «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Компания жыл сайын атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды орындайды.

Қазандықтар мен автокөліктер атмосфералық ауаға әсер етудің негізгі көздері болып табылатындығын ескере отырып, Компания оларға уақтылы техникалық қызмет көрсетуіне ерекше назар аударады, сондай-ақ өндіруші компанияның ұсынымдарына сәйкес генераторларды, бензоагрегаттар мен автокөлік құралдарын пайдалануды жүзеге асырады. Белсенділігі төмен кезеңдерде жабдықтың қозғалтқыштары ажыратылады; электр қуаты өшкен жағдайда стационарлық генераторлар пайдаланылады. Компанияда ластаушы заттардың шығарындылары бойынша есеп беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерге сәйкес тоқсан сайын орындалады.

GRI 305-6

### Озонды бұзатын заттар (ОБЗ) шығарындыларының көлемі, килограмм CFC-11-экв.[2]

| Көрсеткіштің атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Импортталды | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Экспортталды | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Өндірілді | 89,4 | 56,8 | 124,7 | 105,415 |

[2] Трихлорфторметан (ХФУ-11-экв.).

2023 жылы Компания озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасының әдістемесіне сәйкес Компания объектілеріндегі тоңазытқыш қондырғыларда қолданылатын келесі озонды бұзатын заттар бойынша есептеулер жүргізді: R-407C, R-410A тоңазыту агенттері, хлордифторметан (R-22), дифторметан (R-32). Озонды бұзатын заттар шығарындыларының негізгі өндірушісі 100% үлесі бар R-22 тоңазыту агенті болып табылады. 2023 жылы озон қабатын бұзатын заттар шығарындыларының 15,46%-ға төмендеуі байқалды.

Компаниядағы тоңазыту агенттерді есепке алу баллондар мен килограммдарда жүзеге асырылады. ОБЗ есептеу кезінде 0,055-ке тең озонды бұзатын потенциал коэффициенті қолданылды.

GRI 305-7

## Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының құрылымы, тонна

| Шығарынды түрі | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| NOx | 68,8 | 73 | 5,478 |
| $SO_2$ | 29,1 | 31 | 7,199 |
| CO | 103 | 109 | 18,527 |
| Шаң | 55,6 | 57 | 18,322 |
| Басқа шығарындылар | 25,1 | 23 | 2,824 |
| Барлығы | 281,7 | 294 | 52,350 |

*Кестеге ескертпе: 2023 жылға арналған деректерді беру әдістемесі өзгерді. 2021–2022 жылдарға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі (реттелмейтін + реттелетін) көрсетілді. 2023 жылы парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі 228,57 тонна болды, оның ішінде мемлекеттік органдарға берілген статистикалық есептілік негізінде реттелетін (2-Тп ауа нысаны) – 52,3 тонна.*

2023 жылы атмосфералық ауаға ластаушы заттар (ЛЗ) шығарындыларының жалпы көлемі реттелмейтін ластаушы заттар (ЛЗ) бойынша 228,573 тоннаны құрады, оның ішінде реттелетін ЛЗ бойынша – 52,350 тонна болды. Ластаушы заттарды есептеу бекітілген Қоршаған ортаға эмиссия нормативтерін анықтау әдістемесі негізінде жүргізілді. Ауаны ластаушы заттардың негізгі көздері көміртегі тотығы (CO) және шаң болып табылады - олар сәйкесінше 35,4% және 34,9% құрайды.

Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес автономды жылыту жүйелері мен дизель-генератор қондырғыларының жұмысы үшін Компанияда шекті рұқсат етілген шығарындылардың жобалары әзірленуде. 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ Жамбыл облысындағы нысандарда ағынды суларды басқару шараларын жүзеге асыруға байланысты нысандарды екінші санаттан төртінші санатқа ауыстырды.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту бойынша келесі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

1) Ластаушы заттардың мониторингі және шығарындыларды тіркеу.

2) Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемін қысқарту бойынша сандық нысаналы көрсеткіштерді енгізу.



# Су ресурстары

GRI 3-3

GRI 303-1, 303-2, 303-3, 303-4, 303-5

Компания жыл сайын су ресурстарын ұтымды пайдалануға және ауыз су сапасын үнемді жұмсауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады, Компания су ресурстарына айтарлықтай әсер етпейді. Сумен жабдықтаудың негізгі көздері сумен жабдықтау ұйымдарының (су арналарының) сулары болып табылады. Компания қалалық сумен жабдықтау желілерінен басқа ұңғымалардан және басқа көздерден суды пайдаланбайды.

Компанияның барлық нысандарында су ресурстарын тиімді пайдалану Экологиялық саясаттың басым мақсаты болып табылады. Компаниядағы су ресурстарын басқару реттемелеуші құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Компанияның бұйрығымен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020–2030 жылдарға арналған экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу жоспары;
- Компанияның бұйрығымен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022–2023 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

### Су тұтыну

GRI 303-3, 303-5

## Жалпы су жинау көлемі, мың м$^3$

| Көрсеткіштің атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы су жинау көлемі | 369,5 | 391,9 | 257,2 | 250,313 |

*Кестеге ескертпе: Компанияның су тұтынуы 2023 жылы 251,005 мың м$^3$ құрады.*

GRI 303-1, 303-3

Сумен жабдықтаудың негізгі көздері сумен жабдықтау ұйымдарының (су арналарының) сулары болып табылады. Компания су тапшылығы бар өңірлерде жер үсті және жерасты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды. 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020–2030 жылдарға арналған экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу жоспарының» іс-шараларын іске асыру есебінен су жинау2,75%-ға төмендегені байқалды.

### Ағынды сулардың төгіндісі

Компания суды тек санитарлық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланады. Компанияның барлық ағынды сулары келісімшартқа сәйкес орталық кәріз желілеріне төгіледі.

GRI 303-4

### Көздер бойынша бөлінген төгінділердің жалпы көлемі, мың м³

| Көрсеткіштің атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Төгінділердің жалпы көлемі, оның ішінде: | 369,5 | 391,9 | 245,9 | 251,005 |
| бөгде ұйымдарға кәдеге жаратуға берілетін сулар | 0 | 0 | 0,1 | 0 |
| орталық кәріз жүйесі арқылы берілетін сулар | 369,5 | 391,9 | 245,8 | 251,005 |

**Магистральдық желілер қиылысатын жерлердегі су объектілеріне Компания қызметінің әсерін бағалау**

2023 жылы Компания қызметінің су ресурстарына әсерін бағалау шеңберінде магистральдық желілер қиылысатын жерлерде су объектілерінің суына мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында кабельді су түбімен төсеу әдістері, кабельдің су астында жатуы және оның су сапасы мен су жануарлары әлеміне әсері зерттелді. Мониторинг нәтижелері бойынша су объектілеріне тән шекті рұқсат етілген шоғырланулардың асып кетуі анықталған жоқ. Жануарлар әлемі мен жағалау белдеуінің сандық және сапалық құрамы өзгерген жоқ. Осы бағалау нәтижелері бойынша кабельдің су объектілеріне теріс әсер етпейтіні анықталды.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1) Әкімшілік үй-жайларда суды үнемдеуге арналған құрылғыларды орнату (су шығынын реттегіштер, сенсорлық араластырғыштар).





# Қалдықтарды басқару

GRI 3-3, GRI 306-1, 306-2

Компания қалдықтарды жауапкершілікпен және қауіпсіз қолдануға көп көңіл бөледі. Біз қалдықтардың пайда болу көлемін азайтуға және қайта өңдеуге берілетін қалдықтардың үлесін арттыруға тырысамыз.

Компанияда Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы заңнамасына сәйкес пайда болған қалдықтарды жинауды, уақытша сақтауды, кәдеге жаратуды, әкетуді және мониторингті қоса алғанда, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару тәртібін көрсететін «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару» Құжатталған рәсімі қолданылады. Компанияда қалдықтардың көлемін есепке алу журналдарда, сондай-ақ қалдықтардың қозғалысы туралы актілер (есептен шығару, қабылдау- тапсыру, кәдеге жарату актілері және т.б.) негізінде тіркеледі.

«Сервистік фабрика» компаниясының филиалы қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы бизнес-процестерді жетілдіру және оңтайландыру бойынша жобаларды енгізеді. Жыл сайын «Сервистік фабрика» Компания қалдықтарының мынадай түрлерін өткізу және кәдеге жарату жөніндегі ұйымдармен келісімшарт жасасады:

- электрондық-электр жабдықтары (климатехника, тұрмыстық электр аспаптары, электр энергиясын есепке алу аспаптары, резервтік қоректендіру көздері (ДГҚ, ДГА, шағын электр станциялары), үздіксіз қоректендіру көздері, ЭҚК құралдары, трансформаторлық қосалқы станциялар, электр аспаптары және т.б.);
- химиялық ток көздері (әр түрлі типтегі аккумулятор батареялары);
- құрамында сынап бар қалдықтар (люминесценттік шамдар);
- пайдаланылған майлар (ДГА, автокөлік құралдары, трансформаторлық қосалқы станциялар және т.б. пайдаланылған майлар);
- макулатура (қағаз);
- қаптама (қаптама материалының барлық түрлері).

GRI 306-3

### Пайда болған қалдықтардың көлемі, тонна

| Көрсеткіштің атауы | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Қауіпті қалдықтар | 29,0 | 53,49 |
| Қауіпті емес қалдықтар | 12,7 | 7,25 |
| Жалпы пайда болған қалдықтар | 41,7 | 60,74 |

2023 жылы пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі (қатты тұрмыстық қалдықтарды есептемегенде) 60,74 тоннаны құрады. Қалдықтардың барлық көлемін үшінші тарап кәдеге жаратады. 2023 жылы пайда болған қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 3 234 тоннаны құрады.

GRI 306-5

## Қауіптілік сыныптары бойынша бөліністе жойылған қалдықтардың көлемі, тонна

| Көрсеткіштің атауы | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Қауіпті қалдықтар | 29,0 | 53,49 |
| Қауіпті емес қалдықтар | 12,7 | 7,25 |
| Барлық жойылған қалдықтар | 41,7 | 60,74 |

2023 жылы аккумуляторлық батареялардың физикалық тозуына байланысты кәдеге жаратуға берілген қалдықтар көлемінің ұлғаюы байқалады.

2023 жылы Компанияның қалдықтардың 21 түріне арналған қалдықтар паспорттарының бірыңғай экопорталында әзірлеу және тіркеу орындалды. Компания сонымен қатар арнайы контейнерлер мен қалдықтарды уақытша жинау және сақтау алаңдарын орната отырып, алаңдарда қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру мүмкіндігін пысықтауда.

### Есептен шығарылған телекоммуникациялық жабдықпен жұмыс істеу

Компания есептен шығарылған телекоммуникация құралдарын (клиенттік цифрлық жабдық (STB-приставкалар, CDMA терминалдары, модемдер, маршрутизаторлар, мультиметрлер, модульдер, басқару тақталары, терминалдар және басқа жабдықтар) және кеңсе техникасы) оларды сату үшін аукцион өткізетін үшінші тарап ұйымдарына өткізуге жібереді. Тиісті жағдайда есептен шығарылған телекоммуникациялық жабдық Компанияның бұйрығымен бекітілген «Есептен шығарылған телекоммуникация құралдарын бөлшектеу және кәдеге жарату ережелері» ұйымының стандарты негізінде қосалқы бөлшектер ретінде пайдаланылады. Есептен шығарылған жабдықтың бір бөлігін (оның ішінде мыс кабелін, кабель сынықтарын пайдалана отырып, кабельдік байланыс желілерін) Компания мамандандырылған ұйымдарға түсті және қара металдарды сақтауға және кәдеге жаратуға береді.



## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания қалдықтарды тиімді басқару бойынша келесі іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

1) Өндіріс және тұтыну қалдықтарына түгендеу жүргізу.

2) Қалдықтарды бөлек жинауды кеңейту.

3) Қалдықтардың қауіптілік сыныптары бойынша есепке алуды енгізу.



# Биоалуантүрлілікке әсері

GRI 3-3, GRI 304-1, GRI 304-2

Компания биоалуантүрлілік құндылығы жоғары қорғалатын және басқа аумақтарда жұмыс істемейді.

«Қазақтелеком» АҚ Экологиялық саясатқа сәйкес биоалуантүрлілік деңгейін арттыруға жәрдемдесуге және қорғалатын аумақтарда өндірістік қызметті жүргізуге жол бермеуге міндеттенеді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары учаскелерінде (оның ішінде кабельдерді төсеу бойынша) өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау шеңберінде Компания топырақ эрозиясының қаупін барынша азайтатын және бұзылған жер учаскесінде өсімдік қабатын қалпына келтіруге ықпал ететін механикалық және биологиялық қалпына келтіру жұмыстарын орындайды.

2023 жылы Компанияда «Қазақтелеком» АҚ-ның биоалуантүрлілікті басқару және сақтау жөніндегі нұсқаулық» қабылданды, ол телекоммуникациялық жабдықтар мен магистральдарды, сондай-ақ Компания қызметінің басқа да бағыттарын орнату және пайдалану процесінде және қалпына келтіруден кейінгі кезеңде биоалуантүрлілікті бағалауға және мониторинг жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның биоалуантүрлілікті басқару және сақтау жөніндегі нұсқаулықпен Компанияның сайтында танысуға болады.

2023 жылы Компания телекоммуникациялық жабдықтар бар жерлерде биоалуантүрлілікке, жер, су ресурстарына қызметтің әсерінің тәуелсіз бағалауын жүргізді. Бағалауды «Қазтэко» ЖШС жүргізді.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Компанияның жер ресурстарына, биоалуантүрлілікке теріс әсері анықталған жоқ. Флора, фауна және жер ресурстарының сапалық және сандық көрсеткіштері қор деректерімен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Мониторинг бойынша егжей-тегжейлі есепті Компанияның сайтынан табуға болады.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жалғастыру жоспарлануда. Жоба шеңберінде биоалуантүрлілікке, атмосфералық ауаға, жер және су ресурстарына, қоршаған ортаға және қалалық ортадағы халыққа физикалық әсерге мониторинг жүргізілетін болады. Мониторинг жүргізу үшін негізгі қалалар болып жоғары жылдамдықты 5G интернетті енгізуге және осы қалаларда базалық станцияларды орнатуға байланысты Астана, Алматы, Шымкент қалалары таңдалды.



# Энергия тиімділігі

## Біздің тәсіл

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ өзінің өндірістік қызметінің энергия тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ресурс үнемдейтін технологияларды қолдануға ұмтылады.

2023 жылы «Энергоменеджмент саласындағы саясат» әзірленіп, бекітілді және Энергия ресурстарын тұтынатын өндірістік объектілердің энергетикалық тізіліміне талдау жүргізілді. «Энергия түрлерін сәйкестендіру. Негіздерді анықтау. Энергетикалық талдау» құжатталған рәсімі әзірленді және бекітілді, ол энергетикалық тізілім жабдықтарының сандық және сапалық көрсеткіштерін бақылаудың ішкі рәсімдерін көздейді.



**«Қазақтелеком» АҚ энергоменеджмент саласындағы саясатының» қағидаттары:**

- ҚР заңнамасының, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарын сақтау.
- Өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы ең үздік қолжетімді технологиялар деңгейіне қол жеткізуге ұмтылу.
- Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану.
- Компанияның энергетикалық тиімділігі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі.

Саясаттың қағидаттары мен ережелері келесі салаларға қолданылады: телекоммуникация қызметтерін ұсыну, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды басқару, телекоммуникация желілері мен инфрақұрылымды ағымдағы пайдалану.

**Саясаттың негізгі бағыттары:**

- Компания қызметкерлерінің кәсіби деңгейін, сондай-ақ персоналдың энергия үнемдеу және өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы білімін жүйелі және мақсатты түрде арттыру.
- Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы заңнамалық талаптардың, ұлттық және халықаралық стандарттардың өзгерістеріне ден қою және ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру.
- Мүмкіндігінше сатып алу кезінде критерийлердің бірі ретінде энергия тиімділігін есепке алуды қамтамасыз ету.
- Негізгі технологиялық және энергетикалық жабдықтарды жаңғырту кезінде неғұрлым энергетикалық тиімді шешімдерді таңдауды қамтамасыз ету.
- Негізгі және қосалқы өндірістік процестерде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну мен өндірудің үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету.
- Кәсіпорын персоналын энергия үнемдеуге тарту және ынталандыру тетіктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

## Баламалы энергетика

Қазақстан өз алдына жаңартылатын энергия көздеріне қатысты ЖЭК-тен электр энергиясын өндіру мен тұтыну үлесін ұлғайту жөнінде өршіл мақсаттар қойды. «Қазақтелеком» АҚ осы мақсатты толығымен қолдайды және болашақта ЖЭК-тен энергия тұтыну үлесін арттыруға дайын. ТКДБ-ға сәйкес «Қазақтелеком» АҚ 2032 жылы жасыл сертификаттарды сатып алу мүмкіндігін қарастыруда. Жасыл сертификаттарды сатып алу қазба отындарын жағу есебінен өндірілген импортталған электр энергиясын ЖЭК-тен «жасыл» электр энергиясына ауыстыру есебінен 2-қамту бойынша ПГ жанама шығарындыларының көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

## Ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

«Қазақтелеком» АҚ-да ресурс үнемдеуші технологияларға көшу және энергия тиімділігін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Компания өзінің энергия өндіруші объектілерінің жұмысы кезінде импортталатын электр, жылу энергиясын және отын ресурстарын тұтынуды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

Іс-шаралардың негізгі бағыттары:

- Технологиялық жабдықты жаңғырту.
- Люминесцентті шамдарды әкімшілік бөлмелердегі жарықдиодты шамдарға ауыстыру.
- Жарықтандыру жүйесіне арналған қозғалыс/болу датчиктерін орнату.
- Дербес компьютерлер үшін ұйқы режимін орнату, сондай-ақ дербес компьютерлерді автоматты түрде өшіру үшін бағдарламалық жасақтаманы орнату.
- Терезелерге шағылыстыратын пленканы орналастыру.
- Мыс желілерін заманауи оптикалық-талшықты технологияларға дедупликациялау және жаңғырту.
- Жаңа ДӨО салу кезінде «фрикулинг» технологиясын қолданатын климаттық жүйелерді пайдалану.
- Энергия тиімділігін арттыру үшін қолданыстағы ДӨО-ны жаңғырту.
- Ғимараттар мен құрылыстарды терможаңғырту.
- Пайдаланылатын жылытылатын үй-жайларды оңтайландыру (пайдаланылмайтын үй-жайларды қысқарту).

GRI 302-1

## Отын ресурстарын жалпы тұтыну, ГДж

| Көрсеткіштің атауы | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Бензин | 180 543 | 197 783,44 |
| Дизель отыны | 67 570 | 107 904,89 |
| Көмір | 19 324 | 21 445 |
| Табиғи газ | 101 415 | 108 074 |
| Мотор отыны ретінде сұйытылған газ (пропан) | 50 181 | 23 165 |
| Ағаш отыны | - | 528,23 |
| ОЭР-ды жалпы тұтыну | 419 035 | 458 902 |

2023 жылы отын тұтынудың жалпы көлемі 458 901,71 ГДж құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 8,7%-ға жоғары. Энергияның негізгі көздері бензин мен дизель отыны болып табылады. Компанияда 248 жылжымайтын мүлік объектілерінде, оның ішінде дизель отынымен (103 объектіде), газбен жылытумен (103 объектіде), қатты отынмен (39 объектіде, оның ішінде электр қазандықтарында – 28 объекті) жұмыс істейтін автономды жылыту жүйелері пайдаланылады. 2023 жылы минустық температурадағы ұзақ кезеңге байланысты стационарлық көздерге (қазандықтарға) отын тұтынудың айтарлықтай өсуі байқалады.

GRI 302-1

## Меншікті технологиялық қажеттіліктерге жылу және электр энергиясын тұтыну, ГДж

| Көрсеткіштің атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясы | 639 333 | 717 085 | 622 298 | 620 135 |
| Жылу энергиясы | 373 375 | 350 071 | 294 185 | 411 892 |

2023 жылы электр энергиясын тұтыну 620 135 ГДж құрады. ДК-ні ұйқы режиміне ауыстыру және шамдарды толық өшіру мен электр энергиясын аз тұтынатын шамдарға ауыстыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 0,35%-ға төмендеді.

GRI 302-3

## Энергия сыйымдылығы

| Көрсеткіштің атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы энергия тұтыну, ГДж | 1 433 513 | 1 493 719 | 1 335 517 | 1 490 928,9 |
| Қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірістер, млн теңге | 527 330 | 594 193 | 635 665 | 669 467 |
| Меншікті энергия тұтыну, ГДж/млн теңге | 2,7 | 2,5 | 2,1 | 2,23 |

GRI 302-4, GRI 305-5

## Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру есебінен энергия тұтынуды жалпы қысқарту

| Көрсеткіштің атауы | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Мыс желілерінің дедупликациясы, ГДж | 7 761 | 0 |
| Люминесцентті шамдар мен қозғалыс датчиктерін ауыстыру, ГДж | 605 | 1 056,15 |
| Ұйқы режимі және толығымен өшіру арқылы ДК-нің қуат тұтынуын азайту | 0 | 3 269,89 |
| Энергия ресурстарын тұтынудың жалпы қысқаруы, ГДж | 8 366 | 4 326,04 |



2023 жылы ТКДБ іс-шараларын іске асыру есебінен энергия тұтынудың жалпы қысқаруы 4 326,04 ГДж құрады. Нәтижесінде 11 458 ДК ұйқы режиміне қойылып, 2 731 жарықдиодты шам, 210 қозғалыс датчиктері орнатылды.

**4 326,04**
ГДж

2023 жылы энергияны тұтынудың жалпы төмендеуі ТКДБ іс-шараларын іске асыру есебінен

Компания жылыту жүйелерін газға біртіндеп ауыстыруды жоспарлап отыр, бұл энергия сыйымдылығын төмендетуге ықпал етеді.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылы энергия тиімділігін арттыру бойынша мынадай іс-шараларды орындау жоспарлануда:

1) Компания объектілерін жылыту маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде ғимараттар мен құрылыстарды жылыту арқылы жылу шығынын жою.

2) Автономды жылыту жүйелеріне техникалық қызмет көрсету.

3) Міндетті энергия аудитін жүргізу.





# Климаттың өзгеруіне қарсы күрес

## Біздің климаттық стратегиямыз

GRI 3-3, GRI 305-1, 305-2, 305-4

Еліміздің ірі телекоммуникациялық компаниясы бола отырып, «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның парниктік газдар шығарындыларын қысқарту жөніндегі жаһандық бастамаларға қатысуын қолдайды. Компания климаттың өзгеруінің салдарын бәсеңдетуге және Париж климаттық келісімін орындауға үлес қосуға тырысады. Біздің есепті кезеңде жетілдірілген ESG стратегиямызда климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласында да біз көшбасшы болуға ұмтылатын басым бағыттар тіркелген.

Төмен көміртекті дамуға көшу «Қазақтелеком» АҚ үшін стратегиялық басымдық болып табылады. Компания «2022–2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын» әзірлеп, енгізуде.

Компания парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша жұмыс жасауда және электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік беретін тиімділікті арттыру шараларын енгізуде. Біз неғұрлым экстремалды климаттық жағдайларда Компаниямыздың төзімділігін арттыру үшін шаралар қабылдап жатырмыз, әйтпесе бұл қымбатқа түсуі мүмкін. Біз миллиондаған клиенттерімізге парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және энергияны тиімдірек етуге көмектесетін инновациялық өнімдер мен қызметтер арқылы кірістердің өсуін қамтамасыз етеміз.

**Біздің климаттық стратегиямыздың негізгі басымдықтары:**

- Компанияның қызметінен және құн құру тізбегінің барлық кезеңдерінен парниктік газдар шығарындыларын декарбонизациялау және азайту.
- Баламалы энергия.
- Ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру.

Компания көміртегі ізін азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға ықпал ететін жобалар мен жаңа технологияларды (соның ішінде IoT) ілгерілетуді жоспарлап отыр. Компания цифрлық және телекоммуникациялық қызметтер мен өнімдердің кең спектрін әзірлеуге және ілгерілетуге ықпал ететін болады, бұл біздің

клиенттеріміздің және тұтастай Қазақстан Республикасының экономикасының парниктік газдар шығарындыларын қысқарту қарқыны мен темпіне оң әсер етуге мүмкіндік береді. Қазақстанда ЖЭК нарығын дамыту шеңберінде Компания баламалы энергияны сатып алуға, сондай-ақ отынның экологиялық түрлеріне көшуге ұмтылатын болады.

Төмен көміртекті даму саласындағы ашықтық пен айқындықты арттыру үшін Компания Carbon Disclosure Project (CDP) халықаралық платформасы шеңберінде жыл сайынғы климаттық есептілікті дайындауды жоспарлап отыр.

**Төмен көміртекті даму мақсаттарын орындау декарбонизация шараларын әзірлеумен және жүзеге асырумен, сондай-ақ Компанияның бизнес-моделіне климаттық аспектіні толық біріктірумен тығыз байланысты.**

## Біздің мақсаттарымыз

«Қазақтелеком» АҚ-ның стратегиялық мақсаты базалық 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай ПГ шығарындыларын 13%-ға қысқарту болып табылады. Компания ұзақ мерзімді ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық экономиканы декарбонизациялау жөніндегі алға қойған міндетін ескере отырып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндетін қояды.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның стратегиялық мақсаттары:**

- 2032 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 13%-ға қысқарту
- 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу.






### Климаттық тәуекелдерді басқару

Компания климаттық тәуекелдерді басқару бөлігінде корпоративтік жүйені жетілдіруді жоспарлап отыр:

- TCFD ұсынымдарына (климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу бойынша ұсыныстар) сәйкес климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіру жүргізіледі және климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіру үшін әдістемелік тәсіл әзірленеді.
- TCFD ұсынымдарына сәйкес климаттың өзгеруіне байланысты сценарийлерге талдау жасалады.
- Анықталған физикалық климаттық тәуекелдерге бейімделу жоспары әзірленеді.
- Жоғары атқарушы орган деңгейінде климаттық тәуекелдерді басқаруға жауапты адам тағайындалады.

Бұл туралы толығырақ келесі есептерімізде айтатын боламыз.



## Парниктік газдар шығарындылары

GRI 3-3

Компания келесі ішкі құжаттарға сәйкес парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022–2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы.
- Парниктік газдар шығарындылары мен энергия ағындары бойынша мониторинг пен есеп беру нұсқаулықтары.

GRI 2-24

2023 жылы Компания көміртегі ізін азайту шараларын жалғастырды. 2023 жылы Компанияның «Желі» дивизионы» бірлестігі және «Ақпараттық технологиялар бөлімі» филиалдары сатып алынған электр энергиясын тұтынуды 1201,303 МВт*сағат көлемінде азайтты. Алайда, 2023 жылы стационарлық шығарындылар көздеріне (қазандықтарға) және сатып алынған жылу энергиясына отын тұтынудың өсуі байқалады. Өсудің себебі ауа-райы жағдайлары: жауын-шашын мөлшері және минустық температура күндері болды.

GRI 305-1, 305-2

## Парниктік газдар шығарындыларының көлемі, тонна $CO_2$-экв.

| Көрсеткіштің атауы | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту), оның ішінде | 28 833 | 28 291 | 34 315,52 |
| көмірқышқыл газы ($CO_2$) | 28 750 | 27 851 | 34 306,83 |
| азоттың шала тотығы ($NO_2$) | 62 | 298 | 1,331 |
| метан ($CH_4$) | 20 | 142 | 7,359 |
| Парниктік газдардың жанама энергия шығарындылары (2-қамту) (электр және жылу энергиясы) | 225 417 | 204 276 | 200 537,51 |
| Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі | 254 249 | 232 567 | 234 853,03 |

*Кестеге ескертпе: ҚР-дағы энергиямен жабдықтау жүйесіндегі өзгерістерге байланысты (2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны енгізу) компаниялар 2-қамту ПГ жанама энергетикалық шығарындыларын есептеудің аумақтық әдісін (location-based method) ғана қолдана алады. Аумақтық әдісті қолдану үшін бенчмаркалармен анықталған ұлттық коэффициенттер қолданылады. Тиісінше, Компания жаңа әдіснамаға сәйкес 2023 жылғы көлемді есептеуді жүзеге асырды. Маңызды: есептеу тәсілінің өзгеруі тек сатып алынған электр энергиясының шығарындыларына әсер етті, сатып алынған жылу энергиясының шығарындылары әдеттегідей өзгеріссіз есептеледі.*

Компанияда биомассаның жануы мен ыдырауынан ПГ шығарындылары болмайды. 1-қамту ПГ шығарындыларын есептеу КӨҮСТ басшылығының негізінде отын тығыздығының жеке көрсеткіштерін қолдана отырып жүзеге асырылды. 2-қамту ПГ шығарындыларын есептеу экономиканың реттелетін секторларындағы бенчмарктердің бекітілген тізбесі негізінде жүзеге асырылды. Компанияның қоршаған ортаға биогендік әсері жоқ.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі 1 және 2 қамту бойынша 234 853,03 тонна CO2-экв құрады. Тікелей (1-қамту) және жанама энергия шығарындыларының (2-қамту) көлемі тиісінше + 17,6% және -1,8% – ға өзгерді.

**234 853,03**

тонна $CO_2$-экв.

парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (1 және 2 қамту) «Қазақтелеком» АҚ 2023 жылдың қорытындысы бойынша



## Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру есебінен парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, тонна $CO_2$-экв

| Көрсеткіштің атауы | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| ПГ шығарындыларының жалпы төмендеуі, тонна $CO_2$-экв. | 2 289 | 1 066 |

GRI 305-4

## Көміртексыйымдылық динамикасы, тонна $CO_2$-экв./млн теңге

| Көрсеткіштің атауы | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| 1 және 2-қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларының көлемі, тонна $CO_2$-экв. | 254 249 | 232 567 | 234 853,03 |
| Қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірістер, млн теңге | 594 193 | 635 665 | 669 467 |
| Көміртексыйымдылығы, тонна $CO_2$-экв./млн теңге | 0,42 | 0,394 | 0,35 |

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

**1)** Климаттық тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, оның ішінде:

- Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау және бағалау; анықталған физикалық климаттық тәуекелдерге бейімделу жоспары; TCFD ұсынымдарына сәйкес климаттың өзгеруіне байланысты сценарийлерді талдау.
- Компанияның корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне климаттық тәуекелдерді неғұрлым тиімді біріктіру.
- Басшылық лауазым деңгейінде жауапты тұлғаны тағайындау.
- TCFD ұсынымдарына сәйкес климаттық тәуекелдер туралы есептерді дайындау.

**2)** 2024 жылы қазбалы отын түрлерінің үлесін алмастыру ретінде төмен көміртекті энергия көздерін пайдалану жөніндегі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған ТКДБ іс-шараларын іске асыру.
- 13% көрсеткішіне қол жеткізу үшін төмен көміртекті даму бағдарламасын қайта қарап шығу.
- Стационарлық және мобильді көздерде қазбалы отынды тұтынуды азайту.

# Тұрақты даму туралы есеп: S аспектісі

## Қызметкерлермен қарым-қатынас

**Компания үшін ең үлкен құндылық - оның қызметкерлері. Компания өз қызметкерлеріне кәсіби және жеке даму үшін тең мүмкіндіктер береді және олардың қауіпсіздігі мен әл ауқатына қамқорлық жасайды.**

### Басқару тәсілі






«Қазақтелеком» АҚ өз қызметкерлеріне лайықты сыйақы мен әлеуметтік қолдау көрсетеді, қызметкерлерді оқыту мен дамыту бағдарламаларына инвестиция салады, еңбек жағдайларын жақсартуға ұмтылады.

Компаниядағы оқыту жүйесі әртүрлі жастағы қызметкерлерге жаңа дағдыларды үйренуге көмектеседі. 2023 жылы Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерін оқытудың орташа ұзақтығы: ерлер – 11,54 сағат, әйелдер – 11,84 сағатты құрады.

Компанияға цифрлық таланттарды тарту мақсатында «Қазақтелеком» жоғары оқу орындарымен белсенді жұмыс жасай отырып, кадрлармен қамтамасыз ету бойынша көп сатылы бағдарламаны құрады, ал болашақта өзінің болашақ қызметкерлерін мектептен бастап тәрбиелеуді жоспарлап отыр.

Компанияда қызметкерлерге арналған түрлі бағдарламалар бар: «Демеу» әлеуметтік қолдау бағдарламасы, медициналық сақтандыру бағдарламасы, жеңілдетілген шарттармен ипотекалық несиелеу бағдарламасы және т.б.

«Қазақтелеком» АҚ лауазымы мен жынысына қарамастан жалақы деңгейінде тең мүмкіндіктер береді. Компанияның орташа айлық жалақысының деңгейі қызметкердің лауазымына байланысты емес және Компаниядағы еңбекақы төлеу ережелеріне сәйкес айқындалады.

Компанияда 2021 жылы бекітілген және Компанияның адам ресурстарын басқару саласындағы негізгі стратегиялық бастамаларын бекітетін Employee Experience стратегиясын жүзеге асыру жалғасуда.



# Employee Experience Стратегиясы

## Ұйымдастырушылық даму

Жаңа жағдайлардағы басқару моделі:

- БКВ (ДУП) жобаларын басқару функциясы орталықтандырылды;
- қызмет сапасын басқару функциясы орталықтандырылды (Customer Service);
- B2C сервис желісінің 18 пункті оңтайландырылды.

Қызметтің тиімділігі:

- B5 және одан жоғары грейдтері бар қызметкерлер үшін тоқсан сайынғы сыйлықақыларға көшу (фокус/ПӘК сервисі);
- «Бизнес жұлдыздары» Big Data талдауы арқылы тиімді қызметкерлерді анықтау жобасы іске асырылды.

Еңбекақы төлеу жүйесінің тиімділігі:

- ЕТҚ бюджеттеудің экономикалық моделі енгізілді;
- бірегей техникалық мамандар, жобалау топтары және цифрлық трансформация топтары (FCF) үшін қосымша ынталандыру құралдары енгізілді.



## Әл-ауқат және денсаулық

Well-Being кешенді бағдарламасын енгізу:

- Well-Being кешенді бағдарламасы бекітілді:
  - Health Balance платформасы енгізілді (СӨС марафондары, психологиялық кеңес беру, денсаулық көрсеткіштерін бақылау);
  - ҚР-ның 5 қаласында «Кардиовизор» аппаратының көмегімен және тестілеу қорытындысы бойынша кеңес беру арқылы қызметкерлердің денсаулық жағдайына зерттеу жүргізілді;
  - денсаулықты қолдау бойынша 2 вебинар өткізілді;
  - қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден өткізу және вакцинациялау ұйымдастырылды.

Еңбек қатынастары жүйесін дамыту (Industrial Relations):

- IR скриниг арқылы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға мониторинг енгізілді;
- қызметкерлердің сұраныстарымен жұмыс жүйелендірілді (алгоритм/телеграмм-чаттар);
- қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығы мен әл-ауқатына тереңдетілген зерттеу жүргізілді (SRS 67%).

Әлеуметтік қолдау:

- «Демеу» бағдарламасы толықтырылды (толық емес отбасылар енгізілді). 1,8 мың қызметкерге 294 млн теңге сомасына көмек көрсетілді;
- мақсатты пайызсыз қарыздар беру жалғастырылды;
- жеңілдікті несиелеу бағдарламасы жалғасты;
- 01.06.2023 жылғы Ұжымдық шартқа келісім жасалды;
- 2024 жылға арналған ЕМС шарты жасалды.

## Корпоративтік мәдениет

CREDO корпоративтік құндылықтарын дамыту:

- жаңартылған корпоративтік құндылықтар бойынша кодекс әзірленді;
- құндылықтарды ілгерілететін амбассадорлар ретінде топ-менеджерлер тартылды;
- CREDO жобасы Батыс аймағында (4 облыс) іске асырылды, 170 көшбасшы – 43 жоба (1100 қатысушы);
- түлектердің ынтымақтастығы және CREDO жобаларын бизнестің жаңа шындығына өзектендіру ұйымдастырылды;
- филиалдарда құндылықтар мен құзыреттілік бейінінің (DEEP) ену диагностикасы жүргізілді;
- әйелдер көшбасшылығы форумы өткізілді.

Еңбегін мойындау:

- материалдық емес ынталандыру бағдарламасы іске қосылды:
  - Мамандығы бойынша үздіктер;
  - Мемлекеттік марапаттар;
  - Корпоративтік марапаттар;
  - Кәсіби мерекелер;
- қызметкерлерді марапаттау үшін 15 облыста ГДОЭ сапарлары ұйымдастырылды.

Династиялар бағдарламасы:

- IT-Summer Camp» – қызметкерлердің балаларына арналған жазғы АТ-лагері;
- Қызметкерлердің балаларына арналған HSE;
- қызметкерлердің балаларын жоғары оқу орындарында оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу.

Алғыс айту мәдениеті:

- қызметкердің порталында мерчтер мен басқа да тауарларды сатып алу үшін телекоиндерді жинақтау мүмкіндігімен «РАХМЕТ» функциясы енгізілді.

## ЕХ операциялық қызмет

Оқыту және дамыту:

- Корпоративтік университеттің 7 бейінді академиясының рөлдері мен құзыреттері әзірленді:
  - Қызмет көрсету және сату
  - Техникалық
  - Leadership&JAS
  - Қаржылық
  - HSE&ESG
  - EX
  - Digital
- мемлекеттік тілде қызмет көрсету бойынша ішкі жаттықтырушылар пулын қалыптастыру бағдарламасы іске қосылды;
- кадр резервін дамыту үшін eMBA жобалары жүзеге асырылды.

Жалдау және бейімделу:

- персоналды іріктеу процесін өзгерту:
  - Жоғары оқу орны – 26 меморандум;
  - Орта оқу орны – 40 меморандум;
  - Тағылымдамаға қабылданған – 1 267 студент. Жұмыспен қамтылғандар – 259 студент (20%);
- ktbot – бейімделу және даму көмекшісі енгізілді.

ЕХ процестерін цифрландыру:

- «Қызметкер порталы» экожүйесі іске қосылды. 9 мыңға жуық пайдаланушы;
- EJM бойынша 28 ЕХ процесі автоматтандырылды.

## «Қазақтелеком» АҚ-ның Кадр саясатының қағидаттары:

### Әлеуметтік жауапкершілік

Компания қызметкерлермен өзара қарым-қатынас орнату кезінде әлеуметтік әл-ауқатқа қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек қатынастары саласындағы заңнамасының талаптарын сақтайды.

### HR-жүйесінің ашықтығы

Компанияда стратегиялық мақсаттарды (Employee Experience бағдарламасы) іске асыру үшін жүйелік процестер (тағайындау, мансаптық өсу, оқыту және дамыту, тиімділікті бағалау және т. б.) арқылы HR функциясын басқарудың ашық процедурасы қолданылады.

### Сабақтастық

Компания қызметкерлерді оқыту мен дамытуды өз қызметкерлерінің сабақтастығының білікті деңгейіне жетудің құнды құралы ретінде қарастырады.

### Клиентке бағдарлану

HR функциясы бизнес кеңістіктегі оң беделін арттыру үшін клиенттермен нәтижелі өзара тиімді қарым-қатынас негізінде Компания қызметкерлері арқылы клиентке бағдарланған тәсілді жетілдіруге ұмтылады.

### Жеке жауапкершілік

HR функциясының қызметкерлері жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін Компанияның әрбір қызметкерінде жоғары тәртіп пен жеке жауапкершілікті қалыптастыруға тырысады.

### «Қазақтелеком» АҚ мен қызметкерлердің мүдделері мен мақсаттарының теңдігі

Компания өз қызметкерлерінің мүдделерін құрметтейді және әлеуметтік әл-ауқатқа жәрдемдесу мақсатында олардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктеріне негізделеді, сонымен қатар қызметкерлерден өз қызметі барысында оның мақсаттарына жету үшін Компания мүдделерінің сақталуын тең дәрежеде күтеді.

### Инновациялық ойлау

Компания инновациялық ойлауды бәсекелестік артықшылықтардың бірі ретінде қарастырады және осыған байланысты HR функциясы қызметкерлерді Компания ұсынатын өнімдер мен технологияларды оңтайландыру мен автоматтандыруға бағытталған инновациялық ойлауды қалыптастыру үшін барлық жағдайлармен қамтамасыз етеді.

## Персоналды басқару жүйесі

«Қазақтелеком» АҚ персоналды Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына, корпоративішілік ережелерге, саясаттар мен кодекстерге сәйкес басқарады, сондай-ақ осы саладағы үздік халықаралық тәжірибелерді ескереді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның персоналды басқару жүйесі Персоналды басқару және дамыту департаментінің қызметімен реттеледі. Департаменттің негізгі міндеттері тиімділік деңгейін арттыру, персонал мен корпоративтік мәдениетті дамыту болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын және өзінің барлық қызметкерлері үшін іріктеу, дамыту, лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету қағидаттарын қатаң сақтайды. Компания HR функциясының ұйымдастырушылық механизмдері мен процедураларын жетілдіруге ұмтылады.

2023 жылы Компанияда «Қазақтелеком» АҚ персоналын басқару саясаты» қабылданды.

Саясаттың негізгі бағыттары:

- Қоғам дамуының стратегиялық бағыттарын ескере отырып, адами ресурстарды дамыту арқылы білікті кадрларды тарту, ынталандыру және қолайлы жағдайлар жасау;
- Қоғамның стратегиялық мақсаттарын іске асыруға ықпал ететін корпоративтік мәдениетті тиімді дамыту;
- персоналды басқарудың заманауи әдістері мен озық технологияларын енгізу, EX-функциялардың тиімділігін арттыру үшін EX-процестерін жетілдіру.

**«Қазақтелеком» АҚ персоналын басқару саясатының» мақсаты – JRun қоғамының бизнес-стратегиясымен дамудың стратегиялық бағыттарымен (бұдан әрі – ДСБ) өзара байланыста персоналды басқарудың қағидаттары мен тұжырымдамалық тәсілдерін айқындау:**

1. **Jaqyn ДСБ: бизнесті трансформациялаудың негізі – тамаша клиенттік тәжірибе;**
2. **Birlik ДСБ: ішкі клиентке назар аудару және оның тәжірибесін жақсарту;**
3. **Alau ДСБ: деректердің барлық әлеуетін пайдалану, АТ-инфрақұрылымын жаңарту, ақпараттық қауіпсіздік, микросервистік АТ-архитектурасына көшу және бизнес мақсаттарын іске асыру үшін Multi-cloud ортасын құру;**
4. **Orken ДСБ: желіні жаңғырту және операциялық тиімділікті арттыру.**

Қызметкерлерді оқыту және дамыту мәселелерін басқарумен HR-жүйенің құрылымдық бөлімшесі – Қызметкердің тәжірибесін басқару қызметі айналысады. Оның қызметін ұйымдастыру Компанияның келесі ішкі құжаттарына негізделген:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның Білімді басқару ережесі.
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Employee Experience стратегиясы.
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Кадр пулын қалыптастыру және дайындау қағидалары.

# Қызметкерлердің саны мен құрылымы

GRI 2-7

## Қызметкерлердің тізімдік санының динамикасы, 2020–2023, адам

| | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Есепті кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қызметкерлер саны | 22 400 | 20 517 | 19 979 | 19 022 |

GRI 405-1

## Есепті кезеңнің 31 желтоқсанына жас топтары бойынша бөлінген қызметкерлердің құрылымы, 2022–2023, адам

| | 2022 жыл | | | | | | | 2023 жыл | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 30 жасқа дейін | | 30–50 жас | | 50 жастан асқан | | | 30 жасқа дейін | | 30–50 жас | | 50 жастан асқан | |
| Категория | Барлығы, адам | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Барлығы, адам | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % |
| Барлық қызметкерлердің саны | 19 979 | 3 876 | 19,4 | 10 989 | 55 | 5 114 | 25,6 | 19 022 | 3 317 | 17,4 | 10 659 | 56 | 5 046 | 26,5 |
| басшы лауазымдарда | 1 151 | 33 | 2,9 | 766 | 66,6 | 352 | 30,6 | 1 092 | 30 | 2,7 | 737 | 67,5 | 325 | 29,8 |
| мамандар | 13 149 | 2 607 | 19,8 | 7 606 | 57,8 | 2 936 | 22,3 | 12 949 | 2 398 | 18,5 | 7 569 | 58,5 | 2 982 | 23 |
| жұмыскерлер | 5 679 | 1 236 | 21,8 | 2 617 | 46,1 | 1 826 | 32,2 | 4 981 | 889 | 17,8 | 2 353 | 47,2 | 1 739 | 34,9 |

GRI 405-1

## Есепті кезеңнің 31 желтоқсанына жас бойынша бөлінген басқарушы органдардың құрылымы, 2022–2023, адам

| | 2022 жыл | | | | | | | 2023 жыл | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 30 жасқа дейін | | 30–50 жас | | 50 жастан асқан | | | 30 жасқа дейін | | 30–50 жас | | 50 жастан асқан | |
| Категория | Барлығы, адам | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Барлығы, адам | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % |
| Директорлар кеңесі | 7 | 0 | 0 | 5 | 71,4 | 2 | 28,6 | 7 | 0 | 0 | 5 | 71,4 | 2 | 28,6 |
| Басқарма | 4 | 0 | 0 | 4 | 100 | 0 | 0 | 6 | 0 | 0 | 4 | 66,7 | 2 | 33,3 |

2022 жылмен салыстырғанда «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарма құрамына тағы 1 әйел қосылды және 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша Басқарма мүшелерінің құрамындағы әйелдердің үлесі 33,3%-ды құрады.



GRI 405-1

## Есепті кезеңнің 31 желтоқсанына гендерлік топтар бойынша бөлінген қызметкерлердің құрылымы, 2022–2023, адам

| Категория | 2022 | | | | | 2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы, адам | Ерлер | | Әйелдер | | Барлығы, адам | Ерлер | | Әйелдер | |
| | | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % |
| Барлық қызметкерлердің саны | 19 979 | 12 589 | 63,0 | 7 390 | 37,0 | 19 022 | 12 006 | 63,1 | 7 016 | 36,9 |
| басшы лауазымдарда | 1 147 | 816 | 71,2 | 331 | 28,8 | 1 092 | 782 | 71,6 | 310 | 28,4 |
| мамандар | 13 862 | 7 112 | 51,3 | 6 750 | 48,7 | 12 949 | 6 620 | 51,1 | 6 329 | 48,9 |
| жұмыскерлер | 4 970 | 4 662 | 88,4 | 380 | 11,6 | 4 981 | 4 604 | 92,4 | 377 | 7,6 |

GRI 405-1

## Есепті кезеңнің 31 желтоқсанына гендерлік топтар бойынша бөлінген басқарушы органдардың құрылымы, 2022–2023, адам

| Категория | 2022 | | | | | 2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы, адам | Ерлер | | Әйелдер | | Барлығы, адам | Ерлер | | Әйелдер | |
| | | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % | | Адам | Үлесі, % | Адам | Үлесі, % |
| Директорлар кеңесі | 7 | 7 | 100 | 0 | 0 | 7 | 7 | 100 | 0 | 0 |
| Басқарма | 4 | 3 | 75 | 1 | 25 | 6 | 4 | 66,7 | 2 | 33,3 |

«Қазақтелеком» АҚ қатысатын аймақтар бойынша тұрақты және уақытша қызметкерлердің саны айтарлықтай өзгеруде.



GRI 2-7

## «Қазақтелеком» АҚ-нің тұрақты және уақытша қызметкерлерінің саны, 2023 жыл, аймақтар бойынша

| Аймақтың атауы | Тұрақты қызметкерлер саны, адам | Уақытша қызметкерлер саны, адам |
|---|---|---|
| Астана қаласы | 1 409 | 230 |
| Павлодар облысы | 801 | 85 |
| Алматы облысы | 609 | 64 |
| Қызылорда облысы | 541 | 19 |
| Ақтөбе облысы | 876 | 88 |
| Атырау облысы | 589 | 47 |
| Маңғыстау облысы | 411 | 39 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 850 | 53 |
| Қостанай облысы | 1 005 | 88 |
| Жамбыл облысы | 663 | 27 |
| Түркістан облысы | 563 | 18 |
| Шымкент қаласы | 677 | 79 |
| Абай облысы | 601 | 39 |
| Алматы қаласы | 3 678 | 416 |
| Жетісу облысы | 686 | 65 |
| Ақмола облысы | 1 013 | 50 |
| Қарағанды облысы | 1 033 | 80 |
| Ұлытау облысы | 114 | 15 |
| Батыс Қазақстан облысы | 539 | 48 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 754 | 60 |

Есепті кезеңде Компанияның мерзімсіз еңбек шарттары талаптарында жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны 17 412 адамды немесе жалпы персонал санының 91,5%-ын құрады.

GRI 2-7

## Есепті кезеңнің 31 желтоқсанына тұрақты және уақытша қызметкерлерінің саны, адам, гендерлік топтар бойынша

| Категория | 2022 год | | | 2023 год | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы, адам | Ерлер | Әйелдер | Барлығы, адам | Ерлер | Әйелдер |
| Қызметкерлердің тізімдегі саны, оның ішінде: | 19 979 | 12 589 | 7 390 | 19 022 | 12 006 | 7 016 |
| тұрақты | 17 896 | 11 337 | 6 559 | 17 412 | 11 045 | 6 367 |
| уақытша | 2 083 | 1 252 | 831 | 1 610 | 961 | 649 |

*Кестеге ескертпе: 2022 жылы қызметкерлерді тұрақты және уақытшаға бөлу әдістемесі 2023 жылғы есепті толтыру кезінде KPMG өкілдері ұсынған әдістемеден ерекшеленеді. Барлық жылдар бойынша деректер KPMG ұсынымдарына сәйкес келтірілген.*

GRI 2-7

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны 18 826 адамды немесе жалпы персонал санының 99%-ын құрады, бұл ретте ер қызметкерлердің саны 11 875 адамды, әйел қызметкерлердің саны 6 951 адамды құрады.

Есепті кезеңде Компанияда 196 адам немесе 1% толық емес жұмыспен қамту жағдайында еңбек етті, оның ішінде 131 ер адам және 65 әйел адам.

GRI 2-8

2023 жылы Компанияда азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімшарттар бойынша 275 қызметкер еңбек етті және олар Компаниямен уақытша сипаттағы жобаларға тартылды.

## Персоналды іріктеу

Компанияда персоналды іріктеу «Қазақтелеком» АҚ-ның персоналды іріктеу ережесіне» сәйкес жүзеге асырылады. Компаниядағы бос лауазымдар мен жұмысшы мамандарды жалдаумен Жалпы HR қызмет көрсету орталығы және Қызметкердің тәжірибесін басқару қызметі құрылымдық бөлімшелері айналысады.



**Персоналды іріктеу қағидалары:**

- бизнестің қажеттіліктерін ескере отырып, персоналды іріктеуді жоспарлау;
- лауазымға және Құзыреттілік моделіне қойылатын талаптарға негізделген нақты және ашық іріктеу критерийлері;
- ашық конкурстық рәсімдер;
- кандидаттың кәсібилігі, жеке қасиеттері және оның лауазымға қойылатын біліктілік талаптары мен құзыреттеріне сәйкестігі;
- меритократия қағидаты негізінде қабылданатын шешімдердің негізділігі;
- қызметкерлерді жалдау кезінде объективті шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әр лауазымға сәйкес келетін үміткерлерді бағалау әдістерін қолдану;
- кемсітушіліктің болмауы, барлық үміткерлерге кәсіби, ашық және құрметпен қарау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі;
- қызметкерлерді тарту және іріктеу үшін ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы.

Компанияда персоналды іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі. Бос лауазымға орналасу кезінде ішкі кандидаттар, оның ішінде кадр резервіне кіретін кандидаттар басым құқыққа ие болады. Білікті мамандарды іздеуге және таңдауға үміткерлер:

- Компания қызметкерлері, оның ішінде «Қазақтелеком» АҚ-ның кадр резервінде тұрған қызметкерлер;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Компаниялар тобының қызметкерлері;
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобының қызметкерлері;
- бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысатын кандидаттар;
- ЖОО түлектері, жоғары курс студенттері болуы мүмкін.

Компанияда Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы саясат қабылданды, оның негізгі қағидаттарының бірі әртүрлі командаларды қалыптастыруға ұмтылу және әртүрлілікті дамыту жөніндегі бастамаларды ілгерілету, соның ішінде жергілікті халық арасынан басым персоналды жалдау, сондай-ақ мақсатты персоналды жалдау болып табылады.

Қажет болған жағдайда Компанияда сыртқы кандидаттарды іріктеу жүргізіледі. Компанияда әлеуетті жаңа жұмысшыларды іздеу құралдары ретінде қолданылатындар:

- Samruk Qyzmet бірыңғай онлайн рекрутинг платформасында құрылған кандидаттардың электрондық деректер базасы (https://qsamruk.kz/);
- Компания қалыптастырған түйіндеменің электрондық базасы;
- түйіндеме дереккөрлары бар мамандандырылған сайттар (Qyzmet.kz., Kz.jooble.org және басқа);
- әлеуметтік желілер (Facebook, LinkedIn және басқа);
- Компания/«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ іске асыратын жас мамандарды дамыту/таланттарды басқару бағдарламалары түлектерінің электрондық деректер базасы.

**2023 жылы Компанияға 1 809 жаңа жұмысшы қабылданды. Олардың ішінде 81 адам - Компанияның кадрлық резервінен іріктелген кандидаттар. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің басым бөлігі 30 жасқа толмағандар.**

GRI 401-1

## Жаңадан жалданған қызметкерлердің саны, адам

| Компания бойынша барлығы: | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Гендерлік топтар бойынша: | 1 890 | 2 175 | 1 809 |
| Әйелдер | | | |
| Ерлер | 691 | 715 | 605 |
| Жас топтары бойынша: | 1 199 | 1 460 | 1 204 |
| 30 жастан кіші | | | |
| 30–50 жас | 1 164 | 1 216 | 928 |
| 50 жылдан асқан | 642 | 813 | 718 |
| Более 50 лет | 84 | 146 | 163 |

GRI 401-1

## Жаңадан жалданған қызметкерлердің коэффициенті, 2021–2023 жж., %

| Атауы | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Компания бойынша барлығы: | 0,09 | 0,11 | 0,10 |
| Гендерлік топтар бойынша: | | | |
| Әйелдер | 0,09 | 0,1 | 0,09 |
| Ерлер | 0,09 | 0,12 | 0,10 |
| Жас топтары бойынша: | | | |
| 30 жастан кіші | 0,23 | 0,28 | 0,28 |
| 30–50 жас | 0,06 | 0,08 | 0,07 |
| 50 жылдан асқан | 0,02 | 0,03 | 0,03 |



GRI 401-1

## Аймақтар бойынша жаңадан жалданған қызметкерлер саны, адам

| | Количество, чел | Количество, чел |
|---|---|---|
| Аймақтың атауы | 2022 | 2023 |
| Астана қаласы | 236 | 268 |
| Павлодар облысы | 110 | 91 |
| Алматы облысы | 86 | 73 |
| Қызылорда облысы | 27 | 14 |
| Ақтөбе облысы | 77 | 77 |
| Атырау облысы | 78 | 56 |
| Маңғыстау облысы | 57 | 46 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 101 | 63 |
| Қостанай облысы | 109 | 113 |
| Жамбыл облысы | 64 | 23 |
| Түркістан облысы | 28 | 14 |
| Шымкент қаласы | 105 | 86 |
| Абай облысы | 39 | 42 |
| Алматы қаласы | 578 | 495 |
| Жетісу облысы | 77 | 68 |
| Ақмола облысы | 104 | 56 |
| Қарағанды облысы | 123 | 86 |
| Ұлытау облысы | 35 | 24 |
| Батыс Қазақстан облысы | 66 | 55 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 75 | 59 |

# Жас мамандарды тарту

«Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлердің бейімделуі мен дамуына көмектесетін корпоративтік ақпаратқа, корпоративтік қосымшаларға және басқа да ақпарат көздеріне қол жеткізудің бірыңғай біріктірілген алаңын ұсынатын Білім орталығы жұмыс істейді.

Компания жоғары оқу орындарымен өзара әрекеттесуді жалғастыруда, студенттерге тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсынады, сондай-ақ жас мамандарды жұмысқа орналастырады.

Студенттерге арналған тағылымдамадан өтудің негізгі бағдарламаларының бірі Компанияда жеті жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқан PROTelecom бағдарламасы болып табылады. PROTelecom бағдарламасы аясында Қазақстанның 25 жоғары және 40 орта кәсіптік оқу орындарымен тағылымдамадан өтушілерді тарту бойынша меморандумдар жасалды.

2023 жылы PROTelecom бағдарламасы аясында Компанияда 1260 студент тағылымдамадан өтті. Оның 261-і Компанияға жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар, «Қазақтелеком» АҚ Telecom Data Factory тағылымдама бағдарламасын жалғастыруда, ол 3–4 курс және магистратура студенттеріне, сондай-ақ ЖОО-ның соңғы түлектеріне Компанияда 10 апталық қарқынды онлайн-тағылымдама курсынан өтуге мүмкіндік береді. Бұл курс студенттердің Компания мамандары арасынан тәлімгерлермен бірге Компания қызметіне қатысты қолданбалы практикалық міндеттерді шешуді қамтиды.

2023 жылы Telecom Data Factory аясында:

**25** тағылымдамадан өтуші Big Data-мен жұмыс істеу тәжірибесін алды.

**4** тағылымдамадан өтуші «Қазақтелеком» АҚ командасының мүшесі болуға мүмкіндік алды.



## Кадр резервін қалыптастыру қағидалары

**Объективтілік** — Кадр пулының құрамына кандидаттар бағалаудың объективті критерийлері негізінде айқындалады.

**Ашықтық** — Кадр пулын іріктеу және қалыптастыру рәсімдері ашық және жария түрде жүзеге асырылады.

**Еріктілік** — Кандидатты кадр пулына қосу қызметкердің қалауы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

**Тең мүмкіндіктер** — Белгіленген талаптарға сай келетін кез келген қызметкер кадр пулына енгізуге үміткерлерді іріктеуге қатыса алады.

**Меритократия** — Ең қабілетті және талантты қызметкерлердің негізгі басшылық лауазымдарға орналасу процесі.

## Кадр резерві

Компания «Таланттарды басқару» жобасын жүзеге асыруды жалғастыруда, оның мақсаты Компаниядағы негізгі лауазымдарды ауыстырудың негізгі ішкі көзі ретінде кадр резервін қалыптастыру және дайындау болып табылады.

Бұл жоба Компанияға жоғары кәсіби әлеуеті бар талантты қызметкерлерді анықтауға және ұстап қалуға көмектеседі. Бұл жоба аясында «Көшбасшылық мектебі» жұмыс істейді, онда резервтегі қызметшілер басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерді дамыту бойынша оқытудан өтеді.



**489** адам

Компаниядағы негізгі позицияларға резервтегі қызметшілердің жалпы саны (2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша)

**81** бос жұмыс орны

2023 жылы кадр резерві қатарынан жабылды

# Кадрлардың тұрақсыздығы

GRI 401-1

«Қазақтелеком» АҚ кадрлар тұрақсыздығын төмендетуге және Компания қызметкерлерінің дамуын ынталандыруға ықпал ететін кадрларды ынталандыру және ұстап қалу бағдарламаларын іске асырады.

2023 жыл ішінде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің жалпы саны 1 267 адамды құрады.

GRI 401-1

## Санаттар бойынша еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің жалпы саны, адам

| Атауы | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| «Қазақтелеком» АҚ | 1 882 | 2 341 | 1 444 | 1 267 |
| Гендерлік топтар бойынша: | | | | |
| Әйелдер | 530 | 690 | 417 | 345 |
| Ерлер | 1 352 | 1 651 | 1 027 | 922 |
| Жас топтары бойынша: | | | | |
| 30 жастан кіші | 899 | 1 144 | 579 | 482 |
| 30–50 жас | 843 | 1 045 | 747 | 666 |
| 50 жылдан асқан | 140 | 152 | 118 | 119 |

*Ескертпе: персоналдың тұрақсыздық коэффициенті – жалпы алғанда – 0,07%, әйелдер – 0,05%, ерлер – 0,08% (Компания персоналының орташа тізімдік санының үлесі).*

# Персоналды бағалау

«Қазақтелеком» өз қызметкерлерінің алдына нақты, өлшенетін мақсаттар мен міндеттер қояды, олар қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) түрінде тіркеледі, олардың орындалуы алынған сыйақыны анықтайды. Сондай-ақ Компанияда жеке даму жоспарының (ЖДЖ) жүйесі енгізілді, оның арқасында әрбір қызметкер өзінің білімі мен дағдыларын дамытуға, жеке тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға көңіл бөлу мүмкіндігіне ие болды.

Есепті кезеңде Компанияның 1 628 қызметкері (Компания қызметкерлерінің жалпы санының 8,56%) нәтижелілікті тұрақты бағалаумен қамтылды.



GRI 404-3

## Мансаптың дамуы мен нәтижелілікті тұрақты бағалаумен қамтылған қызметкерлердің үлесі, адам

| Атауы | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| «Қазақтелеком» АҚ | 681 | 530 | 1 628 |
| Гендерлік топтар бойынша: | | | |
| Әйелдер | 204 | 173 | 716 |
| Ерлер | 467 | 357 | 912 |
| Қызметкерлер санаты бойынша: | | | |
| Басшылар | 330 | 234 | 638 |
| Мамандар | 351 | 296 | 990 |
| Жұмысшылар | 0 | 0 | 0 |



# Сыйақы

1 КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ | 5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК | 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ | 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ

**«Қазақтелеком» АҚ өз қызметкерлерін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақымен қамтамасыз етеді.**

**104,2**
млрд теңге
«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылы еңбекақы төлеуге жұмсаған Шығындар

## Компаниядағы орташа айлық жалақының динамикасы, 2022–2023, теңге

Компания қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы, теңге




«Қазақтелеком» АҚ қабылдаған ынталандыру жүйесі қызметкерлердің еңбегін бағалаудың енгізілген жүйесін қоса алғанда, қызметкерлердің сыйақысы мен олардың жұмысының нәтижелері арасындағы нақты байланысты қамтамасыз етеді.

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру тәсілін реттейтін құрылымдық бөлімше – Сыйақы және ұйымдық тиімділік қызметі. Бұл бөлімшенің негізгі міндеті - қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті үнемді сыйақы жүйесін құру болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ-да Hay Group әдістемесі бойынша грейдтер жүйесі жұмыс істейді. Еңбекақы төлеу, қосымша төлемдер, үстемеақылар, ағымдағы және біржолғы сыйлықақылар, разрядаралық коэффициентті қолдана отырып, лауазым разрядын/санатын саралау тәсілдері сәйкестендірілді.

Есепті кезеңде Компанияда қызметкерлерге материалдық сыйақы беру бойынша келесі тәсілдер әзірленіп өзектендірілді:

- EBITDA жоспарлы көрсеткішін асыра орындағаны үшін «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне қосымша сыйақы беру туралы ереже.
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының қызметкерлеріне ағымдағы және тоқсандық сыйлықақы беру туралы ереже.
- Ағымдағы сыйақыны есептеу үшін филиалдың немесе филиалдың жекелеген ірі құрылымдық бөлімшелерінің жалпы ҚНК картасы.
- Тоқсан сайынғы сыйлықақыны есептеу үшін филиалдың немесе филиалдың жекелеген ірі құрылымдық бөлімшелерінің жалпы ҚНК картасы.
- «Қазақтелеком» АҚ цифрлық трансформация тобының сарапшыларын ынталандыру және data-лауазымдарына еңбекақы төлеу ережелері

GRI 405-2

Біз 2023 жылы Компания қызметкерлеріне сыйақы берудегі гендерлік алшақтыққа талдау жасадық. Талдау нәтижелері көрсеткендей, 2023 жылы Компаниядағы әйелдердің орташа табысы ерлерге қарағанда 11%-ға аз болды. 2022 жылы әйелдердің орташа жалақысы ерлердің орташа жалақысына қатысты 107,5% құрады.

**Компания қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуді қадағалайды және қызметкерлерге сыйақы берудегі әділ және тең құқылы тәсілдің сақталуын қамтамасыз етеді.**

GRI 202-1

**2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның ерлер мен әйелдер қызметкерлерінің еңбекақысының ең төменгі мөлшері 101 000 теңгені құрады. Елдегі ең төменгі жалақы мөлшерін 70 000 теңге деңгейінде екенін ескере отырып, Компания қызметкерлерінің ең төменгі жалақысының елдегі ең төменгі жалақы мөлшеріне қатынасы 2023 жылы 44%-ға жоғары болды.**

GRI 405-2

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлер санаттары бойынша бөліністегі ерлер мен әйелдердің жалақысының арақатынасы

| Көрсеткіш | Басшы лауазымдарда | Мамандар | Жұмысшылар |
|---|---|---|---|
| Жалақы, мың теңге: | | | |
| Ерлер | 514 | 246 | 163 |
| Әйелдер | 562 | 234 | 134 |
| Коэффициенті, % («Қазақтелеком» АҚ қызметкерлер санаттары бойынша бөліністегі әйелдер мен ерлердің негізгі жалақысының қатынасы) | 109 | 95 | 82 |

GRI 405-2

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлер санаттары бойынша бөліністегі ерлер мен әйелдер сыйақысының арақатынасы

| Көрсеткіш | Басшы лауазымдарда | Мамандар | Жұмысшылар |
|---|---|---|---|
| Сыйақы (негізгі қызметақы + сыйлықақы), мың теңге: | | | |
| Ерлер | 9 024 | 4 035 | 2 767 |
| Әйелдер | 9 068 | 3 293 | 1 680 |
| Коэффициенті, %<br>(«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлер санаттары бойынша бөліністегі әйелдер мен ерлердің сыйақы (негізгі қызметақы + сыйлықақы) мөлшерінің қатынасы) | 100 | 82 | 61 |

## Әлеуметтік тұрақтылық

Есепті кезеңде Компанияда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасты. «Қазақтелеком» АҚ дивизиондары мен филиалдарының HR-функциясының басшылары қызметкерлермен кездесулер өткізді, онда әлеуметтік-еңбек қатынастары, еңбекақы төлеу қоры, әлеуметтік қолдау мәселелері талқыланды.

Компанияда келесі рәсімдерді қамтитын онлайн-конференциялар форматында топ-менеджментпен қызметкерлердің тиімді байланыс арнасы ретке келтірілді:

- сұрақтар пулының бастапқы жинағы;
- «Қазақтелеком» АҚ Байланыс департаментінің сұрақтар пулын модерациялау;
- Басқарма төрағасымен тікелей эфир өткізу.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компаниялар тобында өндірістік ұжымдардағы әлеуметтік жағдайға жыл сайынғы мониторинг жүргізіледі. Жасырын әлеуметтік шиеленісті уақтылы анықтау және осы процесті басқару мақсатында «Қазақтелеком» АҚ-да, «Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы» ЖМ-да Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік зерттеу жүргізілуде. Сауалнама нәтижелері бойынша әлеуметтанушылардың ұсынымдарына сәйкес жыл сайынғы негізде Дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі.

2023 жылы Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы SRS индексіне зерттеу жүргізді, оның нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның ҚНК шекті мәні 65% болғанда оның жиынтық мәні 67%-ды құрады.

SRS жиынтық мәні үш индекстің нәтижелері бойынша біріктірілген:

- Қатысу индексі – жоғары деңгей.
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі – тұрақты деңгей.
- Әлеуметтік тыныштық индексі – жоғары деңгей.



Қатысу индексі жұмысты сапалы және ыңғайлы орындау үшін қажетті материалдық-техникалық инфрақұрылымға, жүктемеге, сыйақы мен әлеуметтік пакетке, адалдыққа, коммуникацияға, даму мен мансаптық мүмкіндіктерге қанағаттану деңгейін, сондай-ақ басшылық тарапынан мойындауды өлшейді.

Әлеуметтік әл-ауқат индексі әл-ауқат деңгейін статика мен динамикадағы өзін-өзі бағалауды, сондай-ақ әлеуметтік, қаржылық әл-ауқатты, өз денсаулығы мен қоршаған орта сапасын бағалауды белгілейді.

Әлеуметтік тыныштық индексі ұжымның әлеуметтік шиеленіс деңгейін, қызметкерлердің өз құқықтарының қорғалу дәрежесін, ұжымдағы жанжал мен наразылық деңгейін, оның ішінде оларға қатысуға деген көзқарасты, сондай-ақ наразылық қатысушыларына түсіністікпен қарау деңгейін көрсетеді.

2023 жылғы SRS нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша Компания оң әлеуметтік ортаны, жайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ ұжымдарда салауатты және сындарлы қарым-қатынастарды сақтау бойынша жұмыс жүргізді. SRS нәтижелері бойынша қызметкерлердің жағдай деңгейіне қанағаттануын жақсарту мақсатында «Қазақтелеком» АҚ-да 2024 жылға арналған Дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

**67%**

2023 жылғы «Қазақтелеком» АҚ-дағы әлеуметтік тұрақтылықтың жалпы көрсеткіші

**67%**

2023 жылғы «Қазақтелеком» АҚ-дағы қатысу индексі





# Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

«Қазақтелеком» АҚ-да жұмыс жасау үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ететін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесі жұмыс істейді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Ұжымдық шарты Компания қызметкерлерінің 86%-ын қамтиды.

GRI 2-30, GRI 401-2

Компания Ұжымдық шартқа сәйкес қызметкердің жұмыспен қамтылу сипатына қарамастан (тұрақты немесе уақытша) 2023 жылы әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлерін көрсетуді жалғастырды:

- өмірді сақтандыру;
- медициналық қызмет;
- бала күтімі бойынша демалыс;
- зейнетақы бағдарламалары.

Компанияның Ұжымдық шартына қандай негізгі әлеуметтік жеңілдіктер енгізілгені туралы толығырақ біздің 2021 жылғы Жылдық есебімізден оқыңыз.

GRI 402-1

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлер санының немесе штаттың қысқаруына байланысты еңбек шарттары бұзылған кезде қызметкерлерді ескертудің ең аз мерзімі 4 аптаны (30 күнтізбелік күн) құрайды. «Қазақтелеком» АҚ-да бекітілген Ұжымдық шартқа сәйкес бұл мерзім заңнаманың ең төменгі талаптарымен салыстырғанда ұлғайтылды және 45 күнтізбелік күнді құрайды.

**2023 жылдың маусым айында Компания басшылығы мен Салалық кәсіподақ арасында келесі бағыттар бойынша әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтетін қосымша келісімге қол қойылды:**

- ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге; бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар қызметкерлерге жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалыстары беру;
- некені тіркеу кезінде қызметкерлерге материалдық көмек көрсету;
- «Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын» демалыста жүрген Қоғам қызметкерлеріне (аналарға (әкелерге), бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) төлем жүргізу;
- бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлерге қосымша төлемдер және т.б. төлемдер.

Қызметкерлерге арналған негізгі әлеуметтік жеңілдіктерден басқа, Компанияда 2023 жылы әзірленген, ал 2024 жылдан бастап «Жеңілдіктер кафетериясы» жүйесі жұмыс істейді, ол қызметкер бөлінген қаражат лимиттері мен жеңілдіктер тізімі шеңберінде өзінің әлеуметтік пакетінің құрылымы мен толтырылуын дербес анықтай алады деп болжайды.

«Жеңілдіктер кафетериясы» тұжырымдамасы Компанияның келесі лауазымдардағы қызметкерлеріне қолданылады:

- Орталық аппараттың Басқарушы директорлары (сыртқы активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директорды қоспағанда), Бас қазынашы, персонал жөніндегі директор, клиенттік тәжірибені басқару жөніндегі директор, филиалдардың Бас директорларының тікелей бағынатын филиалдардың қызмет бағыттары бойынша директорлар;
- Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары.

«Жеңілдіктер кафетериясы» келесі санаттарды қамтиды:

- ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасын кеңейту;
- қызметкерлерге және/немесе қызметкерлердің балаларына арналған білім беру курстарының/бағдарламаларының құнын төлеу;
- шипажайлық-курорттық демалыс/емдеу құнын төлеу (ЕМС бойынша қарастырылғандарды қоспағанда) және т.б.

**Компанияның қызметкерлерге арналған негізгі әлеуметтік бағдарламаларының бірі «ДЕМЕУ» бағдарламасы болып табылады, оның шеңберінде Компания көп балалы отбасыларға, мүгедек балалары бар отбасыларға, 2-ден астам баланы асырап алған отбасыларға көмек көрсетеді. 2023 жылы «ДЕМЕУ» бағдарламасы өзектендірілді және оның қолданысы енді «толық емес отбасы» санатына жататын қызметкерлерге, сондай-ақ жақын туыстарына қамқорлық жасайтын қызметкерлерге де қолданылады.**

**«ДЕМЕУ» бағдарламасы шеңберінде Компания қызметкерлері мүгедек балаларды оңалтуға, мүгедек балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламаларына; мүгедек балаларға арналған арнайы түзету ұйымдарына баруға; балалардың сауықтыру лагерьлері мен шипажайларына (мүгедек балаларға) жолдамалар сатып алуға, сондай-ақ дәрі-дәрмек сатып алуға, мектеп оқушыларына арналған тамақтану және т.б. материалдық көмекке байланысты шығындарды өтеу үшін төлемдер алады.**

2023 жылы

**1 800**

Компанияның қызметкері

жалпы сомасы

**294**

млн теңгеге

«Демеу» бағдарламасы бойынша төлемдер алды

**Employee Experience стратегиясының бағыттарының бірі «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің әл-ауқаты мен денсаулығын қамтамасыз ету болып табылады. Компанияда 2023 жылы қызметкерлер арасында сырқаттанушылыққа мониторинг жүргізуге және аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтын ілгерілетуге бағытталған Well-Being бағдарламасы бекітілді.**

**2023 жылы қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқаты бойынша қауіп факторларына бағалау жүргізілді, сондай-ақ аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар іске асырылды:**

- **СӨС марафондары;**
- **өмірге қауіп төндіретін аурулардың алдын алу бойынша дәрістер мен вебинарлар;**
- **қызметкерлерді маусымдық ауруларға қарсы профилактикалық вакциналау;**
- **Health Balance платформасындағы қызметкерлерге арналған жеке психологиялық кеңес беру және т.б. іс-шаралар.**

**Бала күтімі бойынша демалыс**

GRI 401-3

## Бала күтіміне байланысты демалыс бойынша қызметкерлерді бөлу, адам

| Көрсеткіш | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Бала күтіміне байланысты демалысқа шығуға құқығы бар қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде: | 22 400 | 20 517 | 19 979 | 19 022 |
| Әйелдер | 8 198 | 7 618 | 7 390 | 7016 |
| Ерлер | 14 202 | 12 899 | 12 589 | 12 006 |
| Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде | 1 286 | 1 352 | 1 345 | 1 008 |
| Әйелдер | 1 268 | 1 331 | 1 314 | 992 |
| Ерлер | 18 | 21 | 31 | 16 |
| Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін есеп беру кезеңінде жұмысқа оралған қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде: | 437 | 435 | 379 | 368 |
| Әйелдер | 420 | 426 | 369 | 353 |
| Ерлер | 17 | 9 | 10 | 15 |
| Бала күтіміне байланысты демалыстан жұмысқа оралуы керек болған қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде: | 137 | 111 | 145 | 174 |
| Әйелдер | 133 | 109 | 139 | 168 |
| Ерлер | 4 | 2 | 6 | 6 |
| Алдыңғы есеп беру жылында бала күтімі бойынша демалыстан шыққан және жұмысқа шыққаннан кейін 12 ай өткен соң Компанияда жұмысын жалғастырған қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде | 245 | 257 | 221 | 226 |
| Әйелдер | 244 | 252 | 219 | 214 |
| Ерлер | 1 | 5 | 2 | 12 |

Есепті кезеңнің соңында бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлер саны – 1 008 адам, бұл ретте әйелдердің үлесі 98%-ды құрады.



# Қызметкерлерді оқыту және дамыту




GRI 404-1, GRI 3-3

«Қазақтелеком» қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуына, соның ішінде оқытуға, өзін-өзі дамытуға және мансаптық мүмкіндіктерге ықпал ететін жүйені құрды.

2023 жылы Компанияның 10 851-ден астам қызметкері оқудан өтті, оның ішінде келесі бағыттар бойынша қашықтықтан оқыту курстарын оқыды: Leadership academy, EX academy, HSE&ESG academy, Сервис және сату академиясы, Техникалық академия, IT академиясы, Qazaq&English academy, Қаржы академиясы.

## «Қазақтелеком» АҚ-ның оқытуға салған инвестициялары, 2022–2023, млн теңге

Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған инвестициялар, млн. теңге






GRI 404-1

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлерді оқыту сағаттарының саны, адам.

2023 жылғы оқу сағаттарының саны (сағат)

| Әйелдер | | | | | Ерлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| АП | | ПП | | | АП | | ПП | | | |
| басшы | маман | маман | жұмысшы | басшы | басшы | маман | жұмысшы | басшы | маман | Барлығы |
| 2 611 | 6 146 | 2 387 | 3 759 | 68 148 | 1 218 | 2 867 | 35 420 | 13 689 | 85 328 | 221 573 |

31.12.2023 ж. қызметкерлер саны (адам)

| Әйелдер | | | | | Ерлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| АП | | ПП | | | АП | | ПП | | | |
| басшы | маман | маман | жұмысшы | басшы | басшы | маман | жұмысшы | басшы | маман | Барлығы |
| 116 | 776 | 377 | 194 | 5 553 | 116 | 185 | 4 604 | 666 | 6 435 | 19 022 |

Санаттар бойынша оқытудың орташа көрсеткіштері (сағат)

| Әйелдер | | | | | Ерлер | | | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| АП | | ПП | | | АП | | ПП | | | |
| басшы | маман | жұмысшы | басшы | маман | басшы | маман | жұмысшы | басшы | маман | Бір қызметкерге шаққандағы орташа сағат саны |
| 22 | 8 | 6 | 18 | 12 | 10 | 14 | 7 | 20 | 12 | 12 |

Employee Experience стратегиясына сәйкес Компанияның бір қызметкеріне шаққандағы оқу сағаттарының саны бекітілді. Бір қызметкерге жылына орташа оқу сағаттарының нақты көрсеткіші 2023 жылы: ерлерге – 11,54 сағат, әйелдерге – 11,84 сағат болды.

2023 жылғы бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа санының көрсеткіштері:

**11,54** сағат ерлер

**11,84** сағат әйелдер



**Корпоративтік университет**

GRI 404-2

2023 жылы Корпоративтік университет Astana IT University базасында өз жұмысын жалғастырды, ол ЖОО студенттерінің «Қазақтелеком» АҚ-да өндірістік практикадан және тағылымдамадан өтуіне жағдай жасайды, талантты түлектер қатарынан IT-мамандарын таңдап алды.

**«Қазақтелеком» Корпоративтік университет жұмысы аясында телекоммуникация саласында білікті мамандарды даярлауға қатысады.**

**Корпоративтік университет кадрларды компанияның нақты сұраныстарына сәйкес дайындауға және нарықта жаңа тенденциялар пайда болғаннан кейін оның оқу бағдарламасын түзетуге мүмкіндік береді.**



# Корпоративтік университеттің негізгі білім беру бағдарламалары

## Көшбасшылық және басқару академиясы (кадрлық резерв пен басшылар үшін)

**1 537** тыңдаушы 2023 жылы

Оның ішінде:

**Start MBA**

**113** қатысушы (3 модуль) резервтегілер мен әлеуеті жоғары қызметкерлер үшін.

Өзгерістерді басқару, келіссөздер жүргізу дағдылары, презентация дағдылары, корпоративтік қаржы, басқару есебі, стратегиялық менеджмент, маркетингті басқару, маркетинг негіздері, басшылар коучингі және мемлекеттік тілдегі кәсіби коммуникациялар тақырыптары бойынша тренингтер.

**Digital MBA, Digital Mini MBA (2023 жылы аяқталды)**

**80** адам

оқудан өтті (2022 жылғы желтоқсаннан 2023 жылғы маусымға дейін)

Оқыту тақырыптары: Компанияның IT-архитектурасын түсіну; Big Data аналитикасы; цифрлық экономика жағдайында Компанияның трансформациясы, цифрлық жобаларды басқару; цифрлық бизнестегі ақпараттық-аналитикалық және когнитивтік технологиялар мен сервистер; цифрлық бизнестің қауіпсіздігі; тиімді өнім командасын қалыптастыру қағидаттары; цифрлық өнімдердің бизнес-модельдері; күрделі өнім жағдайларында шешімдер іздеу; цифрлық өнімдердің аналитикасы; цифрлық өнімдерге арналған бағдарламалық құралдарды пайдалану; цифрлық маркетинг және брендті басқару; заманауи бизнестегі көшбасшылық; келіссөздер жүргізу технологиясы мен әдебі.

**Next MBA (Caspian University)**

**MBA бағдарламасына балама және/немесе алдын ала дайындық**

**70** адамы

149 кадр резервтегілердің (сарапшылар, желілік басшылар) Start MBA корпоративтік бағдарламалары бойынша модульдік оқытудан өтті.

## HSE Академиясы - қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізу және дамыту

**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау курстары (ҚжЕҚ)**

Компанияның

**1 759** қызметкері

Learning Telecom платформасында ҚжЕҚ бойынша қашықтықтан курстардан өтті.

2023 жылы ҚжЕҚ (офлайн) курстарынан

**11 888**

қызметкер өтті.

2023 жыл ішінде келесі оқыту іс-шаралары өткізілді:

- «Жарақаттанудың алдын алу және ден қою» – **2 279** жаппай кәсіп қызметкері.
- «Қауіпсіз көлік жүргізу» – **1 522** жүргізуші (оның ішінде штаттық жүргізушілер және сырттай Компанияда жұмыс істейтін жүргізушілер).
- «Қауіпсіз жұмыс ортасы» – **796** орта буын басшылары.

**Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті курстары**

**5 768** тыңдаушы

## Сату және қызмет көрсету академиясы - сату және қызмет көрсету дағдылары, жаңа өнімдер

**«Қызмет көрсетудің жоғары мәдениеті» тренингі:**

**500** қызметкер қазақ тілінде оқытылды

**1 626** қызметкер орыс тілінде оқытылды

**12** жаттықтырушы ішкі жаттықтырушылар пулын құру

Онлайн-арналарда жұмыс істейтін фронт-кеңсе қызметкерлеріне арналған оқыту іс-шараларының сериясы аяқталды, 46 адам 3 алаңда оқытылды: Астана, Алматы, Шымкент.

Астана мен Алматыда клиенттердің шағымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің

**62** қызметкері 2023 жылы оқытылды

Коммерциялық блоктың фронт-кеңсесінің

**85** қызметкері 2023 жылы оқытылды

**КЖО (Клиенттермен жұмыс жөніндегі орталық), ОҚО**

с (Онлайн қызмет көрсету орталығы) және КТҚБЖО (Клиенттерді техникалық қолдаудың бірінші желісі орталығы) басшыларына «Сервис-менеджмент жүйесіндегі көшбасшының рөлі» тренингі өткізілді. Тренингтің мақсаты – клиенттерге қызмет көрсету деңгейін объективті бағалау, қызметкерлерді оқыту және дамыту бағыттарын белгілеу және тапсыру, клиенттерге қызмет көрсетудің бірыңғай фирмалық стилін құру, қызметкерлер үшін тиімді кездесулер өткізу (33 қызметкер қатысты).

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу процестерін өзгерту, басшыларды қолдау және жоғары әлеуетті қызметкерлерді дамыту мақсатында ДРБ Сервистік қызмет көрсету департаментінің қызметкерлерін дамыту бағдарламасы.

Фронт-кеңселерде командаларды басқаратын желілік басшыларды қолдау үшін «Сервистегі көшбасшылық» тренингі.

«Ішкі клиенттерге арналған сервис» тренингі (Сервистік фабрика, ТКД қызметкерлері үшін өткізілді)

## Техникалық Академия – GPON, CISCO, деректерді беру, әмбебап монтер, техникалық тәлімгерлерді қолдау менторов

2023 жылы

**1 369**

инженерлік-техникалық қызметкер оқытылды

**11 913**

адам

2023 жылы Компанияның оқу полигондарында оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны.

Жұмыс бағдарламалары мен оқу курстары әзірленді:

- CRM 2.0 жүйесінде жұмыс істеу – 121 адам.
- Клиенттерді техникалық қолдау жүйесі (КТҚЖ) – 456 адам.
- Инсталляторларға арналған Workforce Management (WFM) –- 45 адам.
- Компанияның желілері мен қызметтері бойынша шолу курсы – 6 адам.
- eTOM картасы бойынша оқыту (Open Digital Framework Overview, eTOM, SID) – 20 адам.

Сондай-ақ, клиенттерді техникалық қолдау жүйесі; бизнес-аналитика негіздері; NRI Cramer дерекқор базасын пайдаланушы курсы және т.б. тақырыптар бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді.

Бұдан басқа, ДРБ үшін «Абоненттерді мыс, оптикалық және сымсыз технологиялар бойынша абоненттік қолжетімділік желісіне қосу» курсы бойынша оқу полигондарында 453 инсталляторға жоспардан тыс оқыту жүргізілді.

Өңірлерде орналасқан техникалық тәлімгерлер тобының біліктілігін арттыру жүйелі түрде жүргізіледі.

## EX-сарапшылар санаттарын дамыту: EX Operations, EX Generalist, EX Analyst, EX Business Partner, EX Director

### EX дженералистерді оқыту бағдарламасы (2023 жылы аяқталды)

**40** адам

оқудан өтті

2023 жылы барлығы

**129** тыңдаушы қамтылды

(EX дженералистер үшін «Тиімді сұхбат», «Персоналдың материалдық және материалдық емес уәждемелері» тренингтерін өткізуді ескере отырып).

## Қаржы Академиясы – қызметкерлерді қаржылық сауаттылыққа оқыту

Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының мамандарымен бірлесіп 250 және 270 салық есептілігі нысандарын толтыру бойынша орыс және қазақ тілдерінде оқыту бейнероликтері түсірілді.

Қызметкерлерге орыс және қазақ тілдерінде қашықтықтан курс форматында активтер мен міндеттемелерді декларациялау үшін салық есептілігі нысандарын (250-нысан) толтыру бойынша оқыту ұйымдастырылды.

**1 670** қызметкер

салық есептілігі нысандарын толтыруға оқытылды (250.00 нысаны - Активтер мен міндеттемелер декларациясы).

**65** қызметкер

салық есептілігі нысандарын толтыруға оқытылды (250.00 нысаны - Активтер мен міндеттемелер декларациясы).

Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары өткізілді:

- «Қаржыгер еместерге арналған қаржы».
- «Бюджеттеу».
- «Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық жағдайын талдау».
- «Бизнес-жобаларды қаржылық бағалау».

## Qazaq&English Академиясы қызметкерлерді қазақ тіліне оқыту

**161** Компания қызметкері

2023 жылы қазақ тілін оқыған

## Jas Академиясы (жастар бағдарламалары, оқушылар, студенттер) – оқушылар мен студенттерді Компанияға тарту бағдарламалары, цифрлық таланттар үшін күрес

### IT Summer Camp

**209**

IT Summer Camp қатысушылары

(Astana IT University студенттері)

Білім беру бағдарламасына кіретіндер: робототехника, NoCode веб-сайттарын жасау, блог жүргізу, soft skills-ты жетілдіру.

**100**

қатысушы

HSE тренингтері (пилоттық өткізу)

**20**

қатысушы

Зияткерлік төзімділік (пилоттық өткізу)

**14**

қатысушы

Университетке түсу вебинары (пилоттық өткізу).

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1) Employee Experience стратегиясын іске асыруды жалғастыру.
2) Well-Being бағдарламасын іске асыруды жалғастыру.
3) «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне «Демеу» әлеуметтік қолдауды іске асыруды жалғастыру.
4) «СӨС» марафонының денсаулық амбассадорларын оқыту.
5) Өңірлерде әйелдерді қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру.
6) Protelecom, Telecom Data Factory тағылымдама бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру.
7) «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік университетін дамыту.
8) «Жеңілдіктер кафетериясы» жүйесін енгізу.
9) Жұмыскердің әлеуметтік жағдайын ескере отырып, өндірістік персоналға, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға бірінші кезекте қарыздар бере отырып, пайызсыз несиелер беру бағдарламасын жалғастыру.

# Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер

## Басқару тәсілі




GRI 2-23, 3-3, 406-1

«Қазақтелеком» АҚ адам құқықтарын қорғау және сақтау бойынша міндеттемелерді өз мойнына алады, барлық қызметкерлерге тең мүмкіндіктер жасайды және гендерлік теңсіздік пен кемсітушіліктің кез келген түрлерінің туындау жағдайларын болдырмайды.

Компания қызметкерлерді, мердігерлерді және басқа да мүдделі тараптарды Компанияда қабылданған бизнес-процестерді адал жүргізу саясаты мен қағидаттары туралы хабардар етеді.

**Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер «Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі қағидаттары болып табылады.**

Саясаттармен Компанияның **telecom.kz** сайтында «Тұрақты даму» бөліміндегі «Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер» тармақшасында танысуға болады.

2023 жылы Компанияда адам құқықтарын сақтау мен тең мүмкіндіктер саласындағы бірнеше негізгі құжаттар қабылданды:

- Адам құқықтары жөніндегі саясат.
- Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саясаты.



## Адам құқықтарын қорғау және сақтау

**«Қазақтелеком» АҚ-ның Адам құқықтары жөніндегі саясаты»**



Саясат өз қызметін жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде адам құқықтарын сақтау мақсатында Компания басшылыққа алатын қағидаттарды белгілейді.

Адам құқықтары саясатының негізгі қағидаттары:

- Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясын, БҰҰ-ның Жаһандық келісімшартын және ХЕҰ-ның еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы Декларациясын қоса алғанда, адам құқықтары жөніндегі халықаралық нормалар мен ережелерді сақтайды.
- Компания жынысына, нәсіліне, түсіне, ұлтына, тіліне, тегіне, жасына, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге немесе қандай да бір әлеуметтік топтарға жататындығына; мүліктік, отбасылық, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына; қызметкердің іскерлік қасиеттеріне байланысты емес басқа да мән-жайларға қарамастан, әрбір адам еркін және қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша тең деген сенімді ұстанады.
- Компания кемсітушілік пен адамның қадір-қасиетіне қол сұғудың, жұмыс орнындағы физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермейді.
- Компания мәжбүрлі еңбекке, балалар еңбегіне, адам саудасына қарсы.
- Компания адамның қадір-қасиетін қорғауға және жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа кепілдік береді.
- Компания сыбайлас жемқорлыққа қатысты абсолютті төзбеушілік қағидатын ұстанады.
- Компания үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес адам құқықтарын сақтау саласындағы тәуекелдерді басқару рәсімін дамытуға ұмтылады.
- Компания өз қызметі барысында адам құқықтары саласындағы кез келген қолайсыз салдарды анықтауға және алдын алуға ұмтылады.

Компанияның адам құқықтары жөніндегі саясаты «Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлер, акционерлер, клиенттер және өзге де мүдделі тұлғалар арасында қолданылады.

# Тең мүмкіндіктер

**«Қазақтелеком» АҚ-ның Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы саясаты»**

2023 жылы Компанияда тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік практикасын дамыту, бірегей тұлғалық сипаттамаларды есепке алу және барлық деңгейдегі қызметкерлерге қатысты кемсітушілікке жол бермеу мақсатында «Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы саясаты» (бұдан әрі – «Саясат») қабылданды. Саясат озық халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескереді.

Саясат «Қазақтелеком» АҚ-да қызметкерлер, акционерлер, клиенттер және өзге де мүдделі тұлғалар арасында қолданылады.

Саясаттың негізгі қағидалары:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының сақтау, сондай-ақ Ерлер мен әйелдердің құндылығы бірдей еңбегі үшін бірдей сыйақы туралы конвенцияда (100-конвенция), сондай-ақ 1958 жылғы Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілік туралы конвенцияда (111-конвенция) баяндалған қағидаттарды есепке алу.
- Қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді, инклюзивтілікті және әртүрлілікті қамтамасыз ету.
- Қызметкерлерге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік кепілдіктер беру.
- Қызметкерлердің өзара сыйластыққа, әлеуметтік алалаушылық пен мәдени кедергілердің болмауына негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.
- Әрбір қызметкер құрметтелетінін, қабылданғанын және естілетінін сезінетін және лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен құқықтарға ие болатын лайықты, қауіпсіз және жайлы жұмыс ортасын қамтамасыз ету.
- Еңбек қатынастарындағы ашықтықты ынталандыру, барлық қызметкерлерге қолдау көрсету және кәсіби өсу үшін жағдай жасау арқылы олардың мансаптарын дамытуға және құруға көмектеседі.
- Әр түрлі командаларды құруға ұмтылу және әртүрлілікті дамыту бастамаларын ілгерілету, соның ішінде жергілікті тұрғындардан персоналды басым жалдау, сондай-ақ мақсатты персоналды жалдау.

Компания іріктеу, жалдау, бағалау, ілгерілету, дамыту, оқыту және өтемақы беру процестерінде өз қызметкерлеріне тең мүмкіндіктер ұсынады.

Компанияда әлеуметтік әріптестік қағидаттарына негізделген және қызметкерлер мен Компания арасындағы өзара әрекеттесуге ықпал ететін ұжымдық шарт жұмыс істейді. Ол жұмыс тиімділігін арттыруға және қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек мүдделерін қорғауға бағытталған. Ұжымдық шарт тараптардың әлеуметтік-еңбек қатынастарын, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту шарттарын, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді реттеу жөніндегі жалпы ұстанымдарын айқындайды. Компания ұжымдық шарт жасасу, өзгерту, толықтыру бойынша қызметкерлермен келіссөздерге қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады. Компания ұжымдық шарттың талаптарын қатаң орындайды. Еңбек заңнамасына сәйкес кез-келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.



# Гендерлік теңдікті дамыту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

2023 жылы Компания басшылығындағы әйелдердің үлесін арттыруға бағытталған «Гендерлік теңдік» бағдарламасын іске асыру жалғасты. Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның бақылаушы акционері – «Самұрық-Қазына» қоры 2023 жылдың желтоқсанына қарай барлық Компаниялар тобы бойынша басқармалардағы, директорлар кеңестеріндегі және бақылау кеңестеріндегі әйелдердің орташа үлесін 20%-ға, 2030 жылға қарай – 30%-ға жеткізу міндетін қойды. Бағдарлама Қазақстанның әйелдер күштері альянсымен ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

**33%**

Басқарма мүшелерінің құрамындағы әйелдердің үлесі 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша

2023 жылдың қыркүйек – қазан айларында Компанияда гендерлік теңдікті дамыту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында «Әйелдер форумы» жобасы іске асырылды. Жобаға Компанияның мыңнан астам әйел қызметкерлері қатысты. Жоба бірнеше блоктан тұрды:

1) Онлайн форматтағы оқу блогы аясында спикерлер (Компания менеджменті мен шақырылған жаттықтырушылар қатарынан) Форумға қатысушылар алдында төмендегі тақырыптар бойынша сөз сөйледі:

- жұмыс қатынастарындағы әйелдің жеке шекаралары;
- басшының зейінділік тәжірибесі;
- жұмыс қатынастарындағы гендерлік ерекшелік;
- уақытты басқарудағы жеке және іскерлік тепе-теңдік.

2) Компанияның табысты әйелдері TED форматында сөз сөйледі, онда олар өз жетістіктерімен бөлісті: Людмила Атамұратова («Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, Компанияның Бас Қаржы директоры), Нұргүл Бөлешова (Бас қазынашы), Оразмұхамедқызы Маржан (ЖДБ сапа Дирекциясының директоры), Ақмарал Қадырбаева (Корпоративтік университеттің Бас директоры), Юлия Михайлова (Персонал жөніндегі директор), Іңкәр Хусаинова («Трансформация жобалық кеңсесі» Департаментінің директоры).

3) Онлайн-сауалнама жүргізілді, нәтижесінде Компанияның әйел қызметкерлері үшін келесі өзекті мәселелер анықталды:

- материалдық әл-ауқат;
- қауіпсіздік;
- біліктілік;
- әлеуметтік пакет;
- теңдестік;
- тәлімгерлік;
- хобби мен қызығушылықтар.

«Қазақтелеком» АҚ лауазымы мен жынысына қарамастан жалақы деңгейінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Компанияның орташа айлық жалақысының деңгейі қызметкердің лауазымына байланысты емес және ұйымдағы жалақы ережелеріне сәйкес анықталады. Компанияның қызметкерлердің сыйақысына деген көзқарасы және 2023 жылға арналған негізгі нәтижелер туралы толығырақ «Қызметкерлермен өзара әрекеттесу» бөлімінде оқыңыз.

Компания қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуді және сыйақыға әділ және тең құқылы көзқарасты қамтамасыз етуді қадағалайды. «Қазақтелеком» АҚ-да есепті кезеңдегі кемсітушілік фактілері тіркелген жоқ.

# Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік

**Компания үшін ең жоғары құндылық – қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау. Компания өз қызметінде өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды.**

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ Даму Стратегиясының негізгі бағыттары қызметкерлер үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасау, сондай-ақ өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін азайту болып қала береді.

Компания өз қызметкерлері үшін қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады, сондай-ақ жұмыстарды орындау кезінде денсаулық пен қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілік мәдениетін дамытады.

Компания өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік әлемдік стандарттарға сәйкестікке бағытталған, ұлттық және халықаралық талаптарды қатаң сақтайды, Еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның ҚжЕҚ саласындағы басым міндеттері:**

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін тиісті түрде сақтау және қолдану;
- қауіпсіз еңбек жағдайлары мен жұмыс орындарын ұсыну;
- қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы озық тәжірибенің заманауи технологиялары мен практикаларын пайдалану;
- өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алудың заманауи құралдары мен әдістерін енгізу.

**Компанияда «Самұрық-Қазына» қорының бастамасы болып табылатын «нөлдік жарақат» (Vision Zero) тұжырымдамасы енгізілуде.**

«Қазақтелеком» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясат.
- ЖЖ ТҚКО-дағы жұмыс түрлері бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар жинағы.
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының Жергілікті желілеріне техникалық қызмет көрсету орталығының мамандықтары бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар жинағы.
- «Қазақтелеком» АҚ-да арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарына қойылатын техникалық талаптар мен ерекшеліктер;
- «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарламасы;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді көтермелеу регламенті;
- «Қазақтелеком» АҚ бойынша тергеуге жататын қызметкерлердің еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен ықтимал қауіпті жағдайлар кезінде хабарламаларды ресімдеу және деректерді жинау тәртібі» стандарты;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның көлік құралдарын басқару саласындағы саясаты;
- Сапарларды басқару және жүргізу стандарты;
- ҚжЕҚ бойынша статистикалық есептіліктің бекітілген нысандары;
- Мерзімді міндетті медициналық тексерулерді жүргізу ережелері;
- Рұқсат нарядтар бойынша қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды жүргізу ережелері;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның Өрт қауіпсіздігі ережелері» стандарты;
- «Жарақаттанудың алдын алу бойынша командалық стандарт» (2023 жылы әзірленген);
- Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары;
- «Апаттық жағдайларға дайындық және жауап беру» құжатталған рәсімі.

Құжаттарды Компанияның сайтында «Тұрақты даму» бөлімінің «Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік» тармақшасында танысуға болады.

**«Қазақтелеком» АҚ-ның қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы саясат Компанияның барлық қызметкерлері мен мердігерлеріне қолданылады.**



## Басқару құрылымы мен құралдары

Компанияда «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппаратының арнайы функционалдық бөлімшесі болып табылатын Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі (ҚжЕҚҚ) жұмыс істейді.

ҚжЕҚҚ жауапкершілігінің негізгі бағыттары Компаниядағы еңбекті қорғау бойынша барлық ұйымдастырушылық жұмыстарды күнделікті басқару және үйлестіру болып табылады. ҚжЕҚҚ функциялары туралы толығырақ Компанияның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебінен біле аласыз.

Компанияның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және оның филиалдарының басшылары, сондай-ақ еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі арнайы тағайындалған қызметкерлер төтенше және апаттық жағдайларды басқару рәсімдерінің орындалуына жауапты.

Апаттық және төтенше жағдайларды басқару рәсімін іске асыру үшін жауапкершілік Компанияның Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшыларына, сондай-ақ еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі жауапты қызметкерлерге жүктеледі.

**HSE тұжырымдамасы және «Қауіпсіз еңбек» Жол картасы аясында Компанияда жазатайым оқиғаларды азайту, нөлдік жарақатқа қол жеткізу және барлық деңгейдегі басшыларды оқыту бойынша іс-шаралар жыл сайын өткізіледі.**




ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

**«Қазақтелеком» АҚ «Самұрық-Қазына» қорының портфельдік компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік деңгейі бойынша бірінші орынды иеленді.**

**Сонымен қатар Компания 2023 жылы қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы үздік көрсеткіштері мен енгізілген белсенді шаралары үшін құрмет грамотасымен марапатталды.**

## Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқаруға тарту

GRI 403-4

«Қазақтелеком» АҚ өндірісте қауіпсіздік мәселелерін басқарудағы және қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытудағы қызметкерлердің маңызды рөлін біледі. Компания өз қызметкерлерін еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеуге, енгізуге және бағалауға белсенді түрде тартады. Компанияның барлық филиалдары мен орталық аппараттарында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылды, олар қызметкерлермен бірлесіп еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу саласындағы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа қатысады, сондай-ақ жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексеру жүргізеді. Бұдан басқа, дағдарыс жағдайлары туындаған кезде Компания Азаматтық қорғаныс штабымен бірлесіп, ҚжЕҚҚ қатысуымен дағдарыстық жағдайларды тергеу және жою жөніндегі жұмыс тобын құрады.

### «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарламасы

2022 жылдан бастап «Қазақтелеком» АҚ-да «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарламасы» (ҚжЕҚ карточкалары) стандарты енгізілді, ол Компания қызметкерлерін еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік жүйесін жетілдіру процесіне тарту деңгейін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама қауіпті өндірістік факторларды, әрбір жұмыс орнындағы қауіпті еңбек жағдайларын, жекелеген қызметкерлердің қауіпті әрекеттері мен мінез-құлқын, ықтимал қауіпті жағдайлар мен апатқа дейінгі жағдайларды анықтауға және хабарлауға бағытталған, сондай-ақ ҚжЕҚ жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты қоршаған орта мен ұйымның мүлкіне зақым келтіру немесе зиян келтіру тәуекелдерін жою және бақылау ғана емес, сонымен қатар Компания қызметкерлерін өндірістік тәртіпті нығайту, әрбір жұмыс орнында, учаскеде, объектіде карточкалар арқылы қауіпсіз еңбек мәдениетін дамыту жөніндегі жалпы іске тарту болып табылады.

**2023 жылы топ-3 тәуекелге мыналар кірді:**

- **ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету**
- **денсаулық сақтау және гигиена**
- **жұмыс орнының эргономикасы**

ҚжЕҚ қызметінің жұмысшылары болып табылмайтын қызметкерлерді Бағдарламаға қатысуға ынталандыру үшін барлық қызметкерлерді ҚжЕҚ карточкаларын ресімдеу және тіркеу бойынша оқыту, сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапаттау арқылы ең белсенді қатысушыларды ынталандыру туралы шешім қабылданды.

**2023 жылы қызметкерлер 28 578 карточканы толтырды (жоспарда 24 000 карточка болған), бұл Компания қызметкерлері үшін осы бастаманың маңыздылығын растайды.**

Бұдан басқа, Компанияда 2023 жылы жұмыс орындарындағы тәуекелдерді анықтауға, жоюға немесе азайтуға, сондай-ақ Компания қызметкерлері арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға арналған «Жарақаттанудың алдын алу жөніндегі Команда стандарты» (бұдан әрі-ЖАК) әзірленіп, енгізілді.

ЖАК – бұл «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына қауіпсіз еңбек мәдениетін арттыруға көмектесетін белсенді команда. Әр күнтізбелік жылдың басында ЖАК көшбасшысы ҚжЕҚ бөлімінің өкілімен бірлесіп, филиалдардың Бас директорларымен келісілетін және Операциялық тиімділік жөніндегі Бас директор бекітетін жұмыс жоспарын әзірлейді.

2023 жылы Компанияның

**148**

қызметкері

ЖАК жұмысына қатысты.

Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қарағанды, Қонаев, Қостанай, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Тараз, Павлодар, Петропавл, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында жарақаттанудың алдын алу жөніндегі командалардың құрамы бекітілді.

Сонымен қатар, Компанияда «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді көтермелеу регламентіне» сәйкес қызметкерлерді қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және жарақаттанудың нөлдік деңгейіне қол жеткізу жөніндегі жұмысқа қатысқаны үшін көтермелеу жүзеге асырылады.

GRI 403-8

### Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер, адам

| Атауы | 2021 | | 2022 | | 2023 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам | үлесі | адам | үлесі | адам | үлесі |
| Қызметкерлердің тізімдік саны, барлығы | 20 517 | 100% | 19 979 | 100% | 19 022 | 100% |
| Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер | 20 517 | 100% | 19 979 | 100% | 19 022 | 100% |

## Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару жүйесін жетілдіру

GRI 403-1

Компания еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылады. Компанияда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелері енгізілген. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі «2001 ILO-OSH 2001 ХЕҰ ЕҚБЖ Еңбекті қорғауды басқару жүйелері бойынша нұсқаулық» және ISO45001:2018 халықаралық стандартына сәйкес бірыңғай талаптарды белгілейді.

Компания ILO-OSH халықаралық стандартының, олардың ҚР СТ ISO45001-2018 ұлттық аналогының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесін ұдайы жетілдіріп отырады.

## Тәуекелдерді бағалау

GRI 403-2

«Қазақтелеком» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды. ҚжЕҚ негізгі тәуекелдерін басқару процесі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің, сондай-ақ Компанияның еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жол берілмейтін қауіптер мен тәуекелдерді бағалау «Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау. Басқару шараларын айқындау тәртібі» бекітілген құжатталған рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік жарақаттану Компанияның Тәуекелдер тізіліміндегі негізгі тәуекелдердің бірі ретінде анықталған. Оның негізінде тәуекелдің іске асуына жол бермеуге және оны жүзеге асырудың салдарын азайтуға бағытталған шаралар тізбесі әзірленді.

Жұмысқа байланысты қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау үшін Компанияда негізгі тәуекелдік оқиға бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді, өндірістегі жарақаттану және апаттар, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау бойынша ақпарат негізінде негізгі тәуекелдік оқиғалар үшін тәуекелдердің негізгі индикаторлары бойынша өзекті статусы беріледі. Компанияда елеулі қауіптер мен жол берілмейтін тәуекелдер тізілімі бекітілді. Сондай-ақ, тәуекелдердің ықтималдығы мен әсерін талдау және бағалау, ағымдағы жағдайды ескере отырып, тәуекелді азайту жөніндегі іс-шараларды қайта қарау жүргізіледі.

GRI 403-2, 403-9

«Қазақтелеком» АҚ-да жобалық тәуекелдер мен халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсерлер үнемі анықталып, бағаланады. Оның нәтижелері

бойынша қорғау және алдын алу шаралары әзірленеді. Қажет болған жағдайда Компания тиісті органдармен және басқа да мүдделі тараптармен қолайсыз әсерлерді азайту жөніндегі шаралар мен жоспарларға қатысты ынтымақтасады.

Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау рәсімі шеңберінде барлық персоналдың күнделікті қызметі, адамның мінез-құлқы және оның қабілеттері, жұмыстарды орындау аймағына жақын немесе одан тыс жерде анықталған қауіптер, инфрақұрылым, жабдықтар мен материалдар, технологиялық процестер ескеріледі. Компанияда тәуекелдер анықталып, оларды басқару бойынша іс-шаралар өткізілуде.

## Өндірістік жарақаттанудың алдын алу

GRI 403-7

Компания қызметкерлердің, мердігер ұйым қызметкерлерінің және халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне жағымсыз әсерлердің алдын алуға немесе азайтуға көп көңіл бөледі.

Компания өндірістік жарақаттанудың алдын алуға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және енгізеді.

Компанияда өндірістік жарақаттану және ЖКО себептеріне талдау жүргізіледі, содан кейін филиалдарда жазатайым оқиғаларды болдырмау және алдын алу жөніндегі іс-шаралар тізбесін қамтитын ақпараттық хаттар дайындалады және таратылады. Бұдан басқа, барлық бөлімшелердің



қызметкерлерімен болған оқиғалардың мән-жайлары мен себептері талқыланады, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы бойынша жоспардан тыс нұсқаулықтар өткізіледі.

Жыл сайын Нөлдік жарақаттануды қамтамасыз ету жоспары іске асырылуда. Осы жоспардың орындалуы жөніндегі есеп тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Қызмет көрсету туралы келісімшарттар жасалған мердігер ұйымдардың қызметкерлерінде жарақаттанудың статистикалық есебі Компаниямен жүргізілмейді.

Өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыру, ҚР заңнамасының талаптарын орындау талабына байланысты, сондай-ақ Компанияда өрттердің туындау қаупін азайту мақсатында «Қазақтелеком» АҚ Өрт қауіпсіздігі саясаты» бекітілді.

Компания қызметкерлерінің және мүдделі тараптардың денсаулық және қауіпсіздік мәселелері туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында Компания 2023 жылдың қыркүйегінен бастап әлеуметтік желілерде белсенді түрде байланыс орнатуда. Осылайша, Компанияның Facebook-тегі Kazakhtelecom/HSE Team парақшасында өрт және көлік қауіпсіздігі тақырыбында, өндірістегі жеке қауіпсіздік және қауіпсіздік бойынша кеңестер, Компанияның ҚжЕҚ саласындағы бағдарламалары туралы ақпарат және басқа да материалдар бойынша 30-дан астам хабарлама жарияланды. ҚжЕҚ инженері Әбдіқалық Бекнұрдың Facebook парақшасында Компания жаңалықтары, жазатайым оқиғалар мен инциденттер туралы хабарламалар, қызметкерлердің сұрақтары мен ұсыныстары, бос жұмыс орындары, ҚжЕҚ мәселелеріне қатысты кеңестер жарияланады. Сонымен қатар, 2023 жылдың қыркүйегінен бастап Kazakhtelecom Safety Телеграм арнасы іске қосылды.

## «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері арасындағы жарақаттану көрсеткіштері

GRI 403-9

### «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері арасындағы жарақаттану көрсеткіштері

| Барлық жұмысшылар үшін | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|
| Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік) | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%) | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны (бірлік) | 1 | 5 | 2 | 1 |
| Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті (%) | 0,03 | 0,14 | 0,06 | 0,03 |
| Өндірістік жарақаттар саны (бірлік) | 4 | 6 | 2 | 6 |
| Өндірістік жарақаттар коэффициенті (LTIFR) (%) | 0,12 | 0,17 | 0,06 | 0,19 |
| Жұмыс сағаттарының жалпы саны (адам-сағат) | 36 634 678 | 35 020 687 | 34 007 902 | 31 780 000 |

*Ескертпе: Көрсетілген деректер Компания қызметкерлерінің 100%-ын қамтиды. Бұл статистикадан қызметкерлердің бірде-бір санаты алынып тасталған жоқ. Коэффициенттер жұмыс істеген 1 000 000 сағат негізінде есептеледі.*

2023 жылы Компанияда 4 «жұмыс уақытын жоғалту оқиғасы» тіркелді, соның салдарынан 6 жеңіл және орташа жарақат алынған; 30 «апатқа дейінгі жағдай» тіркелді.

Жарақаттың негізгі себептері: үшінші тараптың кінәсінен болған жол-көлік оқиғасы.

Анықталған жазатайым оқиғалардың нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ басшылығы мынадай түзету шараларын қабылдады:

- арнайы тергеу жүргізілді;
- Компанияның филиалдары мен дивизиондарында қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚжЕҚ) талаптарының сақталуына жұмыс жабдықтарын толық тексеру жүргізілді;
- жауапты басшыларға тәртіптік сөгіс тағайындалды;
- мүліктік залал үшін өтемақы берілді.

**Қызметкерлердің сапарларының қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2023 жылы «Сапарларды басқару және жүргізу жөніндегі стандартқа» келесі тармақтар бойынша өзгерістер енгізілді:**

3.2.3 Жұмыстан бас тарту/тоқтата тұру құқығы;

3.2.4 Медициналық препараттарды қолдану;

3.2.6 Көлік құралының құжаттамасы;

3.4.3 Кері қозғалыс сигналдары;

3.5.6 Тұрақ, кері қозғалыс, орыннан қозғалу;

5.0 Шиналар;

8.0 «360°» – тәуекелдерді бағалау құралы (жапсырма).



## Қызметкерлерді оқыту және қауіпсіз жұмыс жүргізу мәдениетін дамыту

GRI 403-5

Компания қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында, оның ішінде ҚжЕҚ саласында оқыту және біліктілікті арттыру бойынша озық халықаралық тәжірибелерді енгізеді.

Компанияда еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум және электр қондырғыларында жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша қызметкерлерді оқыту жыл сайын жүргізіледі. Бұл оқыту бөлге оқу ұйымдарында да, тікелей жұмыс орындарында да жүзеге асырылады.



2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да Компания қызметкерлері үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша түрлі тренингтер мен оқыту бағдарламалары өткізілді.

### ЕҚ және ӨҚ, өрт-техникалық минимум, қауіпсіздік техникасы бойынша сыртқы оқыту жүргізу, 2022–2023

| | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| топ-менеджерлерге арналған басшылықтың есептілігі курсы бойынша оқытылды | 12 | 0 |
| қауіпсіздік және еңбекті қорғау курсы бойынша оқытылды | 714 | 1 611 |
| өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары курсы бойынша оқытылды | 1 306 | 2 087 |
| биіктікте және жоғары өрмелеу жұмыстарын істеген кезде ҚӨО-де Қауіпсіздік техникасы ережелері курсы бойынша оқытылды | 288 | 527 |
| электр қауіпсіздігі курсы бойынша оқытылды | 522 | 599 |
| өрт қауіпсіздігі курсы бойынша оқытылды | 480 | 1 963 |
| NEBOSH IGC (Еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік техникасы бойынша халықаралық сертификат) курсы бойынша оқытылды | 9 | 5 |

Сонымен бірге, Компанияда қызметкерлерді «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы бойынша оқыту жүргізіледі. 2023 жылдың тамыз айынан бастап өндірістік персонал қатарынан 7 800 қызметкер осы курс бойынша оқудан өтті.

**2023 жылы ДАИКТ Корпоративтік университеті Компания қызметкерлері үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша тренингтер мен оқыту бағдарламаларын өткізді:**

- Тәуекелдерді бағалаудағы мінез-құлық тәсілі (жаттықтырушы курсы) – 52 қатысушы.
- Құлаған заттар (жаттықтырушы курсы) – 52≈қатысушы.
- Жарақаттанудың алдын алу және оларға жауап беру IPR 3 (жаттықтырушы курсы) – 52 қатысушы.
- Қауіпсіз жұмыс ортасы SWE 2 (жаттықтырушы курсы) – 52 қатысушы.
- Жарақаттанудың алдын алу және оларға жауап беру IPR 2 – 2130 қатысушы.
- Қауіпсіз жұмыс ортасы SWE2 – 1097 қатысушы.
- Фасилитатор 2-деңгей – 44 қатысушы.
- Қауіпсіз көлік жүргізу – 1552 қатысушы.
- Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті – 6 997 қатысушы.
- ҚжЕҚ карточкалары – 5 724 қатысушы.

**Жалпы қамту:**

**17 451**

қатысушы

**Компанияда ҚжЕҚ мәселелері бойынша жауапты басшыларды бейне-оқыту бағдарламасы бар. Бағдарлама аясында қызметкерлерге келесі тақырыптар бойынша бейнематериалдар көрсетіледі:**

- учаскелерде, электр беру желілерінің жанында және арнайы техниканың көмегімен қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау;
- қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыс әдістері мен тәсілдері;
- жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету.

Бұл бейне-оқыту бағдарламасы тұрақты бақылаумен және осы бағдарламаны жақсарту бойынша талдау мен шешім қабылдаумен барлық бөлімшелер мен дивизиондар бойынша іске асырылады. Оқытудың бұл әдісі жұмысшылардың өндірістік қызмет процесінде тиімділігін арттыруға, сондай-ақ жұмыс орындарындағы бар тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

**«Play | Learn | Be SAFE» – балаларға арналған қауіпсіздік семинарлары**

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметкерлерінің ғана емес, олардың балаларының да қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды.

2023 жылы Компания алты аймақтың 18 қаласында 8–12 жас аралығындағы қызметкерлердің балаларына арналған 23 семинар өткізді. Тақырыптары: жеке қауіпсіздік, жол қозғалысы қауіпсіздігі, интернеттегі қауіпсіздік болды. 2023 жылы біздің семинарларға 334 бала қатысты.

## Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестициялар

2023 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 1 382 млн теңгені құрады.

Компанияның өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестициялары, 2021–2023, млн теңге






## Кәсіптік аурулардың алдын алу және денсаулықты сақтау

GRI 403-3, 403-6

Қызметкерлерге қамқорлық көрсету «Қазақтелеком» АҚ үшін басты басымдық болғандықтан, олардың денсаулығына ерекше көңіл бөлінеді.

Әлеуметтік пакет аясында қызметкерлер үшін толық медициналық сақтандыру қарастырылған. Қызметкерлер үшін ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес сауықтыру және шипажай-курорттық емдеу бағдарламалары да қолданылады. Сонымен қатар, қызметкерлерге алдын-ала, мерзімді және кезектен тыс медициналық тексерулер жүйелі түрде жүргізіледі. Осы тексерулердің нәтижелері бойынша, қажет болған жағдайда, қызметкерлер тереңдетілген профилактикалық тексеруге жіберіледі. Өндірістік персонал санатына кіретін және міндетті медициналық қарап-тексеруден өтуге міндетті қызметкерлер қарап-тексеруден өтпеген жағдайда жұмысқа жіберілмейді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстарда, машиналар мен механизмдерде жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері де міндетті түрде ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексеруден өтеді.

Well-Being корпоративтік бағдарламасы аясында Компанияда аурулардың алдын алуға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізіледі. Қызметкерлер үшін жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін бағалау үшін «Кардиовизор» аппаратын қолдана отырып, зерттеулер жүргізіледі. Тестілеу қорытындысы бойынша қызметкерлер дәрігердің кеңесі мен ұсынымдарын алады. Сондай-ақ тірек-қимыл аппаратының проблемаларын бағалау үшін «Медискрин» аппаратын пайдалана отырып, сауықтыру тестілеуі жүргізіледі. Оның нәтижелері бойынша қызметкерлер дәрігердің жеке ұсыныстарын алады.

## Мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару

Компания объектілерінде жұмыстарды орындайтын мердігер ұйымдар қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарды, стандарттар мен нормаларды сақтауға міндетті.

«Қазақтелеком» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау аспектілерін басқару контекстінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерімен өзара әрекеттесуге үлкен мән береді. Ол үшін жеткізушілер мен мердігерлерге өндірістік қауіпсіздік саласындағы корпоративтік стандарттарға сәйкес тиісті талаптар қойылады. Бұл ретте мердігер ұйымдар қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы осы талаптардың сақталуын дербес бақылауға міндетті.

Компанияда өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдарды бағалау жүйесі іске асырылуда. Компания мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау аспектілері бойынша оқыту жүргізеді.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

«Адамдар. Қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру» бөлімі бойынша:

- Басшылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру. Барлық деңгейдегі басшылардың тақырыптық кеңестерін ұйымдастыру.
- Өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды, олардың түпкі себептерін тергеу және қайталануына жол бермеу бойынша қабылданған шаралар туралы Қоғамның Директорлар кеңесі алдында есеп беру.
- Еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін анықтау бойынша жоғары буын басшылары арасында сауалнама жүргізу. Көрсеткіштері төмен басшылар үшін еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеу.
- Қазақстанда 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбекті дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

«Жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бөлімі бойынша:

- Жабдық қауіпсіздігін арттыру мақсатында оны жаңғыртуды жалғастыру.
- Аудиттерді жүргізу жоспар-кестесіне сәйкес Қордың портфельдік компанияларында тоғыспалы аудит жүргізу.
- Апаттар мен жарақаттардың алдын алудың проактивті құралдарын қолданудың (мінез-құлық аудиттерін/қауіпсіздік бақылауларын жүргізу, қауіпті жағдайларды, қауіпті іс-әрекеттерді және ықтимал қауіпті оқиғаларды, Near Miss тіркеу және тергеу; жұмысты тоқтата тұру құқығы) оларды жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мақсатында мониторингін жалғастыру.
- Компанияның өндірістік объектілерінің аумағында жұмыстардың қауіпсіз орындалуын арттыру мақсатында мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізу.
- Жедел медициналық көмек көрсету құралдарын, оның ішінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізуге қажет дефибрилляторларды сатып алуды жүзеге асыру.

«Ықтимал апаттар мен ТЖ-ның алдын алу және жоюға дайындық» бөлімі бойынша:

- Апаттарды жою жоспарына сәйкес ірі апатты, ТЖ-ны жою бойынша жұмыстарды жүргізуге материалдық және қаржылық ресурстардың болуын қамтамасыз ету және талдау жүргізу.
- Оқу іс-шараларын: Қорды және мемлекеттік органдарды тарта отырып, объектіде ірі апатты, ТЖ-ны жою бойынша оқу дабылдарын және/немесе апатқа қарсы жаттығуларды; вахталық қызметкерлердің әкімшілік ғимараттарында (кеңселерінде) және тұратын жерлерінде өртті сөндіру бойынша жаттығуларды өткізуді қамтамасыз ету.

«Өндірістік қауіпсіздік бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары» бөлімі бойынша::

- ЕҰҰ мен филиалдардың бірінші басшылары үшін Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі форум өткізу.
- Қоғам Басқарма төрағасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жыл қорытындысын шығаруға арналған бейнеүндеуін шығару.
- Қызметкерлердің балаларының жеке және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы хабардарлығын арттыру мақсатында «Қауіпсіздік бала көзімен» тақырыбында интерактивті мастер-кластар мен байқауларды өткізу.



# Жергілікті қауымдастықтар

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

**Компания өзінің қатысатын аймақтарын дамытуға жәрдемдесуге тырысады. Біз жергілікті халықты сапалы байланыс пен интернетпен қамтамасыз етеміз, қалалар мен ауылдар арасындағы цифрлық теңсіздікті төмендетуге үлес қосамыз, сондай-ақ аса мұқтаж жандарға көмек көрсетеміз.**

2023 жылы Компанияда «Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу саясаты» қабылданды.

«Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу саясаты» «Қазақтелеком» АҚ-ның Қоғам қатысатын аймақтардағы жергілікті атқарушы органдармен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесуді басқарудың бірыңғай қағидаттарын айқындайды және олармен қолайлы сындарлы қатынастарды қолдауға бағытталған.

Саясат келесі халықаралық құжаттарда: БҰҰ-ның Жаһандық келісімшартында, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Халықаралық Еңбек ұйымының конвенциясында баяндалған қағидаттар негізінде қалыптастырылған, сондай-ақ БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ескереді.

Саясаттың қағидалары:

- Өзінің кәсіпкерлік қызметі барысында қатысу аймақтарында әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесуге үлес қосуды қамтамасыз ету.
- Қатысу аймақтарындағы жергілікті қауымдастық өкілдерінің өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ету.
- Жергілікті қауымдастықтармен олардың пікірлерін, қызығушылықтарын, көзқарастары мен қалауларын ескере отырып, сындарлы қарым-қатынасты сақтау.
- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау.
- Өз қызметін жүзеге асыратын өңірлерде әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді және жергілікті халыққа әсерді барынша азайту.

GRI 203-1, GRI 203-2

Компанияда жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу бағдарламаларын іске асыратын арнайы бөлімшелер жоқ, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясатына» байланысты – Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының барлық қайырымдылық және демеушілік қызметін Samruk-Kazyna Trust Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

2023 жылы Samruk-Kazyna Trust Әлеуметтік жобаларды дамыту Қорының қайырымдылық көмегінің негізгі бағыттары:

- емдеу, балалар және өзге де әлеуметтік мекемелерді қолдау;
- халыққа, ең алдымен жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, толық емес, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға ауруларды диагностикалауды, емдеу мен оңалтуды ұйымдастыру жолымен медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру;
- халықтың ең аз қорғалатын топтарына, оның ішінде күтімге, қорғаншылыққа мұқтаж табысы төмен (аз қамтылған) адамдарға көмек көрсету;
- азаматтардың денсаулығының алдын алуға және қорғауға жәрдемдесу, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау;
- мәдениетті, өнерді дамытуды қолдау;
- спортты дамытуды қолдау;
- азаматтық бастамаларды қолдау арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамыту.

Samruk-Kazyna Trust қорының қызметі туралы толығырақ https://sk-trust.kz/en сайттан біле аласыз.

## Жергілікті қауымдастықтардың дамуына ықпал ету

GRI 413-1

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметін Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырады және ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады.

Компания салық төлемдерін толық көлемде, уақтылы және жоғары деңгейде ашық түрде жүзеге асырады.

### Ірі жұмыс беруші және салық төлеуші

**19** мыңнан астам
2023 жылы қызметкерлердің жалпы саны

**119,8** млрд теңге*
2023 жылғы салық төлемдері (*шоғырландырылған деректер)

### Біз байланыс пен интернетпен қамтамасыз етеміз:

**5** мыңнан астам мектеп

**4** мыңға жуық аурухана

**15** мыңнан астам мемлекеттік мекеме



## Мүдделі тараптар үшін экономикалық құндылықты құру

GRI 413-2

«Қазақтелеком» АҚ өзінің қатысу аймақтарын тұрақты дамытуға қатысуының маңыздылығын түсінеді және жергілікті қауымдастықтардың өміріне өзінің оң әсерін күшейту үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдайды. Қатысу аймақтарында ірі жұмыс беруші бола отырып, Компания жергілікті еңбек нарықтарының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Мұндай жауапты тәсіл Компанияның іске асырылып жатқан Даму стратегиясы шеңберінде әзірленді.

Тікелей экономикалық құн Компанияның табыс әкелетін негізгі қызметі арқылы жасалады. Құрылған экономикалық құнды бөлу қызметкерлерге жалақыны төлеу, акционерлерге дивидендтер төлеу, сондай-ақ мемлекет пайдасына салықтар мен өзге де төлемдер, тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және ерікті әлеуметтік инвестициялауды жүзеге асыру процесінде жүреді.

Компания өз қызметінің жергілікті қауымдастықтарға, қоршаған ортаға және биоалуантүрлілікке әсерін жауапкершілікпен қарайды.

Бұл туралы толығырақ ақпарат «Биоалуантүрлілікке әсер ету» бөлімінде берілген.

Компанияның жергілікті және ұлттық экономикаларға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарға қосқан үлесі мыналарда көрінеді:

- тікелей іскерлік белсенділік және тиімділікті арттыруға назар аудару;
- тікелей және жанама жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін құру;
- әлеуметтік инвестициялар..

## Компанияның жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуі

GRI 2-26, 2-29

Компания өзінің жергілікті қауымдастықтарға әсерін біледі. «Қазақтелеком» АҚ өз қызметі барысында жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, қызметкерлердің, әріптестердің және өзге де мүдделі тараптардың мүдделері мен пікірлерін талдауды, есепке алуды жүргізеді.

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметі барысында олардың мүдделерін құрметтеу негізінде жергілікті қауымдастықтармен тұрақты түрде диалог құрады.

**Компанияның жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуінің негізгі жолдары:**

- БАҚ-та даму жоспарлары, «Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы қызметінің нәтижелері туралы жарияланымдар арқылы өзекті ақпаратты ұсыну.
- Қатысу аймақтар аумағында Қоғам жоспарлаған іс-шаралар туралы жергілікті қауымдастықтардың пікірін айқындау мақсатында корпоративтік БАҚ арқылы сұрақ-жауап, сауалнамалар жүргізу.
- Кері байланыс арналары бойынша өтініштермен жұмыс.
- Қатысу аймақтарын әлеуметтік-экономикалық қолдау шеңберінде әлеуметтік инвестициялар мен қайырымдылық қызметті жоспарлау және жүзеге асыру.
- Жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлескен кеңестерге, жұмыс топтарына және қазіргі тұрақты комитеттерге қатысу шеңберінде тікелей диалог жүргізу.
- Мемлекеттік билік өкілдерімен қатысу аймақтарын дамыту бойынша бірлескен тиімді жұмыс құру.

**«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде Компания мектептерге өтеусіз негізде техникалық шарттар беруді жүзеге асырады. 2024 жылы (1 кезең) 215 мектепке техникалық шарттар беріледі. 2025 жылы (2 кезең) техникалық шарттар 125 мектепке беріледі.**

**«Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба бүкіл ел бойынша орта білім беру ұйымдарындағы апатты объектілерді, үш ауысымдық оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жоюға бағытталған.**

**Бұл мақсатқа екі негізгі міндетті шешу арқылы қол жеткізу көзделеді:**

1. 2026 жылға дейін ағымдағы және болжамды оқушы орындарының тапшылығын жабу үшін қалалар мен ауылдық елді мекендерде кемінде 740 мың (екі ауысымды оқыту кезінде) жаңа оқушы орындарын пайдалануға беру.
2. Ұлттық жоба шеңберінде енгізілетін орта білім беру ұйымдарында жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру.

**Бұл жобаны жүзеге асыру туралы толығырақ келесі есептерімізден оқыңыз.**

**2023 жылы бүкіл Қазақстан орман өрті өршіп тұрған Абай ауданындағы отандастар үшін алаңдады.**

«Қазақтелеком» Компаниялар тобы Абай облысындағы орман өртін жоюға жәрдемдесіп, қажетті байланыс беріп, жедел штабты ұялы телефон байланысын қосымша орналастырумен телефон және интернет байланысымен қамтамасыз етті.

«Кселл» АҚ абоненттерге өрт радиусы шегінде 60 минут және 10 гб+ пакетін берді және қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін ТЖМ-ға мобильді базалық станцияларды ұсынды.

Tele2/Altel операторы орман өрті аймағында қалып қойған абоненттеріне Қазақстанның барлық операторларына 60 минут пен 60 SMS, сондай-ақ 10 ГБ трафик берді. Сонымен қатар, Tele2/Altel мамандары ТЖМ-ге көмек көрсету және облыс тұрғындарын үздіксіз байланыспен қамтамасыз ету үшін апат аймағына мобильді базалық станцияны орналастырды.

**Еріктілік**

«Қазақтелеком» Компания қатысатын аймақтарда өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін экологиялық, білім беру, спорттық және мәдени бастамаларды қолдайды.

Компания қызметкерлері жыл сайын қарт адамдарға – ардагерлер мен зейнеткерлерге көмек көрсетіп, оларды Халықаралық қарттар күнімен құттықтап, азық-түлік себетін сыйлайды.

Әлеуметтік жағынан осал отбасылар үшін «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері Қор қызметкерлерімен бірлесіп 1 қыркүйек қарсаңында бірінші сынып оқушысының рюкзактарын жинап, табыс етті.

Біздің қызметкерлер сенбіліктер мен марафондарға да қатысады.

2023 жылдың қыркүйегінде «Қазақтелеком» Астанада 5G KcellRUN марафонын өткізді. Жүгіру бір уақытта Түркістанда да өтті. Екі қаладағы марафонға бір уақытта мыңнан астам спорт әуесқойлары, салауатты және белсенді өмір салтын ұстанушылар қатысты.

5G KcellRUN марафоны кезінде телекөпір ұйымдастырылды, ол қатысушыларды бесінші буын технологиясы бойынша екі қалада тікелей эфирде байланыстырды.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1) Компанияның жергілікті қауымдастықтарды дамыту (қатысу аймақтарын қолдау) мақсаттары мен міндеттерін және оларға қол жеткізу мерзімдерін белгілеу.

2) Жергілікті қауымдастықтарды дамыту бағдарламаларына (қатысу аймақтарын қолдау) және қайырымдылық бағдарламаларына мониторинг жүргізу практикасын енгізу.

# Тұрақты даму туралы есеп: G аспектісі

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

**Компания адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады. «Қазақтелеком» АҚ және ЕТҰ, сондай-ақ олардың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және бизнесті әдепті жүргізу қағидаттарын сақтауға міндетті.**

### Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компанияда Комплаенс қызметі тиімді жұмыс істеуін жалғастыруда. Комплаенс бөлімшесінің негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен «Қазақтелекомның» ішкі құжаттарындағы бұзушылықтардың алдын алу және анықтау болып табылады.

Комплаенс қызметі әдеп пен мінез-құлық мәселелеріне де көп көңіл бөледі және «Қазақтелекомның» өзінде де, оның еншілес компанияларында да басшылық тарапынан қызметкерлерді қорлау және кемсіту жағдайларын құптамайды. Мұндай бұзушылықтар анықталған кезде комплаенс жосықсыз басшыларды жауапқа тарту үшін шаралар қабылдайды. Бұл мәселеде комплаенс бөлімшесі Қоғамның Басқарма Төрағасының да, еншілес компаниялардың жоғарғы басшылығының да қолдауына ие.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді реттейтін мынадай ішкі құжаттар енгізілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (2023 жылы өзектендірілген).
- Болжамды әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты.
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.
- Іскерлік әдеп кодексі.
- Корпоративтік басқару кодексі.

Құжаттармен Компанияның telecom.kz сайтында «Тұрақты даму» бөлімінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармақшасында танысуға болады.

GRI 205-1, 205-2

**Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет келесі негізгі қағидаттарға негізделеді:**

1) Қоғам қызметінің заңдылығын;
2) Қоғам қызметінің жариялылығы және ашықтығы;
3) Қоғамның қызметкерлері, серіктестері мен клиенттері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жүргізу;
4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Қоғамның серіктестерімен және клиенттерімен ынтымақтастық;
5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Қоғамның ішкі саясатын бұзу фактілері бойынша қызметтік тексерулерді міндетті түрде жүргізу;
6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте жәрдемдесетін адамдарды қорғау және көтермелеу;
7) Лауазымды тұлғалардың осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын ұстануы және «жоғарыдан үн қосуды» орнату;
8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

**2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары**

2023 жылы сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл саласын-дағы комплаенс жұмысының негізгі бағыттары:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты» өзектендіру;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- қызметкерлерді оқыту;
- кері байланыс арналары;
- ЕТҰ-мен өзара әрекеттесу.

2023 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына барлық деңгейдегі қызметкерлер мен басшылардың жауапкершілігін белгілейтін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» өзектендірілді.

Сонымен қатар Компанияда осы лауазымдарға қабылдау/тағайындау үшін ерекше, жоғары талаптар белгілене отырып, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге келісім қабылдай отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау қаупі жоғары лауазымдардың тізбелері айқындалды және Бұйрықтармен (ОА және филиалдар) бекітілді. Компания қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен танысу бойынша қашықтықтан оқыту онлайн-курсы әзірленіп, learning.telecom.kz ішкі порталында орналастырылған.

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да 2022 жыл кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның

**1 030**

қызметкері өзектендірілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен» танысу бойынша қашықтықтан оқыту онлайн-курсынан өтті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- сатып алу қызметі;
- персоналды басқару;
- Қоғамдағы бизнес-процестер.

GRI 205-1

## Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелер мен бизнес-процестер

| Атауы | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны, дана | 4 | 0 | 7 |
| Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің үлесі, % | 70 | 0 | 58 |

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері оларды жою бойынша ұсынымдармен «Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасына жіберілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалып, бекітілді.

GRI 205-3

**Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ мен ЕТҰ-да сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың расталған жағдайлары тіркелмеген.**

GRI 205-2

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар ету, 2021–2023

| Қызметкерлер категориясы | 2021 | | 2022 | | 2023 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам | % | адам | % | адам | % |
| Корпоративтік басқарудың негізгі органдарының хабардар етілген мүшелерінің жалпы саны (Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Басқарма) | 15 | 100 | 12 | 100 | 12 | 100 |
| Хабардар етілген қызметкерлердің жалпы саны | 20 000 | 100 | 18 662 | 93,4 | 15 217 | 80 |
| Хабардар етілген іскери серіктестердің жалпы саны | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 570 | 100 |

*Кестеге ескерпе: Аймақтар бойынша ақпарат жиналмайды.*

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту

Компания қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер өткізеді. Барлық жаңа қызметкерлер «Іскерлік әдеп кодексінің» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының» негізгі қағидаттары бойынша міндетті онлайн-кіріспе курсынан өтеді.

2023 жылы филиалдар мен ЕТҰ-ның барлық басшылары сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және басқа да комплаенс тәуекелдеріне қарсы іс-қимылға бағытталған коммуникациялық оқыту сессияларын өткізді.

«Қазақтелеком» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын өзектендіруге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің қосымша нормаларын енгізуге байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгерістеріне сәйкес барлық филиалдар мен ОА қызметкерлерінің 100%-ын таныстыра отырып, техникалық оқу өткізу ұйымдастырылды.

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ және ЕТҰ басқару органдары мен атқарушы органының мүшелері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту сессиясы өткізілді, комплаенс және корпоративтік мәдениет саласындағы соңғы трендтер көрсетілді.

2023 жылы Комплаенс қызметінің басшысы zakon.kz және kursiv.media ақпараттық платформаларында Комплаенс қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін және нәтижелерін ашатын шолу сұхбаттарын жүргізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша **4** оқыту іс-шарасы 2023 жылы Компанияда өткізілді

Қамту: **15 217** (80%) Компания қызметкерлері

GRI 205-2

## 2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен санаттар бойынша қызметкерлер саны

| Қызметкерлер категориясы | Адам | Үлесі, % |
|---|---|---|
| Оқытудан өткен корпоративтік басқарудың негізгі органдары (Директорлар кеңесі, Басқарма) мүшелерінің жалпы саны | 4 | 33 |
| Оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны (санат бойынша): | 15 217 | 80 |
| Басшы лауазымдарында | 871 | 80 |
| Мамандар | 10 360 | 80 |
| Жұмысшылар | 3 986 | 80 |

*Кестеге ескертпе: Санат бойынша қызметкерлер саны жалпы тізімдегі қызметкерлер санынан ерекшеленеді, өйткені деректер оқу күні алынған.*

### Кері байланыс арналары

GRI 2-16, 2-25, 2-27, GRI 205-3

Компаниядағы әдепсіз немесе заңсыз мінез-құлық фактілері туралы хабарлау механизмдері «Болжамды әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясатымен» реттеледі.

Компанияда жедел желі жұмыс істейді - заңнаманы бұзудың нақты немесе ықтимал жағдайларына, оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және басқа да бұзушылықтарға байланысты жүгінуге арналған тәуелсіз, құпия және анонимді байланыс арнасы. Жедел желі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бас компаниясы арқылы жұмыс істейді және оған тәуелсіз оператор (KPMG компаниясы) қызмет көрсетеді.

Жедел желі құпиялылық пен анонимділікке кепілдік береді (жүгінген адамның қалауы бойынша), сондай-ақ өтініштердің 100%-ын тіркейді және өңдейді, содан кейін жауапты тұлғаларға есептер ұсынады.

Компаниядағы бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерге, іскери серіктестерге және басқа да мүдделі тараптарға қатысты құпиялылықтың сақталуына, сондай-ақ қудалаудың және/немесе кемсітушіліктің болмауына Компания кепілдік береді.

2023 жылы жедел желіге 105 өтініш түсті (51 расталды).

Өтініштердің негізгі тақырыптары:

- қызметтерді қосу рәсімдерін бұзу;
- тең емес жалдау және еңбек жағдайлары;
- теріс пайдалану;
- әдепсіз мінез-құлық;
- әділетсіз жалақы.

GRI 2-16

Комплаенс қызметі жедел желі арқылы алынған өтініштер мен материалдарды зерттейді. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде Комплаенс қызметі оларды Басқарма Төрағасының басшылығымен «Қазақтелеком» АҚ-ның Қаржы-шаруашылық пәні жөніндегі басқарушы комитетінің карауына жібереді. Басқарушы комитеттің мүшелері материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы шешім қабылдайды.

Комплаенс қызметінде тіркелген әрбір факт Директорлар кеңесіне баяндау үшін тоқсандық есепте көрсетіледі. 2023 жылы аса маңызды проблемалар болған жоқ.

Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында жедел желі және Комплаенс қызметінің байланыс деректері орналастырылған, олар бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға болады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының бұзушылықтары туралы хабарлауға арналған кері байланыс арналары:**

| | |
|---|---|
| «Самұрық-Қазына» АҚ жедел желісі | **8 800 080 47 47** (ҚР аумағында қоңырау шалу тегін)<br>**8 771 191 88 16** WhatsApp |
| Интернет-портал: | **www.sk-hotline.kz** |
| Электрондық пошта | **mail@sk-hotline.kz** |
| Комплаенс қызметі: | **8 701 941-1001** |
| E-mail: | **tlek.issakov@telecom.kz** |

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Комплаенс саласындағы мәселелер бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.
- Мүдделер қақтығысын уақтылы анықтауды және реттеуді қамтамасыз ету.
- Құпия ақпараттандыру желісі бойынша берілген өтініштердің 100%-ын карауды қамтамасыз ету.
- Қоғам қызметкерлері арасында Комплаенс қызметінің қызметін танымал ету мақсатында өңірлерге шығу (КҚ-нің мобильді кеңсесі).
- Стандартқа сәйкес Қоғамның және ЕҰҰ-ның бастапқы сертификаттық аудитін жүргізу.
- ҚР СТ ISO37001 «Парақорлыққа қарсы күрес менеджмент жүйесі. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқаулық».

# Компанияның экономикалық тиімділігі

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің экономикалық құрамдас бөлігі Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де стратегиялық жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Ол компанияның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылатын акционерлер мен инвесторлар үшін Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының ірі телекоммуникациялық операторы бола отырып, Компания ел экономикасын жаңғыртуға және әртараптандыруға елеулі үлес қосуға ұмтылады және жергілікті қауымдастықтардың тұрақты дамуына жәрдемдеседі.

GRI 201-1

«Қазақтелеком» АҚ өзінің қатысу аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуға ұмтылады.

Компания тікелей экономикалық құнды табыс әкелетін негізгі қызмет арқылы жасайды. Құрылған экономикалық құнды бөлу жұмысшылардың жалақысын төлеу, акционерлерге дивидендтер төлеу, сондай-ақ мемлекет пайдасына салықтар мен өзге де төлемдер; тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және ерікті әлеуметтік инвестициялауды жүзеге асыру процесінде жүреді. Бұл туралы толығырақ «Қызметкерлермен өзара әрекеттесу» және «Жергілікті қауымдастықтар» бөлімдерінен оқыңыз.

GRI 2-6, GRI 201-1

### Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, 2023 жыл, млн теңге

| Көрсеткіш | 2023 |
|---|---|
| Құрылған тікелей экономикалық құн | 317 909 |
| Кіріс (түсім) | 299 725 |
| Қаржылық инвестициялардан түскен кіріс | 13 055 |
| Бөлінген экономикалық құн | 295 346 |
| Операциялық шығындар | 166 393 |
| Қызметкерлердің жалақысы, өзге де төлемдері мен жеңілдіктері | 104 190 |
| оның ішінде жалақы | 89 293 |
| оның ішінде қызметкерлерге төленетін басқа да төлемдер мен жеңілдіктер | 14 897 |
| Капитал жеткізушілеріне төлемдер | 16 216 |
| оның ішінде қаржылық шығыстар | 16 216 |
| Мемлекетке төлемдер | 8 547 |
| Бөлінбеген экономикалық құн | 22 563 |

*2023 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес деректер.*



# Сатып алу тәжірибелері

## Біздің тәсіл

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ жеткізушілермен өзара әрекеттесуге жауапкершілікпен қарайды. Компания тек адал, сенімді және ашық серіктестермен ынтымақтасуға тырысады.

«Қазақтелеко» ұлттық экономиканың инновациялық дамуы жағдайында отандық тауар, жұмыс және қызмет өндірушілерді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдайды.

«Қазақтелеком» АҚ сатып алу қызметінің негізгі басымдықтары:

- сатып алудың ашықтығы мен айқындығы;
- сатып алу рәсімдерін өткізу кезіндегі бәсекелестік;
- жергілікті жеткізушілерді қолдау және дамыту.

«Қазақтелеком» АҚ-ның сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен» реттеледі, оның жаңа редакциясы 2023 жылдың сәуір айында қабылданды. Енгізілген өзгерістер нәтижесінде сатып алудың бәсекелестік тәсілдері бойынша функционал пысықталды, шағын және орта бизнес үшін преференциялар берілді, отандық өндірушілерді қолдау бойынша тармақшалар қосылды.

Сатып алу процестерін басқару құралы Қордың электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі болып табылады. Қордың электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі - бұл тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті жоспарлаудан, сатып алуды жүргізуден, келісімшарттарды жасасудан және орындаудан бастап тауарларды қоймаға жеткізуге дейінгі толық цикл жасалатын бірыңғай портал.

Толық ақпаратты zakup.sk.kz порталынан білуге болады.



**2022 жылғы 1 сәуірден бастап Қорда 2022 жылғы 3 наурызда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен жаңа редакцияда «Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі» жұмыс істейді.**

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің» жаңа редакциясы (бұдан әрі – «Сатып алу тәртібі») ҚР Қаржы министрлігімен келісілді. «Сатып алу тәртібі» жобасын әзірлеу кезінде Қор құжатты талқылап, билік органдарымен де, бизнес-қоғамдастықпен де, оның ішінде: ҚР Қаржы министрлігімен, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен консультациялар өткізді. Талқылау қорытындысы бойынша құжатта мемлекеттік органдардың негізгі ескертулері мен бизнес-қоғамдастықтың сындарлы ұсыныстары ескерілді.

«Сатып алу тәртібінің» жаңа редакциясы өзге құжаттарға сілтемелік нормаларсыз сатып алудың барлық рәсімдерінің сипаттамасын қамтиды және тікелей қолданылатын құжат болып табылады. Бұдан басқа, бір дереккөзден алынатын сатып алу негіздері айтарлықтай қысқартылды, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтарды осы процестерге тарта отырып, сатып алуды санатты басқару және алдын ала біліктілік іріктеу процесінің ашықтығы арттырылды, отандық тауар өндірушілер мен ШОБ субъектілерін қолдаудың жаңа шаралары енгізілді.

Сатып алу процесін жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» қоры тиісті мемлекеттік органдармен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп республикалық ауқымда барлық реттелетін субъектілердің сатып алуларын реформалау процесіне белсенді қатысады.

## Сатып алу жүйесін жетілдіру

Компанияда сатып алу рәсімдері сатып алудың мынадай тәсілдерімен жүргізіледі: ашық тендер, баға ұсыныстарына сұрау салу, бір дереккөз, арнайы тәртіп.

2023 жылғы мамырда Компанияда өтінімдер берудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді («Қазақтелеком» АҚ сатып алуларының мониторингі). Сатып алу рәсімдерін жеңілдететін электрондық дүкен арқылы электрондық сатып алудың Ақпараттық жүйесінің порталында сатып алудың жаңа түрі іске қосылды. Диджитализация процесінің шеңберінде Qlik Sense сатып алулар порталындағы сатып алулар қызметі бойынша аналитиканы біріктіреді.

«Қазақтелеком» қызметі қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және адам құқықтарын сақтау саласындағы Компанияның талаптарына сәйкес келетін жеткізушілерді таңдауға ұмтылады.

«Қазақтелеком» 2024 жылы сатып алуды басқару жүйесін жетілдіруді және өз жеткізушілерін ESG-критерийлері бойынша бағалауды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, ESG критерийлері ескерілетін Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі әзірленетін болады.

# 2023 жылғы сатып алу қызметінің нәтижелері

**1 570**

жылы

жеткізуші

Тауарлардың/қызметтердің негізгі түрлері:

- телекоммуникациялық жабдық
- телекоммуникациялық жабдыққа қызмет көрсету
- ЖІШЖ қызметтері және телекоммуникациялық қызметтердің басқа түрлері

**Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі**



GRI 2-6, GRI 204-1

«Қазақтелеком» АҚ жергілікті жеткізушілермен ынтымақтастыққа ерекше мән беріп, олардан тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жөн көреді. Компания өз қызметінде ұлттық экономиканың инновациялық дамуы жағдайында жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты ұстанады.

**99,46%**

2023 жылы жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі

**92,57**

млрд теңге

2023 жылы жергілікті жеткізушілерден сатып алу бюджеті

Компанияның сатып алуларындағы жергілікті жеткізушілерінің үлесін арттыру мақсатында «Телеком Комплект» дирекциясының базасында сатып алу және импортты алмастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен жұмыс істеуге, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Орталық жобалау кеңсесімен өзара әрекеттесуге бағытталған импортты алмастыру жөніндегі жергілікті жобалау кеңсесі жұмыс істейді. Бұдан басқа, Қордың сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органы жыл сайын сатып алудағы жергілікті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің үлесін ұлғайту бойынша тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін айқындайды.

Отандық тауар өндірушілерді нүктелік қолдауды «Самұрық-Қазына» қорында және басқарылатын субъектілерде (оның ішінде «Қазақтелеком» АҚ-да) енгізілген сатып алуды басқарудың санаттық тетігі де қамтамасыз етеді.

Толығырақ zakup.sk.kz сайттан оқыңыз.



GRI 2-6, GRI 204-1

## Жергілікті жеткізушілерге жұмсалатын шығындар, 2022-2023

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Жеткізушілер саны | 2 133 | 1 565 |
| Жергілікті жеткізушілерден сатып алу бюджеті, млрд теңге | 93,283 | 92,57 |
| Елішілік құндылық үлесі, млрд теңге | 27,434 | 35,390 |

«Жергілікті» географиялық анықтамасы және «Қазақтелеком» АҚ қызметін жүзеге асырудың негізгі орны Компанияның қатысушы елі – Қазақстан Республикасын білдіреді.

**Жеткізушілерге қойылатын негізгі талаптар**

«Қазақтелеком» АҚ-ның жеткізушілерге қойылатын талаптары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен» құжатталған, сондай-ақ Қордың электрондық сатып алу Ақпараттық жүйесінің порталында жарияланған.

## Жеткізушілердің кері байланысы

Компания жеткізушілермен әртүрлі кері байланыс құралдарын пайдаланады, соның ішінде: қағаз/электрондық пошта арқылы ресми хат алмасу; Компанияның Facebook-тегі ресми парақшасы арқылы байланыс; сатып алу порталын техникалық қолдау қызметі; сатып алу мәселелеріне қатысты шағымдар мен өтініштерді жинауға арналған тікелей желі.

Компания жыл сайын жұмыс істеп жүрген және әлеуетті жеткізушілермен офлайн/онлайн конференциялар өткізеді. 2023 жылы жеткізушілермен 3 конференция өткізілді (1 офлайн, 2 онлайн), оған 100-ден астам жеткізушілер қатысты. «Қазақтелеком» сатып алу жүйесін басқаруды одан әрі жетілдіру үшін осындай конференциялар барысында түскен барлық ұсынымдар мен ұсыныстарды жүйелейді. Мәселен, 2022 жылы конференциялардың бірінде алға қойылған жеткізушілер бастамалары Компанияның сатып алу бөлімшесінде офтейк-келісімшарттарға, санатты сатып алуларға және сервистік модельдеріне жетекшілік ететін жаңа бөлек бөлімше құруға негіз болды.

Сатып алу порталын техникалық қолдау:
**+7 (7172) 55 2266**
**support2@skc.kz**

Сатып алу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштерді жинау бойынша тікелей желі:
**8(727) 226 82 61**

WhatsApp:
**+7701 428 58 15**
**vopros@telecom.kz**

**80**

хат/өтініш/ұсыныс

2023 жылы әлеуетті және жұмыс істеп жүрген жеткізушілерден алынған

Негізгі сұрақтар мыналарға қатысты болды:
- тендерге қатысу;
- алдын ала біліктіліктен өту (әлеуетті жеткізушілердің сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау процесі).

Осы және басқа да сұрақтарға жауаптар Компанияның Facebook-тегі ресми парақшасында жарияланады.

# Нарықтар мен бәсекелестік

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компаниядағы бәсекелестікке қарсы мінез-құлықты басқару тәсілі құқықтық, әдептік және стратегиялық шаралардың жиынтығын қамтиды. «Қазақтелеком» АҚ басшылыққа алатын Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілерінің бірі «Табиғи монополиялар туралы» Заң болып табылады.

Компания Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген және «әмбебап қызметтер» операторының функцияларын жүзеге асырады, осыған байланысты оның қызметі мемлекет тарапынан реттелуге жатады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның монополияға қарсы реттеу саласындағы қызметін телекоммуникациялар саласындағы табиғи монополиялар бойынша уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті бақылайды. «Қазақтелеком» АҚ-ға қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы өкілеттіктерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті жүзеге асырады.

GRI 2-27, GRI 206-1

Есепті кезеңде Компанияда бәсекелестікке кедергі келтіруге байланысты Компанияға қатысты монополияға қарсы заңнаманы және өзге де құқықтық әрекеттерді бұзуымен байланысты жағдайлар тіркелмеген.

# Инновациялар және жаңа технологиялар

## Басқару тәсілі

Инновациялық технологиялар Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқарады, сондай-ақ миллиондаған қазақстандықтар үшін сапалы және ыңғайлы қызмет көрсетуге көмектеседі.

Инновациялық жобаларды енгізу және Компанияның цифрлық трансформациясы басқару тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға, ESG қағидаттарына сәйкес келуге және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

«Қазақтелеком» АҚ халық, бизнес және мемлекет үшін әртүрлі цифрлық өнімдер мен шешімдерді әзірлейді және енгізеді.

## Жаңа бизнестер және жаңа өнімдер

### DDoS-шабуылдарынан қорғау

DDoS-шабуылдарынан қорғау Қазақстандағы корпоративтік клиенттер арасында ең сұранысқа ие қызметтердің бірі болып табылады.

«DDoS-шабуылдарынан қорғау» қызметі ақпараттық қауіпсіздік саласындағы әлемдік көшбасшылардың шешімдері негізінде интернет желісінен DDoS-шабуылдарға барынша қарсы іс-қимыл жасауға және олардың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін қамтиды. Ол DDoS-шабуылдарынан туындаған байланыс арнасының толып кетуіне немесе жабдықтың шектен тыс жүктелуінің есебінен қоғамдық ресурстардың қолжетімсіздігімен байланысты тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз етеді.

### Кэш-серверлерге кіру мүмкіндігі бар интернет

Кэш-серверлер ірі контент-провайдерлердің инфрақұрылымының бөлігі болып табылады: Қазақстан аумағында «Қазақтелеком» АҚ ақпарат орталықтарында орналастырылған онлайн-ойындар, видеохостингтер, онлайн-кинотеатрлар, сондай-ақ әлеуметтік желілер. «Қазақтелеком» АҚ өнімі B2O сегменттеріндегі абоненттер үшін интернетке және Компанияның кэштелген ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Абонент үшін өнімді пайдалану оның клиенттері мен пайдаланушыларына танымал ресурстарға қол жеткізу уақытын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Өнім қымбат жабдықты сатып алу және оларға қызмет көрсету шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді: деректерді, серверлерді, электрлі коректендіру құрылғысын, желілік жабдықты сақтау жүйелері.

**Telco Cloud бұлтында желілік функцияларды іске қосу**

2023 жылы Компания Telco Cloud бұлтты торабына негізделген Астана және Алматы қалаларында vCGNAT және vDNS желілік функцияларын виртуалдандыру жобасы бойынша күрделі жұмыстарды сәтті жүргізді. Бұл жұмыстар Астананың Telco Cloud тораптары мен желілік функцияларының ақауларға төзімділігін жақсартуға мүмкіндік берді. Астанада vCGNAT-ты пайдалануға беру көптеген IPv4-мекенжайларын босатуға мүмкіндік берді.

## Телекоммуникациялық инфрақұрылым және желіні дамыту

**МДБЖ-ны жаңғырту**

«Операторлық қосылымдар үшін порт сыйымдылығын кеңейту» жобасын іске асыру шеңберінде Компания сервистік шекара бағдарлауышын жаңғыртып, Алматы, Астана, Ақтөбе, Атырау және Шымкент қалаларында байланыс операторларын қосу үшін қосымша 100 Gbps порттарымен жабдықтады.

**Контентке ол жеткізуді оңтайландыру үшін желілік инфра рылымды (пиринг) ж не кэштеу серверлерін кеңейту**

2023 жылы кэш-серверлер мен контент-провайдерлер үшін инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жалғасты. «Кэш-серверлер үшін инфрақұрылымды дамыту» жобасының үшінші кезеңін іске асыру шеңберінде Компания Ақтөбе, Павлодар және Алматы қалаларында инфрақұрылымды жаңғыртқан. Meta, Tencent және VK серверлері орналастырылған. Бұл әрекеттер «Қазақтелеком» абоненттері үшін сервистердің қолжетімділігін жақсартуға және сыртқы арналарға жүктемені азайтуға мүмкіндік берді. Компания желісіндегі интернет трафигінің 70%-ы ошақталған.

Франкфурт пен Гонконгтағы POP түйіндерін ұйымдастыру жобасы аясында Google, Meta, Amazon, Apple, Valve, Tencent, Twitch және т.б. сияқты ірі контент-провайдерлермен пиринг ұйымдастырды. Бұл абоненттердің контентпен байланысын жақсартуға айтарлықтай әсер етті.

## Әртүрлі желілік функциялар мен техникалық шешімдерді сынау

- Көп функциялы кері байланыстарды орындауға мүмкіндік беретін MBH (Mobile Backhaul) – DCSG (Disaggregated Cell Site Gateway) желі үшін бөлшектелген шешім сәтті сыналды. DCSG өзінің қызмет көрсету функцияларын құру үшін white box әмбебап платформасының артықшылықтарын әзірлеушілердің ашық желілік экожүйесімен біріктіреді. Тестілеу барысында бағдарламалық бөліктің әртүрлі өндірушілердің аппараттық бөлігімен үйлесімділігі және MBH желісінде CSG функцияларын орындау тексерілді.
- Қонаев қаласында жаңа vOLT (VOLTHA) шешіміне далалық тестілеу өткізілді. vOLT-тің басқа вендорлардың түрлі ONT-мен бірігуіне тексеру жүргізілді.
- Тәжікстан Мегафон желісі («ТТ Мобайл» ЖАҚ) үшін «Қазақтелеком» АҚ-ның пирингтік қосылыстары мен жергілікті кэш-серверлеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету сыналды.
- Екі факторлы аутентификация үшін телефон нөмірін тексеру қызметі болып табылатын Flash Call сервисіне тестілеу жүргізілді, ол SMS – OTP тексеруіне қарағанда үнемді және API арқылы оңай біріктіріледі.



# Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

**Компания ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және өз клиенттерінің деректерін қорғаудың маңыздылығын түсінеді. «Қазақтелеком» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғауды басқарудың сенімді жүйесін дамыту жалғасуда.**

## Біздің тәсіл

GRI 418-1, GRI 3-3

Ақпараттық қауіпсіздік Компанияның Ақпараттық технологиялар дивизионының (АТ дивизионы) құрылымдық бөлімшесінің бөлігі болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.
- «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық жүйелерін вирусқа қарсы қорғау саясаты.
- «Қазақтелеком» АҚ-да жеке деректерді қорғау саясаты.
- Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы.

**Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін Компания құжаттарымен Компанияның сайтында «Тұрақты даму» бөлімінің «Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау» тармақшасында танысуға болады.**

**Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары:**

1) заңнамалық нормаларды орындау;
2) Қоғамның жоғары басшылығының АҚ-ны қамтамасыз ету процесіне қатысуы;
3) бизнеске бағдарлану;
4) процестік тәсіл;
5) ақпаратты қорғау тәсілдерін, әдістері мен құралдарын кешенді пайдалану;
6) үздік тәжірибелерді ұстану;
7) ақылға қонымды жеткіліктілік;
8) хабардарлық және жеке жауапкершілік.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «Қазақтелеком» АҚ жүйелі тәсілді қолданады. Маңызды аспектілердің бірі – деректерді Компанияның инфрақұрылымына енген сәттен бастап мұрағаттауға немесе қайтарымсыз жоюға дейінгі өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі оларды тәулік бойы бақылау.

Қазіргі уақытта Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерінің үздік әлемдік тәжірибелері қолданылады. Біздің ішкі жүйелеріміз ақпараттық ресурстарға қауіпсіз қашықтан қол жеткізу, интернетті қауіпсіз пайдалану, артықшылықты пайдаланушыларды (PAM) бақылау, осалдық сканерлері және т.б. сияқты шешімдермен қорғалған. Компания сыртқы қауіптерге қарсы тұруға ұмтылады және ресурстармен жұмыс істеудің жаңа шешімдері мен әдістерін, соның ішінде Компанияда қажетті инфрақұрылымды құруды, білікті мамандарды оқытуды, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын қалыптастыруды және ZeroTrust тұжырымдамасын енгізеді.

Сонымен бірге, Компания ИҚБШ мемлекеттік киберқауіпсіздік жүйесіне кіріктіру, интернет заттарының қауіпсіздігі, Machine Learning, Honeypot тұзақтарын пайдалану және т.б. сияқты маңызды қауіпсіздік элементтерін пайдаланады. Бұдан басқа, Компания қызметкерлерін оқыту және АҚ-хабардарлығын арттыру тұрақты негізде жүргізіледі.

## Дербес деректерді қорғау

GRI 418-1

Компанияда «Дербес деректерді қорғау саясаты» әзірленді және енгізілді, онда клиенттердің, жеткізушілердің, іскер серіктестердің, қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың дербес деректерін өңдеудің негізгі қағидаттары айқындалды, сондай-ақ дербес деректерді жинау, сақтау және өңдеу жөніндегі негізгі іс-әрекеттер мен оларды қорғау жөніндегі шаралар айқындалды.

Саясат дербес деректерді қорғау саласындағы негізгі құжат болып табылады және Қоғам өз қызметінде басшылыққа алатын дербес деректерді қорғау саласындағы мақсаттарды, міндеттерді және қағидаттарды белгілейді. Сонымен қатар, дербес деректерді қорғаудың тиісті құжаттарын әзірлеу кезінде басшылық ретінде қызмет етеді.

**Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары:**

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
2) дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етудің заңдылығы;
3) қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы;
4) Қоғам басшылығының дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету процесіне қатысуы;
5) бизнеске бағдарлану;
6) процестік тәсіл;
7) қорғау тәсілдерін, әдістері мен құралдарын кешенді пайдалану;
8) үздік тәжірибелерді ұстану;
9) ақылға қонымды жеткіліктілік;
10) ақпараттандыру және дербес жауапкершілік.

## Есепті кезеңдегі негізгі нәтижелер

2023 жылы ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі жұмыстарды бағыттау бөлігінде АТ дивизионы ақпараттық қауіпсіздік және бақылау бөлімшесінің жұмысын қайта пішімдеді, оның міндеттеріне инциденттерді тергеу, осалдықтарды іздеу, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін жою бойынша ұсыныстар дайындау, Компанияның периметрін қорғау, ақпараттық жүйелерге/ресурстарға қол жеткізуді басқару, ақпараттық қауіпсіздік шешімдерін басқару кіреді.

ОА-да Компаниядағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін жоғары деңгейде бақылайтын қауіпсіздік жөніндегі Басқарушы директорға тікелей бағынатын ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі – Ақпараттық қауіпсіздік қызметі құрылды. 2024 жылы 2025–2028 жылдарға арналған Ақпараттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

2023 жылы Компанияның ZeroTrust моделіне көшуінің бірінші кезеңі іске асырылды, аппараттық-бағдарламалық кешенді енгізу басталды, бұл корпоративтік желіні сегменттеуді, қол жеткізуді егжей-тегжейлі басқаруды және қызметкерлердің соңғы станцияларын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Осы бастамалардың барлығы ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне мониторинг жүргізу, жауап беру, сыртқы қатерлерге тойтарыс беру және оларға қарсы іс-қимыл жасау үшін ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығын (АҚЖО) ұйымдастыру бойынша практикалық жұмысқа кірісуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, 2023 жылы Ақпараттық технологиялар дивизионының мамандарын ақпараттық қауіпсіздіктің халықаралық стандарттары болып табылатын ISO27001, 27005 және 27035 сертификаттауына дайындық жүргізілді. АТ дивизионы филиалының ISO27001 сертификатын алуы клиенттердің деректердің сақталуына, қауіпсіздігіне және құпиялылығына кепілдік бере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың стандартталған тәсілін қамтамасыз етеді. 2024 жылы Ақпараттық технологиялар дивизионын ISO27001 сәйкестік сертификатын алуға дайындық жұмыстары жалғасады.

Есепті кезеңде клиенттің дербес деректерін өңдеудің ықтимал бұзылуына қатысты жедел желі бойынша бір өтініш тіркелді. Клиент деректерінің таралу фактісі расталмады.

**Есепті кезеңде Компанияда деректерінің таралу фактілері анықталған жоқ.**

### ZERO TRUST тұжырымдамасын енгізу

Бұл тұжырымдама пайдаланушыларға процестер мен жүйелерді мүлдем сеніп тапсырмауға негізделеді. Бұл дегеніміз, әрбір нақты сессия үшін пайдаланушы, мейлі құрылғы болсын, қолданба болсын, аутентификация процедурасынан өтіп, белгілі бір деректерге қол жеткізу құқығын растауы керек. Бұрынғы Forrester талдаушысы Джон Киндерваг Zero Trust тұжырымдамасын жасаған және ол бүгінде киберқауіпсіздік саласындағы ең танымал тұжырымдамалардың бірі болып табылады.

2023 жылы ZeroTrust ядросы сатып алынды, ОА-да Ақпараттық қауіпсіздік қызметі құрылды, зиянды БЖ-ны енгізу және тарату әрекеттерінің алдын алынды. ZeroTrust бірінші кезеңін іске асыру барысында қызметкерлердің корпоративтік дербес компьютерлерінің зақымдалуының көптеген фактілері анықталды. WannaCry «бопсалаушы вирус») деп аталатын белгілі вирустың таралуына жол берілмеді.

2024 жылы ZeroTrust моделіне көшудің 2-ші кезеңін іске асыру, ақпаратты қорғау құралдарын жетілдіру үшін бірқатар шешімдерді енгізу жоспарланған. Жыл соңына қарай ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік жедел орталығын іске қосу жоспарлануда.

Жалпы, Компанияда ZeroTrust-ты қолдану ақпараттық қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

2023 жылы Компанияда 160 000 ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы анықталды. ZeroTrust арқасында Компания кибершабуылдарға жедел әрекет ету процесін жеделдете алады және ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін үйлестірілген түрде шеше алады.

ZeroTrust тұжырымдамасын толық енгізу қорытындысы бойынша Компания ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкестіне ISO27001 Халықаралық сертификаттаудан өтуді жоспарлап отырғаны да маңызды факт болып табылады.



# B2B және B2C сегменттерінің клиенттік жолдарын цифрландыру

GRI 418-1

telecom.kz және ismet.kz платформаларында клиенттермен өзара әрекеттесуді цифрландыру аясында 2023 жылы АТ дивизионы Компанияның АТ өнімдерін ismet.kz бизнес-платформасына ауыстырды және ШОБ үшін хостинг өнімдерін сатумен New Hosting платформасына көшуді аяқтады. Платформада адам факторының қатысуынсыз толық цифрлық клиенттік жол іске асырылды.

2024 жылы хостинг платформасының дизайнын өзгерту, жаңа қызметтерді шығару, контентті кеңейту және жеке процестерді цифрландыру жоспарланған. KT Docs электрондық құжат айналымы жүйесі үшін деректер моделі құрылды, оны ұйымдағы барлық цифрлық сату арналарын қамтитын бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі ретінде пайдалану жоспарлануда. IsmetDocs электрондық құжат айналымы жүйесі жаңа микросервистік архитектурада әзірленуде. Жүйені ЕШЕБЖ және ЭҚАБЖ мемлекеттік жүйесімен (БНАА және ЭҚБҚ жүйелерін қоса алғанда) біріктіру жоспарлануда. Сонымен қатар, «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» мемлекеттік ақпараттық жүйесімен (ЖМБМК АЖ) бірігу жүзеге асырылды. Корпоративтік бизнес бойынша дивизионның әріптестерімен бірге жаңа маркетплейс – IsmetMarket (Business.ismet.kz) таныстырылды, онда пайдаланушылар өз тауарлары мен қызметтерін орналастыра алады. Сондай-ақ, осы маркетплейсте пайдаланушылар кабельдік кәрізге талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту бойынша Компанияның серіктестері/мердігерлері бола алады.

B2C сегменті бойынша telecom.kz порталында және мобильді қосымшада клиенттік жолдарды оңтайландыру жұмыстары жүргізілді. Өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін қосуды, ЕДБ сервистері арқылы белгіленген күні банк картасымен автоматты түрде төлеу мүмкіндігін, абоненттердің шоттарын егжей-тегжейлі көрсету үшін түбіртектерді қарауды қоса алғанда, жеке кабинетті жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұдан басқа, телефон қоңырауы арқылы азаматтарға автоматты түрде кеңес беру үшін дауыстық боттың пилоттық жобалары, сауалнаманы QR сканерлеу арқылы бөлімшелердегі абоненттергеден сұрақ-жауап алу, клиенттік базаны ұлғайту стратегиясы шеңберінде Egov Mobile мобильді қосымшасында қызметтерді шығару іске қосылады.

# Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру және оқыту

GRI 418-1

Компанияда ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары - деректердің құпиялылығы, тұтастығы және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлер арасында оқыту іс-шаралары жүйелі түрде өткізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздік әкімшілік деңгейде де – әрбір қызметкер Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы регламенттерінің, ережелерінің, саясаттарының талаптарымен танысуға және орындауға міндетті, сондай-ақ техникалық және физикалық деңгейде де қамтамасыз етіледі – Компанияда әртүрлі аппараттық-бағдарламалық кешендер, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары және т.б. пайдаланылады.

Сонымен қатар, АҚ дивизионының мамандары ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, АҚ тәуекелдері мен қауіптері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан тұрақты түрде өтеді. Деректерді дұрыс пайдаланбау қаупі жоғары клиенттермен жұмыс жасау және персоналмен жұмыс жасау бөлімшелерінің қызметкерлері үшін цифрлық гигиена бойынша жалпы оқыту/тестілеу жүргізіледі.



# Корпоративтік басқару туралы есеп

## Корпоративтік басқару туралы есеп

**Компания корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін және өз қызметінің ашықтығын сақтауға ұмтылады. Біз бизнес пен қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіреміз. Бұл тәсіл басқарудың барлық деңгейлерінде тиімділікті қамтамасыз етеді.**

Компанияны корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

- Тұрақты даму.
- Акционерлердің құқықтарын құрметтеу және оларға әділ көзқарас.
- Тиімділік.
- Ашықтық.

Корпоративтік басқару кодексінің осы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы жыл сайын Корпоративтік хатшы дайындайтын Директорлар кеңесі үшін есепте жарияланады.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына,«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ішкі құжаттарына және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.07.2023 жылғы №590 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакцияда бекітілгенін ескере отырып, Компания 2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексін жаңартуды жоспарлап отыр.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару жүйесі акционерлік қоғамның қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығы болып табылады. Органдардың құзыреттері мен шешімдер қабылдау тәртібі «Қазақтелеком» АҚ-ның Жарғысында айқындалған және бекітілген.

2023 жылдың қорытындысы бойынша талдау «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметі мен оның корпоративтік тәжірибесі Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестікті қамтамасыз ететіндігін көрсетті.

Басқару органдары:

- жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма.

Басқарма Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, ол өз кезегінде Акционерлердің жалпы жиналысы алдында жауап береді. Компанияның әрбір органының нақты рөлі мен функциялары «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда, Жарғыда және Компанияның басқа да ішкі құжаттарында жазылған.

Ішкі аудит қызметі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ акционерлік қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган болып табылады.



## «Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару құрылымы

GRI 2-9



# Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің құқықтары және оларды сақтау «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік басқаруының маңызды қағидаттары болып табылады. Компания барлық акционерлердің, соның ішінде акцияларды иелену үлесіне қарамастан миноритарлық акционерлердің мүдделерін бірдей ескереді және ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2023 жылы акционерлердің 4 жалпы жиналысы (жылдық және 3 кезектен тыс) өткізілді, онда жылдық қаржылық есептілікті бекіту, дивидендтер төлеу, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды.

## Акционерлерді хабардар ету

«Қазақтелеком» АҚ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ, Astana International Exchange Ltd және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (kase.kz), Astana International Exchange Ltd. (aix.kz) және «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ (dfo.kz) интернет-ресурстарында Компанияның басқару органы мен атқарушы органының құрамы туралы, корпоративтік оқиғалар туралы, ірі акционерлердің құрамы туралы, акционерлердің алдағы жалпы жиналыстары және олардың қорытындылары туралы, бағалы қағаздар шығарылымдары туралы ақпарат, сондай-ақ акционерлер мен инвесторлардың мүддесі үшін қаржылық есептілік және басқа да ақпарат жарияланады.

Сонымен қатар, акционерлер мен мүдделі тараптарды кеңінен қамту үшін ақпарат Компанияның сайтында ашылады.

# Акционерлік капиталдың құрылымы

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша Компанияның Басқарма, Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақтелеком» АҚ-ның қарапайым акцияларының меншік иелері болып табылмайды, акцияларды өзара иелену жоқ. Компанияның Жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгені құрайды және 10 922 876 қарапайым акциядан және 1 213 653 артықшылық берілген акциядан тұрады. Бір акцияның номиналды құны



– 1 000 теңге. Эмиттенттелген акциялардың жалпы санынан «Қазақтелеком» АҚ-ның артықшылық берілген акцияларының үлесі 10%-ды құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның қарапайым және артықшылық берілген акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санатындағы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ресми тізіміне енгізілді. 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды

Қазіргі уақытта Компанияның қарапайым және артықшылық берілген акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізімінің «Премиум» санатына кіреді және Биржаның негізгі алаңында саудаланады.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы №117 қаулысына сәйкес құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі АҚ-ға берілді. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы №669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы №962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Қор) «Қазына» орнықты даму қоры» мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру жолымен құрылды.

2023 жылғы 12 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ-ның екінші ірі акционері болған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 2022 жылғы мамырдан бастап Қорға «Қазақтелеком» АҚ-ның 3 084 983 (орналастырылған қарапайым акцияларының 28,24%-ы) қарапайым акцияларын берді.

Бүгінгі таңда Қор Компанияның ең ірі акционері болып табылады.

2023 жылғы 13 қыркүйекте «First Heartland Jusan Bank» АҚ «Қазақтелеком» АҚ-ның 983 350 (орналастырылған қарапайым акцияларының 9,00%-ы) қарапайым акцияларына иелік ететін акционері болды.

2023 жыл ішінде Қоғамның қарапайым акцияларының ең төменгі бағасы 28 200,00 теңгеге және Қоғамның артықшылықты акцияларының ең төменгі бағасы 21 844,67 теңгеге жетті.

2023 жылдың төртінші тоқсанында 2022 жылғы бөлінбеген пайдадан дивидендтер төлеу үшін акционерлердің тізімін бекіту күні қарсаңында бір қарапайым акцияға 3 038, 36 теңге сомасына «Қазақтелеком» АҚ-ның акциялар құнының қысқа мерзімді өсуі байқалды.

Дивидендтер төлеу тізіміне енгізу және 2022 жылдың шілде айының деңгейіне дейін төмендету мерзімі басталғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ-ның акцияларының құны 2023 жылдың соңына дейін біртіндеп қалпына келтіруді жалғастырды. 2023 жылғы желтоқсанның соңғы сауда күнінің қорытындысы бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да «Қазақтелеком» АҚ (ISIN KZ0009093241) қарапайым акцияларының құны 34 500,00 теңгені, «Қазақтелеком» АҚ (ISIN KZ0009094645) артықшылық берілген акцияларының құны 24 750,00 теңгені құрады.

# Дивидендтік саясат

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) дивидендтік саясатының мақсаты Қоғам мен Акционерлер мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезінде тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамның дивидендтік саясатының негізгі қағидаттары айналымдағы Қоғам акцияларының барлық пакетіне кепілдендірілген дивидендтер төлеуді қамтамасыз ету қағидаты және Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қоғамның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты болып табылады.

Төленетін дивидендтердің мөлшері қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде айқындалатын Қоғамның қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты.

Қоғам төлеуге ұсынылатын дивидендтердің мөлшері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының (18.01.2013 ж. №49 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның Дивидендтік саясат туралы ережеде баяндалған дивидендтерді есептеу әдістемесіне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-ның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы №51 шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен айқындалады. Дивидендтер мөлшері туралы түпкілікті шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

2023 жылы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес (2023 жылғы 27 қазандағы №79 хаттама) дивидендтер төлеуге бас компанияның меншік иелеріне тиесілі 2022 жылғы шоғырландырылған бөлінбеген пайданың 29,30%-ы жіберілді.

# Директорлар кеңесі

GRI 2-9

Директорлар кеңесі Компанияның қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындайтын, даму стратегиясын, бюджетті бекітетін, атқарушы органды сайлайтын және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

**7** адам — Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылады

Директорлар кеңесінің **3** мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады (жалпы санының 43%-ы).

Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен, Директорлар кеңесінің ережесімен және Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған басқа да құжаттармен реттеледі.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің рөлдері

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және тиімді қызметін қамтамасыз етеді, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.



Директорлар кеңесінің мүшелері - акционерлердің өкілдері Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде ірі акционерлердің мүдделерін білдіреді.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары барлық комитеттердің құрамына кіреді, барлық мәселелерді қарайды және Директорлар кеңесі үшін ұсыныстар қабылдайды. Аудит және тұрақты даму комитетінің құрамына тек тәуелсіз директорлар кіреді. Олар қаржылық есептілік, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдер және басқа да маңызды қызмет салалары бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды. Сонымен қатар, тәуелсіз директорлар өздерінің тәуелсіздігіне байланысты жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдайды.

## Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау

GRI 2-10

Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысында және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда кезектен тыс жалпы жиналыста қайта сайланады.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындауы және ұйымның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуін қамтамасыз етуі үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке беделі бар тұлғалар кіруі тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мынадай критерийлер назарға алынады:

- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс тілі;
- халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- іскерлік бедел;
- ұйымның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайланатын жағдайларды қоспағанда, акционерлер дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін кандидатуралар мыналар қатарынан ұсынылуы мүмкін:

- Акционерлер – жеке тұлғалар.
- Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар.
- Компанияның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

# Директорлар кеңесінің құрамы

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 7 адамнан тұрады, оның 3-і тәуелсіз директорлар болып табылады (жалпы санының 43%-ы).

Директорлар кеңесінің қазіргі құрамы:

- Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы (Директорлар кеңесінің төрағасы).
- Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы.
- Ауғанов Ғибрат Қайратұлы.
- Абдуалиев Әсет Қуандықұлы.
- Казутин Николай Юрьевич.
- Заика Дмитрий Александрович.
- Неупокоев Артур Викторович.

2023 жылы Директорлар Кеңесі құрамындағы негізгі өзгерістер:

- 19.07.2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор А.Н. Буянов өз бастамасымен Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігін тоқтатты.
- 19.07.2023 жылы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен:
  - «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор А.С. Жұбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
  - Директорлар кеңесінің құрамына «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қалған өкілеттік мерзіміне тәуелсіз директорлар ретінде А.К. Абдуалиев пен А.В. Неупокаев сайланды.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі құзыреттері:**

- Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы – Директорлар кеңесін басқару, телекоммуникация, стратегия, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы – телекоммуникация, стратегия, бизнесті жоспарлау;
- Ауғанов Ғибрат Қайратұлы – стратегия, кадрлық мәселелер, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- Казутин Николай Юрьевич – аудит, қаржы, маркетинг, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;
- Абдуалиев Әсет Қуандықұлы – аудит, корпоративтік қаржы, халықаралық құқық, стратегия, менеджмент, мемлекеттік басқару;
- Заика Дмитрий Александрович – аудит, қаржы, стратегиялық жоспарлау, маркетинг, телекоммуникация, мобильді бизнес;
- Неупокоев Артур Викторович – телекоммуникация, маркетинг, стратегиялық менеджмент, корпоративтік сату, операторлық бизнес.

# Директорлар кеңесі мүшелерінің өмірбаяны

GRI 2-9, 2-11



## Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы

**Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі**

**8 655 561**

қарапайым (дауыс беретін) акция

**Туған күні:** 1 қыркүйек 1960 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 8 мамыр 2012 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 30 сәуір 2021 жыл
**Акцияларға иелік ету:** Иелік етпейді

### Білімі: жоғары

**09.1977 – 06.1986** Мәскеу теміржол көлігі институты. Мамандығы: «Теміржол көлігімен тасымалдау
**2017–2019** Ұлыбритания Директорлар институтының IOD директорларын сертификаттаудың халықаралық бағдарламасы.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**04. 2016 – қазіргі уақытқа дейін** «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінде «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.
**06.2014 – 17.04.2016** «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді басқару жөніндегі Бас директор.
**11.2008 – 06.2014** «Самұрық-Қазына» АҚ, Басқарушы директор.



## Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарма төрағасы.**

**Туған күні:** 10 маусым 1975 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 16 желтоқсан 2006 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 30 сәуір 2021 жыл
**Акцияларға иелік ету:** Иелік етпейді

### Білімі: жоғары

**1991–1995** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Қолданбалы математика». Математика ғылымдарының кандидаты.
**2001–2003** Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті. Бизнес факультеті. Мамандығы: «Қаржы және несие».
**2015–2017** Hult Business School, Лондон, Ұлыбритания. Мамандығы: «Қаржы». Дәрежесі: Executive MBA.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**15.03.2010 – қазіргі уақытқа дейін** «Қазақтелеком» АҚ, Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.
«Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС, Байқаушы кеңесінің төрағасы.
**02.2007 – 03.2010** Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Төраға.



## Ауғанов Ғибрат Қайратұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі**

**8 655 561**

қарапайым (дауыс беретін) акция

**Туған күні:** 6 маусым 1988 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 30 мамыр 2022 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 30 мамыр 2022 жыл
**Акцияларға иелік ету:** Иелік етпейді

### Білімі: жоғары

**2003–2006** «АРНА» Көкшетау экономикалық колледжі. Қаржы-кредит факультеті Мамандығы: «Қаржы» (салалар бойынша).
**2006–2009** Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті. «Қаржы және есеп» факультеті. Мамандығы: «Қаржы».
**2010–2012** М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Мұнай-газ ісі».
**2014–2015** Гуманитарлық-техникалық академиясы. Мамандығы: «Экономика және бизнес магистрі».

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**07.2023 – қазіргі уақытқа дейін** «Самұрық-Қазына» АҚ, Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директор.
**02.2021 – 07.2023** «Самұрық-Қазына» АҚ, Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.
**10.2021 – 01.2022** «Самұрық-Қазына» АҚ, Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры.
**06.2020 – 10.2021** «Қаражанбасмұнай» АҚ, Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры.
**09.2017 – 06.2020** «Эмбамұнайгаз» АҚ, Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары.



## Казутин Николай Юрьевич

**Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі**

**8 655 561**

қарапайым (дауыс беретін) акция

**Туған күні:** 28 қараша 1982 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 4 шілде 2022 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 4 шілде 2022 жыл

### Білімі: жоғары

**2003** 2003 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. Мамандығы: «Бухгалтерлік есеп және аудит».

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**02.2022 — қазіргі уақытқа дейін** «Самұрық-Қазына» АҚ, Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.
**01.2020–02.2022** Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары.
**01.2018–11.2019** «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қ.
**08.2016–01.2018** «Көкшетау минералды сулары» АҚ кеңесшісі, Көкшетау қ.



## Абдуалиев Әсет Қуандықұлы

**Тәуелсіз директор**

**Туған күні:** 8 тамыз 1984 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 19 шілде 2023 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 19 шілде 2023 жыл
**Тәуелсіздік критерийлері** «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді.

### Білімі: жоғары

**2001–2005** Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультеті. Халықаралық құқық бакалавры.
**2006–2007** CEPMLP Данди қ. университеті. Құқық магистрі (LLM).
**2017–2018** Гарвард университеті. Мемлекеттік басқару мектебі. Мемлекеттік басқару магистрі (MPA)
**2018–2019** Стэнфорд университеті. Жоғары бизнес мектебі. Менеджмент саласындағы ғылым магистрі (MSx).

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**06. 2023 — қазіргі уақытқа дейін** CEO, Silk Road Innovation Hub.
**06.2021 – 06.2023** TaskRabbit, Inc., Стратегия және даму бөлімінің басшысы, Сан-Франциско, АҚШ.
**06.2016 – 05.2017** «Алматы қаласының даму орталығы» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары.



## Заика Дмитрий Александрович

**Тәуелсіз директор**

**Туған күні:** 27 сәуір 1975 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 30 маусым 2015 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 30 асәуір 2021 жыл
**Критерии независимости:** «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді.

### Білімі: жоғары

**1992–1998** Алматы энергетика және байланыс институты. Мамандығы: радиотехника, біліктілігі: радиоинженер.
**2003–2005** Қазақ Мемлекеттік Экономикалық университеті. Мамандығы: «Қаржы менеджменті». Біліктілігі: экономист.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**2011–2020** «Химфарм» АҚ, Тәуелсіз директоры
**2012–2016** «АЛТЕЛ» АҚ, Тәуелсіз директоры
**2015 – қазіргі уақытқа дейін** «Қазақтелеком» АҚ, Тәуелсіз директоры



## Неупокоев Артур Викторович

**Тәуелсіз директор**

**Туған күні:** 22 маусым 1967 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 19 шілде 2023 жыл
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайлау күні:** 19 шілде 2023 жыл
**Критерии независимости:** «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді.

### Білімі: жоғары

**1985-1992** Қазақ политехникалық институты. Мамандығы: металлургиялық процестерді физика-химиялық зерттеу.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**01.2018 – 11.2019** «Қазақтелеком» АҚ, Корпоративтік бизнес дивизионының ірі клиенттерге сату департаментінің директоры.
**03.2006 – 12.2017** «Қазақтелеком» АҚ, Бас директордың орынбасары – Корпоративтік сату дирекциясының коммерциялық директоры.

## Директорлар тәуелсіздігі

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны 30%-дан кем болмауы тиіс. 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесіндегі бұл үлес 43%-ды құрады.

Тәуелсіз директор деген жеке акционерлердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан бос, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тұлға.

Тәуелсіз директор - Директорлар кеңесінің мүшесі, ол:

- осы акционерлік қоғамның және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) үлестес тұлғасы болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылмайды;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Компанияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары 2023 жылы тәуелсіздік критерийлеріне толық сәйкес келді.

## Мүдделер қайшылығын басқару

GRI 2-15

«Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу саясаты бар. Саясат мүдделер қайшылығының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібін, мүдделер қайшылығы туындаған немесе туындау ықтималдығы жағдайында Компания органдарының және/немесе тұлғаларының өзара әрекеттесу мен үйлестіру рәсімдерін айқындайды.

Мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясаттың міндеттері:

- Мүдделер қайшылығының алдын алу, анықтау және жою бойынша жағдайлар жасау.
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Компания мен оның акционерлерінің мүддесі үшін осы Саясат шараларымен мүдделер қайшылығын реттеу.
- Компанияның қызметкері, Директорлар кеңесінің мүшесі өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдердің заңдылығын, негізділігін және Компания мүдделеріне сәйкестігін сақтау.
- Мүдделер қайшылығын уақтылы анықтауды және шешуді қамтамасыз ететін тиісті қызмет мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу.
- Органдардың, құрылымдық бөлімшелерінің және Компания қызметкерлерінің жұмысының тиімділігіне нұқсан келтірмей, мүдделер қайшылығын ашық және уақтылы басқару.
- Компания қызметкерінің, Директорлар кеңесі мүшесінің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдер үшін жеке жауапкершілігін қамтамасыз ету.
- Ішкі және сыртқы есеп беру тетіктерін енгізу.
- Акционерлердің құқықтарының сақталуын, сондай-ақ Компанияның мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғауды қамтамасыз ету.
- Компанияның шешім қабылдау механизміне нұқсан келтірілмейтін жағдайларды қамтамасыз ету.
- Компаниядағы мүдделер қайшылығының алдын алу рәсімдерін өзгермелі шындыққа сәйкес одан әрі жетілдіру.

Мүдделер қайшылығын реттеу саясатына сәйкес Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Директорлар кеңесіне кез келген нақты немесе ықтимал Мүдделер қайшылығы туралы ақпаратты ашуға.
- Мүдделер қайшылығына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасамауға.
- Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің • Мүдделер қайшылығы бар мәмілелер бойынша шешім қабылдамауға.
- тұрақты түрде, тоқсанына бір рет, сондай-ақ сұрау бойынша Комплаенс қызметіне осы Саясатқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің үлестес тұлғалары (жеке және заңды тұлғалар) туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

2023 жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қайшылығы тіркелген жоқ.

## Директорлар кеңесінің қызметі

2023 жылы Директорлар Кеңесінің отырыстары қолданыстағы бейнеконференция өткізу платформаларын пайдалана отырып, онлайн-форматта өткізілді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізіліп, онда 103 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы негізгі шешімдері:

- Компанияның ESG-тәжірибесін дамытудың Жол картасын бекіту.
- «Уәкілетті органның талаптары шеңберінде желіні жаңғырту» стратегиялық жобасының бизнес-жоспарын бекіту.
- «Қазақтелеком» АҚ

Компаниялар тобының ұялы байланыс операторларының кейбір мәселелерін қарау.

- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту.

Сондай-ақ тұрақты негізде Бизнес-жоспарды орындау, қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, стратегиялық жобаларды іске асыру, тәуекелдер, Стратегияны орындау, ұялы байланыс операторлардың қызметі мәселелері бойынша Басқарманы тыңдау жүзеге асырылды.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы қызметін қорытындылай келе, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерімен корпоративтік дауласу жағдайлары, сондай-ақ олардың заңсыз мінез-құлық фактілері анықталған жоқ.

## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

GRI 2-18

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау «Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Осы құжатқа сәйкес Директорлар кеңесін бағалау жылына бір рет өзін-өзі бағалау жолымен және кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз консультанттарды тарту арқылы жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің соңғы сыртқы бағалауын 2021 жылы PricewaterhouseCoopers кеңесшілері жүргізді. PricewaterhouseCoopers бағалауына сәйкес «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» көрсеткіші бойынша рейтинг 2018 жылы BB деңгейінен 2021 жылы BBB деңгейіне дейін өсті. Бұдан басқа, осы бағалау қорытындысы бойынша Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға Директорлар Кеңесінің қызметіне байланысты іс-шаралар енгізілді.

Көрсетілген Ережелерге сәйкес Директорлар кеңесінің 2023 жылғы қызметін бағалау өзін-өзі бағалау арқылы жүргізілді. Бағалау критерийлерінің тізбесі стратегиялық ойлау деңгейін бағалау, саланы білу, кәсіби тәжірибе, командалық жұмысқа бейілділік, тұрақты даму қағидаттарын ұстану және басқа да мәселелерді қамтыды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері отырыста қаралды. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі ақылға қонымды, білікті, тиімді әрекет етті, бұл Компанияның жоғары қаржылық және өндірістік нәтижелерінде де көрініс тапты. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің қызметі 2023 жылдың қорытындысы бойынша оң бағаланды.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби құзыретін арттыру

GRI 2-17

Компанияда Директорлар кеңесінің мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясаты бар. Бұл саясат Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін болса, Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларын дамыту және біліктілігін арттыру жүйесін енгізу және олардың сыртқы сарапшыларды тарту құқығын іске асыру жолымен Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында корпоративтік басқарудың үздік практикасын ескере отырып әзірленді. 2023 жылы Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту жүргізілген жоқ.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2-9

2023 жылы Директорлар кеңесі жанынан үш комитет жұмыс істеді: Аудит және тұрақты даму комитеті, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Комитеттердің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, олардың Төрағасы мен мүшелерін сайлауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды Компанияның Директорлар кеңесі айқындайды және жүзеге асырады. «Самұрық-Қазына» қорының Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Комитет Төрағасы Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

### Аудит және тұрақты даму комитеті

GRI 2-9, 2-13

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Директорлар кеңесінің шешімімен 2006 жылы құрылды. 2022 жылғы шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен Аудит жөніндегі комитет Аудит және тұрақты даму жөніндегі комитет болып қайта аталды және өз қызметін Директорлар кеңесінің 19.07.2022 жылғы шешімімен бекітілген Комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитеттің 2023 жылғы құрамы:

**1 ақпаннан 19 шілдеге дейін:** Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы (Комитет төрағасы), Буянов Алексей Николаевич, Заика Дмитрий Александрович;

**21 шілдеден бастап:** Абдуалиев Әсет Қуандықұлы (Комитет төрағасы), Заика Дмитрий Александрович, Неупокоев Артур Викторович.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Аудит және тұрақты даму комитеті толығымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көзделген директорлардың тәуелсіздігін тану критерийлеріне сәйкес келетін тәуелсіз директорлардан тұрады.

Комитет туралы ережеге сәйкес Комитет төрағасы отырыстарға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін.
- Ішкі аудит және Комплаенс қызметінің басшысын.
- «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдерін.
- Қоғам қызметкерлерін (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар) және еншілес ұйымдардың қызметкерлерін шақырды.

Аудит және тұрақты даму комитеті тоқсанына кемінде бір рет тұрақты бетпе-бет отырыстар және қажетіне қарай кезектен тыс отырыстар өткізеді.

Комитет 2023 жылы 8 отырыс өткізді, онда 29 мәселе қаралды (оның ішінде Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік, сыртқы аудит мәселелері), сондай-ақ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Комитет 2023 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді. Комитет мүшелері оның әрбір отырысына белсенді қатысты.

Комитет өз жұмысында «Қазақтелеком» АҚ Жарғысын, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, Комитет туралы ережені басшылыққа алады.

## 2023 жылы Комитет отырыстарына қатысу

| Комитет мүшелері | №1 09.02 | №2 07.03 | №3 13.04 | №4 26.05 | №5 13.07 | №6 14.09 | №7 30.10 | №8 06.12 | Қатысу пайызы* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұбаев А.С. | + | + | + | + | + | | | | 100% |
| Буянов А.Н. | + | + | + | + | + | | | | 100% |
| Заика Д.А. | + | + | + | + | + | + | + | + | 100% |
| Абдуалиев Ә.Қ. | | | | | | + | + | + | 100% |
| Неупокоев А.В. | | | | | | + | + | + | 100% |

**Комитет мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңіндегі қатысу %-ы.*

### Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

GRI 2-20

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2015 жылы құрылды.

Комитет өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді және өз қызметін Директорлар кеңесінің 18.03.2015 жылғы №2 Хаттамасымен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2023 жылғы құрамы:

**1 ақтардан 19 шілдеге дейін:** Буянов Алексей Николаевич (Комитет төрағасы), Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Заика Дмитрий Александрович, Ауғанов Ғибрат Қайратұлы;

**21 шілдеден бастап:** Заика Дмитрий Александрович (Комитет төрағасы), Абдуалиев Әсет Қуандықұлы, Неупокоев Артур Викторович, Ауғанов Ғибрат Қайратұлы.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Комитет төрағасы отырыстарға баяндамашылар, бақылаушылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат беру үшін:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін.
- Қоғам қызметкерлерін (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар).
- Басшы қызметкерлер лауазымдарының тізбесіне сәйкес басшы лауазымдарға кандидаттарды шақырды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2023 жылы 10 бетпе-бет отырыс өткізді, онда 33 мәселе қаралды (оның ішінде әлеуметтік сипаттағы мәселелер, Орталық аппараттың құрылымындағы өзгерістер, қызметкерлерді Қоғам Басқармасының құрамына сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшыларын лауазымдарға тағайындау, басшы қызметкерлерге ҚНК бекіту, еңбекақы төлеу, персоналды басқару), сондай-ақ Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Комитет 2023 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді.



## 2022 жылы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет отырыстарына қатысу

| Директорлар кеңесінің мүшелері | №1 13.02 | №2 14.03 | №3 21.04 | №4 29.05 | №5 18.07 | №6 29.08 | №7 14.09 | №8 03.11 | №9 28.11 | №10 07.12 | Қатысу пайызы* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Буянов А.Н. | + | + | + | + | + | | | | | | 100% |
| Заика Д.А. | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100% |
| Жұбаев А.С. | + | + | + | + | + | | | | | | 100% |
| Ауғанов Ғ.Қ. | + | іссапар | + | + | + | іссапар | + | + | + | С-К-дегі кеңес | 70% |
| Абдуалиев Ә.Қ. | | | | | | | + | + | + | + | 100% |
| Неупокоев А.В. | | | | | | | + | + | іссапар | + | 80% |

**Комитет мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңіндегі қатысу %-ы.*

### Стратегиялық жоспарлау комитеті

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті 2010 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің 19.11.2010 жылғы шешімімен бекітілген Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы:

**1 ақтардан 19 шілдеге дейін:** Заика Дмитрий Александрович (Комитет төрағасы), Буянов Алексей Николаевич, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, сондай-ақ дауыс беруге құқығы жоқ сарапшылар Шарипов Тимур Сабржанұлы және Мұқанова Алмагүл Өмірзаққызы;

**21 шілдеден бастап:** Неупокоев Артур Викторович (Комитет төрағасы), Абдуалиев Әсет Қуандықұлы, Заика Дмитрий Александрович, сондай-ақ дауыс беруге құқығы жоқ сарапшылар Шарипов Тимур Сабржанұлы және Мұқанова Алмагүл Өмірзаққызы.

Комитет төрағасы отырыстарға бақылаушылар, баяндамашылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат беру үшін:

- Басқарма мүшелерін.
- Қоғамның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басшысын және өзге де қызметкерлерін.
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерін шақырды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті Комитеттің шешімімен бекітілген жылдық жоспарға сәйкес отырыстарды, бірақ тоқсанына кемінде бір рет, қажетіне қарай кезектен тыс отырыстарды өткізеді.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2023 жылы 7 бетпе-бет отырыс өткізді, онда 11 мәселе қаралды және олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Бұл стратегия, бизнес-жоспарлау, стратегиялық жобалар, Қоғамды Дамыту жоспары және Қоғам қызметінің басқа да маңызды мәселелері. Комитет 2023 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді.

## 2023 жылы Стратегиялық жоспарлау комитет отырыстарына қатысу

| Комитет мүшелері | №1 09.03 | №2 27.03 | №3 21.04 | №4 13.07 | №5 16.08 | №6 30.10 | №7 06.12 | Қатысу пайызы* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Заика Д.А. | + | + | + | + | + | + | + | 100% |
| Буянов А.Н. | + | + | + | + | | | | 100% |
| Жұбаев А.С. | + | + | + | + | | | | 100% |
| Неупокоев А.В. | | | | | + | + | + | 100% |
| Абдуалиев Ә.Қ. | | | | | + | + | + | 100% |

*Комитет мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңіндегі қатысу %-ы.

## Директорлар кеңесінің сыйақысы



GRI 2-19, 2-21

«Қазақтелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 12.08.2021 жылғы шешіміне сәйкес тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін тіркелген жылдық сыйақы және қосымша сыйақы төленеді:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін 45 000 (қырық бес мың) АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 11 000 (он бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы;
- Қазақстан Республикасының резиденттері үшін 16 650 000 (он алты миллион алты жүз елу мың) теңге мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 4 000 000 (төрт миллион) теңге мөлшерінде қосымша сыйақы.



«Қазақтелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 12.08.2021 жылғы шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасына тіркелген жылдық сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 16 000 000 (он алты миллион) теңгені құрайды.

Компания Директорлар кеңесінің мүшелеріне-резиденттерге 2023 жылы төленген жиынтық сыйақысы 57 356 111,65 теңгені құрайды. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне-бейрезиденттерге 2023 жылы төлеген жалпы сыйақысы 56,148,87 АҚШ долларын құрайды. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2023 жылы төленген жалпы сыйақысы 82 631 922,24 теңгені құрайды.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Тәуелсіз директордың өкілеттігі жартыжылдық аяқталғанға дейін тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын) жағдайда Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезең үшін сыйақы және өтемақы төленеді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу саясатына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Тәуелсіз директорға бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша қосымша сыйақы төленуі мүмкін.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді, өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің, өзге де ішкі құжаттардың нормаларына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналыстары мен Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, Директорлар кеңесінің іс қағаздарын ұйымдастырады және құжат айналымын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруды қамтамасыз етеді және осы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпарат береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіқалықовтың мемлекеттік марапаттары, «Үздік байланысшы» салалық атағы бар. «Самұрық-Қазына» қоры Компаниялар тобының үздік корпоративтік хатшыларының бірі, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі түрлі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы болып танылды. Орталық Азия Корпоративтік хатшылар қауымдастығының құрметті мүшесі, Корпоративтік хатшы 2023 байқаудың қазылар алқасының төрағасы болып табылады.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

# Басқарма

Басқарма акционерлік қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп беру қағидаты негізінде құрылады.

Басқарма 6 мүшеден - Басқарма Төрағасынан және Директорлар кеңесі сайлайтын басқа да тұлғалардан тұрады.

2023 жылы Компания Басқармасының құрамына Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор Наталья Лян және Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның Бас директоры Әлібек Индықбаев сайланды.

## Басқарма құрамы

GRI 2-11



### Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы**

**Туған күні:** 10 маусым 1975 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына алғаш сайланған күні:** 15 наурыз 2010 жыл
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына ағымдағы сайлау күні:** 16 марта 2022 года
**Компанияның акцияларына, Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:** Жоқ

**Білімі: жоғары**

**1991–1995** – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Қолданбалы математика». Математика ғылымдарының кандидаты.
**2001–2003** – Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті. Бизнес факультеті. Мамандығы: «Қаржы және несие».
**2015–2017** – Hult Business School, Лондон, Ұлыбритания. Мамандығы: «Қаржы»; Деңгейі: Executive MBA.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:**

**02.2007–03.2010** – Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Төраға.
**03.2010 – қазіргі уақытқа дейін** – «Қазақтелеком» АҚ, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

**Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:**

«Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы.



### Атамұратова Людмила Викторовна

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы директоры**

**Туған күні:** 1 наурыз 1980 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні:** 1 маусым 2022 жыл
**Компанияның акцияларына, Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:** Жоқ

**Білімі: жоғары**

**1997–2002** – Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы, Челябинск қ.), Қаржы-экономикалық факультеті (үздік диплом). «Менеджер» біліктілігі. Мамандандығы: «Жобаларды басқару».
**1999–2001** – Оңтүстік Орал мемлекеттік (Ресей Федерациясы, Челябинск қ.), Лингвистикалық орталық. «Ағылшын тілінің аудармашысы және оқытушысы» біліктілігі. Мамандандығы: «Теориялық және қолданбалы лингвистика».
**2002–2003** – КИМЭП, «Қаржы/Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша сертификат (МВА бағдарламасының қолданбалы бөлігі).
**2021–2023** – «Сколково» Мәскеу Басқару мектебі, Executive MBA дәрежесі.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:**

**07.2015–04.2022** – «Қазақтелеком» АҚ, Жобалық қаржыландыру департаментінің директоры.
**05.2022–06.2022** – «Қазақтелеком» АҚ, Бас қаржы директорының м.а.
**06.2022 – қазіргі уақытқа дейін** – «Қазақтелеком» АҚ, Бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі.

**Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:**

Жоқ.



### Битабаров Берік Әбдімәжитұлы

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның Операциялық тиімділік жөніндегі Бас директоры**

**Туған күні:** 18 қыркүйек 1977 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні:** 1 мамыр 2022 жыл
**Компанияның акцияларына, Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:** Жоқ

**Білімі: жоғары**

**1994–1999** – Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. Мамандығы: «Халықаралық қатынастар жөніндегі маман».
**2021** – Лондон бизнес мектебі, Ұлыбритания. Дәрежесі: Executive MBA.

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:**

**12.2018–09.2021** – «Қазақтелеком» АҚ, Персонал бойынша Басқарушы директор.
**09.2021–04.2022** – «Қазақтелеком» АҚ, Персонал, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша Басқарушы директор.
**04.2022–12.2022** – «Қазақтелеком» АҚ, Персонал бойынша Бас директор.
**12.2022 – қазіргі уақытқа дейін** – Қазіргі уақытқа дейін – «Қазақтелеком» АҚ, Операциялық тиімділік жөніндегі Бас директор, Басқарма мүшесі.

**Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:**

Жоқ.



## Индықбаев Әлібек Бейбітұлы

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, Корпоративтік бизнес дивизионының Бас директоры**

**Туған күні:** 30 шілде 1988 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні:** 03 шілде 2023 жыл
**Акцияларға иелік ету:** Жоқ

### Білімі: жоғары

**2018** – М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы.
**2008** – Тұран университеті, «Қаржы» мамандығы.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**07.2021–10. 2022** – «Q Telecom» АҚ, Басқарма Төрағасы.
**10.2022–04.2023** – «Q Telecom» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы.
**05.2023 – қазіргі уақытқа дейін** – «Қазақтелеком» АҚ, Корпоративтік бизнес бойынша дивизионның Бас директоры.

### Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:

Жоқ



## Лян Наталья Валерьевна

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның Сыртқы активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директоры**

**Туған күні:** 16 желтоқсан 1969 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні:** 03 шілде 2023 жыл
**Акцияларға иелік ету:** Жоқ

### Білімі: жоғары

**1986–1991** – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Есептеу математикасы және кибернетика факультеті;
**2012–2014** – «Сколково» Мәскеу Басқару мектебі, EMBA дәрежесі.

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**07.2010–07.2023** – «Қазақтелеком» АҚ, Сыртқы активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор.
**07.2023 – қазіргі уақытқа дейін** – «Қазақтелеком» АҚ, Сыртқы активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

### Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:

Жоқ.



## Мейірманов Нұрлан Кемалұлы

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ-ның Инновациялар жөніндегі Бас директоры**

**Туған күні:** 3 тамыз 1972 жыл
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына алғаш сайланған күні:** 2 мамыр 2019 жыл
**Компанияның акцияларына, Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік ету:** Жоқ

### Білімі: жоғары

**1989–1995** – Қазақ химия-технологиялық институты. Мамандығы: «Химиялық өндірістің негізгі процестері және химиялық кибернетика».
**2008–2011** – Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы. Мамандығы: «Іскерлік әкімшілендіру докторы».
**2011** – Халықаралық бизнес академиясы. Мамандығы: «Іскерлік әкімшілендіру докторы».

### Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымдары:

**01.2012–05.2019** – «Қазақтелеком» АҚ, Инновациялар жөніндегі Басқарушы директор.
**05.2019 – қазіргі уақытқа дейін** – «Қазақтелеком» АҚ, Инновациялар жөніндегі Бас директоры.

### Қосалқы жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар Кеңесіне мүшелік:

«НУРСАТ+» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.



# Басқарма қызметі

Есепті кезеңде Басқарма келесі негізгі мәселелерді қарады және шешімдер қабылдады:

1) қаралды және мақұлданды: «Қазақтелеком» АҚ ESG-тәжірибесін дамытудың Жол картасы; «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылғы Жылдық қаржылық есептілігі; «Қазақтелеком» АҚ-ның Еншілес және тәуелді ұйымдарының 2022 жылғы Жылдық қаржылық есептілігі; «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған Таза кірісін бөлу тәртібі; «Қазақтелеком» АҚ Экологиялық саясаты және «Қазақтелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы саясаты; «Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ төсеу» жобасын іске асыру шеңберінде бірлескен кәсіпорын құру; «Қазақтелеком» АҚ-ның 2024 жылға арналған инвестициялық қызметінің параметрлері; «Астана қаласында ДӨО құрылысы» стратегиялық жобасының бизнес-жоспары;

2) бекітілді: «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылға арналған сатып алу бюджеті және кассалық бюджеті; «Қазақтелеком» АҚ-ның стратегиялық және бизнес-бастамаларын іске асыру Жол картасы – JRun бағдарламасы; «Қазақтелеком» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған операциялық бюджеті; «Қазақтелеком» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары; «Қазақтелеком» АҚ стейкхолдерлерінің картасы және «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылға арналған мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жөніндегі Коммуникациялар жоспары, «Қазақтелеком» АҚ-ның жұмыс регламенті және т.б.

## Басқарманың сыйақысы

GRI 2-19, 2-20, 2-21

Қоғамның басшы қызметкерлеріне есеп беру кезеңі үшін сыйақы төлеу талаптары мен тәртібі Директорлар кеңесінің 14.02.2023 ж. №2 хаттама шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне есеп беру кезеңіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу ережесімен (бұдан әрі – Ереже) регламенттелген.

Ережелердің негізгі қағидалары:

- Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындаумен сыйақының өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін айқындау қағидаларының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- Қоғам қызметінің нәтижелеріне және қызметкердің жеке нәтижелілігіне сыйақының тәуелділігі.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін мотивациялық ҚНК қолданылады.

Басшы қызметкерлер



қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

- мотивациялық ҚНК және оның мақсатты мәндерін белгілеу;
- мотивациялық ҚНК-ні бекіту;
- нәтижелілігіне мониторинг жүргізу;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы белгіленген тәртіппен есеп беру кезеңдегі аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін Қоғамның бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылардың шекті мөлшері еңбекке ақы төлеу құрылымына сәйкес айқындалады.

Қоғамның Басқарма мүшелеріне 2023 жылы төленген ақшалай еңбекақы төлемдері мен көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері 362 426 мың теңгені құрады.

# Ақпараттық ашықтық

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстануға дайын екендігін растай отырып, ақпараттық ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанады. Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру және мүдделі тараптармен сенімгерлік диалог жүргізу мақсатында Компания өз қызметі туралы ақпаратты:

- «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңдарына;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ, Astana International Exchange Ltd. талаптарына;
- ҚР Ұлттық Банкінің талаптарына;
- Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген ақпаратты ашудың және ұсынудың негізгі қағидаттарына;
- Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес ашады.

Ашықтықты қамтамасыз ету үшін Компания Ақпараттық саясатты басшылыққа алады. «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне және 2025 жылға дейінгі Бизнесті дамыту стратегиясына сәйкес әзірленді.

Ақпараттық саясат әртүрлі коммуникация арналары арқылы тарату және мақсатты аудиторияға өзекті ақпаратты жеткізу үшін Компания қызметі туралы бірегей ақпараттық себептерді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Әрбір ақпараттық хабарламаның мақсаты - мақсатты аудиторияны қолжетімді және түсінікті түрде хабардар ету.

Ақпараттық саясат Компанияның өз қызметі туралы негізгі мақсатты аудиторияға ұсынатын ақпараттың негізгі принциптері мен нақты талаптарын анықтайды:

- акционерлерге, инвесторларға;
- клиенттерге (B2B, B2C, B2G сегменттеріндегі корпоративтік серіктестерге);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына;
- бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ Компания, оның өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат алуға мүдделі басқа тараптарға.

Сонымен қатар Ақпараттық саясат инсайдерлік, қызметтік, коммерциялық ақпаратты, сондай-ақ заңнамамен дербес деректерге жатқызылған ақпаратты қорғауға талаптар қояды.

Ақпараттық саясаттың принциптері:

- сенімділік принципі;
- жылдамдық принципі;
- жүйелілік принципі;
- белсенділік пен достық принципі;
- прагматизм және мақсатты аудиторияның мүдделеріне қамқорлық принципі;
- цифрландыру және мультимедиялық принцип;
- құпиялылық принципі.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (kase.kz), Astana International Exchange Ltd. (aix.kz) және «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ (dfo.kz) интернет-ресурстарында Компанияның басқару органы мен атқарушы органының құрамы, корпоративтік оқиғалар, ірі акционерлердің құрамы, акционерлердің алдағы жалпы жиналыстары және олардың қорытындылары, бағалы қағаздар шығарылымдары туралы ақпарат, сондай-

ақ акционерлер мен инвесторлардың мүддесіне қаржылық есептілік және басқа да ақпарат жарияланады.

Сонымен қатар, акционерлер мен мүдделі тараптарды кеңінен қамту үшін Компания өзінің https://telecom.kz/ru ресми сайтында ақпаратты, соның ішінде жылдық есеп берулерді жариялайды.

# Корпоративтік әдеп

GRI 2-23

«Қазақтелеком» АҚ-да корпоративтік әдеп мәселелері Іскерлік әдеп кодексімен және Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі. Іскерлік әдеп кодексі мен Корпоративтік басқару кодексі ашық құжаттар болып табылады және Компаниямен қызметкерлер, акционерлер, клиенттер, серіктестер және басқа да мүдделі тараптар арасында еркін таратылады.

«Қазақтелеком» АҚ Іскерлік әдеп кодексімен Компанияның **telecom.kz.** сайтында танысуға болады.

«Қазақтелеком» АҚ Іскерлік әдеп кодексі Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес әзірленді, Халықаралық еңбек ұйымының талаптарын, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және басқа да бірқатар ішкі құжаттарды ескереді.

Іскерлік әдеп кодексінің және Корпоративтік басқару кодексінің ережелері барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Іскерлік әдеп кодексімен танысқанын жазбаша түрде растайды. Бұдан басқа, Компанияда Іскерлік әдеп кодексін, омбудсменнің рөлін және болжамды бұзушылықтар туралы хабарлама жүйесінің қолжетімділігін түсінуге бағытталған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді оқыту тұрақты түрде жүргізіледі.

**Компанияның іскерлік әдептің негізгі қағидаттары:**

- заң талаптарын сақтау;
- әділдік;
- адалдық;
- ашықтық;
- жауапкершілік;
- құзыреттілік және кәсібилік;
- сенімділік;
- меритократия.

Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауды және әлеуметтік-еңбек дауларын реттеуді Омбудсмен қамтамасыз етеді. Омбудсмен – Директорлар кеңесі Компанияға әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы жанжалдардың алдын алуға және шешуге, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, корпоративтік құндылықтарды белгілеуге және дамытуға және іскерлік әдепті сақтауға жәрдемдесу үшін тағайындайтын Компания қызметкері.

# Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Қазіргі уақытта дамып келе жатқан телекоммуникация саласындағы тәуекелдерге киберқауіпсіздік қатерлері, заңнама мен реттеудегі өзгерістер, сондай-ақ 5G және заттар интернетін (IoT) енгізу сияқты технологиялық қиындықтар кіреді. Байланыс желісіндегі кибершабуылдардың саны артып келеді, бұл құпия ақпараттың таралуына, желі жұмысының істен шығуына және бизнес пен жалпы қоғам үшін қиын салдарға әкелуі мүмкін.

«Қазақтелеком» АҚ – Қазақстандағы ең ірі байланыс операторы, ол телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесуде және елдегі байланыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Компания заманауи технологияларды белсенді түрде енгізуде және өз клиенттерінің ақпаратын қорғау және байланыс қызметтерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өз желілерінің киберқауіпсіздігін нығайтуға ұмтылады. Сонымен қатар бұл «Қазақтелеком» АҚ-да активтерді қорғауға, бизнес-процестерді жетілдіруге, қызметтің тиімділігін арттыруға және қолданылатын заңнаманың нормативтік актілеріне сәйкестікке бағытталған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесінің (ТБжІБКЖ) жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі.

Сәйкессіздіктер мен тиімсіздік көздерін уақтылы анықтау, оқиғалардың дамуының әртүрлі сценарийлерін талдау және болжау, тәуекелдердің әсерін уақтылы алдын алу немесе азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу Компанияның операциялық және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге елеулі үлес қосады.

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің моделі

Компанияның ТБжІБКЖ жұмыс істеу моделі корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерін тәуекелдер мен сәйкессіздіктерді уақтылы сәйкестендіру және басқару жөніндегі қызметке тартуды көздейді және басқарудың стратегиялық және тактикалық деңгейлерінде ТБжІБКЖ компоненттерін құруды, сондай-ақ оның жұмыс істеуін тәуелсіз бағалау мен қадағалауды қамтамасыз етуді қамтиды.

**Ішкі бақылау жүйесінің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған негізгі міндеттер**

- Компанияның қажеттіліктеріне және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес Ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) дамытудың негізгі бағыттарын қалыптастыру және өзектендіру.
- Бизнес-процестердің тәуекелдерін бағалау, Компанияда ІБЖ-ні ұйымдастыруды және тиімді жұмыс істеуін бірыңғай әдіснамалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, бақылау рәсімдерін әзірлеу, енгізу және орындау.
- Қолданыстағы бақылау рәсімдерінің кемшіліктерін анықтау, оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру, бақылау рәсімдерін типтеу және регламенттеу.
- Операциялық тәуекелдерді анықтаудың алдын алу жүйесін құру үшін, оның ішінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, ТБжІБЖ субъектілері арасында ішкі бақылау бойынша өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу тетіктерін әзірлеу және енгізу.

Сондай-ақ, ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі Компанияның қаржылық есептілігінің ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияда қаржылық есептілікті дайындау процесін ішкі бақылау жүйесін ресімдеу мақсатында:

- қаржылық есептілікті дайындауға әсер ететін елеулі бизнес-процестер айқындалды және сипатталды;
- бақылау рәсімдерін орындау және олардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік енгізілді және шектелді;
- ІБЖ элементтерін мерзімді өзектендіру жүзеге асырылады;
- тұрақты мониторинг жүргізіледі және бақылау рәсімдерінің тиімділігін тұрақты бағалау жүзеге асырылады.

Компанияда ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібі мен қағидаттарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар әзірленді: Ішкі бақылау жүйесінің саясаты, Ішкі бақылау жүйесін басқару жөніндегі ереже. Құжаттарда:

- ішкі бақылау жүйесін құрудың мақсаттары мен қағидаттары;
- ішкі бақылау субъектілерінің функцияларын бөлу;
- ішкі бақылау процесінің негізгі қадамдары мен рәсімдері, жауаптылар және оларды орындау мерзімдері (жұмыс істеу, жетілдіру және диагностика);
- ішкі бақылау жүйесінің бизнес-процестерінің сипаттамасын жаңарту;
- ішкі бақылау жүйесінің диагностикасын (тиімділігін бағалауды) жүргізу және ішкі бақылау жүйесінің жай-күйі туралы есептілікті дайындау және ұсыну тәртібі анықталған.

Жоғарыда аталған міндеттер шеңберінде Компанияда бизнес-процестердің тәуекелдерін анықтау, бақылау рәсімдерін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс жүргізіледі, бұл бизнес-процестердің тиімділігі мен басқарылуын арттыруға, қаржылық есептіліктің дұрыстығын, заңнама талаптары мен Компанияның жергілікті нормативтік құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

## Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы



Компания тәуекелдерді тиімді басқаруға әрбір қызметкер процеске қатысқан кезде ғана қол жеткізілетінін біледі. Сондықтан біз негізгі аспектілері болып табылатын тәуекелге бағытталған мәдениетті үнемі дамытып отырамыз:

**«Жоғарыдан үн қосу»**

Компания басшылығы қызметкерлерге тәуекелдерді талқылау, анықтау және бағалау кезінде үлгі болады және тәуекелдерді басқаруға белсенді қатысады.

**Мәдени спектр**

Тәуекел туралы ақпаратты уақтылы ұсыну құпталады. Тәуекелдер маңызды болмаса, бірақ бизнестің дамуына ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдауға рұқсат етіледі. Тәуекелдердің өзі ықтимал жағымсыз оқиға ретінде ғана емес, сонымен қатар Компаниядағы процестерді жақсарту мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

**Қатысу**

Қызметкерлер үшін тәуекелдерді басқару бойынша оқыту ұйымдастырылды, қолжетімді әдістемелік материалдар әзірленуде, коммуникация және қолдау арналары ұйымдастырылды.

## Ішкі бақылау жүйесі

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы бірқатар үздік халықаралық тәжірибелердің, соның ішінде Трэдвэй комиссиясының демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO), TMForum, ISO сериянның стандарттардың ұсынымдары негізінде әзірленген. Компанияның ішкі бақылау жүйесі үш қорғаныс бағытының моделіне негізделген (үш қорғаныс бағытының моделі туралы толығырақ біздің 2021 жылғы Жылдық есебімізден оқыңыз).

Оның Компанияда жұмыс істеуі үшін жауапкершілік келесідей бөлінеді:

### Үш қорғаныс бағытының моделі

**Бірінші қорғаныс бағыты**

Басшылық (процесс иесі) күнделікті операциялық қызметке байланысты тәуекелдерді басқаруға жауапты. Бұдан басқа, бірінші желінің міндетіне бақылау құралдарын әзірлеу, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және енгізу кіреді

**Екінші қорғаныс бағыты**

Ұйымның күнделікті қызметінде туындайтын тәуекелдерді анықтайды. Осы мақсатта қажетті тұжырымдамалардың, саясат құжаттарының, құралдар мен технологиялардың болуын қамтамасыз етеді.

**Үшінші қорғаныс бағыты**

ІБЖ-ның тиімділігін бағалау, Басқармаға және аудиторлық комитетке есеп беру үшін жауапкершілік, сондай-ақ ұйымдағы бақылау мәдениетінің құрылымы мен жұмыс істеуінің тиімділігін көрсететін реттеушілер мен сыртқы аудиторларға аудиторлық растама беру.



## Тәуекелдерді басқаруды Компанияның кросс-функционалдық процестерімен біріктіру

Тәуекелдерді басқарудың стратегиялық жоспарлаумен, бюджеттеумен, инвестициялық жобалар мен өнімдерді іске асырумен және өзге де процестермен өзара байланысы:

**Стратегиялық жоспарлау**

Стратегиялық жоспарларды әзірлеу кезінде қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді анықтау және талдау жүргізіледі.

**Бюджеттеу**

Негізгі қаржылық ТНК-ге қол жеткізбеуге байланысты тәуекелдерді талдау және есепке алу.

**Жобалар мен өнімдерді инвестициялық жоспарлау**

NPV және басқа көрсеткіштерге қол жеткізбеумен байланысты жобалық және өнімдік тәуекелдерін талдау және есепке алу, кейіннен тәуекелдерді нивелирлеу жөніндегі іс-шараларды қалыптастыру.

**Оқыту**

Тәуекелдерді басқаруға тартылған қызметкерлер үшін біліктілікті арттыру бағдарламалары үнемі өткізіліп тұрады. «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» оқыту курсы Компанияның барлық қызметкерлеріне қолжетімді.

# 2023 жылы тәуекелдерді басқару

Жыл сайынғы негізде Компанияның тәуекелдерін сәйкестендіру жүргізіледі, оның нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін Тізілім және Тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер тізіліміне ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға және Даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті тәуекелдер енгізілген.

2023 жылдың соңындағы Тізілім және Тәуекелдер картасына сәйкес Компанияда 23 тәуекел бар:

Карта рисков Компании



## 2023 жылдың негізгі тәуекелдері

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті негізгі тәуекелдердің динамикасына тұрақты мониторинг жүргізеді және тәуекелдерді митигациялауға бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылайды. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесіне Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі есептілік түрінде жіберіледі.

Компания кезең мақсаттарына әсерін төмендету үшін негізгі тәуекелдерді белсенді басқару жөніндегі іс шараларды іске асырады:

### Негізгі тәуекелдер және 2023 жылы тәуекелдерді төмендету бойынша қабылданған іс-шаралар:

#### Физикалық активтердің сақталуы

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Компания объектілерін күзетуді және техникалық қорғау жүйелерін қамтамасыз ету.
- «Өрт қауіпсіздігі 2023» бизнес-жоспарын іске асыру.

#### Инновация тәуекелі

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Жаңа бизнес бойынша өнім беттері жаңартылды.
- Blockchain өнімін жетілдіру және жаңарту.

#### Құқықтық тәуекел

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Кабельдік кәріздің ресімделмеген учаскелеріне және жер учаскелеріне мүліктік құқықтарды ресімдеу, қолданылу мерзімі өткен объектілерге меншік құқықтарын ұзарту.

#### Реттеуші тәуекел

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Тіркелген телефон байланысының ЖІШЖ қаражатымен 100% қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын бекіту.
- 10 қалада деректерді беру желісінің ЖІШЖ функционалымен қамтамасыз ету.
- FWA қызметін ЖІШЖ функционалмен қамтамасыз ету.

#### ФРОД

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Қоғам қызметкерлері тарапынан фрод саласындағы бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жүргізіледі.
- Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен Компания филиалдарын тексеру жүзеге асырылады.

#### Кадрлық тәуекел

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Жыл ішінде «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобында Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары орындалды.
- Жыл ішінде 2023 жылға арналған Дабыл аймақтарында жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар жоспары орындалды.

#### Сапа тәуекелі

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- Цунами пилоттық жобасы бойынша абоненттерге ескірген жабдықты ауыстыру.
- CRM 2.0-дегі техникалық ерекшелікте (конкурстық құжаттамада)/шарттарда және жазылымдарда көрсетілген ұсынылатын қызметтер параметрлерінің сәйкестігін бақылау және мониторингілеу үшін есептілік әзірленді.
- CRM 2.0 сервис бағдарламалық кешендерінде және клиенттерді техникалық қолдау қызметтерінде Компанияның кесірінен қарапайым сервистер үшін автоматтандырылған қайта есептеу функционалы іске асырылды.

#### Ақпараттық қауіпсіздікті бұзу

Тәуекелді төмендету бойынша Компания қабылдаған іс-шаралар

- «Ақпараттық қауіпсіздікті қорғау құралдарын жаңғырту» жобасын іске асыру.

# Дамушы тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Тәуекелдерді басқару жөніндегі алдын алу шараларын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдер картасында әлі көрсетілмеген, бірақ одан әрі енгізілуі мүмкін мынадай дамушы тәуекелдер айқындалды.

Қазіргі уақытта қаржы секторы мен жалпы экономика үшін негізгі жаһандық тәуекелдердің бірі ретінде қарастырылатын кибер тәуекелдерге назардың артуы байқалады. Кәсіпорындар ұшырайтын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тәуекелдері кибершабуылдардың жиілігі мен ауырлығы жағынан үнемі артып келеді. Әлемдегі жеке ақпаратты ұрлау мақсатында деректердің таралуы күн сайын орын алады, бірақ олардың ең үлкендері ғана БАҚ тақырыптарына енеді.

Дегенмен, жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану да оң әсерлердің кең ауқымын қамтамасыз етеді:

- Процестерді автоматтандыру және оңтайландыру: ЖИ процестерді жылдамдата және өндірістен тұтынушыларға қызмет көрсетуге дейін әртүрлі салаларда жұмыс тиімділігін арттыра отырып, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді.
- Қауіпсіздік технологияларын дамыту: ЖИ аномальды мінез-құлықты анықтау және кибершабуылдар мен басқа да деректер қауіпсіздігіне төнетін қауіптерін болдырмау арқылы қауіпсіздік жүйелерін жақсартады.

### Дамушы тәуекелдер

#### Ішкі

- Сатып алу процесінің бұзылуы;
- Жиілікті жоғалту қаупі;
- Геоэкономикалық текетірес;
- Мобильді операторлардың 5G жобасын іске асыру бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамауы.

#### Сырт ы

- Мемлекетаралық қарулы қақтығыс;
- Табиғи ресурстардың жетіспеушілігі;
- Жасанды интеллект технологиясының теріс салдары.

## 2023 жылы ТБжІБКЖ-ны дамыту

ТБжІБКЖ-ні үздіксіз дамыту және жетілдіру Компанияға сыртқы ортадағы және ішкі бизнес-процестердегі өзгерістерге уақтылы жауап беруге, өз қызметінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Компанияның акционерлік құнын арттыруға мүмкіндік береді.

### 2023 жылы ТБжІБКЖ-ны дамыту жөніндегі іс-шаралардың негізгі нәтижелері

| ТБжІБКЖ дамыту жөніндегі іс-шаралар | Нәтижесі |
|---|---|
| ТБжІБКЖ әдіснамасын әзірлеу және жетілдіру | • «Қазақтелеком» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты өзектендірілді.<br>• «Қазақтелеком» АҚ Ішкі бақылау жүйесін басқару ережесі өзектендірілді.<br>• «Қазақтелеком» АҚ Тәуекел-тәбетті есептеу және каскадтау әдістемесі өзектендірілді. |
| Қызметкерлерді оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру | • Қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау тақырыптары бойынша оқыту семинарлары жетілдірілді. |
| Экономикалық-математикалық модельдер мен сараптамалық бағалауларды пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау аппаратын дамыту | • Сандық бағалау, жеке тәуекелдер бойынша модельдер жасалды.<br>• Инвестициялық жобаларға тәуекелдік сараптама жүргізу әдістемесі өзектендірілді. |
| Ішкі бақылау жүйесін жақсарту және қалыпты деңгейде ұстау | • «Қазақтелеком» АҚ Кепілдік картасы және оны Қалыптастыру әдістемесі бекітілді. |

## ТБжІБКЖ-ны дамыту бағыттары

Біз жаңа сынақтар мен жоғары құбылмалылыққа тап болатын болжанбайтын бизнес ортасы контекстінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үлгісін үнемі жақсарту қажеттілігін түсінеміз. Біз негізгі тұжырымдамалар мен стандарттарға сүйене отырып, мақсатымыз бен қозғалыс бағытымызды нақты анықтадық. Біз қайда бара жатқанымызды және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы мақсаттарға қалай қол жеткізетінімізді түсініп, жақсартуларды енгізу бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз.

Келесі компоненттерге сүйенеміз:

- Корпоративтік басқару және мәдениет.
- Стратегия және мақсат қою.
- Қызметтің тиімділігі.
- Өзгерістерді мониторингілеу және енгізу.
- Ақпарат, коммуникациялар және есеп беру.
- Бақылау рәсімдері.



# Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компанияда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін және Аудит жөніндегі комитет жетекшілік ететін Компанияның Директорлар кеңесінің органы болып табылады.

ІАҚ қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Қазақтелеком» АҚ Жылдық аудит жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет өз қызметінде тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас қағидаттарын, Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарында белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттары мен сапалы стандарттарын басшылыққа алады. 1110 стандартына (Ұйымдық тәуелсіздік) сәйкес ІАҚ ұйымдық тәуелсіздікті сақтайды.

2023 жылы өзінің негізгі қызметі шеңберінде Жылдық аудиторлық жоспарға және Директорлар кеңесінің тапсырмаларына сәйкес Қызмет 16 аудиторлық іс-шара өткізді, жоспар 107%-ға орындалды.

KPMG жүргізген ІАҚ қызметін тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ қызметі барлық маңызды аспектілерде ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес келетіндігі расталды. Стандарттардың талаптарына сәйкестігіне бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ сәйкестік пайызы 98%-ды құрады.



# Есеп туралы

## Жалпы ақпарат

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылғы Біріктірілген жылдық есебі (бұдан әрі – Біріктірілген есеп, Есеп) қаржы-шаруашылық, операциялық қызмет туралы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тұрақты дамуды басқару саласындағы жетістіктері туралы деректерді ашатын жетінші есеп болып табылады. Есепте Компанияның 01.01.2023–31.12.2023 жж. кезеңіндегі қызметі ұсынылған. Құжат есепті кезеңнің тыс, бірақ онымен тікелей байланысты маңызды фактілерді, сондай-ақ Компанияның орта мерзімді жоспарларын қамтиды. Құжат мүдделі тараптардың кең ауқымына бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ 2017 жылдан бастап жыл сайынғы жария қаржылық емес есептерді шығарады. 2023 жылға арналған бұл Біріктірілген жылдық есеп 22 шілде 2024 жыл жарияланды. Компанияның барлық есептері Компанияның ресми сайтында қолжетімді.

GRI 2-4

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебімен салыстырғанда бұл Есепте жекелеген көрсеткіштерді неғұрлым егжей-тегжейлі ашуға қатысты, сондай-ақ қосымша көрсеткіштерді ашу бөлігінде өзгерістер болды. Атап айтқанда, Есепке алғаш рет клиенттердің құпиялылығын қамтамасыз ету туралы ақпарат енгізілді (GRI 418-1 көрсеткіші); Компанияның қызметі, өнімдері мен қызмет көрсетулерінің биоалуантүрлілікке әсері туралы ақпарат (GRI 304-2); саяси жарналардың жоқтығы туралы ақпарат (GRI 415-1). Бірқатар көрсеткіштерді есептеудің өзгеруі туралы егжей-тегжейлі түсініктемелер (атап айтқанда, «Тұрақты даму туралы есеп. Е аспектісі» бөліміндегі көрсеткіштер бойынша) Есеп мәтінінде тиісті ескертпелерде келтірілген.

Қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетілген және толық нұсқасы Есепке қосымшада және «Қазақтелеком» АҚ сайтында ұсынылған аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке (ХҚЕС стандарттары бойынша) сәйкес келеді.

## Есеп құрылымы

Есеп келесі тақырыптар бойынша Компания қызметінің сипаттамасын қамтиды:

- «Қазақтелеком» АҚ Даму стратегиясын және бизнес-моделін іске асыру;
- корпоративтік басқару;
- негізгі қызмет түрлері бойынша елеулі қаржылық-экономикалық жоспарлар мен нәтижелер;
- тұрақты даму саласында да тәуекелдерді басқару;
- жеткізу тізбегін басқару және жеткізушілермен өзара әрекеттесу;
- бизнес-әдеп, адам құқықтарын қорғау, тең мүмкіндіктерді сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес;
- тұрақты даму саласындағы қызметті басқару;
- мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу;
- персоналды басқару, дамыту, оқыту және қызметкерлермен өзара әрекеттесу;
- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруімен күресу және энергия тиімділігін арттыру;
- жергілікті қауымдастықтарды қолдау және дамыту.

Есепте неғұрлым өзекті тақырыптарды ашу үшін Компания ішкі және сыртқы ортаны шолу негізінде және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу негізінде GRI 2021 стандарттарында көрсетілген жекелеген көрсеткіштер мен тақырыптар бойынша тұрақты даму аспектілерінің маңыздылығына талдау жүргізді. Бұл туралы толығырақ осы есепте «Маңыздылықты талдау» бөлімінен оқыңыз.

Есепте «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарын белгілеу үшін «Қазақтелеком», «Компания», «Біз» сөздері пайдаланады.

Сонымен қатар Есепте Компанияның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебіне және Компанияның сайтына сілтемелер бар, бұл оны ақпараттық және оқырмандарға ыңғайлы етеді.

## Стандарттар және нормативтік талаптар

Есепте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі талаптары мен регламенттеріне және корпоративтік басқарудың халықаралық басқару тәжірибесіне сәйкес негізгі деректер ашылады. Есепті құрастыру кезінде келесі құжаттар ескерілді:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен бекітілген эмитенттің ақпаратты, эмитент ашуға жататын Ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің

қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдерін ашу қағидалары;

- Халықаралық біріктірілген есеп беру стандарты <IR> International Framework);
- Global Reporting Initiative тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі халықаралық стандарт;
- TCFD (The Task Force on Climate-related Financial Disclosures) Қаржылық тұрақтылық кеңесі жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері бойынша жұмыс тобының ұсыныстары; (ішінара ашу);
- Телекоммуникация саласына арналған (SASB Telecommunication Services version 2018-10) стандарттары Sustainability Accounting Standards Board (SASB); (ішінара ашу);
- AA1000SES стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стандарты;
- БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидасы (UN Global Compact);
- БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы мақсаттары;
- ISO26000 Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы нұсқаулық:2010;
- 3410 «Парниктік газдар шығарындылары туралы есеп беруге қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» (ISAE 3410) сенімділікті қамтамасыз ететін халықаралық тапсырма стандарты.

2021 жылдан бастап «Қазақтелеком» АҚ Есепке БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпаратты енгізеді.

2023 жылғы есепті дайындау кезінде «Қазақтелеком» АҚ алғаш рет Sustainability Accounting Standards Board (SASB) стандарттарын және TCFD (The Task Force on Climate-related Financial Disclosures) Қаржылық тұрақтылық кеңесі жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу бойынша жұмыс тобының ұсыныстарын қолданды. Толығырақ осы есептің тиісті қосымшаларынан оқыңыз. Болашақта Компания SASB және TCFD көрсеткіштерін толық ашу мүмкіндігін қарастыратын болады.

# Есеп периметрі

GRI 2-2, 2-3

Есептің шекаралары Компанияның жылдық есеп беру цикліне сәйкес келеді. Алдыңғы есеп 2023 жылдың маусымында жарияланған. Өткен жылдардағы есептердің электрондық нұсқалары Компанияның ресми сайтында қол жетімді. Бұл есеп «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметін көрсетеді.

Есепте «Қазақтелеком» АҚ және еншілес компаниялар қызметінің аса маңызды қорытындылары туралы ақпарат ашылды. Деректерді жинау кезінде «Қазақтелеком» АҚ бүкіл Компаниялар тобы бойынша сандық және сапалық сипаттағы барлық деректер ескерілді және ашылды, олар қандай да бір елеулі мәселеге, оқиғаға немесе шешімге қатысты салмақты шешім қабылдауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Қаржылық көрсеткіштер бөлігінде Есеп «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобын қамтиды. Қаржылық емес көрсеткіштер есептілігінің шекарасына тек «Қазақтелеком» АҚ кіреді.

Қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамту шекарасындағы айырмашылықтар еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржылық емес көрсеткіштері бойынша статистика жүргізілмейтіндігімен түсіндіріледі



# Есепті дайындау қағидалары

«Қазақтелеком» АҚ Есептің мазмұнын айқындау кезінде GRI стандарттарының ұсынымдарын ұстанады. Есепке қосымшада GRI көрсеткіштерін ашу туралы ақпарат беретін GRI кестесі орналастырылған.

Есеп сапасы GRI Стандарттарының негізгі қағидаттарын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі:

**Теңгерімділік.**

Есеп жалпы нәтижелілікке негізделген бағалауды қамтамасыз ету үшін Компания қызметінің оң (мысалы, жоспарларды іске асыру, мақсаттарға жету) және теріс (мысалы, айыппұлдар, жазатайым оқиғалар туралы ақпарат) аспектілерін көрсетеді.

**Салыстырмалылық.**

Компания сандық көрсеткіштер бойынша бірнеше жылдағы динамикадағы Есепте ақпаратты ұсынады, бұл мүдделі тараптарға уақыт өте келе Компанияның өнімділік көрсеткіштеріндегі өзгерістерді бақылауға және басқа ұйымдармен салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

**Айқындық.**

Информация в Отчете изложена в форме, ясной для заинтересованных сторон, обладающих необходимым пониманием организации и ее деятельности.

**Надежность.**

Есептегі ақпарат ұйым мен оның қызметі туралы қажетті түсінігі бар мүдделі тараптарға түсінікті түрде баяндалған.

**Сенімділік.**

Компанияның бейіндік бөлімшелері Есеп қажет барлық мәліметтерді жинап, ұсынады және дұрыстығына тексереді. Бірқатар қаржылық емес көрсеткіштер «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС аудиторларымен тәуелсіз тексеруден өтті. Есеп мәтінінде деректер көздеріне сілтемелер берілген.

**Дәлдік.**

Барлық маңызды тақырыптар бойынша ақпарат Есепте егжей-тегжейлі берілген және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Барлық деректерді «Қазақтелеком» АҚ ресми түрде мақұлданады, ішкі құжаттармен, сондай-ақ ашық қолжетімділікте (оның ішінде Компанияның сайтында) орналастырылған құжаттармен расталады.

**Уақтылылық.**

Есеп 2023 күнтізбелік жылға арналған ақпаратты ұсынады және 2024 жылы жарияланады.

**Тұрақты даму контексі.**

Есепте Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша қосқан үлесі туралы ақпаратты ұсынады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Тұрақты дамудың 17 мақсатына Компанияның қосқан үлесі туралы ақпарат ашылды.

**Толықтық.**

Есепте «Қазақтелеком» АҚ-ның есепті кезеңдегі әсерін бағалау үшін жеткілікті ақпарат берілген.

# Тәуелсіз растама

GRI 2-5

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізді.

Жаһандық есеп беру бастамасы жариялаған GRI Standards-қа сәйкес дайындалған қаржылық емес ақпараттың тиісті көрінісі «Өткен кезеңдердегі қаржылық ақпараттың аудиті мен шолуларынан өзгеше сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» ISAE 3000 сенімділігін қамтамасыз ететін халықаралық тапсырма стандартына (қайта қаралған) және Халықаралық аудит стандарттары және ақпараттың дұрыстығын растау комитеті шығарған 3410 «Парниктік газдар шығарындылары туралы есептілікке қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін халықаралық тапсырма стандартына» сәйкес тексерілді. Тәуелсіз аудитор «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС компаниясы болды. Аудиторлық қорытынды Есепке қосымшада ұсынылған.

# Болжамды деректерді жариялау үшін жауапкершілікті шектеу туралы өтініш

Бұл Есепте «Қазақтелеком» АҚ-ның «болашаққа қатысты мәлімдемелер» болып табылатын немесе саналатын орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған жоспарлары мен ниеттері туралы ақпарат қамтылған. Есепте көрсетілген жоспарлар мен ниеттер болжамды сипатқа ие және тәуекел мен белгісіздікке байланысты, өйткені олар болашақ оқиғалар мен жағдайларға қатысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер Компанияның болашақ нәтижелерінің кепілі болмайды, өйткені олар Компанияның әсеріне қатысы жоқ. Қызметтің нақты нәтижелері, Компанияның қаржылық жағдайы мен өтімділігі, Қазақстан Республикасының және Компания жұмыс істейтін салалардың дамуы осы есепте сипатталған болжамдардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Осы себепті болашақ жылдардың нақты нәтижелілік көрсеткіштері осы Есепте жарияланған болжамды мәлімдемелерден өзгеше болуы мүмкін.

# Байланыс ақпараты

GRI2-1

**«Қазақтелеком» АҚ**

**Заңды мекен-жайы:**

Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12 үй

Байланыс орталығы: 160

E-mail: telecom@telecom.kz

**Кеңсе:**

Астана қ.: +7 (717) 259 16 00, 258 08 39;

Алматы қ.: +7 (727) 258 72 19, 258 72 15.

**Ұрлық, алаяқтық және сыбайлас жемқорлықтың орын алған немесе болжанған фактілері бойынша:**

8 (800) 080 19 94

sk.hotline@deloitte.kz

www.sk.deloitte-hotline.com

**Сатып алу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштерді жинау бойынша тікелей желі:**

+7 (727) 226 82 61

**Инвесторлармен өзара әрекеттесуге қатысты сұрақтар бойынша:**

+7 (7272) 581 175

**БАҚ-пен өзара әрекеттесуге қатысты сұрақтар бойынша:**

+7 (7172) 59 15 04

**Кадр мәселелері бойынша:**

+7 (7272) 64 50 21

**Сатып алу порталын техникалық қолдау:**

+7 (7172) 55 22 66

support2@skc.kz

GRI2-3

**Кері байланыс**

**Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды.**

Егер сіз тұрақты даму бойынша серіктестікке немесе есептілікке қатысты жаңа идеялар мен жаңа мүмкіндіктер ұсынғыңыз келсе, бізге хабарласыңыз:

**Корпоративтік басқару қызметі:**

**Асия Жайляубаева**

Тел.: +7 (717) 259 14 14

Email: assiya.zhailyaubayeva@telecom.kz

**Айым Аблекенова**

Тел.: +7 (717) 58 71 54

Email: aiym.ablekenova@telecom.kz

**Листингілік Компанияның тіркеушісі**

**«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Самал-1» ш/а, 28.

Тел.: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60.

# GRI сәйкестік кестесі

## GRI индексі

| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| Пайдалану туралы өтініш: «Қазақтелеком» АҚ есепті 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге GRI стандарттарына сәйкес әзірледі. | | |
| GRI 1: 2021 Негіздері | | |
| GRI 2: 2021 Жалпы есеп беру элементтері | | |
| 2-1 | Ұйым туралы мәліметтер | Компания туралы, Корпоративтік басқару туралы есеп, Байланыс ақпараты |
| 2-2 | Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген кәсіпорындар | Есеп туралы |
| 2-3 | Есеп беру кезеңі, кезеңділігі және байланыс тұлғасы | Есеп туралы, Байланыс ақпараты |
| 2-4 | Ақпаратты қайта қарау | Есеп туралы |
| 2-5 | Тәуелсіз растама | Есеп туралы |
| 2-6 | Қызмет, құн құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар | Компания туралы, Бизнес пен қаржыға шолу, Экономикалық тиімділік, Сатып алу тәжірибесі, Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-7 | Қызметкерлер | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| 2-8 | Жұмысшы болып табылмайтын қызметкерлер | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| 2-9 | Басшылықтың құрылымы мен құрамы | Компания туралы, Тұрақты дамуды басқару, Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-10 | Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі | Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-11 | Жоғары басқару органының төрағасы | Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-12 | Әсер етуді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі | Тұрақты дамуды басқару, Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-13 | Әсерді басқару жауапкершілігін табыстау | Тұрақты дамуды басқару, Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-14 | Жоғары басқарушы органның тұрақты даму саласындағы есептіліктегі рөлі | Есеп туралы |
| 2-15 | Мүдделер қайшылықтары | Корпоративтік басқару туралы есеп. Мүдделер қайшылығы туралы ақпарат (олар туындаған кезде) тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында ашылады. |
| 2-16 | Аса маңызды мәселелер туралы ақпаратты жоғары басшы органның назарына жеткізу | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл |



| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| 2-17 | Жоғары басқарушы органның ұжымдық білімі | Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-18 | Жоғары басшы орган жұмысының тиімділігін бағалау | Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-19 | Сыйақы саясаты | Корпоративтік басқару туралы есеп.<br>Есепті кезеңде ESG-көрсеткіштер Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша шоғырландырылған мақсаттардың құрамдас бөлігі болып табылды, бірақ Компанияның жоғары басшылығының мүшелері үшін тиімділіктің жеке негізгі көрсеткіштерінің (KPI) жеке тізіміне енгізілмеген. |
| 2-20 | Сыйақы мөлшерін анықтау процесі | Корпоративтік басқару туралы есеп<br>Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін тіркелген жылдық сыйақының, сондай-ақ қосымша сыйақының мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.<br>Компанияда сыйақыны анықтауға сыйақы бойынша кеңесшілерді тарту тәжірибесі жоқ. |
| 2-21 | Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті | Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-22 | Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме | Басқарма Төрағасының үндеуі |
| 2-23 | Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер | Тұрақты дамуды басқару<br>Қоршаған ортаны қорғау<br>Адам құқықтарын сақтау және тең мүмкіндіктер<br>Корпоративтік басқару туралы есеп |
| 2-24 | Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелерді орындау | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес |
| 2-25 | Теріс әсерлерді жою процестері | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл<br>Қазіргі уақытта кері байланыс тетіктерінің жұмысын құруға, қайта қарауға және жақсартуға мүдделі тараптардың қатысуы көзделмеген. |
| 2-26 | Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру тетіктері | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| 2-27 | Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау | Қоршаған ортаны қорғау.<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.<br>Нарық және бәсекелестік.<br>Компания түсініктемелері:<br>Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны - 17.<br>Оның ішінде:<br>- айыппұл салу жағдайлары - 17;<br>- ақшалай емес санкцияларды қолдану жағдайлары - 0.<br>Айыппұлдары төленген заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны - 17.<br>Оның ішінде:<br>- есепті кезеңге жататындар - 14;<br>- алдыңғы есепті кезеңге жататындар - 3.<br>Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамағаны үшін төленген айыппұлдардың жалпы сомасы - 12 327 мың теңге. Оның ішінде:<br>- есепті кезеңге жататындар - 8 345 мың теңге.<br>- алдыңғы есепті кезеңге жататындар - 3 982 мың теңге. |

| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| 2-28 | Қауымдастықтарға мүшелік | Тұрақты дамуды басқару |
| 2-29 | Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі | Тұрақты дамуды басқару |
| 2-30 | Ұжымдық келісімдер | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021 | | |
| GRI 3-1 | Маңызды тақырыптарды анықтау тәртібі | Тұрақты дамуды басқару |
| GRI 3-2 | Маңызды тақырыптардың тізімі | Тұрақты дамуды басқару |
| Биоалуантүрлілік | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 304-1 | Меншіктегі, жалға алынған немесе ұйымның басқаруындағы, қорғалатын табиғи аумақтарда және биоалуантүрлілік құндылығы жоғары, қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға іргелес жатқан аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 304-2 | Қызметтің, өнімдердің және қызмет көрсетулердің биоалуантүрлілікке елеулі әсері | Қоршаған ортаны қорғау |
| Климаттың өзгеруі және көміртек | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес |
| GRI 305-1 | Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту аймағы) | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес. Компания биогенді $CO_2$ шығарындыларын шығармайды. |
| GRI 305-2 | "Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту аймағы)" | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес |
| GRI 305-4 | Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес |
| GRI 305-5 | Парниктік газдар шығарындыларын азайту | Климаттың өзгеруіне қарсы күрес Есепке алынған газдар - $CO_2$, $CH_4$, $N_2O$. |
| GRI 305-6 | Озон қабатының бұзылуына ықпал ететін заттардың шығарындылары (РӘБ) | Қоршаған ортаны қорғау |
| Ластаушы заттардың шығарындылары | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 305-7 | NOx, SOx және басқа да маңызды атмосфералық шығарындылар | Қоршаған ортаны қорғау. Компания тұрақты органикалық ластаушы заттардың (ТОЛ), ұшпа органикалық қосылыстардың (ҰОҚ), қауіпті ауаны ластаушы заттардың шығарындыларын шығармайды. |



| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| Энергия тиімділіг | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Энергия тиімділігі |
| GRI 302-1 | Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну | Энергия тиімділігі. Компания энергияны үшінші тараптарға қайта сатпайды. Компания есепті кезеңде ЖЭК-тен энергияны пайдаланбаған, бұл Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергетиканың жеткіліксіз дамыған нарығына байланысты. Компания салқындату энергиясы мен бу энергиясын тұтынбайды және үшінші тараптарға қайта сатпайды. |
| GRI 302-3 | Энергия сыйымдылығы | Энергия тиімділігі. Энергия сыйымдылығын есептеуде отын ресурстары (бензин, дизель, көмір, табиғи газ, сондай-ақ мотор отыны ретінде пайдаланылатын пропан газы), электр және жылу энергиясы ескеріледі. Энергияны тұтыну тек ұйым ішінде қолданылады. |
| GRI 302-4 | Энергия тұтынуды азайту | Энергия тиімділігі |
| Қалдықтарды басқару | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 306-1 | Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты елеулі салдарлар | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 306-2 | Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 306-3 | Өндірілген қалдықтар | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 306-4 | Залалсыздандыруға және көмуге бағытталған қалдықтардың жалпы көлемі | Компанияда залалсыздандыруға және көмуге бағытталған қалдықтар жоқ. |
| GRI 306-5 | Жойылған қалдықтардың жалпы көлемі | Қоршаған ортаны қорғау |
| Су ресурстарын басқару | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 303-1 | Суды ортақ ресурс ретінде пайдалану | Қоршаған ортаны қорғау. Компанияның су жинағышы су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Компания су тапшылығы бар өңірлерде жер үсті және жерасты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды. |
| GRI 303-2 | Суды төгуге байланысты әсерлерді басқару | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 303-3 | Алынатын судың жалпы мөлшері | Қоршаған ортаны қорғау |

| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| GRI 303-4 | Суды төгу | Қоршаған ортаны қорғау |
| GRI 303-5 | Су тұтыну | Қоршаған ортаны қорғау |
| Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| GRI 402-1 | Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы ескертудің ең аз мерзімі | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| Жұмыспен қамту | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| GRI 401-1 | Жаңадан жалданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы | Қызметкерлермен қарым-қатынас |
| GRI 401-2 | Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыс жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер | Қызметкерлермен қарым-қатынас.<br>Қосымша түсініктемелер:<br><br>Қоғамның ұжымдық шарты:<br><br>• қысқартылатын қызметкерлерді тиісті біліктілігі, мамандығы немесе кәсібіне сәйкес ұқсас лауазым бойынша бар бос орындарға ауыстыруды қамтамасыз етуді;<br><br>• қызметкерлер санының/штаттың қысқаруына байланысты еңбек шарты бұзылған және еңбек шарты бұзылған кезде Компанияда кемінде 20 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар қызметкерлер үшін, егер олар «Қазақтелеком» АҚ-мен еңбек шарты бұзылғаннан кейін басқа ұйымдарда жұмыс істемесе, зейнеткерлік жасқа толған кезде Компанияның зейнеткерлері ретінде есепке қоюды;<br><br>• қысқартуға жататын Компания қызметкерлеріне хабарлама берілген сәттен бастап ағымдағы жалақысын сақтай отырып, аптасына 4 сағат жаңа жұмыс іздеу үшін жұмыс орнынан кету құқығын беруді;<br><br>• зейнеткерлікке шыққанға дейін «Қазақтелеком» АҚ-да үздіксіз жұмыс істеген әрбір 10 жыл үшін екі айдағы орташа жалақы мөлшерінде және айына қосымша орташа жалақы мөлшерінде Компаниядан зейнеткерлікке шыққан кезде біржолғы жәрдемақы төлеуді көздейді. |
| GRI 401-3 | Декреттік демалыс | Қызметкерлермен қарым-қатынас.<br>Қосымша түсініктемелер:<br><br>2023 жылы ұстап қалу коэффициенті: қызметкерлердің жалпы саны бойынша - 0,57%; әйелдер - 0,55%, ерлер - 1,2% құрады. 2023 жылы қайтару коэффициенті: қызметкерлердің жалпы саны бойынша - 2,11%; әйелдер - 2,10%, ерлер - 2,5% болды. |
| Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | | |
| GRI 3-3 | Маңызды тақырыптарды басқару | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |
| GRI 403-1 | Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |



| GRI индексі * | Көрсеткіштің атауы | Есептегі бөлім/Компания түсініктемесі |
|---|---|---|
| Выбросы загрязняющих веществ | | |
| GRI 403-2 | Қауіпті анықтау, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеу | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік.<br>Қызметкерлер сапарларының қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2023 жылы «Сапарларды басқару және жүргізу жөніндегі стандартқа» өзгерістер, оның ішінде 3.2.3-тармақ бойынша жұмыстардан бас тарту/тоқтата тұру құқығы енгізілді: Егер қызметкер жұмыстарды қауіпті деп есептесе, олардан бас тартуға/ тоқтата тұруға құқығы бар. |
| GRI 403-3 | Денсаулық сақтау қызметтері | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |
| GRI 403-4 | Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлердің қатысуы, консультациялар мен коммуникациялар | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |
Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құны бойынша бағаланған берілген өтемнің және сатып алу объектісіндегі бақыланбайтын қатысу үлестерінің сомасы ретінде бағаланады. Әрбір бизнес бірлестігі үшін Топ сатып алу объектісіндегі бақыланбайтын қатысу үлестерін қалай бағалау керектігін шешеді: не әділ құны бойынша, не сатып алу объектісінің сәйкестендірілетін таза активтерінің пропорционалды бөлігі бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап әкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

Сатып алынған қызмет түрлері мен активтер жиынтығы салымды және өте маңызды үдерісті қамтып, олар бірге қайтарымды қалыптастыруға айтарлықтай ықпал еткен кезде, Топ бизнес сатып алынды деген қорытындыға келеді. Егер сатып алынған үдеріс қайтарымды қалыптастыруды жалғастыру мүмкіндігі үшін өте маңызды болып, ал сатып алынған салымдар мұндай үдерісті орындауға қажетті дағдыларға, білім немесе тәжірибеге ие, ұйымдастырылған жұмыс күшін қамтыса немесе қайтарымды құруды жалғастыру мүмкіндігіне айтарлықтай ықпал етсе, онда сатып алынған үдеріс өте маңызды болып есептеледі және бірегей немесе сирек кездесетін не ауқымды шығындарсыз, күш немесе кейінге қалдырылған қайтарымды құруды жалғастыру мүмкіндігінсіз ауыстырылмайтын болып есептеледі.

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді және белгілейді. Бұған туынды құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алушы беруге жататын шартты өтем сатып алу күніндегі әділ құны бойынша танылады. Меншікті капитал ретінде жіктелген шартты өтем артық бағаланбайды және оны кейіннен өтеу капитал құрамында ескеріледі. Қаржы құралы болып табылатын және қолдану аясына жататын актив немесе міндеттеме ретінде жіктелген шартты өтемақы.

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнының өзгерістері  9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. 9 ҚЕХС (IFRS) қолдану саласына жатпайтын өзге шартты өтеу әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнының өзгерістері пайда мен залал құрамында танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады (берілген өтеу сомасының және танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің және бұдан бұрын сатып алушыға қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталатын). Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтің және барлық қабылданған міндеттеменің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс соманы бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген өтеу таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді тестілеу үшін гудвил Топ еншілес ұйымды сатып алған күнінен бастап сатып алынатын еншілес ұйымның өзге де активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша қаражатын өндіретін Топтың әрбір бірлігіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктің бір бөлігін құраса және осы бірліктің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша қаражатын өндіретін бірліктің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

### Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ ұзақ мерзімді деп жіктеу арқылы ұсынады. Актив мына жағдайларда айналымдағы болып табылады:

- егер оны сату қарастырылған немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сатуға арналған болса;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде сату қарастырылса; немесе
- ол есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болу жағдайларын қоспағанда, ақша қаражаты немесе оның баламалары болса.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделген;
- ол негізінен сауда үшін ұсталған;
- ол есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде өтелуге жатқан; немесе
- Топтың есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы болған жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады.

Контрагенттің қарауы бойынша үлестік құралдарды шығару және тапсыру арқылы реттеуге болатын міндеттеме талаптары аталған міндеттеменің жіктелуіне ықпал етпейді.

Топ барлық өзге міндеттемені ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктейді.

### Әділ құны бойынша бағалау

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу 44-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі мәміле аясында активті сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле жасалады деп болжайды:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта;
- немесе негізгі нарық болмағанда, аталған актив

немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.

Топқа негізгі немесе мейлінше тиімді нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушыларының актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдалануы мүмкін жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделері үшін әрекет ететіні көзделеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

Топ осы жағдайларға сәйкес келетін және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді бағалау үлгілерін пайдаланады, сонымен бірге тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын барлық актив пен міндеттеме жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – бағалау модельдері, онда әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын болып табылады.
- 3-деңгей – бағалау модельдері, әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылады.

Мерзімді түрде қаржылық есептілікте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлерінің арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құн бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сату үшін қолда бар белгіленбейтін қаржылық активтерді әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалауға арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Топ басшылығы анықтайды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері және белгіленбеген қаржылық активтер сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтемақы сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын Топтың Аудит комитеті талқылап, бекіткеннен кейін Жұмыс тобы қабылдайды. Нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі іріктеу критерийлері болып қабылданады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелер құнының өзгерісін талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы әрбір активтің әділ құнының және міндеттемелердің өзгерісін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде бағалау нәтижелерін Топтың Аудит комитетіне және тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі  сипаттамалары мен тәуекелдерінің негізінде, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей, әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейде жіктейді.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және құнсызданудың жинақталған залалдарын шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын тану критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ оларды пайдалы қолданудың тиісті жеке мерзімдеріне сәйкес бөлек амортизациялайды. Елеулі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық өзге шығындары жатқызылу сәтінде пайда немесе залал құрамында танылады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Активтерді пайдаланудан шығару міндеттемелері» бөлімінде беріледі (27-ескертпе).

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Ғимараттар | 50 |
| Құрылыстар | 10-20 |
| Телекоммуникация жабдығы | 3-20 |
| Өзгелері | 3-20 |

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал (істен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізгі құралдардың жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың амортизация әдістері әрбір қаржы жылының аяғында талданып, қажетіне

қарай перспективалы негізде түзету енгізіледі.

### Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге де тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

### Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсыздану салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімдерді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топтың ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар туындаған кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздануға бағаланады. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизация мерзімі мен әдісі ең аз дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономикалық пайданың болжалды құрылымын өзгерту амортизация мерзімін немесе әдісін өзгертеді және есеп бағасының өзгерістері ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтердің функциясы сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе залал активтің шығуынан таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылады.

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.

| | Жылдар |
|---|---|
| Лицензиялар | 3-20 |
| Бағдарламалық жасақтама | 1-14 |
| Клиенттік база | 8-10 |
| Өзгелері | 2-15 |

### Зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығындар

Зерттеу шығындары олардың пайда болуына байланысты шығындарға жатады. Жеке жобаны әзірлеу шығындары Топ көрсете алатын кезде материалдық емес актив ретінде танылады:

- Пайдалануға немесе сатуға қолжетімді болу үшін материалдық емес активті әзірлеуді аяқтаудың техникалық мүмкіндігі;
- Жобаны аяқтау ниеті, сондай-ақ активті пайдалану немесе сату мүмкіндігі мен ниеті;
- Актив болашақ экономикалық пайданы қалай қалыптастырады;
- Актив құруды аяқтау үшін ресурстардың болуы;
- Әзірлеу барысында шығысты сенімді бағалау мүмкіндігі.

Актив ретінде игеруге арналған шығындар бастапқы танылғаннан кейін актив жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі

Актив ретінде әзірлеуге арналған шығындар бастапқы танылғаннан кейін актив жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Активтің амортизациясы әзірлеу аяқталған сәттен және активтің пайдалануға дайын болуынан басталады. Амортизация күтілетін болашақ пайда кезеңі ішінде есептеледі. Амортизация сату құнында көрінеді. Әзірлеу кезеңінде актив жыл сайын құнсыздану үшін тексеріледі.

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер болса немесе жыл сайынғы активті құнсыздану мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің (ақша қаражатын өндіретін бірлік) өтелетін сомасы мынадай мөлшерлердің ең үлкені: істен шығу шығындарын шегергендегі активтің (ақша қаражатын өндіретін  бірліктің) әділ құны және активті (ақша қаражатын өндіретін бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен өзге де активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша ағынын  өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнына дейін дисконтталады. Шығуы бойынша шығындарын шегере отырып, әділ құнын белгілеу кезінде жақын мерзімде болған нарықтық операциялар есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер акциялар нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын ақша қаражатын өндіретін әр бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсыздану сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінен 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқындары бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылады және есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған залалдар құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Әрбір есепті күнге Топ гудвилден басқа, құнсызданған активтің ілгеріде танылған залалдар бұдан әрі жоқ немесе қысқарды деген белгілері бар-жоғын анықтайды. Егер осындай белгі болса, Топ ақша қаражатын өндіретін активтер мен бірліктердің

өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан бұрын танылған залалдар активтің өтелетін сомасын айқындау үшін пайдаланылған жорамалдарда құнсызданудан болған залал соңғы танылған кезден бастап өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### Гудвил

Гудвил құнсыздануға жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар немесе жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе, тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша қаражатын өндіретін әр бірліктің (немесе осындай бірліктер тобының) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздану залалы танылады. Гудвилдің құнсыздану залалы болашақ кезеңдерде қалпына келтірілмейді.

## Қаржылық активтер

### Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтер амортизацияланған құны, өзге жиынтық құн (ӨЖҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындары шартында көзделген сипаттамаларға байланысты. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді  пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ  практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеп бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек негізгі борыш пен пайыз есебінен төленетін төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттауы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құралдың деңгейінде жүзеге асырылады. «Ақшалай ағындар» критерийіне сәйкес келмейтін қаржылық ативтер, ақша ағыны бизнес-модельге қарамастан, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындай жіктеледі.

Қаржылық активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топтың өзінің қаржылық активерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді немесе екеуін де сату нәтижесі болатынын-болмайтынын анықтайды. Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер, шартта көзделген ақша ағынын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталады, ал өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындай жіктелетін қаржылық активтер, мақсаты шартта көзделген ақша ағынын алу әрі қаржылық активтерді сату жолымен келетін  бизнес-модель аясында ұсталады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес (стандартты талаптармен сату) белгіленген мерзімде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операция мәміле жасау күні, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күні танылады.

Топтың қаржылық активтеріне ақша құралдары және олардың баламалары, сауда дебиторлық берешек,  өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер, амортизацияланатын құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер және өзге де айналымдағы қаржылық активтер кіреді.

### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау үшін қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалды кейіннен қайта жіктеу мен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- тану тоқтатылған жағдайда жинақталған пайда мен залалды қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұйымның қалауы бойынша жіктелетін қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- пайда немесе залал арқылы бағаланатын қаржылық активтер.

***Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)***

Бұл санат топ үшін мейлінше өзекті. Топ мынадай екі шарт орындалса, қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- борыштың негізгі сомасына және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер болып қана табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алумен негізделген қаржылық активтің шарттық талаптары.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залалдар активті тануды тоқтатқан, ол өзгерген немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Топ сауда және басқа дебиторлық берешекті, жұмыскерлерге берілетін қарызды, банк депозиттері мен басқа да айналымнан тыс және айналымдағы қаржылық активтерді жатқызады.

### Тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтердің бір бөлігін) мынадай жағдайларда тану тоқтатылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе; не
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын тапсырса немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кешіктірмей беру бойынша міндеттемені өзіне алса; не (а) Топ іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде тапсырса, не (б) Топ тапсырмаса, бірақ активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде өзінде сақтамай, осы активтің бақылауын тапсырса.

Егер Топ активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік

құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың сақталуын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Топ тапсырмаса, оған қоса іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын өзінде сақтамаса, сондай-ақ активтің бақылауын тапсырмаса, Топ тапсырылған активті ондағы өзінің қатысуын жалғастырып отырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Тапсырылған актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілуі мүмкін төлемді өтеудің жоғарғы сомасы.

### Қаржылық активтердің құнсыздануы

***Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер***

Топ бағалау резервін пайда немесе залал арқылы әділ емес құнымен бағаланатын барлық борыштық құралға қатысты болжалды кредиттік залалдармен (БКЗ) таниды. БКЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен алуды Топ күтіп отырған барлық ақша ағыны арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалас мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны көтерудің ақша ағындарынан тұрады.

БКЗ екі кезеңмен танылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артпаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде ықтимал (12 айлық болжалды кредиттік залалдар) дефолттардың салдарынан пайда болуы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артқан қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан (барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдар), осы қаржы құралының қалған қолданыс мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады.

Топ сауда дебиторлық берешекке қатысты БКЗ есептеу кезінде жеңілдетілген амал-тәсілді қолданады. Олай болса, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерісін қадағаламайды, мұның орнына әр есепті күнге барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдарға тең сомада залалмен бағалау резервін таниды. Топ қарыз алушыларға арналған болжалды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындауына қатысты өзінің өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деп санайды. Егер ішкі және сыртқы ақпарат Топ ұстайтын, шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын кредиттік сапаны көтеру механизмдерін ескермей, Топтың алатыны екіталай екенін көрсетсе, белгілі бір жағдайларда Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға да келуі мүмкін. Егер Топта шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізді болжамдар болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.

## Қаржылық міндеттемелер

### Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыз және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыз және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады. Топтың қаржылық міндеттемелері сауда кредиторлық берешекті, қарызды, жалдау міндеттемелері мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

### Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

***Кредиттер мен қарыз***

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады. Ең бастысы бұл санатқа пайыздық кредиттер мен қарыз кіреді. Толық ақпарат 23-ескертпеде берілген

***Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелер***

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары борышкерлік құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкер уақытында төлемді төлей алмауы салдарынан осы шарт иесі көтерген залалды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдікті шығаруға тікелей қатысы бар мәміле бойынша шығындар ескерілген әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдарға» сәйкес анықталған күтілетін кредиттік залалдардың ең үлкен сомасы және бастапқыда танылған, қажет болған жағдайда ҚЕХС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімге» сәйкес танылған жиынтық кіріс сомасы шегерілген сома бойынша бағаланады.

***Міндеттемелер құрамында көрсетілетін артықшылықты акциялардың борышкерлік құрамдасы***

Міндеттемелер құрамында көрсетілетін және міндеттеменің сипаттамасын көрсететін артықшылықты акциялардың борышкерлік құрамдасы мәміле бойынша шығындарды шегергендегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі міндеттемелер құрамында танылады. Аталған акцияларға кепілдік берілетін дивидендтердің тиісті минималды мөлшері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығыстарының құрамында көрсетіледі. Міндеттемелер құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы тануда ұқсас борышкерлік құрал бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша күтілетін келешектегі ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесінің әділ құны бастапқы тануда барлық құралдың бастапқы баланстық құнынан міндеттеме құрамында көрсетілген үлес үшін анықталған әділ құнды шегергеннен кейінгі қалдық құн ретінде танылады. Кейіннен міндеттемелер құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен займдарға қатысты қолданылатын қағидаттарға сәйкес есепке алынады, ал капитал құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кейінгі жылдары қайта бағаланбайды.

***Сауда кредиторлық берешек***

Сауда кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың қойылуына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс әділ құн бойынша есепке алынады.

### Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме сол кредитор алдында айтарлықтай айырмашылығы бар талаптардағы басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса, не қолда бар міндеттеменің талаптары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады, ал олардың баланстық құнындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### Қаржылық құралдарды өзара есепке алу

Танылған соманы өзара есепке алуға қазіргі сәтте заң жүзінде қорғалған құқық болғанда және нетто-негізде есеп айырысуға, активті сатуға және мұнымен бір мезетте міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал нетто-сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетуге жатады.

### Жалдау

Шарт жасасу сәтінде Топ келісім жалдау болып табыла ма немесе онда жалдаудың белгілері бар ма дегенге қатысты бағалайды. Басқаша айтқанда, Топ белгілі бір кезең ішінде шарт сәйкестендірілген активті пайдалану құқығын орнын алмастыруға беру мәселесін нақтылайды.

### Жалға алушы ретіндегі Топ

Топ қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқы нысанындағы активтерді таниды.

#### *Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болып табылатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауды түзетумен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залаладарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша танылған міндеттемелер шамасы, бастапқы көтерген тікелей залал және жалдау басталған күнге немесе осындай күнге дейін жүргізілген жалдау төлемдері кіреді, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріледі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің мейлінше қысқа кезеңдерінде сызықтық тәсілмен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтерді пайдалы қолданудың жорамал мерзімі.

Топ пайдалы қолданудың мынадай мерзімдерін белгіледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 5-10 |
| Жабдық | 3-15 |

Егер жалдау мерзімі соңында жалданған активке меншік құқығы Топқа өтсе немесе активтің бастапқы құны оны сатып алу опционының орындалуын көрсетсе, актив оны пайдалы қолданудың жорамал мерзімінде амортизацияланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздануға қатысты тексеріледі. Есеп саясатының сипаттамасын «Қаржылық емес активтердің құнсыздануы» бөлімінен қараңыз.

#### *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдауды бастау күніне Топ жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалдау төлемдеріне алуға арналған жалдау бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегерумен бекітілген төлемдер (соның ішінде іс жүзінде бекітілген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін сома кіреді. Жалдау төлемдеріне Топ сатып алу опционын орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін төлемдер де кіреді.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері мұндай төлемдерді жүзеге асыруға алып келетін оқиға немесе шарт орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайларды қоспағанда).

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталған күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, себебі жалдау шартына салынған пайыздық мөлшерлемені анықтау оңай болмайды. Жалдаудың басталған күнінен кейін жалдау бойынша міндеттеме шамасы пайыздарды есептеу үшін ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен бірге Топ жалдаудың түрленуі, жалдау мерзімінің өзгеруі, жалдау төлемдерінің өзгеруі (мысалы, мұндай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстер немесе мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты келешектегі төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционының өзгеруі жағдайында жалдау бойынша баланстық құнды қайта бағалауды жүргізеді.

#### *Қысқа мерзімді жалдау*

Топ жалдау мерзімі жалдау басталған күннен 12 айдан аспайтын негізгі құралдардың қысқа мерзімді жалдауына қатысты қысқа мерзімді жалдауды танудан босауды қолданады және жалға беруші шартты бұзу үшін сөзсіз құқыққа ие. Қысқа мерзімді жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде шығыстарға біркелкі жатқызылады.

### Топ жалға беруші ретінде

Топта активке қатысты меншік құқығына байланысты іс жүзіндегі барлық тәуекел мен пайда қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде келтірілген бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдаудан түскен кірістегі негізіндегідей жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі алынған кезеңдегі түсім мен өзге кіріс құрамында танылады.

### Тауарлы-материалдық қорлар

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығындарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорларға қатысты бір ғана

құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

**Ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктердегі ақша қаражаты және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз, ақша қаражатының белгілі сомасына жеңіл аударылатын және құнның өзгеруіне қатысты тәуекелі төмен қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер кіреді.

**Бағалау міндеттемелері**

### Жалпы

Егер Топтың өткен оқиғаның нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеті болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндетті өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндет сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымды болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда бағалау міндетемесінің ұлғаюы уақыт өте келе қаржыландыру шығыстары ретінде танылады.

### Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда, қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

**Жұмыскерлерге сыйақы беру**

### Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін жұмыскерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

### Зейнетақы төлемдері

Топ өз қызметкерлеріне еңбек қызметі аяқталғаннан кейін зейнетақы немесе басқа жәрдемақы төлеумен байланысты ешқандай шығыстарды көтермейді. Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Топ жұмыскерлердің жалақысынан зейнетақы салымын ұстап қалады және өз жұмыскерлері атынан оларды мемлекеттік немесе жеке зейнетақы қорларына аударады. Зейнетақы жарналары жұмыскерлердің міндеті болып табылады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға төлемдер бойынша ағымдағы және келешектегі міндеттемелері жоқ. Жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін барлық зейнетақы төлемдерін тікелей зейнетақы қорлары жүзеге асырады

### Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар

Компания өз жұмыскерлерімен жасайтын ұжымдық шарт белгілі бір жұмыскерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақы мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі – «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жылдар бойы жұмыс істеген жұмыскерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген сыйақылар көлемі жұмыскердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актуарлы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына жіктелмейді.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- Топ қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Топ белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің көрсетілген өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өткізудің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

**Ақша қаражатымен төленетін дивидендтер және Бас компания акционерлеріне ақшалай емес активтерді бөлу**

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Топтың қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Топ Бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөлініс акционерлер бекітеді.

Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады. Ақшалай емес активтерді бөлу міндететтемесі бөлінуге жататын активтердің әділ

құны бойынша бағаланады, ал осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

**Меншікті сатып алынған акциялар**

Топ сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

**Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім**

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілетін жағдайда және осы тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде Топ алуды күтіп отырған өтеуді көрсететін сомада таниды.

Топтың қызметі негізінен деректер беру қызметтерін, тіркелген және ұялы байланыс қызметтерін, байланыс арналарын жалға беру, жергілікті, қалааралық және халықаралық қоңыраулар бойынша қызметтерді, желіаралық қосылыстарды ұсынумен/басқа операторларға трафикті берумен, қосымша қызметтерді және жабдық пен мобильдік құрылғыларды сатумен байланысты.

Шарттың басында Топ сатып алушымен жасалған шартта уәде етілген тауарларды және қызметтерді бағалайды және орындауға міндет ретінде сатып алушыға уәде етілген белгілі бір тауарды немесе қызметті немесе белгілі бір тауарлардың немесе қызметтердің жиынтығын анықтайды.

Топ өзі жасаған және түсім алуды көздейтін барлық шарт бойынша принципал болу туралы қорытындыға келді. Себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша міндетті өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады және тауарлар мен қызметтер сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайды.

### Қызметтер көрсету

Сымсыз және тіркелген жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланыс қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Өңделетін трафиктің нақты минут саны ескеріле отырып, жергілікті және шетелдік операторларға желіаралық қосылыс үшін төлем қызмет көрсетілуіне қарай танылады.

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен қосылу қызметтерінен кіріс Топ желісі бойынша қоңырау жасалған сәтте танылады.

Кеңжолақты және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қол жеткізу үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе кіріс ретінде теңдей танылады. Интернетке коммутацияланатын қатынаудан кіріс клиентке ұсынылатын нақты эфирлік уақыт негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кіріс, сондай-ақ көтерме қатынаудан кіріс уақыт өте келе кіріс ретінде танылады. Себебі Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындауы барысында сатып алушы бір уақытта пайда түсіреді және тұтынады.

Жаңа абоненттерді тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне қосу кезінде алынған өтелмейтін авансттық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде танылады. Клиентпен қарым-қатынастың болжалды кезеңі бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

### Клиенттерге ұсынылатын жабдық

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ модемді, роутерлерді және басқаларды қоса алғанда, аталған қызметтерді көрсету үшін жабдық ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштер талдауын негізге ала отырып, абонент Топтың қызметтерінен бөлек пайдалана алмайтын жабдық орындау үшін жеке сәйкестендірілетін міндеттеме болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Топ шартты орындау шығындары ретінде тегін ұсынылатын жабдық құнын ақшаға айналдырады. Шартты орындау шығындары клиентке қызмет көрсетілетін кезең ішінде амортизацияланады.

### Жабдықты және мобильді құрылғыларды өткізу

Топ клиенттер үшін қызметтер мен тауарларды бір ұсыныс топтамасына біріктіре алады. Ұсыныста бірнеше тауарды, қызметті немесе активтерге құқықты жеткізу немесе ұсыну (кешенді ұсыныстар) қамтылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда келісімдерге бастапқы орнату, қосу немесе активация қосылуы мүмкін және бекітілген төлеммен немесе келешекте жалғасатын төлемдер жиынтығымен бекітілген төлемді көздейді. Жабдықпен байланысты шығындар өткізуден түсетін кірісті тану сәтінде танылады. Кірістер жекелеген сатудың салыстырмалы бағасы әдісі бойынша жеке өнім мен қызметтер арасында бөлінеді.

Жекелеген сату бағасы Топ мобильдік құрылғылар мен байланыс қызметтерін сататын бағанамалық баға негізінде анықталады. Топ ұсынатын қызметтерді немесе тауарларды алумен ғана байланысты пайдаланыла алатын арнайы талаптар бойынша түрлендірілген жабдықты сатудан кіріс жеке есепке алынбайды, қызметтерді ұсыну бойынша келісімнің жалпы кезең ішінде біркелкі танылады.

Біреуден артық орындау міндеттемесі бар шарттар бойынша кірістер, операция сомасы жекелеген сатудың салыстырмалы бағасы әдісі бойынша тауарлар мен қызметтер арасында бөлінеді. Әр жекелеген орындау міндеттемесі бойынша операция құнын есептеу күрделі бағалауды талап етеді. Топ әрбір бөлек орындау міндеттемесінің оқшауланған сату бағасын әдетте қажет жерінде көлемі үшін шегерімдерді ескере отырып, бөлек сатылатын тауардың немесе қызметтің бағасы негізінде анықтайды.

### Роуминг бойынша шегерімдер

Топ роумингілік шегерімдерді ұсыну туралы келісімді бірқатар ұялы байланыс операторымен жасайды. Келісімдердің талаптарына сәйкес Топ шегерім беруге міндетті, сондай-ақ оларды негізінен операторлар арасында роумингілік трафик көлеміне байланысты алуға құқылы. Топ тарихи деректерге негізделген және тиісті өзгерістерді ескере отырып түзетілген, алуға немесе ұсынуға арналған шегерімдер сомасын анықтау үшін түрлі бағалау мен жорамалдарды пайдаланады. Бағалау деректері жаңадан пайда болған ақпаратты көрсету үшін ай сайын түзетіліп отырады.

Топ алынған шегерімдерді роуминг бойынша шығыстардың азаюы, ал шегерім беруді – роуминг қызметтері түсімі көлемінің азаюы ретінде есепке алады. Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте роуминг бойынша серіктестер алдында тиісті дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету тәсілін анықтау арқылы роумингілік шегерімдерді ұсыну туралы түрлі келісімнің шарттарын талдайды.

### Қаржыландырудың елеулі компоненті

Топ негізінен сатып алушылардан қысқа мерзімді авансттық төлемдер алады. Егер шарт жасасу сәтінде уәделі тауарды немесе қызметті сатып аушыға тапсыру мен мұндай тауар немесе қызмет үшін төлем арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтілсе, 15 ҚЕХС-де (IFRS) көзделген практикалық сипаттың жеңілдігін пайдалану нәтижесінде Топ қаржыландырудың елеулі компоненті әсерін ескере отырып, уәделі өтем сомасын түзетпейді.

Сондай-ақ Топ халықаралық желіге қосылысты іске қосу үшін ұзақ мерзімді авансrар алады. Қаржыландырудың елеулі компонентін көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміленің тіркелген бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушылар арасындағы жеке қаржыландыру операциялары үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

### Шарт жасасу шығындары

Мемлекеттік субсидиялар алынатынына және оған байланысты шарттар орындалатынына негізді сенімділік болған жағдайда танылады. Егер субсидия белгілі бір шығысты қаржыландыру мақсатында берілген болса, онда ол өтеу қажет болатын тиісті шығындардың шығысына жатқызылатын кезеңдерде жүйелік негізде кіріс ретінде танылуға тиіс. Егер субсидия активті қаржыландыру мақсатында берілген болса, онда ол тиісті активті пайдалы қолданудың болжалды мерзімі ішінде тең үлестермен кіріс ретінде танылады.

Егер Топ субсидияны монетарлық емес активтер түрінде алған болса, актив пен субсидия номиналды шамасы бойынша ескеріледі және базалық активті пайдалы қолданудың болжалды мерзімі ішінде базалық активтен түсетін пайданы тұтыну құрылымына сәйкес жыл сайын тең бөліктермен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін мемлекеттік субсидиялар және өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен кіріс ретінде жеке баптармен көрсетіледі.

## Шарт бойынша қалдықтар

### Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив ұйымның сатып алушыға тапсырылған тауарлардың немесе қызметтердің орнына өтем алу құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтемді төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болған сәтке тапсырса, онда шартты болып табылатын, алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

### Сауда дебиторлық берешек

Егер шартты болып табылатын сыйақы сомасы клиенттен алынатын болса (яғни мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы уақыт ағынына ғана байланысты болады), дебиторлық берешек танылады. Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы активтері – бастапқы тану және кейінгі бағалау бөлімінде қаралады.

### Шарт бойынша міндеттемелер

Төлем клиенттен алынған немесе Топ тиісті тауарлардың немесе қызметтерді клиентке бергенге дейін (қайсысы бірінші болуына қарай) төленуі тиіс болса, шарт бойынша міндеттеме танылады. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда шарт бойынша міндеттеме түсім ретінде танылады (яғни тиісті тауарларды немесе қызметтерді бақылауды клиентке береді).

## Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы мен сату үшін қолда бар активтер ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын болжалды пайдалану мерзімі немесе бұл орынды болған жағдайда қаржы активінің не міндеттемесінің таза баланстық құнына дейінгі барынша қысқа кезең ішінде алдағы күтілетін төлемдерді немесе ақшалай қаражат түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісінің құрамына қосылады.

## Шығыстарды тану

Шығыстар жатқызылуына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

### Абоненттерді қосу бойынша шығыстар

Топ клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартуды көрсетеді.

### Қарыз алу бойынша шығыстар

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге де шығын олар жатқызылған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты Топ тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

## Табыс салығы

### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Басшылық тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытында жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрайды.

### Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақыт айырмашылықтарын анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты уақыт айырмашылықтарына қатысты, егер уақыт айырмашылығы, қалпына келтіру мерзімдерін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмашылығы көз жетерлік болашақта қалпына келтіріледі деген жағдайда.

Кейінге қалдырылған салық активтері есептелетін уақыт айырмасы, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайда болуы мүмкін деген айтарлықтай ықтималдық дәрежесінде, мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық есептелетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады:

- есептелетін уақыт айырмашылығына қатысты

кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан болмаған және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады;

- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімдерге қатысу үлестерімен байланысты есептелетін уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық активі уақыт айырмашылықтары көз жетерлік болашақта пайдаланылуына және уақыт айырмашылықтары қарсы пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар деңгейде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залалдың құрамынан тыс танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес немесе өзге жиынтық кіріс құрамында, болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Бизнесті біріктіру аясында пайда болған, бірақ осы күнге жеке тану критерийлеріне сәйкес келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдаяттардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда кейіннен танылады. Түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса (егер оның шамасы гудвил мөлшерінен аспаса), гудвилдің азаюы деп танылады, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды өзінде ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңмен қорғалған құқығы болғанда ғана және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы салатын және операцияларына салық салынатын бір ұйымға немесе ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есептеулерді нетто негізде жүргізуді, не бұл активтерді өткізіп, бұл міндеттемелерді бір мезгілде кейінге қалдырылған салық міндеттемелері немесе активтерінің елеулі сомасын өтеу немесе орнын толтыру күтілетін әрбір келешектегі кезеңде өтеу болжанатын, операцияларына салық салынатын бірнеше ұйымнан алынатын пайда салығына жатқызылатын жағдайда ғана жүргізеді.

### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайда ағыны мүмкін жерлерде ашылады.

Экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауы ықтимал болған жағдайларын қоспағанда, шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайданы көрсететін ресурстардың жылыстауы үлкен болмаған жағдайларды қоспаған кездерде ашылады.

### Байланысты тараптар

24 ҚЕХС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға» сәйкес тараптар қаржылық немесе операциялық шешімдер қабылдау кезінде бір тарап екінші тарапты бақылау немесе айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне ие болса, олар байланысты тараптар деп саналады.

Байланысты тараптармен операциялар Топтың байланысты тараптары болып табылатын компаниялардан алынған немесе соларға сатылған мүлік, жұмыс және қызметтер үшін есептесулердің жай-күйін көрсету үшін пайдаланылады. Ұқсас сипаттағы баптар жиынтықпен ашылады, бұған байланысты тараптармен операциялардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін түсіну үшін ақпаратты жеке ашу талап етілген жағдайлар жатпайды.

## 4. Елеулі есептік пайымдаулар, бағалау мәндері мен жорамалдар

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін кірістердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомасына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдауларды, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – 44-ескертпе.
- сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – 11 және 23-ескерптелер.

### Пайымдаулар

**Топтың есеп саясатын қолдану барысында басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаға айтарлықтай әсер ететін мынадай пайымдауларды қолданды:**

**Жалға беруді ұзарту опционымен немесе жалға беруді тоқтату опционымен жалдау мерзімін анықтау – Топ жалға беруші ретінде**

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау мерзімі ретінде, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдерімен немесе орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдерімен жалдау мерзімін анықтайды.

Топта жалдауды ұзарту опционы немесе жалдауды тоқтату опционы кіретін бірнеше жалдау шарты бар. Топ пайымдауды өзінде жалдауды ұзарту опционын немесе тоқтату опционын орындай алады деген жеткілікті сенімділік бар ма дегенді бағалау үшін қолданады. Бұл ретте ол кез келген опционның орындалуы үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторды ескереді.

Жалдау басталған күннен кейін Топ елеулі оқиға пайда болған кезде немесе Топтың бақылауындағы және оның жалдауды немесе (жалдауды тоқтату) ұзарту опционын орындау (немесе орындамау) мүмкіндігіне әсер ететін жағдаяттар өзгергенде жалдау мерзімін қайтадан бағалайды.

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын мейлінше қысқа кезеңмен техника мен жабдықты жалдау шарттары бойынша жалдау мерзімін белгілеу кезінде, оларға қатысты ұзарту опционы көзделген кезеңдерді ескерді. Топ әдетте осы жалдау шарттары бойынша ұзарту опционын орындайды, себебі бұл активтерді оңай ауыстыру мүмкіндігінің болмауы өндіріс үдерісіне елеулі кері әсер етеді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ техникалық алаңдарды жалдау шарттарын ұзартуға арналған опционды іске асыру ықтималдығын қайта бағалауды жүргізді. Техникалық алаңдарға бұрын жасалған шарттар бойынша жалдау мерзімі 2024-2025 жылдары аяқталады. Жалдау мерзімін 7 жылға ұзарту базалық станцияның пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйене отырып, бастапқы тану кезіндегі Топ басшылығының шешімі негізінде анықталды. Жалдау мерзімін өзгертудің нәтижесі 51.574.166 мың теңгені құрады (24-ескертпе).

### Жалдау – қосымша қарыз алу мөлшерлемесін бағалау

Топ жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан жалдау міндеттемелерін бағалау үшін жалдау шартында (IBR) көрсетілген пайыздық мөлшерлемені пайдаланады. IBR – бұл Топ осындай мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыз мөлшерлемесі. Осылайша, IBR Топтың бақыланатын мөлшерлемелер болмаған кезде (мысалы, қаржыландыру операциялары жоқ еншілес компаниялар үшін) немесе жалдау шарттарын көрсету үшін түзетілуі керек болған кезде (мысалы, жалдау ақысы еншілес компанияның функционалды валютасында болмаған кезде) бағалауды қажет ететін "төлеуге тура келетінін" көрсетеді. Топ IBR-ді қолжетімді болған кезде бақыланатын бастапқы деректерді (мысалы, нарықтық пайыздық мөлшерлемелер) қолдана отырып бағалайды және белгілі бір компанияға қатысты белгілі бір бағалаулар жасауы керек (мысалы, еншілес компанияның жеке кредиттік рейтингі).

### Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін кемінде әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер 8 ҚЕХС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен қателерге» сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Топ байланыс технологияларының дамуын, басқа ұялы байланыс операторларының тәжірибесін және 5G жиіліктерін пайдаланудан күтілетін орташа кіріс кезеңін бағалау негізінде 5G жиіліктерінің пайдалы қызмет мерзімін 15 жыл деп бағалады.

## Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын, оның өтелетін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат 11-ескертпеде келтіріледі және түсіндіріледі.

### Болжалды кредиттік залал үшін бағалау резерві

Топ кредиттік мекемелердегі дебиторлық берешек пен қаражат бойынша күтілетін кредиттік залалдарға (ақша қаражаты мен олардың баламалары, банк салымдары) резервтер жасайды. Сауда және басқа дебиторлық берешекке қатысты күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде Топ стандартта қарастырылған жеңілдетілген тәсілді қолданды және аталған қаржы құралдарының бүкіл өміріне күтілетін кредиттік шығындарды есептеді. Топ қарыз алушыларға тән факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесін ескере отырып дайындалған бағалау резервтерінің моделін пайдаланды. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып, кредиттік шығындардың бұрынғы тәжірибесін түзету үшін матрицаны жаңартады.

Мысалы, егер келесі жылы болжамды экономикалық жағдайдың нашарлауы күтілсе (мысалы, ЖІӨ), бұл телекоммуникация секторында дефолт жағдайларының көбеюіне әкелуі мүмкін болса, онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер жаңартылады және болжамды бағалаулардағы өзгерістер талданады.

Экономикалық талаптар арқылы болжанатын дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері мен БКЗ арасындағы өзара байланысты бағалау маңызды есеп бағасы болып табылады. БКЗ мөлшері жағдайлар мен болжанатын экономикалық талаптардың өзгерістеріне сезімтал болады. Топтың кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптар болжамы сатып алушының болашақтағы нақты дефолты үшін көрсеткіш болмауы мүмкін. Топтың сауда дебиторлық берешегі бойынша БКЗ туралы ақпарат 16-ескертпеде берілген.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезеңге болжалды кредиттік залалдарды есептеп шықты. 12 айлық болжалды кредиттік залалдар – бұл бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдардың бір бөлігі. Олар есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал, қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын болжалды кредиттік залалдар болып табылады. Бірақ бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай артқан жағдайда, залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдарға тең сомамен бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдер 30 күннен аса кешіктірілсе, Топ кредиттік тәуекел айтарлықтай артты деп есептейді. Сондай-ақ шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, қаржы активі бойынша дефолт деп саналады. Бірақ ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ бекітетін кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта қарастырылған төлемдердің барлық қалған сомасын Топтың алуы ықтималдығы аз деп көрсетсе, Топ белгілі бір жағдайларда қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытынды жасауы мүмкін.

Осылайша, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған резервтер 17.628.662 мың теңге сомасында құрылды (2022 жыл: 18.309.842 мың теңге) (13, 16, 18 және 21-ескертпелер). Экономикадағы, саладағы өзгерістер және нақты сипаттамалар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген резервтерге ықпал етуі мүмкін.

### Шартта қаржыландырудың елеулі компонентінің болуы

Топтың сатып алушыға қызмет көрсетуі мен сатып алушының мұндай қызметтердің ақысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығына байланысты Топ кейбір ұзақ мерзімді шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылған деген қорытындыға келді.

Мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушы арасындағы қаржыландырудың жеке операциясына қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.s

### Шарт жасасу шығындары

Топ делдалдық комиссияны шарт жасасудың қосымша шығыны деп есептейді және мұндай шығындарды сатып алушылармен шарт жасасу шығындары бойынша актив ретінде ақшаға айналдырады. Топ шарт жасасу шығындарын жүйелік негізде амортизациялайды және бұл сатып алушыларға қызмет көрсету мерзімдеріне сәйкес келеді. Қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері өзгерген жағдайда Топ амортизация мерзімдерін қайта қарайды.

### Шарт бойынша міндеттемелер

Кейінге қалдырылған кірістер шарт бойынша міндеттемелер ретінде танылады және клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-те (IFRS) жазылған клиенттермен шарттар бойынша түсімді танудың егжей-тегжейлі критерийлерін, салалық тәжірибені және Топ клиенттері кетуінің тарихи көрсеткішін есепке алды.

### Өтелмейтін аванстық төлемдер

Жеке пайда табумен байланысы жоқ, іске қосу қызметтері мен сымды және сымсыз байланыс қызметтері үшін аванстық төлемдер шарт бойынша міндеттемелердің құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-те (IFRS) көзделген қосу қызметтерінен кірісті тану критерийлерін, салалық тәжірибені және клиенттердің қызметтерден бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиентпен қарым-қатынастың орташа кезеңі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл және интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағаланады.

### Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме объектілерді жабуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны тиісті бұзушылық орын алатын есепті кезеңде қоршаған ортаны қалпына келтіруге көзделген болашақтағы шығындарға қатысты танылады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

### Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген жұмыскерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған жұмыскерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін Топтың он екі ай ішінде төлеуді жоспарлаған міндеттемелері болып табылады.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары кірісті корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындарына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат 25-ескертпеде ашып көрсетілген.

### Салық

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салудан пайда алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 369.451 мың теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1.470.763 мың теңге). Толық ақпарат 41-ескертпеде берілген.

### Жалдау – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау

Топ жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан жалдау міндеттемелерін бағалау үшін қосымша қарыз алу мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл Топ осындай мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыз мөлшерлемесі. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Топтың “төлеуге тура келетін” пайызын көрсетеді және оның анықтамасы, егер байқалған мөлшерлемелер болмаса немесе байқалған мөлшерлемелер жалдау шарттарын көрсету

үшін түзетілуі керек болса, есептік бағаны пайдалануды талап етеді. Топ бақыланатын бастапқы деректерді (мысалы, нарықтық пайыздық мөлшерлемелер) пайдалана отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін олар болған кезде айқындайды және ұйымға тән белгілі бір есептік бағалауларды пайдаланады.

### Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат 44-ескертпеде берілген.

### Климаттың өзгеруіне байланысты факторлар

Топ климаттың өзгеруіне байланысты факторларды қажет болған жағдайда бағалау мен болжамдарда ескереді. Бұл ретте физикалық және өтпелі кезең тәуекелдерімен байланысты Топқа көптеген ықтимал әсерлерді қарастырады. Топ төмен көміртекті экономикаға көшкеннен кейін оның бизнес үлгісі мен өнімдері бәсекеге қабілетті болып қалады деп есептесе де, климаттың өзгеруіне байланысты факторлар қаржылық есептіліктің кейбір баптарының негізінде жатқан бағалаулар мен болжамдарға қатысты белгісіздікті арттырады. Төменде климаттың өзгеруіне байланысты факторлардың ең тікелей әсер ететін кейбір аспектілері келтірілген:

Климаттық факторларға тікелей әсер ететін мақалалар мен ойлардың қатарына мыналар жатады:

- Негізгі құралдарды пайдалану мерзімі. Жою құнын және активтердің болжамды пайдалы қызмет мерзімін талдау кезінде Топ климаттың өзгеруіне байланысты факторларды ескереді, мысалы, активтерді пайдалануды шектейтін немесе айтарлықтай күрделі шығындарды талап ететін тиісті заңдар мен ережелер;
- Қаржылық емес активтердің құнсыздануы. Пайдалану құнына әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін, атап айтқанда өтпелі кезең қаупі, мысалы, климаттың өзгеруіне қатысты мәселелер бойынша заңнама мен ережелер, сондай-ақ Топ өнімдеріне сұраныстың өзгеруі;
- Объектілерді пайдаланудан шығару жөніндегі міндеттеме. Климаттың өзгеруіне байланысты мәселелер бөлігінде заңнама мен нормативтік актілердің әсері Топтың өндірістік объектілерінің бірін пайдаланудан шығару мерзімін және тиісті болашақ шығындарды бағалау кезінде ескеріледі.

# 5. Шоғырландыру

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар қосылды:

| | | Қатысу үлесі | |
|---|---|---|---|
| | Тіркелген елі | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | Қазақстан | 100,00% | 100,00% |
| «КТ-АЙИКС» ЖШҚ | Ресей | 100,00% | 100,00% |
| «Востоктелеком» ЖШС | Қазақстан | 100,00% | 100,00% |
| «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС | Қазақстан | 100,00% | 100,00% |
| «Нұрсат+» ЖШС | Қазақстан | 100,00% | 100,00% |
| «КТ-Телеком» ЖШС | Қазақстан | 100,00% | 100,00% |
| «Кселл» АҚ | Қазақстан | 51,00% | 51,00% |

# 6. Ішінара меншіктегі елеулі еншілес ұйымдар

### «Кселл» АҚ

Төменде аталған еншілес ұйым бойынша жалпылама қаржылық ақпарат берілген, оған 49% мөлшерінде елеулі бақыламайтын қатысу үлесі тиесілі. Бұл ақпарат Топ ұйымдары арасындағы операцияларды алып тастағанға дейінгі сомаға негізделген.

«Кселл» АҚ-ның жиынтық кірісі туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 223.747.312 | 219.002.382 |
| Мемлекеттік субсидиядан кіріс | 3.745.709 | 2.229.406 |
| Өткізудің өзіндік құны | (168.210.279) | (149.370.828) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (8.810.772) | (16.259.344) |
| Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар | (5.702.317) | (6.265.499) |
| Өткізу бойынша шығыстар | (5.401.262) | (2.713.999) |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар | (12.888.999) | (9.269.786) |
| Қаржыландырудан кіріс | 5.339.139 | 4.349.947 |
| Валюталық баптарды қайта бағалаудан таза кірістер | (1.346.426) | (32.355) |
| Өзге де кірістер | 1.909.862 | 1.185.572 |
| Өзге де шығыстар | (2.532.571) | (736.966) |
| Салық салғанға дейінгі пайда | 29.849.396 | 42.118.530 |
| Табыс салығы бойынша шығыс | (6.714.366) | (12.250.840) |
| Есепті жылдағы пайда | 23.135.030 | 29.867.690 |
| Бас компанияның меншік иелеріне келеді | 11.798.865 | 15.232.522 |
| Бақыламайтын қатысу үлестеріне келеді | 11.336.165 | 14.635.168 |

31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Кселл» АҚ қаржылық жағдайы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Айналымнан тыс активтер | 363.722.055 | 217.067.822 |
| Айналымдағы активтер | 63.301.344 | 103.311.358 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (148.332.773) | (75.740.005) |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | (78.563.174) | (67.646.745) |
| Барлық меншікті капитал | 200.127.452 | 176.992.430 |
| Мыналарға тиесілі: | | |
| Бас компанияның иелеріне | 106.337.872 | 94.539.015 |
| Бақыламайтын қатысу үлестеріне | 93.789.580 | 82.453.415 |

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін «Кселл» АҚ ақша қаражатының қозғалысы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Операциялық қызмет | 80.239.490 | 65.928.336 |
| Инвестициялық қызмет | (145.153.844) | (52.463.179) |
| Қаржылық қызмет | 30.651.917 | (18.370.212) |
| Ақша қаражатына және олардың баламаларына бағам айырмашылығының әсері | (954.390) | (249.271) |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерісі | (35.216.827) | (5.154.326) |

# 7. Сегменттер бойынша ақпарат

Топ басқару мақсатында Топтың ұйымдық құрылымына байланысты бизнес-бөлімшелерден тұрады және мынадай есептік операциялық сегменттерден құралады:

- «Қазақтелеком» АҚ мен «Востоктелеком» ЖШС бизнес-бөлімшелерінің тіркелген байланыс қызметтерін көрсетуі;
- «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ еншілес ұйымдары бизнес-бөлімшелерінің GSM және LTE стандарттарында мобильді телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсетуі.

Жоғарыда көрсетілген есептік сегменттерді көрсету үшін операциялық сегменттерді біріктіру жүргізілген жоқ. Басшылық ресурстарды бөлу туралы шешімдер қабылдау және олардың қызмет нәтижелерін бағалау мақсатында әрбір бөлімшеге жеке қызметтің операциялық нәтижелерін мониторингілеуді жүзеге асырады. Сегменттер қызметінің нәтижелері операциялық пайда мен залал негізінде бағаланады, оларды бағалау шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі операциялық пайда немесе залалды бағалауға сәйкес жүргізіледі.

Төмендегі кестелерде 2023 және 2022 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Топтың салалық сегменттері бойынша кірістері мен шығыстары туралы ақпарат көрсетілген.



2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен | Тіркелген теле-коммуникация байланысы | GSM және LTE стандарттарындағы мобильді телекоммуника-ция байланысы | Өзгелері | Элиминациялар мен түзетулер | Топ |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | | | | | |
| Сыртқы сатып алушыларға өткізу | 245.222.090 | 423.182.506 | 1.063.365 | – | 669.467.961 |
| Сегменттер арасында өткізу | 44.530.364 | 22.291.025 | 1.840.762 | (68.662.151) | – |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім | 289.752.454 | 445.473.531 | 2.904.127 | (68.662.151) | 669.467.961 |
| Ауылдық жерде әмбебап қызметтерді ұсыну үшін өтемақы | 8.853.903 | – | – | – | 8.853.903 |
| Мемлекеттік субсидиядан кіріс | 2.309.209 | 7.150.573 | – | – | 9.459.782 |
| Жиыны | 300.915.566 | 452.624.104 | 2.904.127 | (68.662.151) | 687.781.646 |
| Қаржылық нәтижелер | | | | | |
| Амортизация және тозу | (40.081.397) | (98.330.397) | (46.580) | 1.621.214 | (136.837.160) |
| Қаржылық шығыстар | (17.186.381) | (25.992.031) | (3.067) | 4.260.582 | (38.920.897) |
| Қаржылық кірістер | 8.138.392 | 8.063.471 | 102.507 | (502.228) | 15.802.142 |
| Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдар | (55.127) | (2.059.376) | – | 1.353.604 | (760.899) |
| Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар | (4.507.026) | (5.968.300) | (17.586) | 49.028 | (10.443.884) |
| Табыс салығы | (4.938.459) | (28.973.973) | 23.490 | 4.054.360 | (29.834.582) |
| Сегменттің пайдасы/(залалы) | 30.369.080 | 105.540.800 | (418.941) | (1.253.148) | 134.237.791 |
| Операциялық активтер | 1.224.250.161 | 1.390.514.250 | 2.417.860 | (1.134.181.930) | 1.483.000.341 |
| Операциялық міндеттемелер | 284.268.091 | 447.797.103 | 1.927.232 | (54.654.422) | 679.338.004 |
| Өзге ақпаратты ашу | | | | | |
| Күрделі шығындар | 73.991.757 | 328.253.641 | 109.966 | (525.552) | 401.829.812 |

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін а (жалғасы)

| Мың теңгемен | Тіркелген телекоммуникация байланысы | GSM және LTE стандарттарындағы мобильді телекоммуникация байланысы | Өзгелері | Элиминациялар мен түзетулер | Топ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім** | | | | | |
| Сыртқы сатып алушыларға өткізу | 232.536.678 | 387.613.412 | 1.687.492 | – | 621.837.582 |
| Сегменттер арасында өткізу | 38.598.380 | 20.358.415 | 2.044.761 | (61.001.556) | – |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім | 271.135.058 | 407.971.827 | 3.732.253 | (61.001.556) | 621.837.582 |
| Ауылдық жерде әмбебап қызметтерді ұсыну үшін өтемақы | 6.326.916 | – | – | – | 6.326.916 |
| Мемлекеттік субсидиядан кіріс | 1.755.766 | 4.576.132 | – | – | 6.331.898 |
| Жиыны | 279.217.740 | 412.547.959 | 3.732.253 | (61.001.556) | 634.496.396 |
| **Қаржылық нәтижелер** | | | | | |
| Амортизация және тозу | (38.410.683) | (81.842.592) | (65.294) | 1.669.326 | (118.649.243) |
| Қаржылық шығыстар | (22.615.516) | (19.528.225) | 5.453 | 1.668.741 | (40.469.547) |
| Қаржылық кірістер | 9.644.772 | 7.770.013 | 72.199 | (1.509.030) | 15.977.954 |
| Дивидендтерден кіріс | 45.548.416 | – | – | (45.548.416) | – |
| Топтың қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлесі | – | – | 380.019 | – | 380.019 |
| Қаржылық емес активтердің құнсызданудан залалдар | 8.275 | (1.463.856) | (23.295) | – | (1.478.876) |
| Қаржылық активтердің құнсызданудан залалдар | (822.142) | (6.631.371) | (16.100) | (152.547) | (7.622.160) |
| Табыс салығы | (7.156.518) | (33.258.755) | (58.895) | 4.778.441 | (35.695.727) |
| Сегменттің пайдасы/ (залалы) | 96.922.361 | 112.450.208 | 775.217 | (45.698.914) | 164.448.872 |
| Операциялық активтер | 1.231.669.037 | 800.777.903 | 2.349.528 | (748.062.653) | 1.286.733.815 |
| Операциялық міндеттемелер | 300.556.012 | 291.337.564 | 1.460.707 | (37.228.291) | 556.125.992 |
| **Өзге ақпаратты ашу** | | | | | |
| Сатуға арналғандай жіктелген активтер (10-ескертпе)* | – | – | 3.763.284 | – | 3.763.284 |
| Күрделі шығындар | 55.588.403 | 70.521.370 | 16.980 | – | 126.126.753 |

** 2022 жылғы 20 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі ашық екі кезеңді тендер арқылы "QazCloud" ЖШС 49% акциясын сату туралы шешім қабылдады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "QazCloud" ЖШС активтері мен міндеттемелері сатуға арналғандай жіктелген болатын.*

1) Сегменттер бойынша кіріс шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

2) Қаржыландыру шығыстары мен қаржыландыру кірістеріне сегментаралық қаржыландыру шығыстары мен сегментаралық қаржыландыру кірістері кіреді.

3) Сегменттердің операциялық пайдасына сегментаралық операциялар пайдасы кіреді.

4) Күрделі шығындарға негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу кіреді.

## Пайданы салыстыру

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Сегменттердің пайдасы | 158.690.304 | 210.147.786 |
| Өзгелері | (24.452.513) | (45.698.914) |
| Топтың пайдасы | 134.237.791 | 164.448.872 |

## Активтерді салыстыру

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Сегменттердің операциялық активтері | 2.269.896.480 | 2.034.796.468 |
| Еншілес ұйымдарға Компания инвестицияларын элиминациялау | (697.877.620) | (699.527.549) |
| Топішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау | (89.018.519) | (48.535.104) |
| Топтың барлық активі | 1.483.000.341 | 1.286.733.815 |

## Міндеттемелерді салыстыру

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Сегменттердің операциялық міндеттемелері | 735.404.762 | 593.354.283 |
| Топішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау | (89.018.519) | (37.228.291) |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 32.951.761 | – |
| Топтың барлық міндеттемесі | 679.338.004 | 556.125.992 |

# 8. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың 2023 және 2022 жылдардағы қозғалысы мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Жабдық | Өзгелері | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 3.227.809 | 88.766.468 | 796.692.380 | 20.481.563 | 82.744.255 | 991.912.475 |
| Түсімдер | 832 | 580.753 | 15.214.917 | 1.833.506 | 90.721.644 | 108.351.652 |
| Активтерді жою бойынша міндеттемелер (27-ескертпе) | – | – | (1.352.105) | – | – | (1.352.105) |
| Инвестициялық мүлікке аударымдар | – | (3.536.100) | – | – | – | (3.536.100) |
| Аударымдар | (884) | 1.039.978 | 28.701.043 | 371.155 | (30.111.292) | – |
| Істен шығару | (390) | (1.060.398) | (16.998.345) | (252.377) | (1.343.346) | (19.654.856) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 3.227.367 | 85.790.701 | 822.257.890 | 22.433.847 | 142.011.261 | 1.075.721.066 |
| Түсімдер | 95.040 | 404.301 | 35.157.035 | 11.055.398 | 166.399.064 | 213.110.838 |
| Активтерді жою бойынша міндеттемелер (27-ескертпе) | – | – | 3.227.077 | – | – | 3.227.077 |
| Активтерді пайдалану құқығы нысанында аудару (24-ескертпе) | – | – | 42.431.622 | – | – | 42.431.622 |
| Инвестициялық мүліктен аударымдар (12-ескертпе) | – | 3.173.000 | – | – | – | 3.173.000 |
| Аударымдар | – | 5.730.329 | 66.979.204 | 60.999 | (72.770.532) | – |
| Істен шығару | (2.533) | (390.819) | (30.823.727) | (799.329) | (2.838.689) | (34.855.097) |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 3.319.874 | 94.707.512 | 939.229.101 | 32.750.915 | 232.801.104 | 1.302.808.506 |
| **Есептелген тозу және құнсыздану** | | | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | – | 28.712.854 | 459.301.526 | 15.653.744 | 12.206.259 | 515.874.383 |
| Есептелген тозу | – | 4.062.886 | 71.923.023 | 1.471.163 | – | 77.457.072 |
| Құнсыздану/(қалпына келтіру) | – | (504) | 164.157 | (516) | 1.013.226 | 1.176.363 |
| Істен шығару | – | (1.001.000) | (16.670.356) | (223.120) | (1.324.266) | (19.218.742) |
| Инвестициялық мүлікке аударымдар | – | (1.559.448) | – | – | – | (1.559.448) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | – | 30.214.788 | 514.718.350 | 16.901.271 | 11.895.219 | 573.729.628 |
| Есептелген тозу | – | 4.295.810 | 78.392.512 | 1.524.499 | – | 84.212.821 |
| Құнсыздану/(қалпына келтіру) | – | 582 | (94.996) | 1.541 | 1.057.996 | 965.123 |
| Істен шығару | – | (182.649) | (30.129.527) | (777.874) | (2.597.787) | (33.687.837) |
| Активтерден пайдалану құқығы нысанында аудару (24-ескертпе) | – | – | 13.388.946 | – | – | 13.388.946 |

(Жалғасы)

| Мың теңгемен | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Жабдық | Өзгелері | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Инвестициялық мүліктен аударымдар (12-ескертпе) | – | 1.363.000 | – | – | – | 1.363.000 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | – | 35.691.531 | 576.275.285 | 17.649.437 | 10.355.428 | 639.971.681 |
| **Қалдық құны** | | | | | | |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 3.227.367 | 55.575.913 | 307.539.540 | 5.532.576 | 130.116.042 | 501.991.438 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 3.319.874 | 59.015.981 | 362.953.816 | 15.101.478 | 222.445.676 | 662.836.825 |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс объектілері желінің базалық станцияларын, мобильдік коммутаторлық серверлерді және басқа телекоммуникациялық жабдықтар мен қызметтерді құрастыру үшін жабдық ретінде ұсынылған.

2023 жыл ішінде баланстық құны 29.042.676 мың теңге болатын пайдалану құқығы активтерінің бөлігі болып табылатын жабдық негізгі құралдардың құрамына ауыстырылды, Fit Leasing ЖШС-мен шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін барлық лизингтік төлем аяқталды және меншік құқығы Топқа өтті (24-ескертпе).

2023 жыл ішінде баланстық құны 1.800.000 мың теңге болатын инвестициялық меншіктің бір бөлігі негізгі құралдардың құрамына ауыстырылды, өйткені бұл бөлікті Топ иемденді. 105.995 мың теңге мөлшеріндегі басқа бөлік бұрынғысынша үшінші және байланысты тараптарға жалға берілді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 427.268 мың теңгені (2022 жыл: 2.700.000 мың теңге) құрады (12-ескертпе).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы баланстық құны 514.731.498 мың теңге құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 478.739.825 мың теңге).

2023 жыл ішінде Топ негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіруден түскен 92.873 мың теңге мөлшеріндегі кірісті және аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан 1.057.996 мың теңге мөлшеріндегі шығынды (2022: негізгі құралдардың құнсыздануынан 164.157 мың теңге және аяқталмаған құрылыстан 1.013.226 мың теңге) таныды, бұл технологиялық ескіру және зақымдану нәтижесінде белгілі бір активтерді өтелетін құнына дейін есептен шығаруды білдіреді. Құнсыздану операциялық шығыстар құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2.268.635 мың теңге сомасындағы айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар базалық станцияларды орнату, негізгі құралдарды салу және жеткізу бойынша қызметтерді көрсету үшін аванстарды білдіреді (2022 жыл: 3.308.209 мың теңге). Топ 2023 жылдың ішінде (554.636) мың теңге сомасында айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстардың құнсызданауынан залалды таныды (қалпына келтірді)/есептеді (2022 жыл: 510.195 мың теңге) (44-ескертпе).

# 9. Материалдық емес активтер

2023 және 2022 жылдардағы материалдық емес активтер қозғалысы мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | Лицензиялар | Бағдарламалық жасақтама | Өзгелері | Әзірленіп жатқан материалдық емес активтер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| Бастапқы құны | | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 229.905.641 | 53.722.404 | 20.426.342 | 472.733 | 304.527.120 |
| Түсімдер | 8.076.875 | 10.863.912 | 186.419 | – | 19.127.206 |
| Аударымдар | (1.249.434) | (2.336.957) | (614) | – | (3.587.005) |
| Істен шығару | 45.555 | (47.777) | 2.222 | – | – |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 236.778.637 | 62.201.582 | 20.614.369 | 472.733 | 320.067.321 |
| Түсімдер | 174.572.253 | 8.666.011 | 498.810 | 4.981.900 | 188.718.974 |
| Аударымдар | – | 263.141 | – | (263.141) | – |
| Істен шығару | (3.459.720) | (565.492) | (188.018) | (472.000) | (4.685.230) |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 407.891.170 | 70.565.242 | 20.925.161 | 4.719.492 | 504.101.065 |
| Жинақталған амортизация мен құнсыздану | | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 53.015.099 | 39.723.790 | 5.890.713 | 472.733 | 99.102.335 |
| Амортизациялық есептеулер | 19.120.305 | 7.212.809 | 1.870.597 | – | 28.203.711 |
| Істен шығару | (93.265) | (218.066) | – | – | (311.331) |
| Құнсыздану | (1.133.352) | (935.321) | (220) | – | (2.068.893) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 70.908.787 | 45.783.212 | 7.761.090 | 472.733 | 124.925.822 |
| Амортизациялық есептеулер | 28.681.629 | 11.269.943 | 1.903.723 | – | 41.855.295 |
| Құнсыздануды қалпына келтіру | (32.433) | (2.881) | – | – | (35.314) |
| Істен шығару | (3.399.563) | (574.381) | (188.009) | (472.000) | (4.633.953) |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 96.158.420 | 56.475.893 | 9.476.804 | 733 | 162.111.850 |
| Қалдық құны | | | | | |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 165.869.850 | 16.418.370 | 12.853.279 | – | 195.141.499 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 311.732.750 | 14.089.349 | 11.448.357 | 4.718.759 | 341.989.215 |

2023 жыл ішінде Топ материалдық емес активтердің құнсыздануды қалпына келтіруден 35.314 мың теңге сомасында кірісті таныды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 311.331 мың теңге сомасына құнсызданудан залал). Кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланудағы толығымен амортизацияланған материалдық емес активтердің бастапқы құны 68.741.862 мың теңге құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 69.108.150 мың теңге).

2022 жылдың 22-23 желтоқсанында бесінші буын ұялы байланыс (5G) үшін ашық радиожиілік аукционы өтті. Интернет-сауданы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұйымдастырды. Қатысушылар 5G технологиясы үшін 3600-3700 МГц (100 МГц) және 3700-3800 МГц (100 МГц) радиожиілік диапазондары үшін бақ сынасты. Топ аукционға қатысу үшін 3.522.450 мың теңге көлемінде аукционның бастапқы бағасын төледі. Нәтижесінде радиожиілік диапазондарының бағасы 156.069.426 мың теңгеге дейін өсті, ал екі лотта жеңімпаз ретінде «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС (Tele2 және Altel брендтерімен) және «Кселл» АҚ (Kcell және Activ брендімен) құрамындағы консорциумдар анықталды. Топ 3.522.450 мың теңге мөлшеріндегі алдын ала төлемді ұзақ мерзімді төлем ретінде жіктеді, өйткені аукцион нәтижесі бұрыннан белгілі болды.

2023 жылы Топ болашақта Топ пен оның клиенттері пайдаланатын өздерінің цифрлық өнімдерін әзірлеуге кірісті. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірлеуге жұмсалған шығындарға енгізілген цифрлық активтердің баланстық құны 4.981.900 мың теңгені құрады. Әзірлеу шығындары ретінде капиталдандырылған шығындар ҚЕХС (IAS) 38-ге сәйкес материалдық емес активтер ретінде тану критерийлеріне сәйкес келеді.

# 10. Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар

## «QazCloud» ЖШС

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «QazCloud» ЖШС-дегі 49% үлеске ие болды, ол АТ инфрақұрылымын қолдау, демеу және жаңғырту, виртуалды АТ ресурстарын жалға алу және «Самұрық-Қазына» тобының ақпараттық деректерін қорғау бойынша қызметтер көрсететін сервистік компания болып табылады. «QazCloud» ЖШС-дегі Топтың үлесі үлестік қатысу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілді.

2022 жылғы 20 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі «QazCloud» ЖШС жарғылық капиталындағы «Қазақтелеком» АҚ қатысу үлесінің 49% ашық екі кезеңдік конкурс арқылы сату туралы шешім қабылдады.

2022 жылғы 26 желтоқсанда тендер нәтижелері бойынша 4.590.010 мың теңге мөлшерінде үлесті сатып алу бағасымен жеңімпаз анықталды. Тендердің талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобының бас компаниясы мақұлдағаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2022 жылғы 20 қыркүйектен бастап «QazCloud» ЖШС қауымдастырылған компаниясына инвестициялар сатуға арналған активтер ретінде жіктелді. Топ инвестициялар сатуға арналған деп жіктелген күннен бастап үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатты. Оның орнына қауымдастырылған компания екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: баланстық құн және сату шығындарын шегергендегі әділ құн.

2023 жылғы 3 наурызда «Қазақтелеком» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық комитетінің «Qazcloud» ЖШС-дегі 49% үлесін «Данекер Сала» ЖШС-ға 4.544.676 мың теңге бағасымен сатуға мақұлдауын алды. Компания мен «Данекер Сала» ЖШС 2023 жылғы 20 наурызда сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылғы 28 наурызда «Қазақтелеком» АҚ «Qazcloud» ЖШС-дегі 49% үлесі үшін толық төлем сомасын алды.

2023 жыл ішінде «QazCloud» ЖШС Топқа 50.219 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады және төледі.

## Caspinet B.V

«Азертелеком ИНТ» ЖШҚ (АТ) және «Қазақтелеком» АҚ (ҚТ) Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы Каспий

теңізінің түбімен өтетін талшықты-оптикалық кабельді ("Каспий кабелі") салуда, пайдалануда және иеленуде өзара мүдделілікке ие. Осыған байланысты және Әзірбайжан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісімге сәйкес АТ және ҚТ «Caspinet B. V.» арқылы бірлескен кәсіпорын ретінде бизнесті құру мен басқаруда ынтымақтасуға келісті.

2023 жылғы 22 тамызда үкіметаралық келісім негізінде Caspinet B.V. Нидерланд заңнамасына сәйкес тіркелді. Топ Caspinet B.V. 50% үлесін иеленеді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қандай да бір активтері мен міндеттемелері жоқ.

# 11. Құнсыздану мәніне тексеру

**Гудвил**

Бизнестерді біріктіру нәтижесінде сатып алынған гудвил құнсыздануға тестілеу мақсатында ақша қаражатын өндіретін үш бірлікке («АҚӨБ») («IP TV», «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС) бөлінген.

IPTV АҚӨБ тіркелген телекоммуникация сегментінің бір бөлігі болса, ал "Кселл" АҚ мен "Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС АҚӨБ мобильді телекоммуникация сегментінің бір бөлігі болып табылады.

Гудвил қалыптастырылған жұмысшы персоналмен және Топқа сатып алынған еншілес компанияларды ықпалдастырудан синергетикалық әсермен байланысты. Ақша қаражатын өндіретін әр бірлікке бөлінген гудвилдің баланстық құны:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 96.205.967 | 96.205.967 |
| «Кселл» АҚ | 53.489.943 | 53.489.943 |
| IP TV | 2.706.335 | 2.706.335 |
| | 152.402.245 | 152.402.245 |

Топ 2023 және 2022 жылдардың желтоқсанында құнсыздануға жыл сайынғы тест жүргізді.

**Құнсыздануға қатысты тестілеу**

36 ҚЕХС-ға (IAS) сәйкес гудвил және пайдалы қолдану мерзімі белгісіз өзге де материалдық емес активтер, сондай- ақ пайдалануға әлі енгізілмеген материалдық емес активтер жыл сайын немесе одан да жиі құнсыздануға қатысты тестіленуі тиіс. Өзге активтер жағдаяттар олардың құнсыздануы ықтимал болуын көрсеткенде құнсыздануға қатысты тестіленеді.

Құнсыздануға қатысты тестілеу мақсатында Топ гудвил таралған ақша қаражатын өндіретін әрбір бірліктің немесе немесе құнсыздану белгілері анықталған өтелетін ақша қаражатының құнын бағалады. Топ оның таза активтері 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық капиталдандырудан артқанын құнсыздану белгісі деп анықтады және құнсыздануға қатысты тест жүргізді. 2022 жылы, оның алдындағы жылдардағыдай құнсыздануға қатысты тест 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілді.

2023 жылы барлық өндірілетін бірліктің өтелетін құны оларды пайдалану құнын есептеу негізінде анықталды. Бұл бағалау әдісі басшылық бекіткен нақты қызмет нәтижелері мен бизнес-жоспарларға негізделген ақша ағындарының болжамын, сондай-ақ тиісті өндіруші бірліктермен байланысты ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын көрсететін тиісті дисконттау мөлшерлемелерін пайдаланады. Басшылықтың бизнес-жоспарымен қамтылмаған кезеңдер үшін терминалдық құн қолданылады. Терминалдық құн нөлдік даму қарқынын пайдаланумен тиісті бизнес-жоспарлардың нәтижелерін экстраполяциялау арқылы ақша ағындарының болжамы негізінде есептеледі.

Келешектегі ақша ағындарын бағалау пайыздарды, салықты төлеу, тозу мен амортизацияға дейінгі пайда маржасына (ПСТТАП) қатысты басшылықтың болжамдарын қоса алғанда, күрделі шығындардың мерзімдері мен көлеміне, терминалдың даму қарқынына және тиісті тәуекелдерді көрсету үшін дисконттау мөлшерлемелеріне қатысты белгісіз факторлар бойынша жорамалдарды талап етеді. Осылайша, пайдалану құнын есептеу үшін ПСТТАП маржасы мен күрделі шығындар негізінен ішкі көздерден алынған, өткен тәжірибеге негізделген және басшылық күтілімін ескере отырып кеңейтілген. ПСТТАП құнсыздануға қатысты тестілеу мақсаттары үшін ҚЕХС бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде анықталатын пайыздарды, салықты, тозуды және амортизацияны шегергенге дейінгі пайда ретінде есептеледі.

Төмендегі кестеде тиісті АҚӨБ пайдалану құнын есептеу үшін қолданылған ПСТТАП маржасы көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 | 2022 |
|---|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 46,0% - 47,9% | 48,6% - 55,3% |
| «Кселл» АҚ | 37,3% - 45,7% | 41,5% - 53,8% |
| IP TV | 2% - 7% | (2%) - 24% |
| «Қазақтелеком» АҚ | 23,5% - 24,3% | 21,3% - 22,08% |

Төмендегі кестеде тиісті АҚӨБ пайдалану құнын есептеу үшін қолданылған түсім пайыздарындағы күрделі шығындар көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 | 2022 |
|---|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 26,3% | 21,4% |
| «Кселл» АҚ | 18,0% | 15,7% |
| IP TV | 1,0% | 2,5% |
| «Қазақтелеком» АҚ | 10,9% | 11,93% |

Төмендегі кестеде тиісті АҚӨБ пайдалану құнын есептеу үшін қолданылған болжамнан кейінгі кезеңдегі даму қарқыны көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 | 2022 |
|---|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 4,31% | 1,50% |
| «Кселл» АҚ | 3,20% | 1,50% |
| IP TV | 5,00% | 1,50% |
| «Қазақтелеком» АҚ | 5,00% | 1,50% |

Төмендегі кестеде тиісті АҚӨБ функционалдық валютадағы ақша ағындарын дисконттау үшін салық төлегенге дейінгі мөлшерлемелер көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 | 2022 |
|---|---|---|
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС | 15,42% | 16,33% |
| «Кселл» АҚ | 13,88% | 16,33% |
| IP TV | 15,41% | 14,97% |
| «Қазақтелеком» АҚ | 15,41% | 14,97% |

**Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық – «IP TV», Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Кселл» АҚ**

ПСТТАП маржасының, даму қарқынының болжамды кезеңнен және дисконттау мөлшерлемелерінен артық ықтимал ойға қонымды өзгерістері IP TV, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Кселл» АҚ қосымша құнсыздануына алып келмейді.

**Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық – «Қазақтелеком» АҚ**

«Қазақтелеком» АҚ АҚӨБ үшін пайдалану құнын есептеу мынадай жорамалдарға мейлінше сезімтал:

- қаржылық жоспарға салынатын ПСТТАП маржасы;
- болжамды кезеңінен кейінгі даму қарқыны;
- дисконттау мөлшерлемесі.

***ПСТТАП маржасы***

ПСТТАП маржасының 2024 жылы және одан кейін біртіндеп 23,5%-дан 22%-ға дейін 1,5% аса төмендеуі алдағы болжамды кезеңде «Қазақтелеком» АҚ-да құнсызданудан 4.005.611 мың теңге сомаға шығынға алып келеді.

***Даму қарқыны***

Даму қарқынының 5%-дан 2,5%-ға дейін 2,5%-ға төмендеуі «Қазақтелеком» АҚ АҚӨБ-де құнсыздану шығынының 2.598.089 мың теңге сомаға пайда болуына алып келеді.

***Дисконттау мөлшерлемесі***

Дисконттау мөлшерлемесінің 15,41% -дан 16,41-ға дейін 1% ұлғаюы «Қазақтелеком» АҚ АҚӨБ-де құнсыздануға алып келмес еді.



# 12. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктегі қозғалыс мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | Ғимараттар мен құрылыстар | Барлығы |
|---|---|---|
| Бастапқы құны | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 1.264.668 | 1.264.668 |
| Негізгі құралдарды беру (8-ескертпе) | 3.536.100 | 3.536.100 |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 4.800.768 | 4.800.768 |
| Негізгі құралдарға беру (8-ескертпе) | (3.173.000) | (3.173.000) |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 1.627.768 | 1.627.768 |
| Жинақталған тозу және құнсызданудан залал | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 1.264.668 | 1.264,668 |
| Негізгі құралдарға беру (8-ескертпе) | 1.559.448 | 1.559.448 |
| Негізгі құралдарға беру (8-ескертпе) | (1.363.000) | (1.363.000) |
| Амортизациялық шегерімдер | 60.657 | 60.657 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 1.521.773 | 1.521.773 |
| Баланстық құны | | |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 1.976.652 | 1.976.652 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 105.995 | 105.995 |

2022 жылы баланстық құны 1.976.652 мың теңге болатын ғимаратты Топ кейіннен пайдаланбағандықтан, ол инвестициялық жылжымайтын мүлікке беріліп, үшінші тұлғалар мен байланысты тараптарға жалға беру туралы шешім қабылданды.

2023 жылы баланстық құны 1.810.000 мың теңге болатын ғимараттың бір бөлігін Топ пайдаланғандықтан, негізгі құралдар құрамына берілді. Құны 105.995 мың теңге болатын басқа бөлігі бұрынғыша үшінші тұлғалар мен байланысты тараптарға жалға берілді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 427.268 мың теңгені құрады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны инвестициялық меншіктің әділ құны елеулі қадағаланбайтын бастапқы деректерге сүйене отырып анықталады (3-деңгей).

# 13. Айналымнан тыс өзге қаржылық емес активтер

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына айналымнан тыс өзге қаржылық активтерге мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 1.522.938 | 4.344.884 |
| Жұмыскерлерге қарыз | 2.717.964 | 1.731.327 |
| Ұзақ мерзімді депозит | 1.283.649 | 642.726 |
| Өзгелері | 342.983 | 364.547 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 1.627.768 | 1.627.768 |
| | 5.867.534 | 7.083.484 |
| Минус: күтілетін кредиттік залал резерві | (110.184) | (110.184) |
| | 5.757.350 | 6.973.300 |

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін күтілетін кредиттік залал резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына болжалды кредиттік залал резерві | (110.184) | (110.184) |
| Жыл соңына болжалды кредиттік залал резерві | (110.184) | (110.184) |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасы 1.522.938 мың теңге (2022 жыл: 4.344.884 мың теңге) болатын төлем мерзімін 18 айдан 24 айға дейін ұзарту мерзімі берілген келісімшарттық телефондарды сатып алуға клиенттермен келісімдерді қамтиды. Бұл ұзақ мерзімді берешек нарықтық пайыздық мөлшерлемемен дисконтталды.

Жұмыскерлерге берілетін қарыз 1 жылдан асатын және 15 жылға дейінгі мерзімге берілетін пайызсыз қарыз болып табылады. Жұмыскерлерге қарыз олар Компанияда жұмыс істеген жағдайда ғана беріледі. Жұмыскер Компаниядан жұмыстан шығып кеткен жағдайда, Компания қарызды толық өтеуді талап етуге құқылы. Қарыздар нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланумен берілген күнге дисконтталды және әділ құны мен номиналдық сомасы арасындағы 3.832.141 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық қаржылық жағдай туралы шоғарыландырылған есепте келешектегі кезеңдер шығысы болып танылды (14 және 20-ескертпелер).

Ұзақ мерзімді қарыз жұмыскерлердің жалақысынан берешекті ұстау арқылы өтеледі. Қарыз жұмыскерлердің жылжымайтын мүлкі түріндегі қамтамасыз етуімен беріледі.



2023 жыл ішінде Топ 2038 жылы өтелу мерзімімен және жылдық 0,1% пайыздық мөлшерлемемен (2022 жыл: 0,1%) 694.932 мың теңге (2022 жыл: 908.440 мың теңге) сомаға «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ға ұзақ мерзімді депозиттер орналастырды. Жұмыскерлер Компанияда жұмыс істейтін жағдайда ғана салым кепілдігімен банктен пайызсыз қарыз алуға құқылы. Жұмыскер жұмыстан шыққан жағдайда Компания қарызды толық өтеуін талап етуге құқылы. Бұл банк депозиттері нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланумен берілген күнге дисконтталды және әділ құны мен номиналдық сомасы арасындағы 591.420 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық қаржылық жағдай туралы шоғарыландырылған есепте келешектегі кезеңдер шығысы болып танылды (20-ескертпе).

2023 жылы Топ 810.299 мың теңге соманы алды (2022 жылы: 921.972 мың теңге соманы алды).

# 14. Айналымнен тыс өзге қаржылық емес активтер

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына өзге айналымнан тыс қаржылық емес активтер мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Операторлар бойынша келешектегі кезең шығыстар | 6.346.624 | 6.104.403 |
| Келешектегі кезең шығыстары (13-ескертпе) | 3.832.141 | – |
| Өзгелері | 624.442 | 520.500 |
| | 10.803.207 | 6.624.903 |

# 15. Тауарлы-материалдық қорлар

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына тауарлы-материалдық қорларға мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Ең аз өзіндік құны мен таза сату бағасы бойынша қайта сатуға арналған тауарлар | 6.346.624 | 6.104.403 |
| Өзіндік құны бойынша кәбілдік материалдар | 12.347.563 | 10.036.992 |
| Өзіндік құны бойынша өзге материалдар мен шикізат | 2.084.775 | 1.797.938 |
| Өзіндік құны бойынша отын | 982.480 | 1.059.764 |
| Өзіндік құны бойынша қосалқы бөлшектер | 521.168 | 512.807 |
| | 16.377.249 | 13.857.314 |

2023 жыл ішінде 867.068 мың теңге сома (2022 жыл: 314.205 мың теңге) таза сату бағасы бойынша көрсетілген тауарлы-материалдық қорларға қатысты шығыстар ретінде танылды. Бұл сома 2023 жылы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Жалпы және әкімшілік шығыстар» бабы бойынша көрсетілді.

# 16. Сауда дебиторлық берешек

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешекке мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | 63.179.413 | 58.301.294 |
| | 63.179.413 | 58.301.294 |
| Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (12.423.599) | (12.996.108) |
| | 50.755.814 | 45.305.186 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы болжалды кредитттік залалдар үшін резервтегі қозғалыс мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (12.996.108) | (6.252.535) |
| Бір жылға есептеу (44-ескертпе) | (10.516.790) | (7.464.288) |
| Бір жылдағы есептен шығару | 11.089.299 | 720.715 |
| Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (12.423.599) | (12.996.108) |

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанға Топтың сауда дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицаларын пайдалану арқылы ұсынылған:

| | | Төлемдердің мерзімін өткізіп алу | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Ағымдағы | 1 күннен 30 күнге дейін | 31 күннен 60 күнге дейін | 61 күннен 90 күнге дейін | 91 күннен 120 күнге дейін | 121 күннен 360 күнге дейін | 360 күннен аса | Барлығы |
| Болжалды кредиттік залал пайызы | 0,59% | 3,70% | 12,28% | 21,69% | 19,38% | 44,50% | 100% | |
| Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны | 37.592.094 | 4.964.687 | 2.932.936 | 1.875.032 | 1.287.736 | 6.350.750 | 8.176.178 | 63.179.413 |
| Болжалды кредиттік залал | (221.793) | (183.693) | (360.165) | (406.694) | (249.563) | (2.825.513) | (8.176.178) | (12.423.599) |

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға Топтың сауда дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицаларын пайдалану арқылы ұсынылған:

| | | Төлемдердің мерзімін өткізіп алу | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Ағымдағы | 1 күннен 30 күнге дейін | 31 күннен 60 күнге дейін | 61 күннен 90 күнге дейін | 91 күннен 120 күнге дейін | 121 күннен 360 күнге дейін | 360 күннен аса | Барлығы |
| Болжалды кредиттік залал пайызы | 0,68% | 7,60% | 23,01% | 18,23% | 26,31% | 74,14% | 100% | |
| Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны | 35.640.680 | 6.712.577 | 1.773.035 | 1.557.994 | 791.946 | 1.856.360 | 9.968.702 | 58.301.294 |
| Болжалды кредиттік залал | (240.876) | (509.907) | (407.929) | (283.988) | (208.392) | (1.376.314) | (9.968.702) | (12.996.108) |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың сауда дебиторлық берешегі мынадай валюталармен берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | 45.965.387 | 43.123.448 |
| АҚШ доллары | 4.462.789 | 1.972.245 |
| Еуро | 304.893 | 200.812 |
| Ресей рублі | 16.368 | – |
| Басқа валютада | 6.377 | 8.681 |
| | 50.755.814 | 45.305.186 |

# 17. Аванстық төлемдер

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына аванстық төлемдерге мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Аванстық төлемдер | 10.049.585 | 6.211.957 |
| Минус: құнсыздану резерві | (354.497) | (5.719) |
| | 9.695.088 | 6.206.238 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсыздану үшін резерв қозғалысы:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына құнсыздану резерві | (5.719) | (9.136) |
| Бір жылда есептелгені | (385.726) | (103.649) |
| Бір жылда есептен шығарылғаны | 36.948 | 107.066 |
| Жыл соңына құнсыздану резерві | (354.497) | (5.719) |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына қысқа мерзімді активтерге төленген аванстар Топтың операциялық қызметі үшін қызметтер мен ТМҚ жеткізгені үшін мердігерлерге берілді.



# 18. Айналымдағы өзге де қаржылық активтер

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де қаржылық активтерге мыналар:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Банк депозиттері | 3.503.379 | 3.399.500 |
| Жұмыскерлерге берілген қарыз (13-ескертпе) | 1.800.016 | 1.235.750 |
| Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты | 912.769 | 912.769 |
| Жұмыскерлердің берешегі | 494.924 | 375.093 |
| Өзге де дебиторлық берешек | 3.660.451 | 3.643.862 |
| | 10.371.539 | 9.566.974 |
| Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (5.091.480) | (5.192.904) |
| | 5.280.059 | 4.374.070 |

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарды қамтуға резерв «Эксимбанк Қазақстан» АҚ таратылуына байланысты банкте орналастырылып, депозитке есептелген 3.399.500 мың теңге мөлшеріндегі резерв кіреді.

Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты банк операцияларын жүзеге асыруға лицензияны қайтарып алуға байланысты өндіріп алуға ықтималдығы аз ретінде бағаланатын «Қазинвестбанк» АҚ мен «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-дағы шоттарда тиісінше, 413.315 мың теңге және 499.454 мың теңге сомаға ақша қаражатын білдіреді. Болжалды кредиттік залалдар үшін резерв осы ақша қаражатының барлық сомасына ескерілген.

2023 жыл бойы Топ “Сбербанк России” ЖАҚ-ға 3 (үш) айдан артық, бірақ 12 (он екі) айдан кем емес бастапқы өтеу мерзімімен 5,8% пайыздық мөлшерлемемен ресей рублінде 101.200 мың теңге сомаға банк депозиттерін орналастырды.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін болжалды кредиттік залалдар резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (5.192.904) | (5.056.469) |
| Бір жылда қалпына келтірілгені/(есептелгені/(44-ескертпе) | 65.659 | (155.468) |
| Бір жылға есептен шығару | 35.765 | 19.033 |
| Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резервц | (5.091.480) | (5.192.904) |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де қаржылық активтерге мынадай валютада көрсетіледі:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | 4.738.056 | 4.369.873 |
| АҚШ доллары | 438.124 | 4.197 |
| Ресей рублі | 103.879 | – |
| | 5.280.059 | 4.374.070 |

# 19. Амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер

2023 жыл ішінде Топ сатып алу бағасы 338.710 мың АҚШ доллары (154.705.538 мың теңгеге балама) болатын АҚШ Қаржы министрлігінің (US Treasury bills) дисконтты халықаралық облигацияларын сатып алды және 1.798.559 мың теңге мөлшеріндегі пайыздық кіріспен номиналдық құны 290.714 мың АҚШ доллары (111.210.398 мың теңгеге балама) болатын дисконтты халықаралық облигацияларды өтеді.

2023 және 2022 жылдары Топ сатып алу бағасы сәйкесінше 40.544.740 мың теңге және 84.163.285 мың теңге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің («ҚРҰБ») қысқа мерзімді дисконтты ноталарын сатып алды.

2023 жылы 743.689 мың теңге мөлшеріндегі пайыздық кірісімен номиналдық құны 55.357.750 мың теңге болатын ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталарын өтеді (2022 жылы: 649.725 мың теңге және 69.350.275 мың теңге).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер мыналарды құрайды:

| Мың теңгемен | Өтеу күні | Өтеудегі кірістілік | Номиналдық құны | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| US Treasury bills | 2024 жылғы 25 қаңтар | 5,38% | 11.769.468 | 11.679.960 | – |
| US Treasury bills | 2024 жылғы 25 қаңтар | 5,30% | 18.274.221 | 18.181.790 | – |
| US Treasury bills | 2024 жылғы 25 қаңтар | 5,33% | 15.974.147 | 15.909.063 | – |
| ҚРҰБ ноталары | 2023 жылғы 25 қаңтар | 16,46% | 15.000.000 | – | 14.832.821 |
| | | | 61.017.836 | 45.770.813 | 14.832.821 |

Топ амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерді шартта көзделген ақша ағындары негізгі сома және пайыздар болып табылады деген шартпен таныды және қаржылық активтер шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін тиісті бизнес-модель шеңберінде ұсталады.



# 20. Айналымдағы өзге де қаржылық емес активтер

31 желтоқсанға айналымдағы өзге де активтерге мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Өтелуге ҚҚС | 3.789.491 | 4.355.432 |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа, алдын ала төленген салықтар | 3.762.458 | 3.143.939 |
| Операторларды қосу бойынша келешектегі кезеңдер шығыстары | 1.662.375 | 1.293.116 |
| Келешектегі кезеңдер шығыстары (13-ескертпе) | 591.420 | – |
| Өзгелері | 3.349.885 | 3.277.931 |
| | 13.155.629 | 12.070.418 |

# 21. Ақша қаражаты мен оның баламалары

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі ашылу күнінен бастап 90 күннен аз депозиттер | 65.453.268 | 95.672.493 |
| Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты | 5.520.606 | 146.451.791 |
| Кассадағы ақша қаражаты | 14.263 | 8.516 |
| | 70.988.137 | 242.132.800 |
| Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (3.399) | (10.646) |
| | 70.984.738 | 242.122.154 |

2023 жылы ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатына жылдық 0,5-дан 12%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлеме бойынша пайыздар есептелді (2022 жыл: жылдық 0,1-ден 7,25%-ға дейін).

Қысқа мерзімді банк депозиттері бойынша 3% пайыздан 15,25% дейін сыйақы есептелді (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 15,60%-ға дейін).

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталарда берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | 41.840.133 | 149.734.206 |
| Теңге | 28.866.082 | 90.509.732 |
| Еуро | 202.685 | 1.343.271 |
| Ресей рублі | 35.545 | 422.368 |
| Өзгелері | 40.293 | 112.577 |
| | 70.984.738 | 242.122.154 |

31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін болжалды кредиттік залал үшін резервтегі қозғалыс:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (10.646) | (8.242) |
| Бір жылда қалпына келтірілген/( есептелгені) (44-ескертпе) | 7.247 | (2.404) |
| Жыл соңына болжалды кредиттік залалдар үшін резерв | (3.399) | (10.646) |

# 22. Капитал

## Жарияланған және шығарылған акциялар

| | Акциялар саны | | Мың теңгемен | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Жай акциялар | Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Жай акциялар | Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Барлық шығарылған акциялар |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 10.922.876 | 1.213.653 | 10.922.876 | 1.213.653 | 12.136.529 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 10.922.876 | 1.213.653 | 10.922.876 | 1.213.653 | 12.136.529 |



## Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

| | Акциялар саны | | Мың теңгемен | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Жай акциялар | Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Жай акциялар | Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Барлық шығарылған акциялар |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 216.852 | 914.868 | 3.052.617 | 4.012.997 | 7.065.614 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 216.852 | 914.868 | 3.052.617 | 4.012.997 | 7.065.614 |

### Дивидендтер

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің міндетті мөлшері Компания Жарғысына сәйкес бір акцияға шаққанда 300 теңгені құрайды. Тиісінше, артықшылықты акциялар құрамдастырылған қаржы құралдары болып табылады, демек міндеттемелер мен капиталда ескерілетін компоненттер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен міндеттемелер немесе капитал құрамында көрсетіледі. 2023 жылғы 31 желтоқсанға 89.636 мың теңге сомасындағы белгіленген дивидендтер есептелінді (2022 жыл: 89.636 мың теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте туралы есепте пайыздар бойынша шығыс ретінде көрсетіледі (39-ескертпе).

2023 жылғы 27 қазанда «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде Компания 2022 жылдың қорытындысы бойынша 818.181 мың теңге сомасында артықшылықты акциялар бойынша қосымша дивидендтерді және 32.528.755 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 983.119 мың теңге және 38.438.802 мың теңге) мөлшерінде жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялады.

31 желтоқсанға аяқталғана жылдар үшін төленетін дивидендтер:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына төленетін дивидендтер | 17.573 | 17.573 |
| Бас компанияның акционерлеріне жай акциялар бойынша жарияланған дивидендтер | 32.528.755 | 38.438.802 |
| Міндетті мөлшерден тыс артықшылықты акцияларға жарияланған дивидендтер | 818.181 | 983.119 |
| Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс(39-ескертпе) | 89.636 | 89.636 |
| Бас компанияның акционерлеріне төленген дивидендтер | (33.411.753) | (39.511.557) |
| Жылдың соңына төленетін дивидендтер (29-ескертпе) | 42.392 | 17.573 |

2023 жыл үшін Топ дивидендтер бойынша төлем көзінде 38.960 мың теңге (2022 жыл: 909 мың теңге) мөлшерінде салық төледі.

### Өзге резервтер

Жарғыға сәйкес Компания жарияланған жарғылық капиталдың 15% мөлшерінде резервтік капитал құрды. Бұл резервтік капитал бөлінбеген пайдадан құрылды. 2023 және 2022 жылдары резервтік капиталда қозғалыс болған жоқ.

### Шетел валютасын қайта есептеу жөніндегі резерв

Шетел валютасын қайта есептеу қоры функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын және қаржылық есептілігі 3-ескертпеде ашылған есеп саясатына сәйкес, шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілетін еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмаларды көрсету үшін пайдаланылады.

### Бір акцияға шаққандағы пайда

Бір акцияға шаққандағы базалық пайда Компанияның жай акцияларын ұстаушылар арасында бөлінуге жататын жыл ішіндегі таза пайданы (артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің таза сомасын ескере отырып түзетілген) жыл ішінде орналастырылған жай және артықшылықты акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі.

Бір акцияға шаққандағы бөліктелген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға тең, өйткені Топта қандайда бір бөліктелген әлеуетті жай акциялар жоқ.

Төмендегі кестеде бір акцияға шаққандағы негізгі және бөліктелген пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Таза пайда | 93.067.044 | 114.117.977 |
| Айырбасталымды артықшылықты акциялар бойынша пайыздар (39-ескертпе) | 89.636 | 89.636 |
| Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайданы есептеу үшін таза пайда | 93.156.680 | 114.207.613 |
| Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайданы есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орташа өлшенген саны | 11.004.809 | 11.004.809 |
| Бір акцияға шаққандағы базалық және бөліктелген пайда, теңге | 8.465,09 | 10.377,97 |

### Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») талаптарына сәйкес ашылатын қосымша ақпарат

***ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген жай акциялар құны***

Төменде ҚҚБ талаптарын сәйке есептелген бір жай акцияның құны көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Барлық актив | 1.483.000.341 | 1.286.733.815 |
| Минус: гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтер | 494.391.460 | 347.543.744 |
| Минус: барлық міндеттеме | 679.338.004 | 556.125.992 |
| Минус: : сатып алынған акцияларды шегергендегі артықшылықты акциялардың номиналды құны | 298.785 | 298.785 |
| ҚҚБ талаптарына сәйкес жай акциялар құнын есептеу үшін таза активтер | 308.972.092 | 382.765.294 |
| Жай акциялар саны | 10.706.024 | 10.706.024 |
| ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген бір жай акцияның құны (теңгемен) | 28.860 | 35.752 |

Артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың иелеріне төленетін дивидендтер мөлшері ақпаратты ашуға қойылатын тағы бір талап болып табылады. Бір артықшылықты дауыс бермейтін акцияның баланстық құны артықшылықты дауыс бермейтін акциялар санына бөлінген дауыс бермейтін артықшылықты акцияларды ұстаушыларға тиесілі капитал мен дауыс бермейтін артықшылықты акциялардың қарыздық құрамдасы сомасы ретінде есептеледі. ҚҚБ талаптарына сәйкес акционерлер, олардың төлем деректемелері туралы өзекті ақпараттың болмағындықтан төленбейтін артықшылықты акциялар бойынша төленуге жататын дивидендтер есепке алынбайды. 2023 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 21.473 теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 3.727 теңге) құрады.

# 23. Қарыз

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына қарыз мыналардан тұрды:

| Мың теңгемен | Орташа есептелген тиімді пайыздық мөлшерлеме | 2023 жыл | Орташа есептелген тиімді пайыздық мөлшерлеме | 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Пайыздық мөлшерлемесі бекітілген қарыздар | 15,90% | 168.557.967 | 10,99% | 125.061.369 |
| Пайыздық мөлшерлемесі бекітілген облигациялар | 11,85% | 122.833.631 | 11,86% | 122.815.508 |
| | | 291.391.598 | | 247.876.877 |

Қарызды өтеу мерзімі мынадай түрде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Қарыздың ағымдағы бөлігі | 80.589.678 | 25.018.246 |
| 1 жылдан 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен | 46.839.056 | 110.270.990 |
| 2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен | 155.473.741 | 101.977.816 |
| Өтеу мерзім 5 жылдан аса | 8.489.123 | 10.609.825 |
| Қарыздың барлық ұзақ мерзімді бөлігі | 210.801.920 | 222.858.631 |
| Барлық қарыз | 291.391.598 | 247.876.877 |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз мынаны құрады:

| Қарыз | Өтеу күні | Валюта | Тиімді сыйақы мөлшерлемесі | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | | | | | |
| Кредиттік желі KS 02-19-06 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-19-06-01 | 21-мамр-27 | Теңге | 12,2% | 36.955.885 | 47.508.167 |
| Кредиттік желі KS 02-23-05 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-05-01 | 15-қырк-2 | Теңге | 20,1% | 992.321 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-05-02 | 21-қырк-26 | Теңге | 20,1% | 2.805.767 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-05-02 | 16- крш-26 | Теңге | 19,5% | 2.566.437 | |
| Кредиттік желі KS 02-23-40 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-40-01 | 20-крш-24 | Теңге | 19,5% | 10.113.333 | |
| Кредиттік желі KS 02-23-06 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-8 | 8-қырк-26 | Теңге | 20,1% | 17.139.778 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-9 | 29-қырк-26 | Теңге | 20,2% | 5.755.910 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-10 | 13-қзн-26 | Теңге | 19,5% | 975.141 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-11 | 26-қзн-26 | Теңге | 19,5% | 5.027.218 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-12 | 2-крш-26 | Теңге | 19,5% | 824.400 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-13 | 3-крш-26 | Теңге | 19,5% | 998.130 | |



(Жалғасы)

| Қарыз | Өтеу күні | Валюта | Тиімді сыйақы мөлшерлемесі | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-14 | 16-крш-26 | Теңге | 19,5% | 818.000 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-15 | 23-крш-26 | Теңге | 19,5% | 5.655.450 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-16 | 23-крш-26 | Теңге | 19,5% | 957.860 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-17 | 30-крш-26 | Теңге | 19,2% | 2.639.740 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-18 | 30-крш-26 | Теңге | 19,2% | 826.899 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-19 | 7-желт-26 | Теңге | 19,2% | 992.563 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-20 | 14-желт-26 | Теңге | 19,2% | 1.774.752 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-21 | 22-желт-26 | Теңге | 19,2% | 4.419.525 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-22 | 22-желт-26 | Теңге | 19,2% | 2.149.496 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-23 | 28-желт-26 | Теңге | 19,2% | 2.303.402 | |
| Қарыз туралы келісім KD 02-23-06-24 | 28-желт-26 | Теңге | 19,2% | 1.001.479 | |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | | | | | |
| Кредиттік желі 39-СМ-А/05-02 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 164-А/05-02 | 19-желт-24 | Теңге | 7,12% | 2.852.241 | 5.704.483 |
| Кредиттік желі 40-СМ-А/05-02 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 19-желт-24 | Теңге | 7,12% | 1.881.410 | 3.134.926 |
| Кредиттік желі СМ-170-19 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 30-жаус-32 | Теңге | 8% | 4.916.402 | 5.462.670 |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 30- маус -32 | Теңге | 8% | 4.818.181 | 5.353.534 |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 30- маус -32 | Теңге | 8% | 4.035.513 | 4.483.903 |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 30- маус -32 | Теңге | 8% | 4.137.427 | 4.597.141 |
| Қарыз туралы келісім ДБЗИ 215-А/05 | 30- маус -32 | Теңге | 8% | 1.416.150 | 1.572.798 |

(Жалғасы)

| Қарыз | Өтеу күні | Валюта | Тиімді сыйақы мөлшерлемесі | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ | | | | | |
| Кредиттік желі #232001 | | | | | |
| Транш #1 | 25-желт-26 | Теңге | 17,5% | 6.200.000 | – |
| Кредиттік желі #192004 | | | | | |
| Транш #1 | 1- маус -24 | Теңге | 10,85% | 2.094.806 | 2.033.153 |
| Транш #2 | 23-ақп-2026 | Теңге | 17,8% | 3.000.000 | – |
| Транш #3 | 23-ақп-2026 | Теңге | 17,8% | 10.000.000 | – |
| «Нұрбанк» АҚ | | | | | |
| Кредиттік желі #10/23-00 | | | | | |
| Қарыз туралы келісім 1-10/23-00 | 8-қырк-2026 | Теңге | 18,7% | 15.000.000 | – |
| «First Heartland Jusan Bank» АҚ | 10-қрш-2024 | Теңге | 11,624% | 512.351 | 40.209.056 |
| «Банк ВТБ» АҚ | 15-қаз-2023 | Теңге | 11,9% | – | 5.001.538 |
| | | | | 168.557.967 | 125.061.369 |

### “Қазақстан Халық Банкі” АҚ

***Кредиттік желі KS 02-19-06***

2023 жыл ішінде Топ 10.428.192 мың теңге мөлшерінде кредит бойынша негізгі қарызды және 5.118.432 мың теңге мөлшерінде пайызды (2022 жыл: тиісінше 10.428.192 мың теңге және 6.331.832 мың теңге) өтеді.

***Кредиттік желі KS 02-23-05***

2023 жылғы 14 ақпанда Топ “Қазақстан Халық Банкі” АҚ-да күрделі шығындарды қаржыландыру мақсатында 40.000.000 мың теңге сомаға жаңартылмайтын кредиттік желі ашты. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған қарыз сомасынан жылдық 2% (екі пайыз) қосқанға тең, кредиттік желі мерзімі – 60 ай, Транштар мерзімі –36 айға дейін, қамтамасыз етусіз.

2023 жыл ішінде Топ осы кредиттік желі бойынша 6.623.292 мың теңге алды, 342.982 мың теңге мөлшерінде негізгі қарызды және 192.470 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді. Өтеу мерзімі қаржыландыру күнінен бастап 36 ай.

***Кредиттік желі KS 02-23-40***

2023 жылғы 17 қарашада Топ “Қазақстан Халық Банкі” АҚ-да жалпыкорпоративтік шығыстарды, айналым қаражатын толықтыруды қаржыландыру мақсатында 20.000.000 мың теңге сомаға жаңартылатын кредиттік желі ашты. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған қарыз сомасынан жылдық 2% (екі пайыз) қосқанға тең, кредиттік желі мерзімі – 36 ай, Транштар мерзімі – 24 айға дейін, қамтамасыз етусіз.

2023 жыл ішінде Топ осы кредиттік желі бойынша 10.000.000 мың теңге алды, негізгі қарыз бен пайыз өтелген жоқ. Өтеу мерзімі қаржыландыру күнінен бастап 12 ай.

***Кредиттік желі KS 02-23-06***

2023 жылы ақпан айында Топ күрделі шығындарды қаржыланыру мақсатында 50.000.000 мың теңге лимитпен “Қазақстан Халық Банкі” АҚ-мен жаңартылмайтын кредиттік желі туралы келісімге қол қойды. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған банк қарызының сомасынан жылдық 2% (екі пайыз) қосқанға тең, кредиттік желі мерзімі – 24 ай, Транштар мерзімі – 36 айға дейін, қамтамасыз етусіз.

2023 жылғы қыркүйек айында Топ 40.500.000 мың теңге жаңартылатын лимитімен айналым қаражатын толықтыру мақсатында қолданыстағы кредиттік желіге қосымшаға қол қойып, лимитті 90.500.000 мың теңгеге дейін ұлғайтты. 2023 жыл ішінде Топ кредиттік желі аясында 82.761.450 мың теңге сомаға транштар алды. 2023 жыл ішінде Топ кредит бойынша 29.157.000 мың теңге негізгі қарызды және 2.847.683 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді.

### “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ

***Кредиттік желі 39-СМ-А/05-02***

2023 жыл ішінде Топ 2.846.154 мың теңге негізгі қарызы және 348.654 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді (2022 жыл шінде: тиісінше 2.846.154 мың теңге және 546.501 мың теңге).

***Кредиттік желі 40-СМ-А/05-02***

2023 жыл ішінде Топ 1.213.031 мың теңге негізгі қарызды және 244.881 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді (2022 жыл ішінде: тиісінше: 1.213.032 мың теңге және 353.597 мың теңге).

***Кредиттік желі СМ-170-19***

2023 жыл ішінде Топ 2.133.333 мың теңге негізгі қарызды және 1.502.187 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді (2022 жыл ішінде: тиісінше 2.133.333 мың теңге және 1.651.723 мың теңге).

### “Қазақстандағы Қытай Банкі” ЕБ АҚ

***Кредиттік желі #232001***

2023 жыл ішінде Топ “Қазақстандағы Қытай Банкі” ЕБ АҚ-мен кредиттік желі туралы келісім аясында 6.200.000 мың теңге мөлшерінде қарыз алды. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған жылдық 0,5% қосқанға тең, кредиттік желі мерзімі – 36 ай, Транштар мерзімі – 12 айға дейін, қамтамасыз етусіз.

***Кредиттік желі #192004***

2023 жылы маусым айында Топ “Қазақстандағы Қытай Банкі” ЕБ АҚ-дан 13.000.000 мың теңге мөлшерінде қосымша транш алды. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған жылдық 0,5% қосқанға тең.

2023 жыл ішінде Топ 1.348.799 мың теңгемөлшерінде пайыз өтеді (2022 жыл ішінде: 11.000.000 мың теңге мөлшерінде негізгі қарыз және 1.026.854 мың теңге мөлшерінде пайыз).

### «Нұрбанк» АҚ

***Кредиттік желі #10/23-00***

2023 жылы 8 қыркүйекте Топ «First Heartland Jusan Bank» АҚ-дағы өз қарыздарын қайта қаржыландыру үшін «Нұрбанк» АҚ-дан 15.000.000 мың теңге лимитпен жаңартылатын кредиттік желі ашты. Бұл кредиттік желі бойынша пайыздық мөлшерлеме бекітілген және қарыз берілген күнге қолданыстағы ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және оған жылдық 0,77% қосқанға тең.

2023 жыл ішінде Топ 15.000.000 мың теңге мөлшерінде несие алды және 647.625 мың теңге мөлшерінде пайыз өтеді.

### «First Heartland Jusan Bank» АҚ

2023 жылы 2 тамызда Топ “First Heartland Jusan Bank” АҚ-дан Топ банктің үлестес тұлғасы болуына байланысты 2023 жылғы 25 тамызға дейін Кредиттік келісім бойынша толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыру өтінішімен хат алды. 2023 жылғы 8 қыркүйекте Топ 40.000.000 мың теңге

мөлшерінде берешегін өтеді. 2023 жылдың 31 желтоқсанына берешек қалдығы 500.000 мың теңгені құрайды.

**«ВТБ Банк» АҚ**

2020 жылы 28 қазанда Топ «ВТБ Банкі» АҚ ЕБ-мен кредиттік желісі аясында 2023 жылдың қазан айына дейінгі өтеу мерзімімен жылдық 10,7% пайыздық мөлшерлемемен 6.000.000 мың теңге сомаға қарыз алды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда Топ кредиттік желіні 6.000.000 мың теңгеден 7.000.000 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы «ВТБ Банкі» АҚ ЕБ-мен қосымша келісімге қол қойды және өтеу мерзімі 2023 жылғы 15 қазанға дейін және жылдық 10,7% пайыздық көреткішімен 1.000.000 мың теңге алды. 2023 жыл ішінде Топ 5.000.000 мың теңге мөлшерінде негізгі қарызды толығымен және 233.055 мың теңге мөлшерінде пайызды өтеді (2022 жыл ішінде: тиісінше 2.000.000 мың теңге және 574.868 мың теңге).

**Қарыздық бағалы қағаздар**

2023 жылдың 31 желтоқсаны мен 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған қарыздық бағалы қағаздар мынадардан құралды:

| Облигациялар | Өтеу күні | Валюта | Тиімді сыйақы мөлшерлемесі | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| «Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (KZTKb4) | Июнь 2026 года | Теңге | 11,86% | 80.261.964 | 80.243.841 |
| «Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (KTCB.1024) (44-ескертпе) | Ноябрь 2024 года | Теңге | 11,84% | 42.571.667 | 42.571.667 |
| | | | | 122.833.631 | 122.815.508 |

***«Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (KZTKb4)***

2019 жылғы 19 маусымда Топ "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ға жалпы сомасы 80.000.000 мың теңге, тиімді мөлшерлемесі 11,86% және өтеу мерзімі 2026 жылғы маусымда келетін облигацияларды орналастырды. Бір облигацияның номиналды құны – бір мың теңге.

2023 жыл ішінде Топ 9.200.001 мың теңге сомаға пайыз төледі (2022 жыл: 9.200.001 мың теңге мөлшерінде пайыз).

***«Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (KTCB.1024)***

2018 жылғы 6 қарашада және 12 желтоқсанда Топ "Астана" халықаралық қаржы орталығының ("AIX") биржасында 100.000.000 мың теңге сомасында купондық облигациялар листингін жүзеге асырды, тиімді мөлшерлемесі 11,84% және өтеу мерзімі 2024 жылғы қарашада. Бір облигацияның номиналды құны – бір мың теңге. Осы шығарылымдар бойынша облигацияларды Бас компания сатып алды.

2020 жылғы 10 желтоқсанда Топ Бас компаниядан 2024 жылғы 1 қарашаға дейінгі өтеу мерзімімен 25.000.000 мың теңге мөлшерінде жергілікті облигацияларды сатып алды. 2022 жылы Топ 34.000.000 мың теңге сомаға облигациялардың бір бөлігін мерзімінен бұрын сатып алды.

2023 жыл ішінде Топ 4.715.000 мың теңге сомаға пайыз төледі (2022 жыл ішінде: пайыз мөлшері 9.048.583 мың теңге).

**Ковенанттар**

Топ кредиттік шарттардың талаптарына сәйкес қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Қаржылық ковенанттарды сақтамау несие берушілерге несиелерді мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқық береді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ барлық қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды сақтады.

# 24. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау бойынша міндеттемелер

Төменде пайдалану құқығы нысанындағы активтердің баланстық құны және оның жыл ішіндегі өзгерістері берілген:

| Мың теңгемен | Ғимараттар мен құрылыстар* | Желілер мен базалы стансалар жабдығына арналған аудандар * | Жабдық* | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Бастапқы құны | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 18.808.588 | 46.726.363 | 42.848.491 | 108.383.442 |
| Түсімдер | 2.809.442 | 501.403 | – | 3.310.845 |
| Модификация | 412.704 | 2.409.303 | – | 2.822.007 |
| Бұзу | (884.365) | – | – | (884.365) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 21.146.369 | 49.637.069 | 42.848.491 | 113.631.929 |
| Түсімдер | 3.677.328 | 7.806.101 | – | 11.483.429 |
| Модификация (4-ескертпе) | (2.033.389) | 53.607.555 | – | 51.574.166 |
| Негізгі құралдарға аудару (8-ескертпе) | 416.869 | – | (42.848.491) | (42.431.622) |
| Істен шығу | (766.006) | – | – | (766.006) |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 22.441.171 | 111.050.725 | – | 133.491.896 |
| Жинақталған тозу | | | | |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 8.400.230 | 18.908.042 | 10.226.104 | 37.534.376 |
| Жинақталған тозу | 2.986.510 | 7.242.387 | 2.759.563 | 12.988.460 |
| Бұзу | (185.712) | – | – | (185.712) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 11.201.028 | 26.150.429 | 12.985.667 | 50.337.124 |
| Есептелген тозу | 2.994.986 | 7.789.456 | – | 10.784.442 |
| Негізгі құралдарға аудару (8-ескертпе) | (403.279) | – | (12.985.667) | (13.388.946) |
| Істен шығу | (538.031) | – | – | (538.031) |

(Жалғасы)

| Мың теңгемен | Ғимараттар мен құрылыстар* | Желілер мен базалы стансалар жабдығына арналған аудандар * | Жабдық* | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 13.254.704 | 33.939.885 | – | 47.194.589 |
| Қалдық құны | | | | |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | 9.945.341 | 23.486.640 | 29.862.824 | 63.294.805 |
| 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 9.186.467 | 77.110.840 | – | 86.297.307 |

** Топ ағымдағы жылдың таныстырылымына сәйкес салыстырмалы кестені өзгертті.*

2012-2019 жылдары Топ шарттар бойынша төленуге жататын барлық жалдау төлемін өтегеннен кейін заңды иелену құқын кейіннен берумен жабдықты жалдауға «Fit Leasing» ЖШС-мен қаржылық жалдау шарттарын жасады. Топ 2022 жылы «Fit Leasing» ЖШС-мен келісімдер бойынша барлық міндеттемелерді өтеді және 2023 жылы қабылдау актілерін алды. Сәйкесінше, Топ баланстық құны 29.042.676 мың теңге жабдықты негізгі құрал ретінде қайта жіктеді.

Төменде жалдау міндеттемелердің баланстық құны және оның жыл ішіндегі өзгерістері берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына | 40.825.884 | 49.151.576 |
| Түсімдер (44-ескертпе) | 11.483.429 | 3.310.845 |
| Модификация (4-ескертпе) | 51.574.166 | 2.822.007 |
| Істен шығу (44-ескертпе) | (254.802) | (698.653) |
| Пайыздар бойынша шығыстар (39-ескертпе) | 5.255.697 | 5.716.000 |
| Пайыздарды төлеу (44-ескертпе) | (5.255.697) | (5.716.000) |
| Негізгі қарызды ақша қаражатымен өтеу (44-ескертпе) | (12.109.799) | (13.759.891) |
| Кезең соңына | 91.518.878 | 40.825.884 |

Төменде жалдау бойынша ұзақ және қысқа мерзімді міндеттемелердің баланстық құны берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жалдау бойынша міндеттемелер: ұзақ мерзімді бөлігі | 79.673.946 | 28.360.505 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер: қысқа мерзімді бөлігі | 11.844.932 | 12.465.379 |



Төменде пайда және залал құрамында танылған сома көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтерге | 10.757.614 | 12.988.460 |
| Жалға беру міндеттемелері бойынша пайыздық шығындар (39-ескертпе) | 5.255.697 | 5.716.000 |
| Қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен активтерді жалға алу шығыстары (өткізудің өзіндік құнына қосылған) (35-ескертпе) | 1.342.547 | 1.133.982 |
| Қысқа мерзімді жалға алу шығыстары (жалпы және әкімшілік шығыстар қосылған) (36-ескертпе) | 294.290 | 221.786 |
| | 17.650.148 | 20.060.228 |

2023 жылы жалдау бойынша ақшалай шығыстардың жалпы сомасы 19.002.333 мың теңгені құрады, оның ішінде құны төмен активтерді жалға алуға және қысқа мерзімді жалға алуға жататын 1.636.837 мың теңге мөлшерінде ақшалай қаражаттың кетуі (2022 жыл: тиісінше 20.831.659 мың теңге және 1.355.768 мың теңге).

# 25. Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

### Мемлекеттік зейнетақыны қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық және жалақыны есептеу олардың туындауына қарай шығыстарда көрсетіледі. Сондай-ақ Топ жұмыскерлердің жалақысынан тиісінше жинақтаушы зейнетақы қорларына жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін 10 % және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға 2% ұстап қалады. Мұндай шығыстар орын алған кезеңі бойынша көрсетіледі.

### Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

31 желтоқсанға Топтың сыйақы беру бойынша жалпы міндеттемелері мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құны | 14.959.697 | 17.508.382 |
| Басқа ұзақ мерзімді төлемдер бойынша міндеттемелердің дисконтталған құны | 15.107.096 | 18.250.386 |

Белгіленген төлемдері бар Зейнетақы жоспары компания мен жұмыскерлер арасында жасалған Ұжымдық шартқа сәйкес зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауды көздейді. Басқа ұзақ мерзімді төлемдер мерейтойлық күндерге сыйақы төлеуді, жұмыскерлердің қайтыс болуына байланысты төлемдерді және басқаларын қамтиды. Топ мұндай міндеттемелер үшін Қор құрған жоқ.

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарлары бойынша міндеттеменің дисконтталған құнын салыстыру берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына барлық міндеттемелер | 17.508.382 | 22.685.554 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | 735.483 | 833.583 |
| Өткен кезеңдегі қызметтердің құны | – | (9.646.346) |
| Пайыздық шығындар | 1.736.831 | 1.745.547 |
| Жыл ішінде төленген сыйақы | (2.740.028) | (1.457.974) |
| Өзге жиынтық кіріс құрамында жыл ішінде танылған актуарлық залал/(кіріс) | (2.280.971) | 3.348.018 |
| Жыл аяғына барлық міндеттеме | 14.959.697 | 17.508.382 |
| Жыл ішінде төленетін міндеттемелер | (1.181.307) | (1.471.855) |
| Бір жылдан аса уақыттан кейін төленетін міндеттемелер | 13.778.390 | 16.036.527 |

Төменде 31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін белгіленген төлемдермен өзге де ұзақ мерзімді төлемдер бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын салыстырып тексеру берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына барлық міндеттемелер | 742.004 | 689.610 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | 57.056 | 43.184 |
| Өткен кезеңдегі қызметтердің құны | 84.244 | 53.576 |
| Пайыздық шығындар | 73.607 | 51.972 |
| Жыл ішінде төленген сыйақы | (72.981) | (71.745) |
| Өзге жиынтық кіріс құрамында жыл ішінде танылған актуарлық залал/(кіріс) | (736.531) | (24.593) |
| Жыл аяғына барлық міндеттеме | 147.399 | 742.004 |
| Жыл ішінде төленетін міндеттемелер | (90.627) | (91.002) |
| Бір жылдан аса уақыттан кейін төленетін міндеттемелер | 56.772 | 651.002 |

2023 жылы танылған актуарлық пайда негізінен дисконттау мөлшерлемесіне қатысты болжамдардың өзгеруіне және өткен кезеңдердегі түзетулерге байланысты болды (2022 жыл: негізінен ұжымдық шарттағы өзгерістер нәтижесінде алынды).

Ағымдағы қызметтердің құны, пайыздар шығыны және жұмыскерлерге жалпы сомасы 1.950.689 мың теңгеге актуарлық шығындар өткізудің өзіндің құны мен жалпы және әкімшілік шығыстарда көрсетілді (2022 жыл: 6.943.077 мың теңге) (38 және 39-ескертпелер).

Топта танылмаған актуарлық шығындар немесе бұрынғы қызметтердің танылмаған құны болған жоқ.

Міндеттемелерді есептеу кезінде жұмысшылардың өлім-жітім деңгейіне қатысты жарияланған статистика және жұмыскередің санына, жасына, жынысына және жұмыс өтіліне қатысты Топтың нақты деректері пайдаланылды. Топтың зейнетақы жоспарлары бойынша зейнетақы міндеттемелерін айқындау кезінде пайдаланылған басқа да негізгі жорамалдар келесі кестеде көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 10,88% | 9,92% |
| Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы | 12,00% | 9,00% |

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

| | Дисконттау мөлшерлемесі | | Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы | |
|---|---|---|---|---|
| Сезімталдық деңгейі | Рост на 0,5% | Снижение на 0,5% | Рост на by 1% | Снижение на 1% |
| Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал, мың теңгемен | (701.305) | 770.278 | 984.475 | (927.323) |

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

| | Дисконттау мөлшерлемесі | | Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы | |
|---|---|---|---|---|
| Сезімталдық деңгейі | Рост на 0,5% | Снижение на 0,5% | Рост на by 1% | Снижение на 1% |
| Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал, мың теңгемен | (710.018) | 798.215 | 1.033.723 | (912.421) |

Жоғарыда көрсетілген сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемеге негізгі жорамалдардың дәйекті өзгерістері ықпал ететін әдістің негізінде жүргізілді, есепті кезең соңындағы жағдай бойынша олардың мәндері экстраполяциялау арқылы анықталады. Сезімталдық талдауы басқа жорамалдар өзгермейтін жағдайда елеулі жорамалдардың өзгерісіне негізделеді. Сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламасы бойынша міндеттеменің нақты өзгерісін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың өзгерістері бір-біріне қатыссыз өтетіндіктен оның орын алу ықтималдығы төмен.

# 26. Шарт бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер

31 желтоқсанға шарт бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 год | 2022 год |
|---|---|---|
| Операторлармен шарттар бойынша міндеттемелер | 3.241.662 | 4.047.586 |
| Абоненттерді қосу бойынша шарт міндеттемелері | 351.833 | 426.653 |
| Шарттар бойынша өзге де міндеттемелер | 3.495.147 | 3.079.966 |
| | 7.088.642 | 7.554.205 |

Шарт бойынша 31 желтоқсанға міндеттемелер қозғалысы:

| Мың теңгемен | 2023 год | 2022 год |
|---|---|---|
| Шарт бойынша 1 қаңтарға міндеттемелер | 34.296.312 | 30.068.781 |
| Жыл ішінде келешектегі кезеңдерге жатқызылғаны | 355.785.268 | 287.690.513 |
| Түсім ретінде танылғаны | (350.378.448) | (283.462.982) |
| Шарт бойынша 31 желтоқсанға міндеттемелер | 39.703.132 | 34.296.312 |
| Қысқа мерзімді (30-ескертпе) | 32.614.490 | 26.742.107 |
| Ұзақ мерзімді | 7.088.642 | 7.554.205 |

# 27. Активтерді тарату бойынша міндеттемелер

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резерв ақша ағындарын бағалауды пайдалана отырып, учаскелер мен объектілерді бастапқы жағдайына дейін қалпына келтіруге арналған күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша көрсетіледі және нақты актив құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары салыққа дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, бұл оларды пайдаланудан шығару міндеттемелеріне тән тәуекелдерді көрсетеді.

31 желтоқсанға активтерді шығару жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтің қозғалысы:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға активтерді тарату бойынша міндеттемелер үшін резерв | 9.542.760 | 10.284.324 |
| Есептелген/(қалпына келтірілген) резервтер (8-ескертпе) | 3.227.077 | (1.352.105) |
| Дисконт амортизациясы (39-ескертпе) | 1.847.576 | 610.541 |
| Резервті пайдалану | (81.522) | – |
| 31 желтоқсанға активтерді тарату бойынша міндеттемелер резерві | 14.535.891 | 9.542.760 |
| Қысқа мерзімді бөлігі (31-ескертпе) | 955.785 | 2.947.595 |
| Ұзақ мерзімді бөлігі | 13.580.106 | 6.595.165 |

# 28. Сауда кредиторлық берешек

31 желтоқсанға сауда кредиторлық берешекке мыналар кірді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Негізгі құралдарды жеткізуге сауда кредиторлық берешек | 78.262.370 | 56.524.594 |
| Көрсетілген қызметтер үшін сауда кредиторлық берешек | 26.239.149 | 46.382.181 |
| Алынған ТМҚ үшін сауда кредиторлық берешек | 2.311.508 | 1.925.479 |
| | 106.813.027 | 104.832.254 |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешекке пайыз есептелген жоқ.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек мынадай валюталармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | 85.797.617 | 98.267.568 |
| Еуро | 14.545.753 | 3.035.534 |
| АҚШ доллары | 6.257.046 | 3.137.656 |
| Ресей рублі | 205.951 | 384.720 |
| Өзгелері | 6.660 | 6.776 |
| | 106.813.027 | 104.832.254 |

# 29. Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер

31 желтоқсанға өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жұмыскерлермен есептесу | 29.093.300 | 24.352.049 |
| Төленуге тиіс дивидендтер (22-ескертпе) | 42.392 | 17.573 |
| Өзгелері | 3.730.176 | 3.247.259 |
| | 32.865.868 | 27.616.881 |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелерге пайыздар есептелінбеді, қалдықтар көбінесе теңгемен көрсетілді.



# 30. Шарт бойынша қысқа мрезімді міндеттемелер

31 желтоқсанға  шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Алынған аванстар | 30.584.127 | 24.597.725 |
| Операторлармен шарттар бойынша міндеттемелер | 1.567.271 | 1.678.156 |
| Абоненттерді қосуға шарттар бойынша міндеттемелер | 227.587 | 261.527 |
| Шарттар бойынша өзге міндеттемелер | 112.568 | 85.025 |
| Өзгелері | 122.937 | 119.674 |
| | 32.614.490 | 26.742.107 |

Алынған аванстар клиенттерге телекоммуникациялық байланыс, интернет,  IP TV қызметтерін көрсеткені үшін алдын ала төлемді білдіреді.

# 31. Қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер

31 желтоқсанға өзге қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Бағалау міндеттемелері | | |
| Шарттық міндеттемелер мен айыппұлдар бойынша сот шағымдары | 2.061.971 | 3.684.675 |
| Салық тәуекелдері бойынша бағалау міндеттемелері | 2.025.935 | 1.910.312 |
| Активтердің шығарылуы бойынша міндеттемелер (27-ескертпе) | 955.785 | 2.947.595 |
| | 5.043.691 | 8.542.582 |
| Өзге қаржылық емес міндеттемелер | | |
| Табыс салығынан басқа, төлемге салық | 7.250.355 | 4.249.869 |
| Зейнетақы қорларымен есептесу | 1.187.388 | 1.009.829 |
| Өзгелері | 811.894 | 703.727 |
| | 9.249.637 | 5.963.425 |
| | 14.293.328 | 14.506.007 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы салық тәуекелдері бойынша бағалау міндеттемелеріндегі өзгерістер:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға бағалау міндеттемелері | 1.910.312 | 3.842.611 |
| Салық тәуекелдері бойынша бағалау міндеттемелерін есептеу | 115.623 | 1.019.959 |
| Пайдалану | – | (822.012) |
| Салықты және онымен байланысты айыппұлдар мен өсімақыларды кері қайтару | – | (2.130.246) |
| 31 желтоқсанға бағалау міндеттемелері | 2.025.935 | 1.910.312 |

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша резервтер Топтың салық тәуекелдері бойынша жинақталған резерв болып табылады. 2023 жыл ішінде Топ корпоративтік табыс салығы мен төлем көзіндегі салық бойынша 115.623 мың теңге мөлшерінде резервті есептеді. Компания талдау жүргізіп, жоя алмайтын немесе елеулі деңгейде төмендете алмайтын тәуекелдерге қаражат аударды.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін шарттық міндеттемелер мен айыппұлдар бойынша сот талаптарындағы өзгерістер:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға бағалау міндеттемелері | 3.684.675 | 3.684.675 |
| Сот шешімі бойынша төлем (45-ескертпе) | (2.762.348) | – |
| Айыппұлдар мен өсімақылар бойынша резервті кері қайтару (40-ескертпе) | (721.000) | |
| Резервтерді есептеу (40-есекртпе) | 1.860.644 | – |
| 31 желтоқсанға бағалау міндеттемелері | 2.061.971 | 3.684.675 |

2023 жылы Топ Басшылық ықтимал деп санайтын келісімшарттық міндеттемелер бойынша айыппұлдар мен өсімақылармен байланысты 1.860.644 мың теңге мөлшерінде резерв есептеді (40-ескертпе). 721.000 мың теңге мөлшеріндегі айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы бойынша резервтің бір бөлігі 2023 жылы кері қайтарылды (44-ескертпе).



# 32. Мемлекеттік субсидиялар

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына мемлекеттік субсидиялар мыналарды қамтыды:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға мемлекеттік субсидиялар | 26.857.966 | 18.798.488 |
| Бір жыл ішінде алынғаны | 22.778.254 | 14.391.376 |
| Пайда мен шығын туралы есепте көрсетілгені | (9.459.782) | (6.331.898) |
| 31 желтоқсанға мемлекеттік субсидиялар | 40.176.438 | 26.857.966 |
| Қысқа мерзімді бөлігі | 8.414.199 | 6.167.493 |
| Ұзақ мерзімді бөлігі | 31.762.239 | 20.690.473 |

2021 жылы Үкімет жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану қағидаларына (“Қағидалар”) өзгерістерді бекітті, олардың негізінде Топ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемді 90%-ға төмендету түрінде мемлекеттік субсидиялар алуға құқылы. Мемлекеттік субсидиялар талаптарды сақтау шартымен беріледі, атап айтқанда ауылдық және қалалық жерлерде интернетке кең жолақты қатынауға байланысты жобаларды қаржыландыру. Егер кеңжолақты интернетке қатынауға байланысты жобаларды қаржыландыру алынған салық жеңілдіктерінің сомасынан аз болса, онда Топ радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемді билік органдары алдындағы орындалмаған міндеттемелердің сомасы мөлшерінде төлеуі керек.

22.778.254 мың теңге мөлшеріндегі 2023 жылы радиожиіліктерді пайдалану үшін жылдық төлемді төмендету нәтижесінде босатылған қаражатты Топ сәйкесінше интернетке кеңжолақыт қатынау желілерін сатып алуға және салуға жұмсады. Активтермен байланысты мемлекеттік субсидиялар кейінге қалдырылған кіріс деп танылады және ол активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде жүйелі түрде пайда мен зала құрамында танылады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келешектегі кезеңдерге танылған кірістердің қалдығы 40.176.438 мың теңгені құраған (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 26.857.966 мың теңге), ал тиісті амортизациялық шегерімдерді жабуға қажетті кезеңнің пайда мен залал бөлігі 9.459.782 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсанға осы субсидиялармен байланысты орындалмаған шарттар немесе күтпеген жағдайлар болған жоқ.

# 33. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін сатып алушылармен шарттар бойынша түсім мынадай баптармен берілді:

| | 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Тіркелген теле-коммуникациялық байланыс | Мобильді байланыс | Өзгелері | Барлығы |
| Деректер беру бойынша қызметтер | 152.060.224 | 215.234.347 | 7.677 | 367.302.248 |
| Сым арқылы және сымсыз телефон байланысы қызметтері | 35.124.740 | 141.065.359 | – | 176.190.099 |
| Жабдық пен мобильді құрылғылар сату | 1.601 | 34.979.021 | – | 34.980.622 |
| Желіаралық қосылыс қызметтері | 10.591.910 | 7.017.933 | – | 17.609.843 |
| Байланыс арналарын жалға беру | 2.731.109 | – | – | 2.731.109 |
| Өзгелері | 50.527.893 | 14.052.821 | 6.073.326 | 70.654.040 |
| | 251.037.477 | 412.349.481 | 6.081.003 | 669.467.961 |
| Уақыт өте келе берілген қызметтер | 251.035.876 | 377.370.460 | 6.081.003 | 634.487.339 |
| Белгілі бір уақытта берілген тауарлар | 1.601 | 34.979.021 | – | 34.980.622 |
| | 251.037.477 | 412.349.481 | 6.081.003 | 669.467.961 |
| B2C* | 143.316.682 | 334.560.606 | 1.306.547 | 479.183.835 |
| B2B** | 23.301.779 | 48.757.688 | 4.774.456 | 76.833.923 |
| B2O*** | 21.451.039 | 28.714.343 | – | 50.165.382 |
| B2G**** | 62.967.977 | 316.844 | – | 63.284.821 |
| | 251.037.477 | 412.349.481 | 6.081.003 | 669.467.961 |
| Деректер беру бойынша қызметтер | 138.767.808 | 176.141.850 | 15.838 | 314.925.496 |
| Сым арқылы және сымсыз телефон байланысы қызметтері | 37.096.001 | 127.814.640 | – | 164.910.641 |
| Жабдық пен мобильді құрылғылар сату | 8.380 | 44.123.457 | – | 44.131.837 |
| Желіаралық қосылыс қызметтері | 17.930.063 | 14.633.308 | – | 32.563.371 |
| Байланыс арналарын жалға беру | 2.854.076 | – | – | 2.854.076 |

(Продолжение)

| | 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Тіркелген теле-коммуникациялық байланыс | Мобильді байланыс | Өзгелері | Барлығы |
| Өзгелері | 52.848.428 | 8.218.746 | 1.384.987 | 62.452.161 |
| | 249.504.756 | 370.932.001 | 1.400.825 | 621.837.582 |
| Уақыт өте келе берілген қызметтер | 249.496.376 | 326.808.544 | 1.400.825 | 577.705.745 |
| Белгілі бір уақытта берілген тауарлар | 8.380 | 44.123.457 | – | 44.131.837 |
| | 249.504.756 | 370.932.001 | 1.400.825 | 621.837.582 |
| B2C* | 128.917.266 | 315.510.583 | 1.167.135 | 445.594.984 |
| B2B** | 43.032.890 | 28.358.396 | 233.690 | 71.624.976 |
| B2O*** | 19.996.768 | 26.767.658 | – | 46.764.426 |
| B2G**** | 57.557.832 | 295.364 | – | 57.853.196 |
| | 249.504.756 | 370.932.001 | 1.400.825 | 621.837.582 |

** B2C (Business-to-consumer – тұтынушыға арналған бизнес) түпкілікті тұтынушыларға (жеке тұлғаларға) көрсетілетін қызметтер.*

*** B2B (Business-to-business – бизнеске арналған бизнес) ірі кәсіпорындар мен ШОБ қоса алғанда, корпоративтік секторға көрсетілетін қызметтер.*

**** B2O (Business-to-operators – операторларға арналған бизнес) байланыс операторларына көрсетілетін қызметтер.*

***** B2G (Business-to-government – мемлекетке арналған бизнес) мемлекеттік секторға көрсетілетін қызметтер.*

# 34. Ауылдық жерлерде әмбебап қызметтерді көрсетуге өтемақы

Субсидиялау туралы бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес әмбебап телекоммуникциялық қызеттерді көрсету шығындары субсидиялануға жатады. Өтемақы сомасы оператордың шығынды әмбебап телекоммуникалық қызметтердің шығыстары мен кірістері арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Тендерлердің қорытындысы бойынша әмбебап қызметтердің операторы болып «Қазақтелеком» АҚ таңдалды. 2023 жылы алынған өтемақының жалпы сомасы 8.853.903 мың теңге ( 2022 жылы: 6.326.916 мың теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсанға бұл гранттарға қатысты орындалмаған шарттар немесе күтпеген жағдайлар болған жоқ.

# 35. Өткізудің өзіндік құны

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін өзіндік құн мынадай түрде берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Тозу және амортизация | 133.677.674 | 112.252.977 |
| Персоналға арналған шығыстар (38-ескертпе) | 124.022.295 | 102.695.145 |
| SIM-карталар, скретч-карталар, бастапқы топтамалар мен мобильдік құрылғылар құны | 30.833.140 | 40.760.854 |
| Желіаралық қосылыс қызметтері | 28.981.146 | 29.941.817 |
| Жиілік диапазонын пайдалану үшін төлемдер | 27.803.062 | 18.684.797 |
| Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары | 25.164.165 | 21.368.503 |
| Электр энергиясы | 13.364.849 | 12.201.887 |
| Байланыс арналарын жалға беру | 10.882.507 | 9.454.585 |
| Байланыс қызметтерін көрсету құқығына төлемдер | 8.996.648 | 8.932.534 |
| Материалдар | 7.266.068 | 6.511.029 |
| Контент шығыстары | 5.864.179 | 5.486.641 |
| Күзет және қауіпсіздік | 3.527.275 | 3.122.944 |
| Лицензиялы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін төлем | 3.390.083 | 3.303.201 |
| Коммуналдық қызметтер | 2.838.698 | 2.156.791 |
| Іссапар шығыстары | 2.499.973 | 1.715.207 |
| Консультанттарды жалдау шығыстары | 2.183.046 | 974.860 |
| Таңбалау бойынша шығыстар | 1.585.896 | 1.859.154 |
| Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша шығыстар (24-ескертпе) | 1.342.547 | 1.133.982 |
| Мүлікті сақтандыру | 965.487 | 995.354 |
| Спутниктік байланыс қызметтері | 768.482 | 795.778 |
| Желіні бірлесіп пайдалану бойынша шығыстар | 685.547 | 582.961 |
| Төтенше жағдаймен байланысты шығыстар | – | 103.442 |
| Өзгелері | 13.410.638 | 14.135.591 |
| | 450.053.405 | 399.170.034 |



# 36. Жалпы және әкімшілік шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстар мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Персоналға арналған шығыстар (38-ескертпе) | 21.733.115 | 22.064.056 |
| Табыс салығынан басқа салық | 5.567.098 | 7.944.097 |
| Тозу және амортизация | 3.175.463 | 6.396.266 |
| Консультациялық қызметтер | 2.602.073 | 1.589.259 |
| Әлеуметтік іс-шаралар | 1.371.636 | 1.396.638 |
| Іссапар шығыстары | 1.039.860 | 777.428 |
| Өткізудің таза құнына дейін тауар-материалдық қорлардың құнын есептен шығару (15-ескертпе) | 867.068 | 314.205 |
| Жұмыскерлердің біліктілігін арттыру | 421.458 | 642.475 |
| Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары | 370.115 | 319.344 |
| Материалдар | 354.685 | 506.214 |
| Банк комиссиялары | 325.211 | 458.947 |
| Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар (24-ескертпе) | 294.290 | 221.786 |
| Күзет және қауіпсіздік | 238.701 | 116.529 |
| Сақтандыру | 236.539 | 187.431 |
| Персонал аутсорсингіне шығыстар | 87.835 | 262.592 |
| Өзгелері | 5.309.459 | 961.517 |
| | 43.994.606 | 44.158.784 |

# 37. Өткізу бойынша шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өткізу бойынша шығыстар мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Маркетинг және жарнама | 16.388.934 | 9.953.872 |
| Шарт жасасу шығындарын амортизациялау | 4.528.125 | 4.245.766 |
| Өзгелері | 2.279.795 | 2.709.089 |
| | 23.196.854 | 16.908.727 |

# 38. Персоналға арналған шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өткізу бойынша шығыстар мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы | 129.625.190 | 119.067.416 |
| Еңбекке ақы төлеу қорынан салық | 14.179.531 | 12.634.862 |
| Жұмыскерлерге сыйақы беру шығыстары (25-ескертпе) | 1.950.689 | (6.943.077) |
| | 145.755.410 | 124.759.201 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін персоналға арналған шығыстарды бөлу мынадай баптар бойынша берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Өткізудің өзіндік құны (35-ескертпе) | 124.022.295 | 102.695.145 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар (36-ескертпе) | 21.733.115 | 22.064.056 |
| | 145.755.410 | 124.759.201 |



# 39. Қаржылық шығыстар/қаржылық кірістер

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық шығыстар және қаржылық кірістер мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Қаржылық шығыстар | | |
| Қарыздар бойынша пайыздық шығыстар (47-ескертпе) | (30.388.789) | (31.724.945) |
| Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығы (24-ескертпе) | (5.255.697) | (5.716.000) |
| Дисконттың амортизациясы (активтерді жою бойынша міндеттемелер) (27-ескертпе) | (1.847.576) | (610.541) |
| Ұзақ мерзімді қарыздар бойынша дисконтты тану (44-ескертпе) | (722.343) | (421.562) |
| Өзге айналымнан тыс қарждылық акцияларды дисконттау | (152.776) | (633.068) |
| Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс (22-ескертпе) | (89.636) | (89.636) |
| Жұмыскерлерге берілетін ұзақ мерзімді қарызды дисконттау амортизациясы | – | (1.170.102) |
| Өзге шығыстар | (464.080) | (103.693) |
| | (38.920.897) | (40.469.547) |
| Қаржылық кірістер | | |
| Депозиттер бойынша пайыздық кіріс | 6.563.404 | 8.322.955 |
| Ақша қаражатының қалдықтары бойынша пайыздық кіріс | 2.918.520 | 4.167.327 |
| Жұмыскерлерге берілетін ұзақ мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясы | 1.927.212 | 720.411 |
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы | 1.774.751 | 60.953 |
| Ұзақ мерзімді депозиттер бойынша амортизация | 1.497.009 | 384.448 |
| Амортизациялық құны бойынша ескерілетін пайыздық кіріс | 358.981 | 1.841.974 |
| Өзге кірістер | 762.265 | 479.886 |
| | 15.802.142 | 15.977.954 |

# 40. Өзге операциялық шығыстар/(кірістер)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өзге де операциялық кірістер мен шығыстар мынадай баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Өзге де операциялық кірістер | | |
| Зиянды өтеуден түскен кіріс (45-ескертпе) | – | 11.368.772 |
| Жалға беру кірістері | 2.202.508 | 1.786.562 |
| Есептен шығарылған міндеттемелерден кіріс | 1.597.404 | 764.932 |
| Қауымдасытрылған ұйым акцияларының 49% сатудан түскен пайыз (10-ескертпе) | 876.945 | – |
| Айыппұлдар мен өсімақылар | – | 1.105.628 |
| Коммуналдық қызметтер шығыстарының орнын толтыру | 132.640 | 139.508 |
| Өзгелері | 1.223.239 | 1.887.321 |
| | 6.032.736 | 17.052.723 |
| Өзге де операциялық шығыстар | | |
| Резервті есептеу (31-ескертпе) | (1.860.644) | – |
| Коммуналдық шығыстар | (748.678) | (520.164) |
| Жалға алу шығыстары | (192) | (434) |
| Тауар-материалдық қорларды есептен шығару (45-ескертпе) | – | (553.000) |
| Өзгелері | (545.321) | (248.420) |
| | (3.154.835) | (1.322.018) |

2022 жылғы 13 наурызда Skyline Investment Company S. A. және «Алатау Капитал Инвест» ЖШС-нің түпкі бенефициары Қайрат Сатыбалдыұлын «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметтік жағдайын асыра пайдаланды және қаражатын аса ірі мөлшерде ұрлады деген күдікпен Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ұстады. «Қазақтелеком» АҚ Қ.Сатыбалдыұлына және басқа да қатысы бар адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша жәбірленуші деп танылды.

2022 жылғы 8 қыркүйектегі «Жеңілдіктер» және «Соңғы миль» эпизодтары бойынша қылмыстық іс шеңберінде туындаған дау бойынша дауды реттеу және тараптарды сот медиациясы тәртібімен татуластыру туралы Медиативтік келісім.

Астана қаласы «Байқоңыр» ауданының № 2 соты Қ.Сатыбалдыұлына және ҚР Қылмыстық кодексінің 28-бабы 3-бөлігінің, 189-бөлігінің 4-бөлігінің 2-тармағының, 195-бөлігінің 4-бөлігінің 2-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған басқа да қатысы бар адамдарға қатысты қылмыстық істердің бірі бойынша 2022.26.09 үкім шығарды. Сот үкіміне сәйкес, «Қазақтелеком»АҚ-ның азаматтық талабы қараусыз қалдырылды, бұл бұрын жасалған медиативтік келісімнің күші жойылмайтынын білдіреді. Сот актісі белгіленген мерзімде заңды күшіне енді. Қоғам 11.368.772 мың теңге, о.і. ҚҚС-мен мөлшер - 1.364.253 мың теңге, залалдың өтелгенін таныды.



Жеке сот ісін жүргізуге бөлінген «Үй-жайларды жалға алу» эпизоды бойынша қылмыстық іс шеңберінде туындаған дау бойынша тергеу аяқталған жоқ. «Қазақтелеком» АҚ-ның 14.353.966 мың теңге мөлшерінде талап-арыз талаптарында көрсетілген залалдың барлық сомасы толық көлемде өтелді.Талап-арыз боынша алынған сома мен кіріс ретінде алынған сома арасындағы айырмашылық өзге де ағыдағы қарылық міндеттемелер ретінде танылды (45-ескертпе).

Жалға беруден түсетін табыс негізінен үшінші тұлғалардың технологиялық жабдықты орнату үшін алаңдарды жалға алуымен ұсынылады.

# 41. Табыс салығы бойынша шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстар мына баптармен берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | 34.017.688 | 39.878.423 |
| Өткен жылдың табыс салығына қатысты түзетулер | 782.037 | (709.158) |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу | (4.965.143) | (3.473.538) |
| | 29.834.582 | 35.695.727 |

2023 және 2022 жылдары Топтың еншілес компаниялары үшін салық мөлшерлемесі 20% құрады.

20% көлеміндегі ресми мөлшерлемені (2022 жыл: 20%) пайдалану арқылы есептелген салық салынғанға дейінгі пайдаға қатысты табыс салығы бойынша шығыстарды 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру төменде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 134.237.791 | 164.448.872 |
| 20% ресми салық мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы | 26.847.558 | 32.889.774 |
| Ауыстыруға жататын салық шығындары | 21.547 | 1.804.000 |
| Алдағы кезеңдерге ауыстырылған, танылмаған салық шығынын өзгерту | – | (1.530.000) |
| Қаржылық емес активтердің құнсыздануы | 277.705 | 180.448 |
| Салық тәуекелдері бойынша бағалау міндеттемелерін құру шығыстары | – | (178.453) |
| Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы Топтың үлесі | – | (76.004) |
| Өткен жылдың табыс салығына қатысты түзетулер | 1.903.915 | 1.394.813 |
| Шегерілмейтін шығыстар | 783.857 | 1.211.149 |
| Табыс салығы бойынша барлық шығыс | 29.834.582 | 35.695.727 |

2023 жылғы 31 желтоқсанға шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтердің салық базасы мен міндеттемелер, сомалар арасындағы мерзімдік айырмашылықтарына есепті күнде қолданыстағы ресми салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салықта мынадай позициялар қамтылған:

| | Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | | Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | | Өзге жиынтық залал құрамында | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2023 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2022 жыл |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | | | | | | |
| Негізгі құралдар | 67.260 | 3.220.475 | (3.153.215) | (3.756.102) | – | – |
| Кейінге қалдырылған қызметтер | 4.693.770 | 5.248.087 | (554.317) | 159.661 | – | – |
| Мемлекеттік субсидиялар | 8.246.596 | 5.371.953 | 2.874.643 | 1.612.255 | – | – |
| Жұмыскерлерді сыйақылауға резерв | 4.051.525 | 3.352.474 | 699.051 | 863.717 | – | – |
| Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер | 2.464.751 | 1.908.874 | 555.877 | (147.991) | – | – |
| Көшіруге салық залалдары | 21.547 | 8.486 | 13.061 | (1.878.666) | – | – |
| Жұмыскерлерді сыйақылау бойынша міндеттемелер | 2.085.446 | 2.588.383 | (222.950) | 649.572 | (279.987) | 387.506 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 787.978 | 1.132.732 | (344.754) | (52.658) | – | – |
| Жұмыскерлердің пайдаланбаған демалыстары бойынша есептелген резерв | 1.071.816 | 843.101 | 228.715 | 9.094 | – | – |
| Күтілетін кредит залалына есептелген резервтер | 1.546.288 | 1.253.765 | 292.523 | 725.127 | – | – |
| Материалдық емес активтер | 540 | 96.306 | (95.766) | (162.606) | – | – |
| Өзгелері | 2.632.433 | 1.274.023 | 1.358.410 | 153.557 | – | – |
| Минус: кейінге қалдырылған салықты шегергендегі танылмаған салық активтері | (21.547) | – | (21.547) | 1.530.000 | – | – |
| Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері | (27.278.952) | (24.827.896) | (2.451.056) | 718.127 | – | – |
| Кейінге қалдырылған активтер | 369.451 | 1.470.763 | (821.325) | 423.087 | (279.987) | 387.506 |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | | | | | | |
| Негізгі құралдар | 27.616.099 | 28.471.199 | (855.100) | (1.458.344) | – | – |
| Материалдық емес активтер | 24.601.978 | 27.154.373 | (2.552.395) | (2.552.396) | – | – |
| Өзгелері | 795.203 | 723.455 | 71.748 | 242.162 | – | – |
| Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері | (27.278.617) | (24.827.896) | (2.450.721) | 718.127 | – | – |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 25.734.663 | 31.521.131 | (5.786.468) | (3.050.451) | | – |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу | – | – | 4.965.143 | 3.473.538 | (279.987) | 387.506 |

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 369.451 | 1.470.763 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | (25.734.663) | (31.521.131) |
| Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері | (25.365.212) | (30.050.368) |

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін салыстыру, нетто | | |
| 1 қаңтарға сальдо | (30.050.368) | (33.911.412) |
| Есепті кезеңге табыс салығы бойынша үнемдеу – мерзімді шектердің пайда болуы және қалпына келтіру | 4.965.143 | 3.473.538 |
| Басқа жиынтық залалдың құрамындағы танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде | (279.987) | 387.506 |
| 31 желтоқсанға сальдо | (25.365.212) | (30.050.368) |

Топ ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін және сол салық органы алатын табыс салығына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есепке алуды жүргізуге заңды құқығы болған жағдайда ғана салық активтері мен міндеттемелері арасында өзара есепке алу жүргізеді.

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта осы актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы болатын дәрежеде ғана танылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық шығындары олар пайда болған күннен бастап 10 жылға дейін кейінге қалдырылуы және 2029 жылы аяқтала бастайды. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық үнемін іске асыру ықтималдығы жоқ дәрежеде азайтылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері танылмаған, еншілес ұйымдарға салынған инвестицияларға байланысты уақытша айырмашылықтардың жиынтық сомасы 293.131.434 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға 197.981.034 мың теңге). Топ уақыт айырмашылықтарының деректерін пайдалануды бақылай алады және бұл уақыт айырмашылықтары жақын болашақта пайдаланылады деп күтпейді.

# 42. Ақшасыз операциялар

Бұл ақшасыз айтарлықтай операциялар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

2023 жылы топ радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемнің 90%-ға төмендеуін білдіретін жалпы сомасы 22.778.254 мың теңгеге мемлекеттік субсидиялар алды (2022 жыл: 14.391.376 мың теңге).

2023 жылы Топ өткен жылы сатып алынған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер үшін 56.524.594 мың теңге (2022 жыл: 46.945.570 мың теңге) сомасын төледі. Негізгі құралдар 75.206.659 мың теңге сомасына 2023 жылы сатып алынған, бірақ 2023 жылғы 31 желтоқсанға төленбеген (2022 жыл: 56.524.594 мың теңге).

2023 жылы Топ жұмыскерлердің жалақысынан 2.732.278 мың теңге (2022 жыл: 1.206.379 мың теңге) сомасына бұрын берілген несиелер сомасын ұстады.

# 43. Байланысты тараптармен операциялар

«Бас компания бақылайтын кәсіпорындар» санатына бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді. Бас компания бақылайтын кәсіпорындарға кіретін компаниялармен операциялар негізінен Топтың «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ, «KEGOK» АҚ, «Қазпошта» АҚ-лармен операцияларымен берілген. Топ телекоммуникация қызметтерін бас компанияға, бас компания бақылайтын кәсіпорындарға көрсетеді. Мемлекеттік мекемелер санатына түрлі мемлекеттік құрылымдар мен министрліктер кіреді. Байланысты тараптармен мәмілелер тараптар арасында келісілген шарттарда жүргізілді, олардың міндетті түрде нарыққа сәйкес келмеуі және үшінші тараптар үшін қол жетімді болмауы мүмкін. Жыл соңындағы өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмейді, қысқа мерзімді болып табылады, ал есептеулер төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда жүргізіледі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегіне қатысты 330.831 мың теңге мөлшерінде күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резервін таныды.

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы байланысты тараптармен сату және сатып алу және 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы байланысты тараптармен мәмілелер бойынша қалдықтар келесідей берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Тауарлар мен қызметтерді сату | | |
| Бас компания | 13.049 | 13.275 |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорындар | 3.910.065 | 2.963.506 |
| Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС) | – | 1.161.487 |
| Мемлекеттік мекемелер | 54.452.917 | 53.041.835 |
| Тауарлар мен қызметтерді сатып алу | | |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорындар | 5.531.062 | 2.631.988 |
| Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС) | – | 1.773.632 |
| Мемлекеттік мекемелер | 251.543 | 277.973 |
| Қарыз бен облигациялар бойынша есептелген сыйақы | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| («Қазақстан Даму Банкі» АҚ) | 2.036.109 | 2.603.095 |
| Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі | 8,06% | 8,02% |
| Бас компания* | 4.715.000 | 7.745.250 |
| Облигациялар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі | 11,84% | 11,85% |

* «Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигацияларын (KTCB.1024) бас компания сатып алған.

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| («Қазақстан Даму Банкі» АҚ) | 78 | 31 |
| Қарыз бен облигациялар (23-ескертпе) | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| («Қазақстан Даму Банкі» АҚ) | 24.057.324 | 30.309.455 |
| Бас компания* | 42.571.667 | 42.571.667 |
| Сауда және басқа дебиторлық берешек | | |
| Бас компания | 1.216 | 1.229 |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорындар | 571.856 | 566.382 |
| Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС) | – | 222.479 |
| Мемлекеттік мекемелер | 5.347.641 | 7.833.829 |
| Кредиторлық берешек | | |
| Бас компания | 59 | 59 |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорындар | 1.064.069 | 234.945 |
| Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС) | – | 863.154 |
| Мемлекеттік мекемелер | 1.647.143 | 1.643.367 |

* «Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигацияларын (KTCB.1024) бас компания сатып алған.

### Басты басқарушы персоналға сыйақы беру

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары жалпы және әкімшілік шығыстар құрамындағы жиынтық кіріс туралы қоса берілген шоғырландырылған есепте көрсетілген негізгі басқарушы персоналға сыйақының жалпы сомасы тиісінше 567.145 мың теңгені және 665.470 мың теңгені құрады. Негізгі басқару персоналына өтемақы еңбек келісімінде белгіленген жалақыдан, сондай-ақ бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыдан тұрады.

# 44. Қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары

### Қаржылық активтердің құнсызлануынан залалдар

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық активтерің құнсыздануынан болған залалдар 10.516.790 мың теңге мөлшерінде сауда дебиторлық берешегі бойынша (16-ескертпе), өзге де айналым қаржы активтері бойынша (65.659) мың теңге мөлшерінде (18-ескертпе), ақша қаражаты және олардың баламалары бойынша (7.247) мың теңге (21-ескертпе) мөлшерінде күтілетін кредиттік залалдар үшін есептелген/ (қалпына келтірілген) резервтен тұрады (2022 жыл: 7.464.288 мың теңге сомасындағы сауда дебиторлық берешегі бойынша, 155.468 мың теңге өзге де айналымнан тыс қаржы активтері бойынша, 2.404 мың теңге мөлшерінде ақша қаражаты және олардың баламалары бойынша).

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалдар

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалдар (554.636) мың теңге мөлшерінде айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстардың құнсыздануына есептелген/(қалпына келтірілген) резервтен (8-ескертпе), 385.726 мың теңге мөлшерінде аванстық төлемдерден (17-ескертпе), 965.123 мың теңге мөлшерінде негізгі құралдардың құнсыздануынан (8-ескертпе) және материалдық емес активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру (35.314) мың теңге (9-ескертпе) (2022 жыл: 510.195 мың мөлшерінде айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстардың құнсыздануына резерв, 103.649 мың теңге мөлшеріндегі аванстық төлемдер және 1.176.363мың теңге мөлшеріндегі негізгі құралдардың құнсыздануы және (311.331) мың теңге материалдық емес активтердің құнсыздануы).

Топтың негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаттары және олардың баламалары, банктік депозиттер, дебиторлық және кредиторлық берешек, кері "репо" шарты бойынша активтер және амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері кіреді. Топтың қаржы құралдарымен байланысты негізгі тәуекелдерге пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, валюталық және несиелік тәуекелдер жатады. Сонымен қатар, Топ нарықтық тәуекелге және барлық қаржы құралдарымен байланысты өтімділік тәуекеліне мониторинг жүргізеді.

### Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай қаржы құралы құнының ауытқуымен байланысты тәуекелді білдіреді. 2023 жылдың және 2022 жылдың 31 желтоқсанына Топтың өзгермелі пайыз мөлшерлемелері бар кредиттері және қарыздары болған жоқ және нарықтық

пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекеліне ұшыраған жоқ.

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістер салдарынан өзгеріп отыру тәуекелі.

АҚШ долларымен берілген елеулі кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламаларының, банктік депозиттер мен дебиторлық берешектің болуына байланысты, Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ доллары/теңге айырбас бағамдарының өзгеруі айтарлықтай ықпал етуі мүмкін.

Төмендегі кестеде салық салғанға дейінгі Топ пайдасының (монетарлық активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістер есебінен) басқа айнымалылар өзгеріссіз болғанда, өзгерісін негізді түрде болжамдау мүмкін болғанда, АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамының сезімталдығы көрсетілген. Көрсетілген факторлар Топтың капиталына әсер етпейді

| Мың теңгемен | 2023 жыл | | 2022 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | Айырбас бағамының ұлғаюы/ (азаюы) | Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері | Айырбас бағамының ұлғаюы/ (азаюы) | Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері |
| АҚШ доллары | 14,15% | 13.308.644 | 21% | 32.688.318 |
| | -14,15% | (13.308.644) | -21% | (32.688.318) |
| Еуро | 12.95% | (2.714.707) | -18% | (166.748) |
| | -12.95% | 2.714.707 | 18% | 166.748 |

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан Топтың көтеретін қаржылық залал тәуекелі. Топ операциялық (ең алдымен, сауда дебиторлық берешегіне қатысты) және қаржылық қызметіне байланысты, банктегі депозиттер мен қаржылық ұйымдар, валюталық операциялар мен басқа да қаржылық құралдарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелге бейім.

### Сауда және басқа да дебиторлық берешек

Топтың кредиттік тәуекелі шоғырланған қаржылық құралдары – бұл ең алдымен сауда және басқа да дебиторлық берешек. Осы активтермен байланысты кредиттік тәуекел Топтағы клиенттер санының көптігі мен клиенттердің және басқа да дебиторлардың кредит төлеу қабілеттілігіне үздіксіз мониторинг жасау рәсімі салдарынан шектелген.

Күтілетін кредиттік залалды бағалауда мартрица қорын қолдану арқылы әр есепті күнге құнсызздануды тану қажеттілігі талданады. Резервтердің мөлшерлемесі төлем мерзімін өткізіп алған күннің санына байланысты түрлі клиенттік сегменттегі топтар үшін залалдың туындауы (яғни географиялық өңір, өнімнің түрі, сатып алушының түрі мен рейтингісі, аккредитивтер немесе басқа да кредиттік тәуекелдерді сақтандыру түрлерімен қамтамасыз ету бойынша) сипаттамасына ұқсас қойылады. Есеп айырысу белгіленген есептіліктің ықтималдығын, уақытша ақша құны мен есепті күнге қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болашақтағы болжамды экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталған ақпарат ескерілген нәтижелерді көрінеді. Әдетте сауда және басқа да дебиторлық берешек, егер бір жылдан аса мерзімі өткен және тиесілі қаржыны мәжбүрлі талап ету арқылы рәсімдеу қолданылмаса, алынып тасталады. Есепті күнге кредиттік тәуекелге мейлінше түсіп қалу әр сыныптама бойынша 13, 16, 18 және 19-ескертпелерде қарастырылған қаржылық активтердің әр класының теңгерімдік құнымен ұсынылды.



### Қаржылық құралдар және ақша депозиттері

Топтың қаржылық саясатына сәйкес бос ақшалай қаражатты бірнеше ірі қазақстандық банкке (кредиттік рейтингілері барынша жоғары) орналастырады. Банктердегі бос ақшалай қаражатты орналастыруға байланысты кредиттік тәуекелді басқару үшін Топ басшылығы банктердің кредит төлеу қабілетін бағалау жұмыстарын мерзімді жүргізіп отырады. Депозитті бағалау жұмыстарын жеңілдету үшін Топ салыстырмалы несие міндеттемелері мен ағымдағы есеп айырысу шоты бар және қызметін оңай мониторинг жасай алатын банктерге басымдылық береді.

| Мың теңгемен | 2023 жыл рейтингісі | 2022 жыл рейтингісі | Ақша қаражаты қалдығы | | Депозит шоттардағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2023 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2022 жыл |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | BB+/ тұрақты/ BBB-, kzAAA | BB+/ тұрақты/ BBB-, kzAA | 4.246.368 | 134.827.224 | 60.453.268 | 81.489.820 |
| «Halyk Finance» АҚ | BB+/ тұрақты/ BBB-, kzAAA | – | – | – | 5.000.000 | – |
| Ситибанк Казахстан» АҚ | A+/ тұрақты /A+ | A+/тұрақты/ A+ | 579.058 | 7.498.826 | – | 37.530 |
| Электронды ақшасы | – | – | 504.275 | 994.814 | – | – |
| «Сбербанк России»ЖАБ/ | – | – | 69.323 | 125.509 | – | – |
| «Kaspi Bank» АҚ | BB/ тұрақты, Ba1,kzA | BB-/ жағымды, Ba1,kzA | 81.287 | 225.382 | – | – |
| «Нұрбанк» АҚ | B-/ тұрақты / kzBB- | | 15.000 | | – | |
| «First Heartland Jýsan Bank» АҚ | Ba3/ жағымды, kzAAA | B+/жағымды, kzBB+ | 10.888 | 2.611 | – | 19.253 |
| Credit Suisse (Schweiz) AG | A- | A- | 8.607 | 12.266 | – | |
| «Сбербанк» АҚ ЕБ/ «Bereke bank» АҚ | – | – | 1.276 | 4.978 | – | – |

(Жалғасы)

| | 2023 жыл рейтингісі | 2022 жыл рейтингісі | Ақша қаражаты қалдығы | | Депозит шоттардағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2022 жыл |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ | BB-/ тұрақты, kzA- | B+/тұрақты, kzBBB- | 656 | 311.568 | – | – |
| «Altyn Bank» АҚ («Народный Банк Казахстана» АҚ ЕБ) | BBB/ тұрақты, kzAA+ | BBB-/ тұрақты, kzAA+ | 144 | 72.383 | – | 7.025.890 |
| «Банк “Bank RBK» АҚ | Ba3+/ жағымды | B2+/ жағымды/ | 118 | 2.336.823 | – | – |
| Банк ВТБ АҚ ЕҰ (Қазақстан) | – | – | 82 | 1.177 | – | – |
| «Қазақстана Даму Банкі» АҚ | BBB/ тұрақты / BBB, kzAAA | BBB/ тұрақты/ BBB, kzAAA | 78 | 31 | – | – |
| Казпочта АҚ | BBB -/ тұрақты | Baa3/ тұрақты | 18 | 83 | – | 7.100.000 |
| «ForteBank» АҚ | BB-/ тұрақты / BB, kzA- | BB-/тұрақты/ BB-, kzA- | 18 | 11 | – | – |
| «Қазақстандағы Қытай Даму Банкі» АҚ ЕБ | BBB+/ тұрақты , kzAAA | BBB+/ тұрақты, kzAAA | 11 | 23 | – | – |
| «Банк Уралсиб» ЖАҚ | – | – | – | 26.697 | – | – |
| «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ | B/жағымсыз | B-/жағымды | – | 739 | – | – |
| Барлығы | | | 5.517.207 | 146.441.145 | 65.453.268 | 95.672.493 |

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Топтың қалыпты немесе күтпеген жағдайларда төлем мерзімі келген кезде төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі.

Топ ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отырып, ақша қаражатының жетіспеу тәуекелін бақылауды жүзеге асырады. Бұл құрал қаржы инвестицияларының және қаржылық активтердің (мысалы, дебиторлық берешек және басқа қаржылық активтер) өтелу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтің болжамды ақша ағындарын ескереді.

Топтың мақсаты – қарыз және жалдау шарттарын пайдалану жолымен қаржыландыру мен икемділік арасындағы балансты тепе-теңдікте ұстап тұру. Топтың саясатына сәйкес келесі 12 ай ішінде 35%-дан аспайтын қарыз бен жалдау шарттары өтелуі тиіс. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қарыз қаражаты мен жалдаудың балансты қ құнын негізге ала отырып, Топтың қарыз қаражатының шамамен 23% жыл ішінде өтелуге жатады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 17%).

Төмендегі кестеде міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:



| Мың теңгемен | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан аса | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыз | – | 10.621.594 | 87.647.217 | 239.635.542 | 10.741.902 | 348.646.255 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | – | 5.541.828 | 13.861.320 | 77.013.334 | 69.659.770 | 166.076.252 |
| Сауда кредиторлық берешек | 81.429.756 | 10.577.767 | 14.805.504 | 7.339.002 | – | 114.152.029 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | – | 3.730.176 | – | | – | 3.730.176 |
| | 81.429.756 | 30.471.365 | 116.314.041 | 323.987.878 | 80.401.672 | 632.604.712 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыз | 49.541.166 | 8.418.364 | 39.444.127 | 259.610.911 | 23.096.186 | 380.110.754 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | – | 4.423.948 | 13.330.621 | 50.459.590 | 18.424.535 | 86.638.694 |
| Сауда кредиторлық берешек | 79.919.698 | 10.381.610 | 14.530.946 | – | – | 104.832.254 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | – | 3.247.259 | – | 414 | – | 3.247.673 |
| | 129.460.864 | 26.471.181 | 67.305.694 | 310.070.915 | 41.520.721 | 574.829.375 |

### Ақша ағындарының қозғалысымен байланысты тәуекелдер

Ақша қаражатының қозғалысымен байланысты тәуекел  монетарлық қаржы құралына байланысты болашақтағы ақша ағындары құнының өзгеру тәуекелін білдіреді.   Ақша ағындарына қажеттілік мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және басшылық туындауына орай кез келген міндеттемелерді орындауға қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Топ басшылығы ақшалай қаржы құралымен байланысты болашақтағы ақша ағындарының ешқандай ықтимал ауытқулары Топтың қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

### Капиталды басқару

Қызметті қолдау және акционерлік құнды барынша көбейту мақсатында жоғары кредит рейтингі мен жеткілікті капиталдың тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету Топ капиталын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады. Топ өз капиталының құрылымын басқарады және

оған экономикалық жағдайдың өзгеруіне орай түзету енгізеді. Капитал құрылымын қолдау немесе оған түзету енгізу үшін Топ жай акциялар иегерлерінің дивидендтік төлемдер көлемін қайта қарауы, акционерлерге капиталдарды қайтаруы немесе жаңа акциялар шығаруы мүмкін. 2023 және 2022 жылдары Топ капиталды басқару мақсатына, саясатына немесе үдерістеріне өзгерістер енгізген жоқ. Топ берешектің жалпы капиталға арақатынасын білдіретін берешек коэффициентін пайдалана отырып, капитал мониторингін жүзеге асырады. Топтың саясаты бұл коэффициентті 1,3 шегінде ұстап тұруды көздейді. Топ пайыздық қарызды және жалдау бойынша міндеттемелерді таза берешек құрамына қосады. Капитал Топтың акционерлеріне келетін капиталдан тұрады.

Төмендегі кестеде кезеңнің аяғына Топтың берешек коэффициенті берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсанға | 2022 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|---|---|
| Пайыздық кредиттер мен қарыз | 291.391.598 | 247.876.877 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 91.518.878 | 40.825.884 |
| Берешек | 382.910.476 | 288.702.761 |
| Бақыламайтын қатысу үлестерін қоса алғанда, капитал жиыны | 803.662.337 | 730.607.823 |
| Берешек коэффициенті | 0,48 | 0,40 |

## Әділ құн

Әділ құнын анықтау мақсатында Топ жоғарыда көрсетілгендей, активтер немесе міндеттемелердің сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің санаттарын және әділ құн иерархиясы деңгейлерін анықтады. Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы саны туралы ақпараттың ашылып жазылуы:

| | | Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | Бағалау күні | Белсенді нарықтар-дағы коти-ровкалар (1-деңгей) | Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Маңызды бақылан-байтын бастапқы деректер (1-деңгей) | Барлығы |
| **Әділ құны ашылатын активтер** | | | | | |
| Әділ құны бойынша амортизацияланатын қаржы активтері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 45.770.813 | – | – | 45.770.813 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 427.268 | 427.268 |
| Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 5.757.350 | 5.757.350 |
| Айналымдағы өзге қаржылық активтер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 5.280.059 | 5.280.059 |
| Сауда дебиторлық берешек | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 50.755.814 | 50.755.814 |
| **Әділ құны ашылатын міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыз | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 292.300.472 | 292.300.472 |
| Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 7.339.002 | 7.339.002 |
| Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 32.865.868 | 32.865.868 |
| Сауда кредиторлық берешек | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 106.813.027 | 106.813.027 |

Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы саны туралы ақпараттың ашылып жазылуы:

| Мың теңгемен | Бағалау күні | Оценка справедливой стоимости с использованием | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Белсенді нарықтар-дағы коти-ровкалар (1-деңгей | Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Маңызды бақылан-байтын бастапқы деректер (3-деңгей) | Барлығы |
| **Әділ құны ашылатын активтер** | | | | | |
| Әділ құны бойынша амортизацияланатын қаржы активтері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 14.896.830 | – | – | 14.896.830 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 2.700.000 | 2.700.000 |
| Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 6.629.229 | 6.629.229 |
| Айналымдағы өзге қаржылық активтер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 4.374.070 | 4.374.070 |
| Сауда дебиторлық берешек | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 45.305.186 | 45.305.186 |
| **Әділ құны ашылатын міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыз | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 243.775.351 | 243.775.351 |
| Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 414 | 414 |
| Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 27.616.881 | 27.616.881 |
| Сауда кредиторлық берешек | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 104.832.254 | 104.832.254 |



Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша көрсетілмейтін Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің санаттары бойынша баланстық құн мен әділ құнның салыстырмасы берілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құн мәндері көрсетілмеген.

| | Баланстық құн 2023 жыл | Әділ құн 2023 жыл | Танылмаған кіріс/ (шығыс) 2023 жыл | Баланстық құн 2022 жыл | Әділ құн 2022 жыл | Танылмаған кіріс/ (шығыс) 2022 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық активтер** | | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 70.984.738 | 70.984.738 | – | 242.122.154 | 242.122.154 | – |
| Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер | 5.757.350 | 4.911.010 | (846.341) | 6.973.300 | 6.629.229 | (344.071) |
| Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері | 45.770.813 | 45.770.813 | – | 14.832.821 | 14.896.830 | 64.009 |
| Айналымдағы өзге қаржылық активтер | 5.280.059 | 5.280.059 | – | 4.374.070 | 4.374.070 | – |
| Сауда дебиторлық берешек | 50.755.814 | 50.755.814 | – | 45.305.186 | 45.305.186 | |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Қарыз | 291.391.598 | 284.442.023 | 6.949.575 | 247.876.877 | 243.775.351 | 4.101.526 |
| Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 7.339.002 | 7.339.002 | – | 414 | 414 | – |
| Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 32.865.868 | 32.865.868 | – | 27.616.881 | 27.616.881 | – |
| Сауда кредиторлық берешек | 106.813.027 | 106.813.027 | – | 104.832.254 | 104.832.254 | – |
| Өткізілмеген әділ құндағы барлық танылмаған өзгеріс | | | 6.103.234 | | | 3.821.464 |

**Бағалау әдістемелері және жорамалдар**

Төменде осы қаржылық есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

***Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер***

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) болған жағдайда олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең дегенге жол беріледі. Сондай-ақ бұл жорамал талап етілетін салымдарға және өтеу мерзімі белгіленбеген жинақтаушы шоттарға қолданылуы мүмкін.

**Амортизацияланатын құн бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер**

Алынған қарыздың әділ құны шарттары, кредит тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі уақытта қолданыстағы мөлшерлемелер пайдаланыла отырып, алдағы ақша қаражаты ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

**Қаржылық қызметпен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер**

2023 жылғы қаржылық қызметпен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 1 қаңтар | Алынған қарыз | Түсімдер | Модифика-ция | Бұзу | Негізгі борышты өтеу | Пайыздық шығыс (39-ескертпе) | П айыздар төлеу | Дисконт | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз | 247.876.877 | 133.584.742 | – | – | – | (91.120.692) | 30.388.789 | (30.060.461) | 722.343 | 291.391.598 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 40.825.884 | | 11.483.429 | 51.574.166 | (254.802) | (12.109.799) | 5.255.697 | (5.255.697) | – | 91.518.878 |
| Барлығы | 288.702.761 | 133.584.742 | 11.483.429 | 51.574.166 | (254.802) | (103.230.491) | 35.644.486 | (35.316.158) | 722.343 | 382.910.476 |

2022 жылғы қаржы қызметімен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 1 қаңтар | Алынған қарыз | Түсімдер | Модифика-ция | Бұзу | Негізгі борышты өтеу | Пайыздық шығыс (39-ескертпе) | П айыздар төлеу | Дисконт | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз | 315.791.308 | – | – | – | (66.673.091) | 31.724.945 | (33.387.847) | 421.562 | 247.876.877 | 291.391.598 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 49.151.576 | 3.310.845 | 2.822.007 | (698.653) | (13.759.891) | 5.716.000 | (5.716.000) | – | 40.825.884 | 91.518.878 |
| Барлығы | 364.942.884 | 3.310.845 | 2.822.007 | (698.653) | (80.432.982) | 37.440.945 | (39.103.847) | 421.562 | 288.702.761 | 382.910.476 |

# 45. Шарт және талап міндеттемелері

## Операциялық орта

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар және құқықтық, салық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстандық экономиканың болашақтағы тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалар барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдайтын шаралар тиімділігіне байланысты болмақ.

## Қазақстандағы наразылықтар

2022 жылғы 2 қаңтарда Қазақстанның Маңғыстау облысында сұйытылған табиғи газдың бөлшек сауда бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты наразылық акциялары басталды. Бұл наразылықтар басқа қалаларға таралып, тәртіпсіздіктерге, мүлікке зиян келтіруге және адам өліміне әкелді. 2022 жылдың 5 қаңтарында Үкімет төтенше жағдай жариялады.

Жоғарыда көрсетілген наразылықтар мен төтенше жағдайдың нәтижесінде Қазақстан Президенті салық заңнамасына түзетулерді, қаржылық тұрақтылық, инфляция деңгейін және теңгенің айырбас бағамын бақылау және тұрақтандыру жөніндегі шараларды енгізуді қоса алғанда, мүмкін болатын шаралар туралы белгілі бір жария мәлімдемелер жасады.

Наразылықтар барысында Алматы мен Алматы облысында орналасқан алты "Кселл" дүкені тоналды, сондай-ақ топтың екі ірі кеңсесіне шабуыл жасалды. Сондай-ақ, Алматы қаласында "Хан Тәңірі Холдинг Б. В." компаниясының бірнеше базалық станциялары өртенді.

Топ басшылығы абоненттердің үздіксіз байланысы және Үкіметке шұғыл іс-қимылдарда жәрдем көрсету және жедел мәселелерді уақтылы шешу үшін төтенше жағдай жариялануына байланысты жедел штаб құрды.

Топ абоненттерді үздіксіз ұялы байланыспен қамтамасыз етуге басымдық берді және Басшылық төтенше жағдайда өз абоненттерін, оның ішінде шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау туралы шешім қабылдады. Қазақстанның барлық аумағында жарияланған төтенше жағдай кезінде және 2022 жылдың қаңтар айының соңына дейін "Кселл" ЖШС мен "МТС" ЖШС корпоративтік клиенттері шоттағы қалдық жетіспеген жағдайда қарым-қатынас пен Интернетке қолжетімділікте шектелген жоқ.

Жоғарыда көрсетілген наразылықтар мен төтенше жағдайдың нәтижесінде Қазақстан Президенті салық заңнамасына түзетулерді, қаржылық тұрақтылық, инфляция деңгейін және теңгенің айырбас бағамын бақылау және тұрақтандыру жөніндегі шараларды енгізуді қоса алғанда, мүмкін болатын шаралар туралы белгілі бір жария мәлімдемелер жасады.

2022 жылғы 10 қаңтарда Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті елдегі жағдай тұрақтанып, бақылауда екенін хабарлады. 2022 жылдың 19 қаңтарында төтенше жағдай тоқтатылды.

Топ осы оқиғалардан 553,000 мың теңге көлемінде шығынға ұшырады (40-ескертпе), бұл тауар-материалдық қорлардың (қайта сатуға арналған тауарлардың) ұрлануы және дүкендердің бүлінуі болып табылады, бұл 2022 жылғы жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте өзге операциялық шығыстардың құрамында танылды.

## Украинадағы оқиғалар

Украинадағы соғыс әлемдік экономикалық перспективаға айтарлықтай теріс әсер етті. Ресейге қарсы шабуылға жауап ретінде кең санкциялар енгізілді, бұл елді халықаралық қаржы нарықтарынан алып тастайды және тауар саудасын айтарлықтай шектейді. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге арналған. Топтың коммерциялық қызметіне, демек, оның қызметі мен қаржылық жағдайына Украинадағы соғыстың салдары айтарлықтай әсер етпейді, өйткені Ресейде немесе Украинада Топ басқаратын желілер жоқ.

Украина мен Ресейдің айналасындағы геосаяси оқиғаларға байланысты 2022 жылдың 24 ақпанында мұнай бағасы баррелине 100 доллардан асты. 2022 жылғы 23 ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы күрт әлсірей бастады. 2022 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі +/-1% дәлізін сақтай отырып, базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады.

Украинадағы соғыс жеке активтер мен міндеттемелерді бағалау үшін болашақ салдары тұрақты негізде талданады. Топтың, атап айтқанда, әлемдік экономикаға қалай әсер ететінін нақты бағалау мүмкін емес. Жалпы экономикалық перспективалар кең санкциялар мен тауар саудасына шектеулер нәтижесінде айтарлықтай нашарлады. Жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, Топ Украинадағы соғыс болашақта бизнеске шектеулі ғана әсер етеді деп күтеді.

## Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

Топ құрылыс жобаларын орындауға және телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алуға шарттар жасасады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың телекоммуникациялық жабдықты сатып алуға және телекоммуникациялық желіні салуға байланысты ҚҚС қоса алғанда, жалпы сомасы 97.649.118 мың теңгеге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 49.774.593 мың теңге, ҚҚС қоса алғанда) шарттық міндеттемелері болды.

## Лицензиялық міндеттемелер

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензиялардың шарттарына сәйкес Топ өз желісінің қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелерге ие. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдары, шағын қалалары мен қалалық үлгідегі кенттері бойындағы аудандарды қамтитын мобильді желіні қамтуды кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия шарттарын сақтайды деп санайды.

## Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және әртүрлі түсіндірулерге жол береді. Сонымен қатар, басшылық топ Халықаралық телекоммуникация одағына кіретін және белгілі бір салықтық жеңілдіктер беретін бейрезиденттермен жұмыс жасайтын халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасынан басым болады деп санайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір алшақтығы жағдайлары жиі кездеседі. Қазақстандық салық заңнамасының анықталған және расталған бұзушылықтары үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қолданыстағы режимі қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұл мөлшері, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 80% құрайды, ал өсімпұлдар Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген 1,25-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептеледі. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы есептелген салықтар сомасынан бірнеше есе көп болуы мүмкін. Салықтық тексерулер тексеру жылының алдындағы бес күнтізбелік жылды қамтуы мүмкін.

Қазақстанның салық жүйесімен байланысты белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұлдардың және пайыздардың түпкілікті сомасы, егер бар болса, 2023 жылғы 31 желтоқсанда есептелген күнгі жұмсалған сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

**Жиілік төлеміне байланысты мемлекеттік грант**

Топ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы қалалық және ауылдық елді мекендерде интернетке кең жолақты қатынау қызметтерін ұсыну үшін қажетті күрделі және операциялық шығындарды қоса алғанда, қалалық және ауылдық жерлерде интернет желісіне кең жолақты қатынау жобаларын қаржыландыруға бағытталған шығыстар туралы жиынтық есепті ұсынды. Басшылық бұл гранттарға байланысты орындалмаған жағдайлар немесе күтпеген жағдайлар жоқ деп санайды.

Аудиттелген ақпараттың нәтижелері бойынша байланыс операторының қалалық және ауылдық жерлерде интернетке кеңжолақты қатынау жобаларын қаржыландыруға тиісті сыйақы мөлшерлемесін төмендетуден босатылған қаражаттан кем емес қаражатты жіберу бойынша міндеттемелерді орындамау фактісі анықталған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдан кейін кемінде бір жыл өткен соң, есепті жылдағы қаржылық міндеттемелердің орындалмаған көлеміне пропорционал болуы тиіс көлемде есепті жыл үшін жиілікті пайдалануға жылдық төлемақының мөлшеріне қайта есептеу жүргізеді.

**Техникалық регламенттің жаңа талаптары**

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі телекоммуникациялық жабдыққа қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 91 бұйрығы 2017 жылғы 7 ақпанда жарияланды және 2018 жылғы 8 ақпанда күшіне енді. Жаңа регламентке сәйкес телекоммуникациялық жабдыққа жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу, абоненттердің ақпаратын жинау және сақтау (бұдан әрі – «ORA» ) үшін жабдықтың техникалық мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтитын қосымша талаптар қойылады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ лицензиялық және порт қуаттарын жалпы сомасы 4.964.100 мың теңгеге жаңғыртуды және кеңейтуді ішінара жүзеге асырды. Топ 5G қоса алғанда, ұялы байланысты дамыту жоспарына сәйкес SHC лицензиялық және порттық қуаттарын жаңғыртуды және кеңейтуді біртіндеп жоспарлап отыр және жаңғыртумен және кеңейтумен байланысты күрделі шығындардың күтілетін сомасы 2032 жылға қарай 17.673.182 мың теңгені құрайды.

**Амдокс компанияларына қарсы арбитраж**

«Амдокс-Қазақстан» ЖШС және «Амдокс Софтвер Солюшнс» ЖШҚ (бірге «Амдокс» деп аталады) TeliaSonera AB және Amdocs Software System Ltd арасындағы 2014 жылғы сәуірдегі бас келісімге («Негізгі келісім») және қосымшаларын қоса алғанда, жеткізу шартына (бұдан әрі – «Жеткізу шарты») сәйкес конвергенттелген биллинг жүйесін әзірлеп, Кселл жүйесіне енгізіп және орнатуға тиіс болатын.

2018 жылғы қарашада «Кселл» АҚ конвергенттелген биллинг жүййесінің сапасы және Амдокс шарт міндеттемелерін Жеткізу шартының талаптарына сәйкес орындамауына байланысты, техникалық қолдау қызметтерін қоспағанда, Жеткізу шартын бұзатыны туралы Жеткізушіге хабарлады. Сонымен қатар OLC (онлайн-тарифтеу) жүйесін жеткізу және енгізу кешіктірілді. Сондай-ақ 2020 жылғы мамырда «Кселл» АҚ Жеткізушіге техникалық қолдау туралы шарттан да шығатыны туралы хабарлады. Амдокс жеткізу туралы келісімнің әрекетін тоқтатуға және техникалық қолдау туралы келісімнен шығуға қатысты «Кселл» АҚ ұйғарымдарымен келіспеді.

2022 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жылдағы жағдай бойынша Топта Amdocs-ке қарсы арбитраждық іс қарауына 3.684.675 мың теңге мөлшерінде резерві болды.

2023 жылғы 15 наурызда арбитраждық шешім алынды. Amdocs талап арыздарының сомасы арбитражда 3.721.874 мың теңгеге қанағаттандырылды.

2023 жылғы 13 қыркүйекте Топ пен Amdocs арасында төлемдерді, сондай-ақ арбитраждық шешімнің орындалуымен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында арбитраждық шешімді ерікті түрде орындау 6 миллион АҚШ доллары (баламасы – 2.762.348 мың теңге) сомасына бейбіт келісім жасалды. Толық сомасы төленгеннен кейін Бейбіт келісімге сәйкес Топ пен Amdocs арасындағы дауға қатысты барлық талаптар мен өтелмеген міндеттемелер толығымен реттелген/орындалған деп саналады.

2023 жылғы 15 қыркүйекте Топ бейбіт келісімге сәйкес өтемақының сомасын толық өтеді және 721.000 мың теңге мөлшерінде қалған резервті қалпына келтірді.

**ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі**

***Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2022 жылғы 15 маусымдағы бұйрығы***

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің (бұдан әрі – APDC) 2022 жылғы 15 маусымдағы №42-ОД бұйрығына сәйкес «Кселл» АҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабы 1-тармағында көзделген бұзушылық негізделу фактісі бойынша тергеу басталды. Бастапқы тексеру кезеңі – 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 12 қыркүйек аралығы. Тергеу мәні жоғары баға монополиясын қолдау жөнінде «Кселл» АҚ-ның бұзушылығын растайтын немесе оны теріске шығарудың нақты деректерін анықтау болып табылады. Топ тергеумен келіспей, 2022 жылғы 26 шілдеде шағымдану процесін бастады. 2022 және 2023 жылдарда жүргізілген сот талқылаулары нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2022 жылғы 09 қарашадағы қаулысымен 2022 жыл бастапқы тексеру кезеңінен алынып тасталды. Бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзуды тергеуді қайтадан бастау туралы ұйғарымға сәйкес 2023 жылғы 27 қарашада тергеу қайта басталды. 2023 жылғы 16 желтоқсанда Топ тергеуді қайта бастауға қатысты апелляция берді. 2023 жылғы 22 желтоқсанда берілген апелляцияға байланысты тергеу уақытша тоқтатылды. 2024 жылғы ақпан айында Топ Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық сотында апелляцияға байланысты алдын ала сот тыңдауларына қатысты.

Тергеу нәтижесінде аталған бұзушылықтар анықталса, «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 159-бабы 3-бөлігі бойынша бір жылдан аспайтын мерзімдегі монополиялық қызмет нәтижесінде алынған монополиялық кірісті тәркілеумен, монополиялық қызмет нәтижесінде алынған кірістің (түсімнің) 5% мөлшерінде айыппұл төлеу жауапкершілігіне алып келетін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

***Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығы***

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №38-ОД бұйрығына сәйкес «Кселл» АҚ-ға қатысты тергеу басталды. Тергеу мәні 2023 жылғы мамыр-шілде айлары бойы байланыс қызметтеріне баға белгілеу мен ұстап тұру бойынша бәсекелестермен үйлестірілген іс-әрекет жасаған деген күдік болып табылады. Топ шағымдану процесін бастады. Тергеу 2024 жылы 10 қаңтардан бастап уақытша тоқтатылды. Республикалық монополияға қарсы агенттіктен түпкілікті жауап әлі алынған жоқ. Егер Топ бұзушылықты жасағаны анықталса, оны бір жылға дейінгі мерзім ішінде алынған монополиялық пайданы тәркілеумен монополиялық пайданың 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттеуі мүмкін.

***Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментінің хабарламалары***

2023 жыл ішінде Топ Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментінен

мынадай хабарламалар алды:

1) 2022 жыл мен 2023 жылдың бірінші тоқсаны аралығындағы кезеңде ұялы байланыс қызметтері көлемін негізсіз төмендету және өзгерту бойынша Қазақстан Республикасының Бәсекелестік туралы заңнамасын бұзу туралы «Кселл» АҚ-ға 2023 жылғы 25 тамыздағы №05-07/1805 хабарлама. Егер Топ хабарламаны орындамаса, Департамент тергеуді бастайды. 2023 жылы 23 қарашада Топ Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшілік талап арызын қайтару туралы ұйғарымымен келіспей, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшілік талап арызын қайтару туралы ұйғарымына жеке шағым түсірді. Алматы қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы 2023 жылғы 26 желтоқсанда бірінші инстанциядағы сот шешімін күшінде қалдыру және шағымды қайтару туралы шешім шығарды. Кассациялық шағым 26 қаңтарда берілді. Кассациялық тыңдау күні әзірге белгіленген жоқ. Тергеу нәтижесінде бұзушылықтар расталса, Топ әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін және қаралған кезеңдегі монополиялық қызмет нәтижесінде айналымнан алған кірісінің 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті болады.

2) Кейбір тарифтік жоспарлардың бағасы негізсіз жоғары деп көрсетілуге қатысты бұзушылық туралы 2023.21.11 №05-07/2439 хабарлама. Топ 2023 жылғы 25 желтоқсаннан бастап бағаны төмендету туралы талапты орындады. Топ басшылығы монополияға қарсы заңнаманы бұзу тәуекелін ықтимал деп бағалады және сәйкесінше 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған тергеулер мен хабарламалардың ешбіріне байланысты шығындарды жабуға резерв құрған жоқ.

### Сот ісін жүргізу

2022 жылғы 13 наурызда Skyline Investment Company S. A. және «Алатау Капитал Инвест» ЖШС-нің түпкі бенефициары Қайрат Сатыбалдыұлын (1-ескертпе) Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметтік жағдайын теріс пайдаланды және қаражатын аса ірі мөлшерде ұрлады деген күдікпен ұстады. «Қазақтелеком» АҚ Қ.Сатыбалдыұлына және басқа да қатысы бар адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша жәбірленуші деп танылды.

2022 жылғы 8 қыркүйектегі «жеңілдіктер» және «соңғы миль» эпизодтары бойынша қылмыстық іс шеңберінде туындаған дау бойынша дауды реттеу және тараптарды сот медиациясы тәртібімен татуластыру туралы Медиативтік келісімде Қоғам ҚҚС есебімен 12.733.025 мың теңге мөлшерінде залалдың өтелгенін мойындады (40-ескертпе).

Астана қаласы Байқоңыр ауданының № 2 соты Қ.Сатыбалдыұлына және ҚР Қылмыстық кодексінің 28-бабы 3-бөлігінің, 189-бөлігінің 4-бөлігінің 2-тармағының, 195-бөлігінің 4-бөлігінің 2-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған басқа да қатысы бар адамдар қатысты қылмыстық істердің бірі бойынша 2022.26.09 үкім шығарды. Сот үкіміне сәйкес, «Қазақтелеком» АҚ-ның азаматтық талабы қараусыз қалдырылды, бұл бұрын жасалған медиативтік келісімнің күші жойылмайтынын білдіреді. Сот актісі белгіленген мерзімде заңды күшіне енді.

Жеке сот ісін жүргізуге бөлінген «Үй-жайларды жалға алу» эпизоды бойынша қылмыстық іс шеңберінде туындаған дау бойынша тергеу аяқталған жоқ. Қылмыстық істің осы эпизоды бойынша Қоғам да жәбірленуші деп танылғандықтан, 2022.31.05 қылмыспен келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы азаматтық талап қойылды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 14.353.966 мың теңге мөлшерінде талап қою талаптарында көрсетілген залалдың толық сомасы толық көлемде өтелді.

# 46. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 23 ақпаны аралығындағы кезеңде Топ «Қазақстан халық банкі» АҚ-дан жылдық 17,25% пайызбен 36 ай мерзімге 24.839.000 мың теңге сомаға қаржы тартып, жалпы сомасы 18.770.000 мың теңге кредитін өтеді.

2024 жылы 19 қаңтарда Caspinet B.V. жарғылық капиталы 940.500 АҚШ долларына (424.918 мың теңге) толықтырылды (10-ескертпе).

2024 жылы 20 қаңтарда Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ға қатысу үлесінің 100% сату туралы шешім қабылданды. Қабылданған шешімді іске асыру үшін Катарда 2024.14.02 Қазақстан Президентінің Қатарға ресми сапары аясында «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және Power International Holding (Таяу Шығыстағы жетекші конгломерат) арасында қағидаттар туралы үшжақты келісімге қол қойылды.

2024 жылы 24 қаңтарда Топ «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік желі шарттары бойынша 6.200.000 мың теңге қарызын және 78.361 мың теңге пайызды мерзімінен бұрын өтеді.

2024 жылы 25 қаңтарда Топ «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ-мен аталған кредиттік желі туралы келісім аясында жылдық 15,75% пайыздық мөлшерлемемен 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін төлеу мерзімімен 3 жылға 6.200.000 мың теңге сомаға қарыз алды. 2024 жылы 28 ақпанда 95.225 мың теңге сомада сыйақы төлеумен қарыз мерзімінен бұрын толық өтелді.

2024 жылғы 1 наурызда Топ «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ-мен кредиттік желі туралы сол келісім аясында жылдық 15,25% пайыздық мөлшерлемемен 3 жылдық өтеу мерзімімен 6.200.000 мың теңге сомаға қарыз алды.

# Глоссарий

**3G (third generation)**

Үшінші буын ұялы байланыс технологиялары - бұл жоғары жылдамдықты мобильді қолжетімділікті Интернет желісінің қызметтерімен және деректер арнасын құратын радиобайланыс технологиясымен біріктіретін қызметтер жиынтығы.

**4G (fourth generation)**

Жоғары талаптары бар ұялы байланыс буыны. Төртінші буынға жылжымалы абоненттерге - 100 Мбит/с және стационарлық абоненттерге - 1 Гбит/с асатын жылдамдықпен деректерді беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін перспективалық технологиялар жатады.

**5G (fifth generation)**

Жоғары жылдамдықты сымсыз Интернет, деректерді алу/беру жылдамдығын арттыру және диапазонды кеңейту арқылы деректер мен байланыс қызметтеріне тиімді байланыс пен қолжетімділікті қамтамасыз ететін бесінші буын технологиясы.

**ADSL (Asymmetric Digital Subscriber Line)**

Асимметриялық цифрлық абоненттік желі - модем технологиясы, онда арнаның қолжетімді өткізу қабілеті шығыс және кіріс трафигі арасында асимметриялы түрде бөлінеді.

**API (Application Programming Interface)**

Бір компьютерлік бағдарламаның басқа бағдарламамен өзара әрекеттесу тәсілдерінің сипаттамасы.

**ARPU (Average Revenue Per User)**

бір абонентке есептегендегі бір айдағы орташа түсім.

**B2B (ағылш. Business to Business)**

Заңды тұлғалар арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

**B2C (ағылш. Business to Consumer)**

Заңды тұлға мен тұтынушы арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.

**B2G (ағылш. Business to Government)**

Заңды тұлға мен мемлекет арасындағы коммерциялық өзара қарым-қатынасты білдіретін термин.

**B2O (ағылш. Business to Operators)**

Заңды тұлға мен байланыс операторлары арасындағы коммерциялық өзара қарым-қатынастарды білдіретін термин.

**Big Data**

Деректердің үлкен көлемін өңдеу.

**Blockchain**

Белгілі бір ережелерге сәйкес құрылған, ақпараты бар блоктардың үздіксіз тізбегі. Көбінесе блоктар тізбегінің көшірмелері бір-біріне тәуелсіз әр түрлі компьютерлерде сақталады.

**CDMA (Code Division Multiple Access)**

Кодты бөлумен бірнеше қолжетімділік, цифрлық ұялы (сымсыз) байланыс желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдығын халықаралық байланыс стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін құру үшін ең перспективалық ретінде ұсынады.

**DWDM (Dense Wave Division Multiplexing)**

Тығыз толқындық мультиплекстеу технологиясы, мультисервистік және мобильді желілердің тірек инфрақұрылымы үшін ең сенімді технология болып табылады, желінің өткізу қабілеттілігін күрт арттыруды қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа байланыс қызметтерінің кең жиынтығын жүзеге асырады.

**EBITDA (Earnings Before Interest, Taxes, Depreciation and Amortization)**

Компанияның несие, табыс салығы және амортизация бойынша пайыз шегерілгенге дейінгі пайдасы.

**ESG факторлары (Environmental. Social. Governance)**

Қоршаған орта факторлары, әлеуметтік факторлар және басқару факторлары.

**Firewall**

Компьютерлік желілер немесе хосттар арасындағы санкцияланбаған немесе қалаусыз хабарламалардың алдын алуға арналған технологиялық кедергі.

**FMC – One contact (fixed mobile convergence)**

Тіркелген және ұялы байланысты біріктіретін, әрі қарай коммерциялық пайдалануға ауыстырылатын технология.

**FTTH (Fiber to the Home)**

Үйге оптоталшықты кабель (жеке/ жеке үй дегенді білдіреді).

**FTTx (fiber to the x)**

Оптикалық-талшықты қосылу технологиясы.

**FWA (Fixed Wireless Access)**

Оптоталшықты байланыс желілерімен қамтылмаған аймақтарда қолданылатын 4G негізіндегі сымсыз интернет технологиясы.

**GSM**

Арналарды уақыт пен жиілік бойынша бөлетін цифрлық ұялы байланыстың жаһандық стандарты жоғары қауіпсіздікпен ерекшеленеді және 2G типті желілерде жұмыс істейді. Негізгі мақсаты – қоңырау шалу және хабарламамен алмасу.

**GPON (Gigabit passive optical network)**

Гигабиттік пассивті оптикалық желілер.

**IaaS (Infrastructure as a Service)**

Инфрақұрылым қызмет ретінде, мысалы виртуалды серверлер мен виртуалды желі; клиент кез-келген бағдарламалық жасақтама мен қосымшаларды орната алады.

**IPTV (Internet Protocol Television)**

Интернет хаттамасы бойынша телевизия, сандық кабельдік теледидар операторлары пайдаланатын IP хаттамасы бойынша деректерді беру желілеріндегі цифрлық телевизия технологиясы (стандарты), телевизияның жаңа буыны.

**IP-транзит**

BGP хаттамасы бойынша деректерді берудің заманауи оптикалық желілері арқылы Интернет желісіне басқарылатын және жоғары жылдамдықты қолжетімділікті ұсыну жөніндегі қызмет. BGP-Интернет желісінде қолданылатын дербес жүйелер арасындағы динамикалық бағыттау хаттамасы.

**IoT (Internet of Things)**

Интернет (сымды немесе сымсыз) арқылы жеке объектілерге салынған құрылғыларға ақпарат жіберуге және алуға мүмкіндік беретін технологиялардың жалпы атауы.

**LoRa (ағылш. Long Range)**

Бұл технология және аттас модуляция әдісі.

**LTE (Long-Term Evolution)**

Ұялы телефондарға және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған сымсыз жоғары жылдамдықты деректерді беру стандарты.

**NPS (Net Promoter Score)**

Тұтынушылардың өнімге немесе Компанияға адалдығын анықтау индексі (ұсынуға дайындық индексі), қайта сатып алуға дайындықты бағалау үшін қолданылады. Бұл клиенттің адалдығын өлшеудің негізгі индекстерінің бірі.

**OTT (Over the Top)**

Интернет арқылы бейне қызметтерді ұсыну әдісі.

**ROACE (Return On Average Capital Employed)**

Орташа тартылған капиталдың табыстылығы.

**SaaS (Software as a Service)**

Бағдарламалық жасақтама қызмет ретінде, мысалы, электрондық пошта немесе басқа кеңсе қосымшасы; клиент қосымшаны пайдаланады, қосымшаның негізгі параметрлерін провайдер басқарады.

**SAC (Subscriber Acquisition Cost)**

Компанияның бір сатып алушыны тартуға арналған жиынтық шығындарын көрсететін метрика.

**SDN/NFV**

Бағдарламалық-конфигурацияланатын желі (Software -Defined Networks, SDN) және желілік функцияларды виртуализациялау (Network Function Virtualization, NFV).

**VAS (ағылш. Value-Added Services)**

Қосылған құны бар қызметтер.

**VPN (Virtual Private Network)**

Виртуалды жеке желі – бұл басқа желінің (мысалы, интернет) үстінен бір немесе бірнеше желілік байланыстарды (логикалық желіні) қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологиялардың жалпыланған атауы.

**WAP (Wireless Application Protocol)**

Деректерді сымсыз жіберу хаттамасы. Хаттама портативті құрылғылардың Интернет желісімен байланысын орнату қажет GSM желілері үшін арнайы жасалған. WAP көмегімен мобильді құрылғының пайдаланушысы Интернет желісінен кез келген цифрлық деректерді жүктей алады.

**WIMAX (Worldwide Interoperability for Microwave Access)**

Бұл шағылысқан сигналда объектінің тікелей көрінісі болмаса да, үлкен қашықтықта жоғары жылдамдықты қосылыстарды қамтамасыз ететін кең жолақты сымсыз байланыс технологиясы.

**WLL (Wireless Local Loop)**

Радиотелефон желісі мен стационарлық телефон комбинациясы болып табылатын байланыс технологиясының түрі.

**АҚТБ**

Автоматты қалааралық телефон байланысы.

**АЕМ ТОБЖ**

Ауылдық елді мекендердегі талшықты-оптикалық байланыс желілері.

**ЕТҚ**

Еншілес және тәуелді қоғам.

**АКТ**

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

**КӘЖ**

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік.

**ШОК**

Шағын және орта кәсіпорындар.

**ЗТБ**

Заңды тұлғалар бірлестігі.

**ОҚКО**

Ортақ қызмет көрсету орталығы.

**КЖҚ**

Кең жолақты немесе жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізу - модемді және жалпы қолданыстағы телефон желісін қолдана отырып, коммутацияланатын қол жетімділікті пайдалану кезінде мүмкін болатыннан асатын деректерді беру жылдамдығымен интернетке қол жеткізу.